Сегодня в научном и научном сообществе уже ни у кого не возникает сомнения в том, что за последние несколько лет мир существенно изменился. Всемирная пандемия коронавируса, стала катализатором не бывалого ранее темпа изменения мира. Образ жизни человека уже объективно стал другим, и подобного рода изменения произошли во всех сферах функционирования нашего общества. Не стала исключением и сфера международной политики.

Начавшиеся изменения в международно-политической сфере, только набирают свою силу и находятся на начальном этапе. Сама по себе история с пандемией коронавируса находится на начальном этапе своего развития. Попытки остановить ее с помощью карантинных и мер самоизоляции не привели к значительным успехам, но все же остановили ее стремительное распространение. Современная повестка вся пропитана созданием вакцины от этой инфекции. История с ее созданием уже превратилась в настоящую гонку, как в былые времена глобального противостояния [1]. Но даже на сегодняшний момент наблюдаемые тенденции свидетельствуют об определенных кардинальных изменениях.

Основываясь на анализе уже проявивших себя тенденций можно выделить несколько аспектов международной политики изменения в которых уже не вызывает малейшего сомнения в научных и экспертных кругах. На наш взгляд в ближайшее время произойдут серьезные подвижки в государственно-торговой политике стран и стремления к максимальной самодостаточности в ресурсном и производственном плане. Последних сорок лет проведенных по эгидой полного доминирования нелиберальной экономической идеи, не прошли для общества и государственной политики бесследно.

Основанная на принципах международного разделения труда, экономических ниш, систем услуг и посреднической деятельности, целесообразности и экономической себестоимости, крайней

важности монетизации своего продукта на мировом рынке, как основного показателя экономической состоятельности государства, на рубеже веков она сформировала правила, по которым государства осуществляли свою политику до 2020 года.

Мировой экономический кризис, новые экономические реалии будут очень быстро возвращать торгово-экономическую политику как в систему государственного протекционизма, так и в систему максимальной самодостаточности.

Принятая всеми за основу к действию система показала свою полную несостоятельность в условиях кризиса и необходимости самостоятельной концентрации ресурсов. Наибольшие потери понесли страны максимально включенные в мировую систему разделения труда[2]. Последние три десятилетия для очень многих государств прошли под девизом ускоренного встраивания в мировую торгово-экономическую систему. В рамках этого процесса очень многие страны под лозунгами оптимизации и др. закрыли очень многие производства и предприятия, акцентировав внимание лишь на некоторые направления считая, что все необходимое можно будет приобрести на просторах мирового торгово-экономического пространства.

В условиях пандемии и только усиливающегося экономического кризиса действительность оказалась несколько другой чем в работах теоретиков неолиберальной экономической концепции. Во-первых, полностью рухнула концепция свободного рынка и возможности все купить на мировом рынке в любой момент. Быстро развивающиеся кризисные проявления без даже предполагаемых сроков завершения и выхода на привычный уровень заставили руководство многих стран пойти на ряд крайних мер в целях обеспечения социальной стабильности.

Россия и Казахстан к примеру, ввели сначала ограничения, а потом и мораторий на вывоз зерна за пределы страны[3]. Он продлился не долго, но это дало существенную почву для размышлений в экспертных и руководящих кругах. В условия непредсказуемости страны будут стремиться максимально обеспечить потребности внутреннего рынка, как в продовольствии, так и в товарах первой и второй необходимости. Продажа их на мировом рынке будет осуществляться уже по остаточному принципу, что вызовет некоторое сокращение объема товара на рынке. Дополнительное сокращение объемов будет обусловлено еще и тем, что в таких условиях как производящие, так и закупающие страны стремятся сделать определенные запасы.

Во-вторых, произошло катастрофическое обрушение малого и среднего бизнеса, как правило ориентированного на системы услуг. Страны, ориентированные на доминирование в экономике частного сектора или в силу своей специфики развивающие отрасли услуг понесли самые значительные потери в экономике. Туризм и другие отрасли развлечений стали показывать быстрые темпы выхода в отрицательные значения[4]. Те направления, которые не сильно затронули ограничения по приезду иностранных граждан, подверглись сильному давлению со стороны внутренних карантинных и мер самоизоляции. Гостинный, ресторанный и многие другие направления частного бизнеса находятся сегодня в очень сложной ситуации. Действительность в очередной раз продемонстрировала, что теория остается теорией.

Сложность для государств с такой экономической системой заключается в том, что на сегодняшний день возникли две негативные тенденции взаимно связанные между собой. Во-первых, кризисная ситуация в малом и среднем бизнесе вызвала массовые сокращения или отправку работников в отпуск без содержания. Во-вторых, произошло резкое сокращение поступления налогов и не наполнение бюджета[5]. Исправить ситуацию крайне сложно. Государственный сектор, в особенности его производящие отрасли почти полностью ликвидированы в соответствии с господствующей экономической доктриной. Ситуация сегодня только заливается пособиями и различными выплатами для сдерживания социального напряжения.

В-третьих, дала сбой ориентированность на постиндустриальную экономику. Стремление к выходу к новому уровню промышленного и экономического развития, к так называемому постиндустриальному развитию на основе либеральной экономической модели привели к ориентации на производство продукта с высокой добавочной стоимости. Высокоразвитые страны стали ориентироваться на выпуск технологий, посредничество и услуги. Это обеспечивало высокий доход в системе высокого уровня всеобщего потребления. Но в условиях кризиса дорогие технологии и услуги перестали быть востребованными. Наоборот крайне востребованными стали дешевые технологии, позволяющие выпускать в большом объеме необходимые продукты питания и первой и последующей необходимости.

В таких условиях стала происходить довольно резкая переориентация принципов государственной внутренней и внешней политики многих государств. Особый интерес на сегодня вызывает весьма ускоренное изменение принципов внешней политики на современном этапе. Пандемия коронавируса, уже самым серьезным образом изменила внешнеторговую политику современных государств. Также немаловажным обстоятельством стало то обстоятельство, что страны усилено стали работать в направлении собственной продуктовой и товарной обеспеченности. Наиболее ярко это проявляется в политике новых центров силы в мире: России и Китая.

В Российской Федерации данная политика получила определение, как импортозамещение [6]. Толчок в столь важном, как считает руководство страны направлении дали изначально антиросийские санкции по Украине. Но сегодня Правительство соседнего государства только усиливает свои усилия в направлении импортозамещения. Строится большое количество предприятий ориентированных на производство необходимых товаров и их комплектующих. В экспертном сообществе уже давно сформировалось понимание, того что Российская Федерация стремится создать максимально полный цикл производства на своей территории, крайне необходимый в условиях предстоящего глобального противостояния.

Несколько иная, но в то же время схожая политика разворачивается в поднебесной. Руководство КНР в очень быстрых темпах стремится создать полный цикл производства у себя на территории. Перед Китаем стоит две важные задачи в этом направлении. Во-первых, принципиально решить вопрос с ресурсами. Ресурсное обеспечение китайской экономики ее «ахиллесова пята». Весьма скудная ресурсная база не может обеспечить китайские производственные мощности в рамках предстоящего глобального противостояния. Сегодня ресурсная политика китайского руководства строится по двум основным направлениям.

Первое российское направление весьма выгодно поднебесной по причине трансграничности поставок. Второе африканское направление. Сегодня это весьма бурно развивающееся направление, которому предстоит в будущем обеспечивать экономику Китая дешевым сырьем[7]. Во-вторых, КНР необходимо экстренно решить проблему технологической зависимости. На сегодняшний день основная масса производств Китая построена на технологиях западных стран. Насколько болезненна технологическая зависимость от них современному Китаю показывает пример корпорации «Хуавей»[8].

В плане международной стабильности мировое внешнеполитическое пространство ждут весьма не простые времена. Стремление к максимальной самодостаточности в сложное время, однозначно приведет к нарастанию борьбы за ресурсы. Важно учесть, что основная масса стран с населением, привыкшим к высокому уровню жизни и развитым производством относится к группе стран с низким уровнем сырьевой обеспеченности. В предыдущее время проблему сырьевого обеспечения они решали, закупая их на мировых торговых площадках. Значительные валютные ресурсы позволяли им делать без значительных проблем.

Современное состояние мировой торговли демонстрирует совершенно иную картину сегодня. Валютные резервы всех развитых стран уже серьезно исчерпаны. У некоторых они еще значительны, но объективно необходимо понимать, что они ограничены. Их ограниченность возникла по нескольким причинам. Одной из причин стало сокращение в мировом масштабе потребления продукции роскоши и дорогих брендов. Соответственно упали объемы продаж реального производственного сектора многих экономик. В следствии произошло значительное сокращение налоговых поступлений. Имеющиеся валютные резервы усиленно тратятся на сдерживание социальной напряженности, что в системе всеобщего избирательного права имеет важное значение.

Таким образом складывается ситуация с одной стороны уменьшения продаж, так как страны ранее просто экспортирующие ресурсы сегодня стремятся к собственной их обработке и производству. С другой стороны, страны, ранее закупавшие эти ресурсы в больших объемах на современном этапе не могут себе этого позволить. Но необходимость в них не уменьшается, а возрастает в силу стремления всех без исключения стран обеспечить себе максимальную самодостаточность в необходимых товарах.

Поиск дешевых природных, производственных и энергоресурсов, как уже не раз показывает мировая история приведет их экспансии в отношении стран богатых ресурсами. Экспансия может варьироваться от простого захвата до внутренней дестабилизации. При этом данная политика станет продолжением цепи событий с начала XXI века. Объективным ответом на существующие тенденции

станет дальнейшая милитаризация стран. Общественное мнение во многих странах будет постепенно поляризоваться в сторону внешнего вектора с возможностями либо решения проблем за счет маленьких победоносных войн на периферии, либо в необходимости сохранения и передачи в целостности и сохранности тех богатств, которые волей судьбы достались тому или иному государству и народу. В ближайшее время вполне ожидаемо начнется целая волна нестабильности в африканском и ближневосточном регионе, где государственные институты не так сильны.

Сложность для мирового сообщества заключается в том, что на сегодняшний момент нет реально функционирующего международно-правового поля, в рамках которого можно было бы сдерживать негативные тенденции для мировой политики. Биполярная система миропорядка при всех своих минусах выполняла свою главную задачу. Она не допускала прямого столкновения между сверхдержавами того времени. Однополярная система, оформившаяся после распада Советского Союза, вобрала в себя все недостатки предшествующей системы, и при этом продемонстрировала свою неспособность отвечать на новые вызовы.

Дальнейшая эскалация напряженности по линиям Пекин-Вашингтон, Вашингтон-Москва, с подключениями коллективного Запада, Токио и Сеула, несомненно по логике своего развития будут завершать формирование регионального основания мировой политике. По мнению некоторых экспертов данные линии напряженности в своих интересах будут использовать малые страны для защиты своей безопасности. При чем как они отмечают страны с богатыми сырьевыми ресурсами по определенной логике будут стремиться концентрироваться вокруг Российской Федерации. Эта страна сама богата ресурсами и умеет в определенной степени защитить своих союзников. Примером чего является ситуация в Сирии и Венесуэле.

Более интересная ситуация складывается вокруг Китая. Вокруг него происходит концентрация стран Юго-Восточного региона экономически завязанных и зависимых от китайской экономики. Таким образом, де-факто уже произошло первичное формирование многополярного мира. Это реальность дня, которую практически все игроки учитывают в своих действиях. Основным вопросом для всех является, когда и в следствии чего произойдет оформление данной системы миропорядка де-юре.

Остается лишь надеяться, что новая система миропорядка позволит избежать чрезмерной эскалации напряженности на мировой арене. Ее институты и правовая база дадут необходимую основу для мирного решения всех проблем и сложностей, возникших в результате экономического мирового кризиса. Пандемия коронавируса закончится и самое важное сможем ли мы вернуть мировые отношения в русло мирного диалога без милитаризации мирового общества.

Список использованной литературы:

1. Гонка вакцин от коронавируса. Мы их сравнили, и вот что получилось. BBC NEWS. Русская служба. <https://www.bbc.com/russian/features-54963792>.
2. Bloomberg оценил потери мировой экономики от коронавируса в \$5 трлн. <https://www.rbc.ru/economics/09/04/2020/5e8ec97f9a79478537a44e47>.
3. Минсельхоз предложил временно ограничить экспорт зерна из России. <https://www.rbc.ru/business/27/03/2020/5e7de7ca9a7947d226ca6b26>.
4. Туризм-2020 и COVID-19: туристическая отрасль в условиях пандемии и после нее. Гарант.Ru. Информационно-аналитический портал. <http://www.garant.ru/article/1376805/>.
5. Проблемы прогнозирования налоговых доходов. МВФ. Бюджетные вопросы. <file:///C:/Users/User/Downloads/ru-special-series-on-covid-19-challenges-in-forecasting-tax-revenue.PDF>
6. Россия взяла курс на импортозамещение. <http://i-mt.net/news/rossiya-vzyala-kurs-na-importozameshchenie>.
7. Томберг Р.И.. Китайская «Экспансия» как ресурсная составляющая международных конфликтов в Африке. <https://cyberleninka.ru/article/n/kitayskaya-ekspansiya-kak-resursnaya-sostavlyayuschaya-mezhdunarodnyh-konfliktov-v-afrike>.
8. Санкции против Huawei ужесточили. Lenta.Ru. Наука и Техника. https://lenta.ru/news/2020/08/18/huawei_ban/.

References:

1. Gonka vakcin ot koronavirusa. My ih sravnili, i vot chto poluchilos'. BBC NEWS. Russkaya sluzhba. <https://www.bbc.com/russian/features-54963792>.

2. Bloomberg ocenil poteri mirovoy ekonomiki ot koronavirusa v \$5 trln. <https://www.rbc.ru/economics/09/04/2020/5e8ec97f9a79478537a44e47>.
3. Minsel'hoz predlozhit vremennо ogranichit' eksport zerna iz Rossii. <https://www.rbc.ru/business/27/03/2020/5e7de7ca9a7947d226ca6b26>.
4. Turizm-2020 i COVID-19: turisticheskaya otrasl' v usloviyah pandemii i posle nee. Garant.Ru. Informacionno-analiticheskij portal. <http://www.garant.ru/article/1376805/>.
5. Problemy prognozirovaniya nalogovyh dohodov. MVF. Byudzhetye voprosy. <file:///C:/Users/User/Downloads/ru-special-series-on-covid-19-challenges-in-forecasting-tax-revenue.PDF>
6. Rossiya vzyala kurs na importozameshchenie. <http://i-mt.net/news/rossiya-vzyala-kurs-na-importozameshchenie>.
7. Tomberg R.I. Kitayskaya «Ekspansiya» kak resursnaya sostavlyayushchaya mezhdunarodnyh konfliktov v Afrike. <https://cyberleninka.ru/article/n/kitayskaya-ekspansiya-kak-resursnaya-sostavlyayushchaya-mezhdunarodnyh-konfliktov-v-afrike>.
8. Sankcii protiv Huawei uzhestochili. Lenta.Ru. Nauka i Tekhnika. https://lenta.ru/news/2020/08/18/huawei_ban/.

FTAMP 32.019.5 322

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.03>

Ж.М. Төлен^{1*}, А. Бақытқызы², А.Б. Алишеров³

¹«Тұран» университеті, «Аймақтану және халықаралық қатынастар»
кафедрасының меңгерушісі, саясаттану PhD докторы,

²«Тұран» университеті, «Халықаралық қатынастар» мамандығының 3 курс студенті

³«Тұран» университеті, «Халықаралық қатынастар» мамандығының 2 курс магистранты

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМ МӘСЕЛЕСІ (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа

Бұл мақалада діни терроризм мен экстремизм мәселелерінің Орталық Азия аумағында қаншалықты таралғанын, әсіресе Қазақстан Республикасындағы мәселенің өзектілігі талданады. Себебі, бұл мәселе қазіргі таңдағы өзектілігі айқындалып, жан-жақты зерттеліп, шешімін табу үшін әртүрлі шаралар жасалып жатқан бірден бір мәселе болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстандағы діни мәселенің туындау себептері, оның салдарлары мен күресу жолдары барынша көрсетіледі. Зерттеу жұмысында Орталық Азия аумағындағы басқа да мемлекеттерде мәселенің қандай деңгейде өршіп тұрғаны қарастырылады және де Қазақстан Республикасымен салыстырмалы түрде талданады. Жалпы алғанда дін мәселесі қай жағынан алсақ та әртүрлілігімен, күрделілігімен ерекшеленеді. Кез-келген қоғамда болмасын оның өзектілігінің мәні де сонда деп есептеуге болады. Әсіресе, аталған мәселенің мемлекеттердің саяси және әлеуметтік жағдайына тигізетін залалы мен ықпалы өте күрделі мәселе болып отыр. Терроризмнің соңғы жылдары ерекше назарға алынып, күресу шаралары жүріп жатуы да әр салаға жекелей әрі ауыр түрде зиянын тигізіп жатқандығында. Жалпы алғанда, шешімі жоқ мәселе болмайды деп есептей келе, бұл мәселенің де шешімін табуға күллі әлем елдері талпынуда. Әр сала мамандары мен зерттеушілер де осы мәселеге қатысты өздерінің жан-жақты үлесін қосуда. Осы тақырыпта зерттеулердің жазылуы да оның әлеуметтік санаға оң әсерін тигізбей қоймасы анық. Зерттеу барысында аталмыш мақалада келесідей сұрақтарға жан-жақты жауап ізделінетін болады. Діни экстремизм мен терроризм деген не? Олардың алдын-алу жолдары қандай? Терроризм мен экстремизм қоғамдық қауіпсіздікке қаншалықты қауіп төндіреді? Олармен күресу шаралары қандай болмақ? Сонымен қоса авторлар тарапынан зерттеуге қатысты ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: терроризм, экстремизм, Орталық Азия, Қазақстан, дін, қауіпсіздік.

Zh.M. Tolen^{1}, A. Bakhytkyzy¹*

¹Head of the Department of Regional Studies and International Relations, "Turan" University, PhD

¹3rd year student of the specialty "International Relations" University "Turan"

¹2nd year undergraduate student in "International Relations" of the University "Turan"

THE PROBLEM OF TERRORISM AND EXTREMISM IN CENTRAL ASIA (ON THE EXAMPLE OF KAZAKHSTAN)

Abstract

This article analyzes the prevalence of religious terrorism and extremism in Central Asia, especially in the Republic of Kazakhstan. This is due to the fact that at present this is one of the most pressing problems that is being identified, studied in various measures in order to identify common problem. In addition, one of the main reason for the religious problem in Kazakhstan and its consequences, solutions will be highlighted in this paper. The study examines the magnitude of the problem in Central Asian countries and compares it to the Republic of Kazakhstan. In general, the question of religious affairs differs in all respects. This is the essence of its relevance. In particular, the problem of center, political and social damage and state influence is a very complex issue. The fact that terrorism has received special attention in recent years and that measures are being taken to combat it also causes serious damage to each sector individually. In general, there are no unsolvable problems, and the whole world is trying to find a solution to this problem. Experts and researchers in various fields offer solutions to this problem. Obviously, writing research on this topic also has a positive effect on public consciousness. This article will cover the following issues, by responding them step by step. What are religious extremism and terrorism? What are the ways to prevent them? To what extent are terrorism and extremism a threat to public safety? What measures will be taken to combat? In addition, the authors provide their own research guidelines.

Key words: terrorism, extremism, Central Asia, Kazakhstan, religion, security.

Ж.М. Төлен^{1}, А. Бақытқызы², А.Б. Алишерова³*

*¹Заведующий кафедрой «Регионоведение и международные отношения»
университета «Туран», PhD доктор*

²Студент 3 курса по ОП «Международные отношения» университета «Туран»

³Магистрант 2 курса по ОП «Международные отношения» университета «Туран»

ПРОБЛЕМА ТЕРРОРИЗМА И ЭКСТРЕМИЗМА В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА)

Аннотация

В данной статье анализируется феномен распространения религиозного экстремизма и терроризма в Центральной Азии, особенно в Республике Казахстан. Это связано с тем, что сегодня данное явление представляет собой первостепенную важность, которое детально изучается и принимаются различные меры для его решения. Кроме того, в статье рассматриваются причины возникновения религиозной проблемы в Казахстане, ее последствия и пути решения. Целью научного изыскания является исследование масштабов данной проблемы в странах Центральной Азии, в контексте компаративизма с Республикой Казахстан. Религиозный фактор крайне разнообразен и сложен, оказывает негативное влияние на политическую и социальную ситуацию в стране, и в этом заключается его актуальность. Тот факт, что терроризму в последние годы уделяется особое внимание и что принимаются меры по борьбе с ним, также наносит серьезный ущерб каждому сектору в отдельности. В целом, нет никаких неразрешимых проблем, и во всем мире пытаются найти

решение этой проблемы. Ученые и эксперты в различных областях предлагают свои пути решения этой проблемы. Очевидно, что данное исследование на эту тему окажет весьма положительное влияние на общественное сознание. В представленной статье рассмотрены следующие вопросы: что такое религиозный экстремизм и терроризм? Каковы способы его предотвращения? В какой степени проблема терроризма и экстремизма представляют собой угрозу для общественной безопасности? Какие меры будут приняты для борьбы? Кроме того, авторы дают свои собственные рекомендации в вопросах решения этой проблемы.

Ключевые слова: терроризм, экстремизм, Центральная Азия, Казахстан, религия, безопасность.

Кіріспе.

Тақырыпқа арқау болып отырған терроризм мен экстремизм мәселесі қанша уақыттан бері тек Орталық Азия аумағын немесе Қазақстанды ғана алаңдатып отырған мәселе емес. Бүкіл әлемнің жаһандық проблемасына айналған бұл мәселе қай мемлекетке болмасын үлкен қауіп төндіріп отыр. Сол себепті де, тақырыптың бүгінгі таңдағы өзектілігі өте жоғары деңгейде деп атауға болады.

Мәліметтерге зер салып қарайтын болсақ Орталық Азия аумағындағы ең алғашқы үлкен террористік акт Ташкент қаласында 1999 жылдың ақпан айында орын алғаны белгілі. Қысқа уақыт ішінде қаланың әртүрлі бөліктерінде барлығы 6 жарылғыш құрылғы жарылды. Шабуылдар үкіметтің негізгі нысандарын көздеді, оның ішінде Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Тәуелсіздік алаңындағы ғимараты (Мұстакиллик Майдони) бар, мұнда террористер ғимарат бөлімдерінің біріне жақын жерде жарылғыш заттар толтырылған машинаны жарып жіберді, осылайша олар нысанаға зиян тигізуге тырысқан. Осы уақытта ғимаратта министрлер кабинетінің отырысы басталуы керек еді, оған ел президенті Ислам Каримовтың қатысуы жоспарланған болатын. Адамдардың 16-сы қаза тауып, жүзден астамы жараланды. Бұл оқиға өзбек ұлты тарихына үлкен таңба болып қалды [1]. Ал, Қазақстан Республикасында ең бірінші террористік акт орын алғанға дейін аймақтағы ең тыныш әрі қауіпсіз мемлекет болып саналды. 2011 жылдың мамыр айында орын алған оқиға бұл фактіні түбегейлі өзгерткен болатын. 25 жасар жігіт Ақтөбе қаласындағы ҰҚК-нің ғимаратының кіре берісінде өзін-өзі жарып жіберген. Ресми билік оны «дәстүрлі емес Ислам» ағымының мүшесі деп мәлімдеді. Қазақстандық басылымдар болса осы кезде ақтөбелік жанкештілердің Дағыстандағы террорлық топтарға қатысы барлығы туралы ақпараттарды таратты. Бұл бір ғана мысал. Діни топтар мен олардан дәріс алған азаматтар қауіпке айналып отыр. Себебі, олар қай уақытта немесе қандай әдіспен бейбіт тұрғынға залал тигізетіні ешкімге мәлім емес. Теріс ағымның жетегіне кеткен замандастырымыз қай аймақта болмасын баршылық. Соның нәтижесінде бұдан кейін де бірнеше актілер болып, халықтың тыныштығын бұзды. Қазіргі таңда еліміздің тұрғындарында террористік актінің орын алуына күмәнға қарағанда қорқыныш басым [2].

Оқиғалардың еліміздің аймағында орын алуы тікелей діни мәселелердің ушығуына әкеліп соқты. Сәйкесінше, онымен күресу шаралары да мемлекеттің тығыз шаруаларының қатарына енді. Қазіргі уақытта бұл шаруалар жүзеге асып, оң нәтижесін көрсетіп жатқаны баршамызға мәлім. Бірақ онымен мәселенің соңына нүкте қойылды деп айта алмаймыз. Мақаланың жазылуына да тікелей түрткі болған осы сауал. Террористік актілерді тиімді түрде алдын алуға бола ма? Терроризм мен экстремизм мәселесі біздің жеке бас қауіпсіздігімізге қаншалықты зиянын тигізуде? Олармен күресу шаралары қандай болмақ? осы секілді мақаланың жазылуына түрткі болған сұрақтарға жауаптар қарастырылып, көкейтесті мәселелердің мазмұнын барынша ашуға тырыстық.

Әдістер.

Мақаланы жазу барысында жұмыстың әдістемелік және теориялық негізін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып қарастырылды. Жұмыс шеңберінде салыстырмалы тұрғыда талдайтын әртүрлі тұжырымдамалар, салыстырмалы статистикалық деректер қолданылды. Мұндай әдіс мәселенің статистикалық көрінісін нақтылай түсуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, Орталық Азия және Қазақстан Республикасындағы діни экстремизмге байланысты деректер мен сауалнама нәтижелері назарға алына отырып, талдау жасалынды. Оған қоса, онлайн форматта тұрғындардан сауалнама алынды. Сауалнама алу арқылы қарапайым тұрғындардың мәселеге деген көзқарастарын талдау мүмкіндігі туындады және оларды қолдану арқылы қоғамның дінге қатысты көзқарасын анықтауға болады. Оны ғалымдар мен зерттеушілердің талдамаларымен салыстыра зерттеу мәселенің мәнін барынша ашуға мүмкіндік туғызады.

Нәтежелерді талдау.


Орталық Азиядағы терроризмнің пайда болуы мен дамуы.

Орталық Азиядағы терроризм қаупінің артуы, ең алдымен, аймақтағы ИГИЛ террористік тобының және де басқа да топтардың белсенділігімен байланысты. Бірқатар ғалымдардың пікірі бойынша «экстремизм» термині кең мағынада экстремалды шараларды ұстануды білдіреді [3]. Егер біз осы ұғымды діни тұрғыда қарастыратын болсақ, онда бұл діни саладағы экстремалды көзқарастар мен әрекеттерге міндеттеме болып табылады, оның негізі зорлық-зомбылық, қатыгездік пен агрессия саналады. Діни экстремизмнің мақсаты - діни араздық пен өшпенділікті жандандыру, билікті басып алуға бағытталған, мемлекеттік жүйенің, егемендік пен аумақтық тұтастықтың өзгеруіне әкелетін діни теріс әрекеттер. Сонымен, әлеуметтік деструктивті әрекеттің экстремалды формасы ретінде әрекет ете отырып, діни экстремизм мемлекеттің қауіпсіздігіне, қоғамның тұрақты дамуының негіздеріне қауіп төндіреді.

Әлемдегі діни экстремизм мәселелерін көптеген ғалымдар, зерттеушілер, сарапшылар зерттеуде, бірақ бұл тақырыпқа қатысты әлі күнге дейін бірыңғай пікір жоқ. Оның көріністері, түрлері, даму перспективалары, масштабындағы айырмашылықтар, мазмұны, көріністерінің мотивациясы тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси, аймақтық және басқа факторларға байланысты өзіндік ерекшелігі бар [4].

Басты назарға алынып отырған аймақтағы аталмыш мәселенің күрделі өріс алуы мемлекеттердегі саяси тұрақтылықты барынша сақтап отырған Үкімет басшыларын біраз әбігерге салған үрдіс болып отыр. Бұған себеп, аталмыш мәселенің жаһандық сипат алуы. Оның мұндай деңгейге жетуін бірнеше себептермен атап көрсетуге болады: *біріншіден*, террорлық іс-әрекеттер тек қана Орталық Азия немесе басқа аймақтарда жекелей ғана емес, күллі әлем мемлекеттерінің бәрін шарпыған үрдіс. *Екіншіден*, жоғарыда айтылғандай терроризм жеке мемлекеттермен қоса бүкіл әлемдік қауымдастықтарға да қауіпті. Дүниежүзінде жыл сайын мұндай қолдан жасалып отырған қатігездіктен мыңдап адамдар қаза тауып немесе жарымжан болуда. *Үшіншіден*, проблемамен күресу тек қана бір мемлекеттің мойнындағы мәселе емес, яғни ортадағы мәселемен күресуге бүкіл әлем мемлекеттері жұмылса ғана бір шешімін табуға мүмкіндік жоғарылайды. *Төртіншіден, терроризмнің қазіргі таңдағы басқа жаһандық проблемалармен байланысы ашық және айқын болуда.* Мысалы, дерек көздердің мәліметтеріне сүйенетін болсақ террористтер өздерін қаржыландыру үшін адам саудасымен не болмаса адам дене мүшелерін сату сияқты қылмыстық іс-әрекеттермен айналысуда. Бұл дегеніміз әлем бойынша жаңа мәселелердің туындауына жағдай жасайды [5].

Негізгі факторлар мен себептерді қарастырдық, кезек олардың алдын алуда. Себебі, мәселенің пайда болуы – оның шешілу жолдарын қарастыруды талап етеді. Аймақтағы тұтастықты сақтау үшін жоғары билік те бей-жай отырған жоқ. Бұған дәлел ЕҚЫҰ-ның БҰҰ-мен күш біріктіре отырып аймақтағы терроризм және экстремизммен күресу шараларын ұйымдастыруы. Сонымен қатар, аймақ мемлекеттерінің басшылары да өз үлестерін қосуда. 2011 жылы Орталық Азияның төрт мемлекеті Ашхабадта Біріккен іс-қимыл жоспарына қол қойып, аймақтағы радикализм мен терроризмге қарсы бірлесіп жұмыс істеуге уәде берді. Бұл жоспардың алдында бірнеше ай бойы жоғары деңгейдегі кездесулер өткізілді және оған қол қоюшылар терроризмнің алдын-алуға және зорлық-зомбылық экстремизмнің таралуына жағдай туғызуға бағытталған қырық шараны жүзеге асыруға келісті. Бұл бастама аясында іс жүзінде шаралар қолға алынып, ұйымдастырушылар халыққа дұрыс жолды көрсетуге барынша тырысқан. Аймақтағы терроризмге қарсы күресті қайта қарастырудың тағы бір дәлелі – БҰҰ Бас хатшысы 2015 жылдың соңында жариялаған әскери экстремизмнің алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспары. Іс-қимыл жоспары барлық мемлекеттерді терроризммен күресу жөніндегі тұтас стратегияларды дамытуға ынталандырады [6].




1-сурет. Әлемдегі терроризмнің таралуы сұранысы бойынша көрсеткіш

Халықаралық ұйымдардың тапсырысы бойынша жүргізілген келесі зерттеулерді алайық. Тәжікстандағы кең ауқымды сауалнама мен фокус-топтарға негізделген бір зерттеу 2012 жылы адамдардың радикалдану себептерін қабылдауы және олардың экстремистік топтармен танысу деңгейі туралы статистиканы ұсынды. Зерттеу көрсеткендей, адамдар экстремистік топтар туралы діни мекемелерден немесе мешіттерден гөрі достары мен туыстарынан көбірек білуге бейім. БҰҰ-ның 2015 жылы Қырғызстанда жүргізген тағы бір ішкі зерттеуі Ош облысындағы мешіттердің еркін салынуы туралы қатаң ескертті және құқық қорғау органдарында діни және теологиялық күзіреттіліктің жоқтығын атап өтті. Бірінші зерттеу діннің рөлін бағаламағанымен, екіншісі радикализация процестеріндегі діни орындарға басты назар аударды. Көп зерттеулер радикалдануға қарсы Үкіметтің бағдарламаларына және олардың табысқа жету мүмкіндігіне зер салады [6].

Қазақстан Республикасындағы дін мәселесі.

Алғашқы террористік акт орын алғанға дейін ең тұрақты мемлекеттердің қатарында болған Қазақстан Республикасы үшін қазір терроризм мен экстремизм шешілуі тиіс мәселелердің алдыңғы қатарында тұр. Себебі, мәселенің дамуы жыл санап артуда. Орталық Азияның басқа да мемлекеттерімен салыстырғанда мәселе баяу көрініс тапқанымен бірнеше рет елдің тыныштығын бұзып үлгерді. Оқиғалардың хронологиясына көз жүгіртетін болсақ, ең алғашқы террористік акт 2011 жылы тіркелген соң ел тұрғындары тағы да бірнеше оқиғалардың куәсі болып үлгерген. Нақтырақ айтсақ, 2011 жылы – 5 акт болса, 2012 жылы тағы да осы дәстүр қайталанды. Соңғы 2 жайсыз оқиға 2016 жылы табан тіреген. Қазақстандағы терроризм қаупі 2006 жылы рекордтық жоғары деңгейде болған АҚШ-пен қарым-қатынаста аса маңызды рөл атқарады [7]. Қазақстан Орталық Азияда Ресей үшін де, АҚШ үшін де таңдаулы серіктес ретінде Өзбекстанның орнын алды. Алайда, Қазақстанның терроризмге қарсы күрестегі күш-жігерінің арқасында ел экономика және бейбітшілік институты жариялаған 2016 жылғы жаһандық терроризм индексында 130 елдің ішінде 94-ші орынға ие болды. Рейтингтегі позиция неғұрлым жоғары болса, терроризмнің елге әсері соғұрлым жоғары болмақ [8].

Діни тұрақтылық – мемлекет саясатының тікелей көрінісі деп есептейтін болсақ, бұл тақырыптың өзектілігі артпақ. Мемлекеттегі діни ахуал бойынша, әсіресе мемлекеттегі діни саясаттың жұмысы бойынша ғалымдар мен зерттеушілер бірнеше зерттеу жұмыстарын жүргізген. Солардың мәліметтеріне сүйенетін болсақ, Қазақстан мұсылмандарының 59,2% мемлекеттің діни саясатына қанағаттанады, 13% қазіргі заманғы сын-қатерлерге нақты жауап бере алмайды екен, сұралғандардың 5% ғана сенушілердің құқықтарына назар аударса, мемлекеттің зайырлылығын 15,2% қолдайды. Мемлекеттік дінді бекіту 5% -ды, ал заңнамалық деңгейде діни нормаларды, сондай-ақ мұсылман елдеріндегі шариғат нормаларын белгілеуді 11% қажет деп санайды. Сонымен қатар, саяси өмірде дін саласын заңдастыруды жақтайтын, Қазақстанның қазіргі заманғы діни саясатын діндарлардың мүдделерін ескеретін және осы ұстанымды ұстанатын респонденттердің басым бөлігі ұлттық немесе конфессиялық тиесілілігі бойынша ұйымдардың мүшесі болуға дайын емес екенін алға тартқан [9].




1- диаграмма. ҚР-дағы мемлекет пен дін қарым-қатынасы қандай деңгейде екені туралы мәлімет

Көптеген мәселелердің төңірегінде әрдайым жастар қауымы көбірек жүретінін зерттеу нәтижелері көрсеткен екен. Әсіресе, жасөспірім кезеңіне қадам басқан бүлдіршіндердің жолдан таюының ықтималдығы жоғары. Оның бірнеше себептерін қарастыруға болады: ой-өрісінің толыққанды өмір жағдайына үйреніспеуі, оқу орнында дұрыс білім берілмеуі, көп жағдайда ата-анасының тікелей қадағаламауы және тағы басқа. Осы мәліметке сүйене отырып, жастардың арасында онлайн форматта сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнамаға барлығы 62 адам қатысты. Қатысушылардың жас шамасы 14 және 25 жас аралығын құрады. Сауалнама Google.com сайтының сауалнама жүргізетін қосымшасы арқылы жасалды.

Сауалнамаға қатысушылардың 62,5%-ын 14-19 жас аралығындағы азаматтар құраса, 19-25 жас аралығындағы қатысушылар 37,5%-ды көрсетті. Олардың 91,1%-ы студент, 7,1%-ы қызметкер, ал қалған 1,8%-ы оқушы болды.


1- сұрақ. Сіз терроризм және экстремизм ұғымын түсінесіз бе?




2- сұрақ. Терроризм сіздің жеке бас қауіпсіздігіңізге қауіп төндіруі мүмкін деп ойлайсыз ба?



3- сұрақ. *Адамдардың теріс бағытқа түсуінің негізгі себебі неде деп ойлайсыз?*



4 – сұрақ. *Сіз өзіңіздің тұрғылықты жеріңізде террористік қауіптерден, терроризм актілерінен қорғалғанмын деп ойлайсыз ба?*



Еліміздегі терроризм және экстремизммен күрес шараларынан хабардар екенін қатысушылардың 76,8%-ы пайымдаған, ал қалған 23,2%-ы, өкінішке орай, ондай шаралар туралы бейхабар. Келесі сұрақ терроризмнің түпкілікті жойылуына байланысты қойылған болатын, олардың 70%-ы бұл мүмкін деген пікір білдірді. Сонымен қатар, қатысушылардан мәселемен күресу үшін қандай шаралар қолдануға болатыны туралы сұралды, олар өздерінің субъективті жеке ойларын жазған болатын. Діни сауаттандыру орталықтарын ашу, жиналыстар мен жиындарды барынша көбірек өткізу, қысқа балақтылар мен қара оранған қыз-келіншектерге тиым салу, заңды күшейту, әлеуметтік желілерде теріс ағымдағы діни ақпараттардың таралуына барынша жол бермеу сынды ұсыныстар жазылды.

Қазақстан Республикасындағы терроризм және экстремизммен күресу шаралары.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетіміз зайырлы мемлекет болып орныққаннан кейін теріс ағымдардың аймақ-аймаққа таралуы, халықтың санасына жетуі біздің тұтастығымызға нұқсан келтіргендей болды. Мәселенің туындауы себепті сәйкесінше оның шешімін табу да қажеттілікке айналған болатын. Жоғарыда айтып өткендей еліміздің аймағында, нақтырақ айтсақ Ақтөбе, Атырау, Тараз, Алматы қалаларында және соларға қарасты аймақтарда бірнеше рет халық тыныштығын

бұзған актілер тіркелген еді. Осы орайда мәселені шешу маңыздылығы одан ары жоғарылап, бірнеше шаралар жүргізілді.

2013 жылдың қыркүйегінде «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды [10]. Аталған мемлекеттік бағдарлама діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін, соның ішінде, тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру шараларын қамтыды. Қазақстанның ұлттық және рухани қауіпсіздігін сақтаудағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл болып табылады. Діни экстремизмге қарсы күрестің аса маңыздылығын ескере отырып, терроризмге қарсы қызметті дамыту, әрі қамтамасыз ету мақсатында Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2013 жылдың 24 маусымында «Қазақстан Республикасының антитеррористік орталығын бекітетін Ереже туралы» № 588 Жарлыққа қол қойды. Қалыптасқан Қазақстан Республикасының Антитеррористік орталығы мемлекеттің басты ұлттық қауіптері терроризм мен экстремизмге қарсы мемлекет пен қоғамның қызметтерін басқару және қадағалаумен айналысып келеді. Орталықтың басты мақсаты дәстүрлі емес діни ағымдардың ықпалынан халықты қорғау ниетінде діни бірлестіктердің жарғылары, әдебиеттері мен материалдарына, сондай-ақ интернет-ресурстарға мониторинг пен талдау жүргізу және олар бойынша дінтану сараптамасын өткізу болды. Мысалы, 2015 жылы жасалған зерттеулерге зер салатын болсақ 6 мың интернет-ресурстардың мазмұны талданып, олардан 300-ден астам бұзушылықтар анықталды, 2016 жылы – 10 мың ресурстар және 1,5 мың бұзушылықтар, 2017 жылдың үш тоқсанында – сараптама жүргізілген 5 мың ресурстың жартысына дерлік бұзушылықтар анықталған [11]. Бұндай шаралар мәселенің өршу деңгейін, сонымен қатар алдын алу жолдарын нақтырақ талдауға ықпал жасайды. Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс – қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес мектептердегі 9 сыныптардың білім беру бағдарламаларына «Дінтану негіздері» енгізілді. Бұл пәннің енгізілуіндегі басты мақсат өсіп келе жатқан, мектеп бітіріп үлкен өмірге қадам басуға ниеттеніп отырған жасөспірімдерге дұрыс жол нұсқау, діннің адам өміріндегі маңызын ұғындыру, оның негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындап түсіндіру болып саналады.

Көп адамның көз жасына негіз болған Ақтөбе мен Алматы қалаларындағы террорлық актілерден кейін 2017 жылы «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды, сондай-ақ, 2017-2020 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама әзірленген болатын [12].

Зерттеу жұмыстың мақсаты – терроризм және экстремизм мәселелерінің Орталық Азия аумағында, соның ішінде Қазақстан Республикасында қаншалықты өріс алып тұрғаны, онымен күресу шараларының нәтижесі қандай болып жатқаны туралы қарастыру және оларды анализ болатын. Зерттеу нәтижелері жоғарыда толыққанды көрсетілді, алайда бұдан ауқымды түрде зерттеу жүргізу оның жан-жақты анықталуына көп септігін тигізеді деген пікірдеміз. Осы мәселеге байланысты белгілі ғалым Ғарифолла Есім өзінің «Тәуелсіздіктің басты көрсеткіші - оның философиясы» атты еңбегінде адамдардың, әсіресе жастардың теріс ағымға түсуіне шет ел ресурстары, жастардың сол жақта білім алып келуі және басқа елдердегі діни топтардың көбірек әсер ететін айқындап айтқан [13]. Оның айтуынша, қазіргі таңда Қазақстан жағдайында исламда екі түрлі бағыт аңғарылып келеді: Араб елдерінен білім алып келген жастар және тұрғылықты дәстүрлі исламды ұстанатын халық. Араб елдерінде білім алғандар ұлттың салт дәстүрін, құндылықтарын (әруақты құрмет тұту, құран бағыштау, әулиеге сиыну, жеті шелпек пісіру) жоққа шығарып «таза исламды» ұстану керектігін алға тартып, екеуінің арасында келіспеушілік орын алуда. Аталған жағдай қоғамда орын алып отырғаны ақиқат, себебі жеке өмірде де мұндай іс-әрекеттерді орындап жүрген танысын әрбір бесінші қазақстандық кездестіруі мүмкін. Деструктивті діни ағымдарды ұстанып, дәстүрлі салттар мен құндылықтарды теріске шығарып жүрген азаматтар ел санасын улауда. Сонымен қатар, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің баяндамасында Діни бірлестіктердің белгілі бір бөлігі діни төзімсіздік идеяларын насихаттайтын шетелдік ислам миссионерлерінің ықпалына түсетінін де атап өткен [14]. Бұл әсіресе еліміздің оңтүстік аймақтарында байқалады. Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының территориясында жасырын орталықтарын құрған «Таблиги Жамаат» шетелдік радикалды қозғалысының үгіт-насихат жұмыстары тіркелді. Сондай-ақ «Хизб-ут-Тахрир» ұйымы да белсенді түрде жұмыс істейді.

Қорытынды.

Мақаланы қорытындылай келе, жан-жақты сараптамаларды талдай отырып, қанша алдын алу шаралары жүргізіліп отырса да терроризм мен экстремизм мәселелерінің қауіпі жоғары екендігін айтқымыз келеді. Алайда, сауалнама нәтижелері бойынша жастардың көпшілігі бұл аса қауіп туғызбайтын үрдіс деп есептейді. Яғни, жастар қауіпсіздік мәселесіне оптимистік көзқарас тұрғысынан қарайды. Шын мәнінде, қауіп жоқ емес. Көп жағдайда жастар бейғам тіршілік етуде. Бұндай бейжайлық қауіптің тууына жағдай жасауы мүмкін. Мәселен, әртүрлі діни ағымдар мен секталардың қатарында қанша отандасымыздың жүргені туралы шынайы дерек жоқ. Әртүрлі бейресми деректер бар. Соған орай кімнің теріс пиғылда жүргенін ажырату оңайға түсе қоймайды. Қазіргі уақытта қоғамға дұрыс діни білім беру қажет. Қоғамның діни сауаттылығының жоғары болуы, жастардың әртүрлі діни секталарға кіріп кетпеуіне түрткі болады. Қазіргі кезде елімізде жоғарғы оқу орындарында мемлекеттік грант бойынша дінтану, исламтану мамандарын даярлайды. Сонымен қатар, терроризм мен экстремизм мәселелерін зерттейтін арнайы ғылыми зерттеу институты ашылса. Терроризмнің психологиялық, экономикалық, ақпараттық, экологиялық, компьютерлік сынды тағы басқа бірнеше түрі барын білеміз. Оның әрқайсысы мұқият зерттеуді талап етеді және сол жайында халыққа ақпарат беру керек. Жұмысқа жан-жақты ғалымдар, соның ішінде психологтар да жұмылдырылса. Қазақстанда Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанында терроризм мәселесімен айналысатын ғылыми-зерттеу институты бар. Бірақ көпшілік үшін жабық мекеме саналатын ол стратегиялық шешімдер қабылдайды, қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалар дайындайды. Бізге халықпен, көмекке зәру адамдармен жұмыс істейтін тәуелсіз мекеме керек. Қоғамның бұл күреске қатысқысы келеді, балама зерттеулер болғанын қалайды. Мәселен, батыс елдерінде ондай мекемелер көп. Онда осы мәселелерді зерттеумен айналысатын «террорология» деп аталатын тұтас ғылым саласы бар. Мақала жазу барысындағы ортаға алынған сауалдардың бірі терроризммен күресте толыққанды жеңіске жету мүмкіндігін талдау болатын. Бірқатар пікірлерді, ақпараттарды, сала мамандарының зерттеулерін негізге ала отырып егер қоғам мен билік жұмыла күрескен жағдайда бұндай нәтижеге жету мүмкіндігі бар деген қорытынды жасауға болады. Алайда, мәселемен күресу шараларын бұдан да жоғары дамытып, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Взрывы в Ташкенте 16 февраля 1999 года. Что это было? <https://centre1.com/uzbekistan/vzryvy-v-tashkente-16-fevralya-1999-goda-chto-eto-bylo/>
2. Төлен Ж.М. ҚР саяси тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету діни экстремизмнің алдын алудың факторы ретінде // *Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы. ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты № 1 (65) 2019 ж. Б. 165-181.*
3. Roggio B. Taliban Mass in Northern Afghanistan to Swear Allegiance to New Emir / *Long War Journal. 2015, August 27 / URL: <http://www.longwarjournal.org/archives/2015/08/taliban-mass-in-northern-afghanistan-to-swear-allegiance-to-new-emir.php>*
4. Валентинович, А. «Религиозный экстремизм в Центральной Азии: основные общие причины появления» [Электронный ресурс].
5. Джайлаубаева, А.Б. «Орталық Азиядағы терроризм мен экстремизм» [Электронный ресурс]. URL <https://kazislam.kz/eislam-598/>
6. Джордж Гаврилис. «Методы противодействия радикализации в Центральной Азии» [Электронный ресурс]. URL https://www.ponarseurasia.org/sites/default/files/policy-memos-pdf/Pept442_rus_Gavrilis_Oct2016_2.pdf
7. Аян Қалмұрат. Қазақстандағы соңғы бес жылдағы террористік шабуылдар. *7kun.kz - 07.06.2016 <https://7kun.kz/qazaqstandaghy-sonhghy-bes-zhyldaghy-terroristik-shabuylar/>*
8. Ибраев, Е. «Қазақстанның деструктивті діни ағымдармен күресу шаралары» [Электронный ресурс]. URL <https://kazislam.kz/aza-stanny-destruktivti-dini-a-ym/>
9. Шибуттов М., Абрамов В. *Терроризм в Казахстане 2011-2012 гг. Алматы, 2012.*

10. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы [Электронный ресурс]. URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/UI1300000648>

11. Решетняк, А. «Терроризм и религиозный экстремизм в центральной азии: проблемы восприятия кейс казахстана и кыргызстана». [Электронный ресурс]. URL http://kisi.kz/images/Resh_terr.pdf.

12. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. [Электронный ресурс]. URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000325>

13. Ғ.Есім. «Тәуелсіздік философиясы». «Егемен Қазақстан» газеті. 13.12.2001.

14. Назарбаев, Н. «Қазақстандағы экстремизм мен терроризмде қылмыстық негіз бар» [Электронный ресурс]. URL <http://wap.bnews.kz/kk/news/post/115555/>

References:

1. Vzryvy v Tashkente 16 fevralya 1999 goda. Chto eto bylo? <https://centre1.com/uzbekistan/vzryvy-v-tashkente-16-fevralya-1999-goda-chto-eto-bylo/>

2. Tolen ZH.M. QR sayasi tıraqtylyq pen ılttyq kauipsizdiki qamtamasyz etu dini ekstremizmnıń aldın aludyn faktory retinde // Al-Farabi aleumettik-gumanitarlyq zertteuler zhurnaly. QR BGM Gylym komiteti Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu instituty № 1 (65) 2019 zh. B. 165-181.

3. Roggio B. Taliban Mass in Northern Afghanistan to Swear Allegiance to New Emir / Long War Journal. 2015, August 27 / URL: <http://www.longwarjournal.org/archives/2015/08/taliban-mass-in-northern-afghanistan-to-swear-allegiance-to-new-emir.php>

4. Valentinovich, A. «Religioznyj ekstremizm v Central'noj Azii: osnovnye obshchie prichiny poyavleniya» [Elektronnyj resurs].

5. Dzhajlaubaeva, A.B. «Ortalyq Aziyadagy terrorizm men ekstremizm» [Elektronnyj resurs]. URL <https://kazislam.kz/eislam-598/>

6. Dzhordzh Gavrilis. «Metody protivodejstviya radikalizacii v Central'noj Azii» [Elektronnyj resurs]. URL https://www.ponarseurasia.org/sites/default/files/policy-memos-pdf/Pepm442_rus_Gavrilis_Oct2016_2.pdf

7. Ayan Qalmurat. Qazaqstandaғы songy bes zhyldaғы terroristik shabuylar. 7kun.kz -07.06.2016 <https://7kun.kz/qazaqstandaғы-sonhghy-bes-zhyldaghy-terroristik-shabuylar/>

8. Ibraev, E. «Qazaqstannyn destruktivti dini agymdarmen kuresu sharalary» [Elektronnyj resurs]. URL <https://kazislam.kz/aza-stanny-destruktivti-dini-a-ym/>

9. Shibutov M., Abramov V. Terrorizm v Kazahstane 2011-2012 gg. Almaty, 2012.

10. Qazaqstan Respublikasynda dini ekstremizm men terrorizmge qarsy is-qimyl zhonindegi 2013 - 2017 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарлама туралы [Elektronnyj resurs]. URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/UI1300000648>

11. Reshetnyak A. «Terrorizm i religioznyj ekstremizm v central'noj azii: problemy vospriyatiya keis Kazahstana i Kyrgyzstana». [Elektronnyj resurs]. URL http://kisi.kz/images/Resh_terr.pdf.

12. Qazaqstan Respublikasynyn din salasyndaғы мемлекеттік саясатынын 2017-2020 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasy. [Elektronnyj resurs]. URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000325>

13. G.Esim. «Tәuelsizdik filosofiyasy». «Egemen Қазақстан» газеті. 13.12.2001.

14. Nazarbaev, N. «Qazaqstandagy ekstremizm men terrorizmde qylmystyq negiz bar» [Elektronnyj resurs]. URL <http://wap.bnews.kz/kk/news/post/115555/>

А.Ж. Мұқажанова^{1*}, Е.Т. Даржибаев²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының докторы

²Абай атындағы ҚазҰПУ Саясаттану мамандығының 2-курс магистранты

САЯСИ ҮДЕРІСТЕГІ ӘЛЕМДІК ХАРИЗМАТИКАЛЫҚ КӨШБАСШЫЛАР

Аңдатпа

Харизма – адамдардың назарын өзіне аудара алатын, көпшілікті басқара алатын, тіпті, өзінің пікірін, идеологиялық принциптерін міндеттей алатын ерекше қабілет. Харизма-көшбасшылықтың синонимі. Тек туылған көшбасшылар бас айналдыратын биіктерге жете алады. Көптеген харизматикалық адамдардың ортақ ерекшелігі-сөйлеу өнерін жетік меңгеру. Қарапайым тілмен айтқанда, барлық харизматикалық адамдар керемет спикерлер. Көшбасшы, жарнама сияқты, прогрестің және әр процестің қозғаушы күші болып табылады. Ол көпшілік алдында сөйлей білуі керек. Харизматикалық адам өзінің максаттарын нақты біледі, оларды керемет энергиямен ашық және батыл түрде білдіреді. Басқалардың көз алдында ол өмірдің барлық саласында, тіпті егер ол жай әуесқой болса да, бірден мағыналы болады. Қоғам оған абырой береді, оған тән емес қасиеттерді лайықтай, оған өзінің оң үміттерін артады. Бұл мақалада саяси үдерістегі көшбасшы тұлғасы зерттеледі. Онда, саясаттағы көшбасшы мен оның харизматикалық сипаты жайлы мәселелер қарастырылды. Өйткені, нағыз көшбасшы адам, харизматикалық белгілерді өз бойында жинақтауы қажет. Сол себепті де, саяси үдерісте белгілі бір жетістіктерге жету үшін, әлемдік көріністегі көшбасшылар харизмаға ие болуы керек. Мақаланың өзектілігі, ол саяси үдерістегі әлемдік харизматикалық көшбасшы тұлғалар жайлы нақты мәлімет беріледі.

Түйін сөздер: саясат, харизма, көшбасшы, тұлға, саясаткер, қоғам, стратегия, шешім, қабілет, даму

A.Zh.Mukazhanova^{1*}, Y.T. Darzhibayev¹

¹Associate Professor of the Department of Political Science and Socio-Philosophical Disciplines Abai KazNPU, Doctor of Political Science.

²2nd year master's student of the specialty «political science» of the Abai Kazakh National Pedagogical University

WORLD CHARISMATIC LEADERS IN THE POLITICAL PROCESS

Abstract

Charisma is a special ability that can attract people's attention, control the crowd, and even impose its own opinion and ideological principles. Charisma is synonymous with leadership. Only born leaders can reach dizzying heights. A common feature of many charismatic people is the ability to master the art of speech perfectly. Simply put, all charismatic people are great speakers. A leader, like advertising, is the driving force behind progress and every process. He must be able to speak publicly. A charismatic person clearly knows his goals, expresses them openly and boldly with incredible energy. In the eyes of others, he immediately makes sense in all areas of life, even if he is just an amateur. Society gives him Dignity, gives him qualities that are not characteristic of him, gives him positive expectations. This article examines the personality of a leader in the political process. They discussed the issues of the leader in politics and his charismatic character. After all, a real leader is a person who needs to accumulate charismatic traits in himself. Therefore, in order to achieve certain achievements in the political process, leaders of the world stage must have charisma. The relevance of the article is that it provides accurate information about the world's charismatic leaders in the political process.

Key words: politics, charisma, leader, personality, politician, society, strategy, decision, ability, development.

А.Ж. Мукажанова^{1*}, Е.Т. Даржибаев²

¹Доцент кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ им. Абая,
доктор политических наук

²Магистрант 2 курса специальности «Политология» КазНПУ имени Абая

МИРОВЫЕ ХАРИЗМАТИЧНЫЕ ЛИДЕРЫ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация

Харизма – это особая способность, способная привлечь к себе внимание людей, манипулировать толпой и даже навязывать свое мнение, идеологические принципы. Харизма-синоним лидерства. Только рожденные лидеры могут достичь головокружительных высот. Общая черта многих харизматичных людей-владение искусством речи в совершенстве. Проще говоря, все харизматичные люди-отличные ораторы. Лидер, как и реклама, является движущей силой прогресса и каждого процесса. Он должен уметь выступать публично. Харизматичный человек четко осознает свои цели, открыто и смело выражает их с невероятной энергией. В глазах окружающих он сразу обретает смысл во всех сферах жизни, даже если он просто любитель. Общество придает ему достоинство, недостойно несвойственных ему качеств, вселяет в него свои позитивные надежды. В данной статье исследуется личность лидера в политическом процессе. На нем были рассмотрены вопросы о лидере в политике и его харизматическом характере. Ведь настоящий лидер-это человек, который должен аккумулировать в себе харизматические черты. Поэтому, чтобы добиться определенных успехов в политическом процессе, лидеры мирового масштаба должны обладать харизмой. Актуальность статьи заключается в том, что она дает четкое представление о мировых харизматических лидерах в политическом процессе.

Ключевые слова: политика, харизма, лидер, личность, политик, общество, стратегия, решение, способность, развитие.

Кіріспе. Бүгінгі таңда саяси биліктің қалыптасуы мен қызмет етуіне көшбасшылардың тұлғалық қасиетінің әсері мен рөлін әлемдік саяси үдерістердің өзгеруінен де көре аламыз. Аталған мәселенің өзектілігі қазіргі қазақстандық саяси ғылымда «харизма» түсінігі және саяси үдерістердегі харизматикалық тұлғалар туралы зерттеулердің толыққанды алға қойылмағандығымен ерекшеленеді.

Осы тұрғыдан алғанда, саяси-тарихи тәжірибелерді зерделей отырып харизматикалық көшбасшылық мәселесін тұжырымдамалық түсінуді, саясаттағы харизматикалық көшбасшылық құбылысына тән негізгі тенденциялар мен процестерді анықтауға мүмкіндік беретін зерттеулердің қажеттілігі уақыт күтірмес мәселе деп есептейміз.

Демек, қазіргі әлемдік жаһандық көріністе адамдардың әлеуметтік ортада, саяси өмірдегі алатын орындары әр түрлі. Саяси өмір әрқашан серпінді және өзгермелі болды. Оған адамдар, әлеуметтік топтар, билеуші элиталар өздерінің ұмтылыстары, үміттері, мәдениеті мен білім деңгейімен кіреді. Мұнда әртүрлі қоғамдық-саяси күштердің мүдделері бір-бірімен араласып, күреседі. Сондықтан бұл жерде саяси өмірге қатысушылардың ұстанымы өте маңызды.

Алайда, саяси иерархиядағы бұл ұстаным әрдайым бірдей бола бермейді. Бұл олардың билікке жақындығының әр түрлі деңгейіне, әлеуметтік өзгерістерге әсер ету қабілетіне және стратегиялық шешімдер қабылдау қабілетіне байланысты. Тіпті элитаның ішінде оның кейбір мүшелері басқалардан қоғамға әсер ететіндігімен ерекшеленеді. Осылайша, саяси көшбасшы қоғамға, мемлекетке, ұйымға тұрақты және шешуші әсер ететін адам деп танылады. Көшбасшылық институты ұзақ уақыт бойы теңгерімді даму үшін күрделі ұйымдастырылған жүйелерді құру қажеттілігіне байланысты пайда болды. Олардың өмірлік белсенділігі әрқашан басшылық принципін талап етті.

Нәтежелерді талдау. Жалпы көшбасшылық мәселесін біз кез-келген адамзат қауымдастығының қалыптасуының ажырамас бөлігі ретінде қарастыруымыз қажет. Себебі оның арқасында қоғамның біртұтастығын арттырып, өміршеңдігін нығайтуға көптеген мүмкіндіктер туындайды.

Сонымен қатар, осы көшбасшылық институтының қоғамдағы қызметі арқылы көптеген әлеуметтік институттар өздерінің ортақ мүдделерін іс жүзіне асыра алады.

Көшбасшылық саяси-әлеуметтік құбылыс ретінде адамның табиғатына тән. Адамзат дамуының алғашқы кезеңдерінде оның өмір сүруі топтық мінез-құлықтың белгілі бір заңдылықтарын

калыптастырусыз және өзара әрекеттесуінсіз мүмкін емес еді. Бұл әлеуметтік өмірдің осындай тәсілін таңдауға әкелді, онда басты рөлді басқа рулар арасында мойындалған, сенім мен беделге ие тәжірибелі, күшті және ақылды адамдар ойнады [1].

Көшбасшылардың міндеттері дамудың келісілген мақсаттарын әзірлеу, әлеуметтік өзара әрекеттестікке қатысушылар арасында функциялар мен рөлдерді бөлу, тұтастай алғанда қоғамның тиімділігін арттыру үшін жүйенің жекелеген элементтерінің мінез-құлқын оңтайландыру болып табылады. Дегенмен, әрбір көшбасшы басқаларға белгілі бір күшті әсер ете бермейді. Бұл ретте, сұрақ туындайды, кейбір адамдар көшбасшы болып табылады? Бұған жауап ретінде, келесі ойды ұсынамыз: себебі, оның көшбасшылығы әрқашан оның шығу тегінің материалдық және әлеуметтік мәртебесіне байланысты емес. Ия, әрине, мұндай адамдар жеткілікті. Бірақ мұндай санатқа жатпайтын және саяси өмірдің көшбасшылары, қатысушылары болатын адамдар да бар. Көбінесе мұндай адамдар ерекше болып көрінеді, олар назар аударарлық және оларды халықты тыңдата алатын, сонымен қатар олар басқаларға үлкен әсер білетін адамдар. Мұның басты себебі, аталған қасиеттері бар адамдар жай көшбасшы емес, олар харизматикалық көшбасшылар болып саналады.

Қоғамның демократиялық ұйымдасуы жағдайында харизматикалық көшбасшылық саяси көшбасшылықтың кең таралған түрлерінің бірі болып табылады. Саяси харизманың көрінуінің немесе қалыптасу ерекшеліктері кез-келген мемлекеттердің саяси дамуының ерекшелігіне, халықтың менталитетіне және бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне тікелей байланысты болады.

Өз кезегінде, харизма сөзінің тұжырымдамасы – арнайы жеке қасиеттерге ие, адамдарды таңдануына және оның қабілеттеріне сөзсіз сенуіне себеп болатын адам. Яғни, харизматикалық көшбасшы – бұл өз ізбасарларының көз алдында беделге ие адам. Өздеріңіз білетіндей, билік-адамның қоғамдық өмірдегі маңызды компоненттерінің бірі. Аудармадағы сөздің өзі «Құдайдың сыйы» дегенді білдіреді және іс жүзінде көптеген зерттеушілер бұл құбылысты табиғаттан тыс немесе, кем дегенде, адамнан тыс қабілеттердің үйлесімі деп санайды. Бастапқыда бұл термин тек билеушілерге немесе әскери жетекшілерге қатысты қолданылды, бірақ өткен ғасырдың ортасынан бастап олар жеке қасиеттерімен емес, жетістігімен, сыртқы келбетімен ерекшеленетін кез-келген адамды атай бастады [2].

Сонымен, харизматикалық көшбасшы – бұл ең алдымен келбетті, көпшіл және өзіне сенімді адам. Харизматикалық көшбасшының коммуникативті стилі келесі сипаттамаларды қамтиды: дауыстың тартымды үні, бай интонация, түзу және ашық көздер, бет әлпеті, ым-ишара мен позалар, әсерді күшейту, қол алысу және т.б. Көшбасшы сенімді мінез-құлықты көрсетеді, өйткені ол өзінің дұрыстығына сенімді және оның сенетініне күмәнданбайды. Бұл сенім оның ізбасарларына да беріледі. Тарихта Александр Македонский, Юлий Цезарь, Шыңғыс, Наполеон, Гитлер, Ленин, Сталин, Франклин Рузвельт, Уинстон Черчилль, Эрнесто Че Гевара, Ким Чен Ир, Махатма Ганди сияқты көптеген көшбасшылар болды [3].

Бұл көшбасшылардың басқаларға, олардың дүниетанымын, қабылдауын, құндылықтары мен мінез-құлқын өзгертуге әсері өте зор. Мұндай ерліктерді жасаған адамдар харизматикалық көшбасшылар деп аталады. Шынында да, бұл билеушілер, олардың ізбасарлары сияқты, оларды басқаруға көмектесетін ерекше, арнайы және табиғаттан тыс қасиеттерге ие. XX ғасырда осындай тұлғалар өте көпі, және бүгінде сәтті қызметтің немесе қоғамдық қозғалыстың кез-келген көшбасшысы бұндай харизматикалық тұлға болып атана алады. Аталған құбылысты зерттеу кейбір қиындықтарға тап болады. Әлбетте, бұл ғылымға белгілі бір тұжырымдаманың «идеалды» анықтамасын қажет ететіндіктен, бірақ жеке тұлғаларды тікелей идеализациялауға және тіпті жүйелеуге мүмкіндік жоқ.

Харизматикалық көшбасшы - бұл ерекше тұлға, сондықтан іс жүзінде осы немесе басқа көшбасшы болды ма деген сұраққа нақты жауап алу мүмкін емес. Сонымен қатар, мұндай адам әрдайым дағдарыс жағдайында немесе оқиғалардың бетбұрыс кезеңінде болады, және оның сыртқы келбеті олардың жүруіне оң немесе теріс әсер еткенін әрдайым сенімді түрде түсіну мүмкін емес. Кейде харизматикалық көшбасшы өз іс-әрекеттерімен ғана емес, сонымен бірге моральдық әсердің күшімен, өзінің өмір сүру фактісімен әлеуметтік алауыздықты жеңе алады. Алайда, харизматикалық көшбасшы алмастырылмайтын аураны оңай қоршап алған кезде, бұл процестің жағымсыз жақтарын байқамау мүмкін емес [4].

Зерттеулер харизматикалық көшбасшылардың белгілі бір қасиеттер жиынтығы бар екенін көрсетті. Олар: өзіне деген сенімділік, сендіру қабілеті, болашаққа көзқарас, ерекше мінез-құлық,

өзгеруге деген ұмтылыс, саяси инстинкт. Көшбасшы болып туылмайды, көшбасшы болады, және олардың көшбасшы болуына биліктің ролі жоғары. Сондықтан барлық саяси субъектілер көшбасшы талантын игере алмайды. Бұл тек ойдың тәуелсіздігімен ерекшеленетін, көпшіліктің мүдделерін білдіретін адам бола алады. Саяси шешімдер қабылдау-оларды нақты жағдайларға бейімдеп, дұрыс басқару шешімдерін таба білу, нағыз көшбасшының білігі.

Саясат өз көшбасшыларыңыз өмір сүре алмайды, яғни қазір бізде ерекше харизмасы бар саяси көшбасшылар жеткілікті. Алайда, қазіргі харизматикалық көшбасшылар кейде адамдарды қолдауға сенбейді-көбінесе басты фактор-жеке тұлғаны ақпараттық өріс арқылы, яғни БАҚ арқылы жылжытуға сенеді. Алайда әлем көшбасшысыз емес.

Қазіргі әлемде осындай көшбасшылар тұлғалар белгілі: Барак Обама – Америка Құрама Штаттарының президенті болған алғашқы африкалық американдық; Маргарет Тэтчер – харизматикалық көшбасшы, көпшілікке «железная леди» атымен белгілі; Фидель Кастро – жалынды революционер, тамаша спикер, сәтті әскери жетекші. Ол өз халқының құрметі мен ғибадатына ие болып қана қоймай, Кубаның толық тәуелсіздігіне қол жеткізді; Нельсон Мандела – Оңтүстік Африка Республикасының Президенті және алғашқы қара нәсілді президент, Адам құқықтары мен апартеидке қарсы танымал күрескер. Ол өз өмірін Оңтүстік Африканың қара тұрғындарының ақ нәсілді адамдардың құқықтармен тең құқығына жету идеясына арнаған транзакциялық көшбасшының керемет үлгісі, ол бейбіт өзгерістерді жақтады; Дональд Трамп – бұл бизнес пен саясаттың құлдырамас тұлғасы. Оның харизмасы тіпті сыртқы келбетінен де көрінеді; Ангела Меркель-керемет саясаткер, Германия канцлері. Қазіргі уақытта әлемдегі ең ықпалды әйел. Меркель Германияның саясатын жақсы жаққа өзгертіп, айқын прогреске қол жеткізді. Оны көбінесе «жаңа железна леди» деп атайды.

Сондай-ақ, Билл Клинтон мен Хиллари Клинтон – харизматикалық саясаткерлер отбасысы, олар тарихқа күйеуі де, әйелі де мемлекетті басқарған жалғыз отбасы ретінде енуі мүмкін.

Әрине, біздің елімізде де харизматикалық көшбасшылар бар. Біздің Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтан басқа Қасым-Жомарт Тоқаевты, Ғани Қасымовты, Иманғали Тасмағамбетов пен басқаларды атай аламыз.

Сонымен харизматикалық көшбасшылық – көпшілік сенген қоғамның беделді, тәжірибелі жетекшілері. Олар әрқашанда қоғам өміріне маңызды тұлға ретінде өз үлестерін қосады. Жеке адамдардың келешекке деген уайым-мазасыздығын жою мақсатында, миссиясының айналасына халықты топтастыра білетін тұлғалар. Олар өз идеяларын өте оңай қабылдата алады. Өйткені оның басты себебі – артына ерген ізбасарларының көшбасшымен идеялары бір арнада тоғысқандығында. Бұған қоса, харизматикалық көшбасшылық – бұл көшбасшының жеке қасиеттеріне сүйене отырып, адамдарды ортақ мақсаттарға жетуге ынталандыруға бағытталған әртүрлі билік көздерінің тиімді үйлесуіне негізделген басқарудың ерекше түрі болып табылады.

Қазіргі заманымыздың талабына сай игі бір харизмаға ие көшбасшылардың ерекшеліктерін зерттеу нәтижесі бойынша қарастырсақ:

- Болашақты болжап, тәуекелге бел буа алатын,
- Өзін ынталандыра білетін,
- Өзіне толық сенген,
- Шешуші роль атқара алатын,
- Сендіру қабілеті ерекше,
- Айналасына кәсіби мамандарды топтастыра білетін,
- Төтенше жағдайда тығырықтан шыға алатын,
- Білім инновацияға қамқор- жаңашылда жанашыр,
- Қоғамның талап тілектерін жауапсыз қалдырмайтын,
- Алған жауапкершілікті соңына дейін жеткізетін талантты көшбасшылар екен.

Сонымен қатар харизматикалық көшбасшылар өмір сүрген қоғамды дамытуға үлес қосқанындай, керітартпа саясатымен құлдырауға апарып соқтыратыны да шындық. Осы ретте американ философы Эрик Хоффер көшбасшылардағы харизманың 2 түрін атап көрсетеді. Олар дараланған жеке көшбасшылар және әлеуметтендірілген көпшілік көшбасшылар. Дараланған көшбасшылар авторитарлы көшбасшыларға айналғандар. Қоғамда өздерін маңызды және ұлы адам екенін санап, сездіреді. Олар айналасын билеп қана қоймай қажет кезінде оларға шабуыл жасап тұрады. Көзқарастарын білдіріп және жағымсыз әрекеттерін көрсетіп бой береді. Мақсаттарына сай соған

сәйкестіктерді орнатады. Қолдаушылары әрқашан көңілсіз, жиі жағымсыз салдарға ұшырап отырған көшбасшыларын қорғаштап ақтауға әлек. Мысал ретінде: Гитлер, Сталин, Саддам Хусейін және т.б. Екінші түрі: әлеуметтендірілген көшбасшыларға келетін болсақ, олар сындарлы және көпшіл мінез-құлығымен байқалады. Өздері қолдаушыларының талап тілектеріне сай мақсат қойып оны орындауға тырысады. Өмір сүретін қоғамы жағынан мойындап қабылданған көшбасшылар [5].

Көшбасшылық – саясаттану ғылымында кеңінен таралған көп қырлы ұғым. Сонымен қатар, кез-келген көшбасшыға, әсіресе саяси көшбасшыға «тез әрі дәл бағыт-бағдар анықтау шеберлігі, өзгенің пікіріне дәлелмен қарсы тұра білу, саяси шешім қабылдаудағы саяси ақылдылық, білгірлігі, шешендік өнерді меңгеруі, әзілді түсіну сезімі, энтузиазмге ояту, өзіне адамдарды көптеп тарта білу таланты және соңынан адам ерте білу қабілеті жатады» [6].

Қорытынды. Сонымен қорыта келе айтатын болсақ, саяси ғылымның даму тарихында харизматикалық көшбасшылардың қалыптасуы, оның өзіндік ерекшеліктері әрқашанда маңызды орынға ие болып қала бермек. Саяси харизматикалық көшбасшы – бұл саяси үдерістерді ғана емес, сонымен бірге қоғамды басқару функцияларын жүзеге асыратын, оқиғалардың барысы мен саяси үдерістердің бағытын өзгерте алатын адам. Сондай-ақ, қайрат мінездің күші, ерік-жігер, сүйкімділік, айқындық, сезімтал түйсік сияқты табиғи қасиеттерге ие болуы керек. Көшбасшылардың кәсіби қасиеттері аналитикалық қабілеттерден, жағдайды тез және дәл бағдарлай білуден, басқалардың пікіріне қарсы тұрудан тұрады.

Қазіргі әлемде саяси көшбасшылық институтын дамытуда үнемі жаңа үрдістер қалыптасуда, өйткені жекелеген көшбасшылар пандемия жағдайындағы жаһандық проблемаларды үнемі есте ұстап отыруы тиіс. Олар өздерінің ішкі саясатын жалпы әлемдік, жаһандық үдерістердің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруы қажет. Сонымен қатар, болашақ кадрларды даярлаудың өзіндік жүйесі бар, олардан заман талабына сай көшбасшылар даярлауымыз қажет. Бұл жүйе қоғамның саяси жүйесінің алдында тұрған міндеттердің мақсаттары мен сипатына, сондай-ақ саяси идеологияның құндылықтарына бағытталуы тиіс.

Бұл тақырып бүгінде елімізде өте өзекті болып отыр, өйткені жалпы саяси ахуал мен билік үшін толассыз күрестер алдағы зерттеулерде осы мәселені егжей-тегжейлі зерттеуді анықтайды және қажет етеді деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Карнеги, Дейл как статья эффективным лидером /Дейл Карнеги. - Москва: машиностроение, 2013. - С.22-25.
2. Кичаев, Александр. Харизматический лидер. Переговоры-с удовольствием. Связь (4 книги) /Александр Кичаев. - М.: ИГ "все", 2014. - С.171.
3. А. А. Павлов харизматический феномен лидерства. М., 2005. - С.9-10.
4. Николаус. Б. Энкельман. Н. Харизма. Личностные качества как средство достижения успеха. – Москва, 2005. – С.19-22 .
5. XXI yüzyilda liderlik yaklaşımlari / editör dr. Alper Güner. - İstanbul : Hiperlink Yayınları, 2019. – S.81
6. Әбсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. Екі томдық. 1-том. –А., 2011. – Б.274

References:

1. Karnegi, Dejl kak stat' effektivnym liderom /Dejl Karnegi. - Moskva: mashinostroenie, 2013. - S.22-25.
2. Kichaev, Aleksandr. Harizmaticheskij lider. Peregovory-s udovol'stvиеm. Svyaz' (4 knigi) /Aleksandr Kichaev. - M.: IG "vse", 2014. - C.171.
3. A. A. Pavlov harizmaticheskij fenomen liderstva. M., 2005. - S.9-10.
4. Nikolaus. B. Enkel'man. N. Harizma. Lichnostnye kachestva kak sredstvo dostizheniya uspekha. – Moskva, 2005. – S.19-22 .
5. XXI yüzyilda liderlik yaklaşımlari / editör dr. Alper Güner. - İstanbul : Hiperlink Yayınları, 2019. – S.81
6. Absattarov R.B. Sayasattanu negizderi. Eki tomdyq. 1-tom. –A., 2011. – B.274

*Saltanat Mamyrova**
Eurasian law academy named after D.A.Konayev

CENTRAL ASIA AS A REGION OF INTERNATIONAL POLITICS

Abstract

At the beginning of the third millennium, the region building process in Central Asia is more difficult than ever before to assess the role of the region in the international relations' system. In this regard, the issue of regional subsystems of international relations is of considerable interest against the background of the discussion on globalization. One of the most relevant examples in this regard is Central Asia. Today, the countries of Central Asia are in the focus of attention of global and regional powers, international financial and economic structures. In the 1990s, this region became a field of increasingly broad cooperation and at the same time an arena of competition between various forces, due to its geostrategic significance, potentially powerful oil and gas and other raw materials, and the prospects for building a powerful transport infrastructure. All forms and types of foreign policy interaction in Central Asia are developing with the direct and sovereign participation of the newly independent states of this region. It is in the hands of their leadership that the levers of final decision-making are able to determine the strategic prospects for regional development, and, consequently, to influence the overall course of history in such an interdependent world today. There are several periods in the history of Central Asia that have had a strong impact on the development of the region and its peoples. And, of course, each of these periods brought both positive and negative elements to the historical processes of this vast part of the land.

Key words: Central Asia, region building, regional integrations, sovereignty, statehood.

*Салтанат Мамырова**
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Орталық Азиядағы жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің қалыптасу кезеңінің өзіндік ерекшеліктері болды. Алайда, орталық Азияның геосаяси аймақ ретінде халықаралық қатынастар жүйесінде маңызының артуы жаһандық процестермен қатар келіп, өңірді аймақтық қауіпсіздік бойынша аймақтық ұйымдардың қалыптасуына ықпал етті. «Орталық Азия» ғылыми концепциясының ғылыми әдебиеттерде пайда болғанына көп болмағанына қарамастан, қазіргі таңда аймақ елдерін зерттеуде «пост кеңестік Орталық Азия», «Орта Азия» немесе «Үлкен Азия» түсініктерінің орнын басуда. Алайда, Орталық Азия елдерін ортақ колониалды тарихи кезеңнен басқа не біріктіреді? Халықаралық қатынастар немесе кез келген әлеуметтік ғылымда қандай теория Орталық Азия аймағының ерекшелігін түсінуде көмектеседі? Мақалада Орталық Азия аймағының қалыптасуын негізгі үш негізгі ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Аймақтың өзге өңірлерден ерекшелігін ескере отырып, аймақтың интеграцияның даму траекториясына талдау жасалынады. Ретроспективті анализ «Орталық Азия» аймағының тәуелсіз аймақ ретінде қалыптасу ерекшеліктерін анықтау мақсатында қолданылады. Екіншіден, Орталық Азия мемлекеттерін ортақ біріктіруші құндылықтар мен бірегейліктерді әлеуметтік конструктивизм теориясы аясында талдау жасайды. Аймақтағы қауіпсіздік мәселесі күрделі геосаяси, экономикалық және әлеуметтік сипатқа ие. Қазіргі таңда қауіпсіздіктің қауіп-қатерлері көбейгені айқын. Бір жағынан қарағанда, Орталық Азия мемлекеттеріне тікелей қауіп жоқ, дегенмен әлемнің саяси сахнасындағы ойыншылардың күштер балансының өзгеріске ұшырауы Орталық Азия мемлекеттерінің жағдайына әсерін тигізбей қоймайды. Орталық Азия өзінің геостратегиялық орналасуы мен едәуір қорлық әлеуеті арқасында әлемдік державалар үшін қызығушылық тудырады. Бүгінгі таңда әлемдік державалардың қызығушылығы қауіпсіздік аясында Орталық Азия мемлекеттерінің әлемнің жетекші елдерімен көпжақты ынтымақтастығын жеделдетуге байланысты туындайды. Осы ынтымақтастықтың негізгі мақсаты кеңестік дәуірден кейінгі кеңестікте және оның Орталық Азия аймағында тиімді қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруы болып отыр. Осы

орайда «Орталық Азия» елдерінің халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі мен ықпалы күрделеніп, маңызы арта түсті. Бүгінде Орталық Азия елдері әлемдік және өңірлік державалардың, халықаралық қаржы-экономикалық құрылымдардың басты назарында. 1990-шы жылдары бұл өңір геостратегиялық маңыздылығына, әлеуетті қуатты мұнай-газ және басқа да шикізат ресурстарына байланысты өңір негізгі геосаяси мүдделер тоғысына айналды.

Түйін сөздер: Орталық Азия, аймақтану, аймақтық интеграция, суверинитет, мемлекеттік институт.

*Салтанат Мамырова**

Евразийская юридическая академия им. Д. А. Конаева

ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ КАК РЕГИОН МЕЖДУНАРОДНОЙ ПОЛИТИКИ

Аннотация

В начале третьего тысячелетия процесс регионального строительства в Центральной Азии становится как никогда сложным для оценки роли региона в системе международных отношений. В этой связи вопрос о региональных подсистемах международных отношений представляет значительный интерес на фоне дискуссии о глобализации. Одним из наиболее значимых примеров в этом отношении является Центральная Азия. Сегодня страны Центральной Азии находятся в центре внимания мировых и региональных держав, международных финансово-экономических структур. В 1990-е годы этот регион стал полем все более широкого сотрудничества и одновременно ареной соперничества различных сил, что обусловлено его геостратегическим значением, потенциально мощными нефтегазовыми и другими сырьевыми ресурсами, перспективами создания мощной транспортной инфраструктуры. Все формы и виды внешнеполитического взаимодействия в Центральной Азии развиваются при непосредственном и суверенном участии новых независимых государств этого региона. Именно в руках их руководства находятся рычаги принятия окончательных решений, способных определять стратегические перспективы регионального развития, а, следовательно, влиять на общий ход истории в таком взаимозависимом современном мире. В истории Центральной Азии есть несколько периодов, оказавших сильное влияние на развитие региона и его народов. И, конечно, каждый из этих периодов вносил как положительные, так и отрицательные элементы в исторические процессы этой огромной части страны.

Ключевые слова: Центральная Азия, регионализация, региональные интеграции, суверинитет, государственность.

Introduction.

The relationships between the five states (Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkmenistan) in different areas has been studied as united in one region so-called Central Asia. Quite often, the topic of integration and cooperation of the region has been discussed among analysts, scholars (Allison, Roy. 2008; Bohr, Annette. 2004. etc) and at some level among political leaders. between political leaders [1].

The emergence of a new Central Asian region after the independence of five newly independent republics has changed the geopolitical and geo-economic position of the entire Eurasia. Central Asia is not only returned to its transit potential, connecting a series of vast regions of Eurasia (Asia-Pacific, Middle and Near East, etc.), but also the led to form a new region in the centre of the vast Eurasian continent.

However, in the region since the 2017, discussion has received new impetus and developed in a new shape. Cooperation has become an important political agenda of the region's leaders, but solution has not been found yet. The common trend in all post-colonial nations is being reluctant to integration process. In that regard, Central Asian nations are not exception, the concept of sovereignty is very important factor due to the its Russian-Soviet dominated colonial past. According to the theory of regionalism, unions, associations, at some level require the transfer of certain amount of sovereignty (absolute independence) from national level into the institutional level.

From my point of view, this was one of the main reasons of partial failure of central Asian regionalism/integration/region building at the early period of independence. Central Asian regionalism has been the subject of debate around the region since the early 1990s [2]. Despite the absence of exclusively Central Asian regional institutions, the idea of a regional cooperation framework for Central Asia (CA) proved to be viable in the last 30 years. Surprisingly, there are numerous factors, which brings together the

five states CA nations as a single region. For instance, we can highlight historical arguments (common colonial past), common ethnical, religious identity and geopolitical arguments.

The historical argument is Central Asia has been a thriving region along the silk road since ancient times. The importance of CA comes from two main facts. First, Central Asia was home to several advanced states and civilizations that made important contributions to the world's scientific, political, cultural, and industrial processes. CA was a place where great nations' interests met. Secondly, due to its geographical location, Central Asia has always played the key role of a crossroads of trade, cultural and civilizational exchanges on a global scale. However, Central Asia lost its central place in global exchanges due to the emergence of sea and air transport in world trade, as well as due to the fall of the Central Asian region under the political and military influence of external powers [3].

From the point of Central Asian view region-building process, the creation of CA regional structures will allow to regain the region its importance in global trade and economic exchanges as an independent regional unit. In this article, I will try to find the decent answers to my research questions covering up by three sections.

First and foremost, I will define the concept of Central Asia as a region. During the soviet dominancy period CA hadn't considered as an independent region in world politics. Instead, in that time CA had been considered as a periphery of Moscow, consequently all the important decision had been made in Moscow on behalf of region [4]. After collapse of USSR, all newly independent 15 states begun to create their own identity in various ways. CA as a region started to create common identities, rules, norms artificially. In that regard, I suppose theory of social constructivism helps us to understand what factors brought together CA states as a single region during the early periods of independence.

Therefore, in this section I will apply theory of social constructivism to the Central Asian reality. Second, I will shift to region-building process after the 2017. The reason is since the 2017 regional integration process has been developed in new mode due to the unexpected change of leadership in Uzbekistan and later planned power transition in Kazakhstan. In this section, I aim to define the probability of new region building attempt under the new leadership in two main leading nations. Last, but not least, I will analyse the uniqueness of Central Asian region-building process in general. In this section will try to find proper response to questions, like what makes Central Asian regionalism unique? and etc.

Results and Discussion.

CA as a region and social constructivism, togetherness, common identity.

We have to draw lessons from the experience gained both in Central Asia and abroad in order to better organize the discussion about Central Asian region building process. While studying CA, we shouldn't not limit ourselves analysing the geopolitical or security dynamics of Central Asian regionalism, or simply describing the organizational and structural aspects of regional initiatives. Also, the debate about region-building in Central Asia should not be limited by studying solely external actors or the views of the regime. Rather, we should promote a theoretical approach to study Central Asia in the map of comparative regionalism by examining the normative foundations of regional policy or by paying attention to how Central Asia is or is not being created as a region under the influence of multiple actors, norms, and processes. Most importantly, we should not consider Central Asian regionalism either as a linear implementation of the "formula for economic integration" or as a finished product. We have to avoid subjective categories. Instead, we believe that Central Asian regionalism can be best understood through a constructive approach that views regionalism as a social construct.

Further development of the concept of Central Asia as a single region triggered the emergence of a number of theoretical concepts of international relations which aimed to analyse various aspects of the development of the region. For example, the theory of realism (as well as neo-realism) analysed region from the prism of "revival of the great game". In contrast, theory of liberalism sees region as an emerging region, which lacks process of modernization, democratization and building civil society. Advocates of the theory of social constructivism sees the region a forming region under the new post-soviet values and reviving pre-colonial identity with elements of realism and liberalism. Alexander Wendt calls his theory structural idealism, meaning a combination of two methodological approaches. He argues that structural factors are more important for understanding social reality than agency factors [5]. Since 2005, among the political leaderships of the Central Asian countries has begun to re-think about the military and political presence of external actors (Western countries) in the region, when the situation with their "humanitarian intervention" in Afghanistan has been worsened. So they turned their attention to non-Western values and concepts. They began to act in accordance with the well – known statement of a prominent representative of the theoretical

school of "constructivism" Alexander Wendt, which is "anarchy is what states make of it". As a result, non-western "central Asian common" values helped to fill ideological vacuum to establish interstate relations between themselves and with the outside world.

Further on I would like to common idea, identity which makes them together, still lack of idea about how to link the common holiday with region building process. For example, national holiday "Nauryz". This is a holiday which celebrates across the region, including Iran at early spring season on 21,22 of March, annually.

Central Asia under three new leaderships (Uzb, Kz, Kg)

In the last three decades the five Central Asian republics have been affected by several trends in the region.

Central Asian countries in the period from the 1990s to 2005 demonstrated great attempts at regional integration, which is clearly shown by the creation of such structures as the Central Asian Economic Community (CAEC) and the Central Asian Cooperation Organization (CAC) and etc.

Two presidents, Islam Karimov and Nursultan Nazarbayev, launched integration by signing the "Agreement on the common economic space" in Tashkent on January 10, 1994 [6]. The presidents of Kyrgyzstan, Tajikistan and Turkmenistan joined this process a bit later. The leaders of Uzbekistan and Kazakhstan also signed the "Alma-Ata Declaration" in 1997 with the intention of establishing a nuclear-weapon-free zone in Central Asia. In addition, some coordinating bodies were created and many other documents were signed, for example, within the framework of the CAEP, more than 160 multilateral cooperation documents were signed and more than 50 economic projects were adopted, but they ultimately did not lead to the creation of a single deeply integrated space [7]. Attempts by the Central Asian states were not successful as supposed develop at intraregional cooperation from 1994 to 2005.

However, since 2017 the idea of "new integration" within the framework of the planned union of Central Asian states has been gaining popularity in Central Asia. Kazakhstan and Uzbekistan claimed as main two cores around which hypothetical regional integration can develop. In his speech on September 17, 2017 at the 72nd session of the UN General Assembly, President of Uzbekistan Shavkat Mirziyoyev announced the creation of a new political atmosphere in the region and called for organizing regular consultative meetings of the heads of Central Asian states [8]

Trends in after 2017 Central Asia indicates that the region is experiencing not only the revival of the "failed integration process", but also deeper transformations of a global nature. In the context of radical global transformations of the early XXI century for central Asia the question is for being objecte or subjecte in the international system is obviously, crucial when choosing strategic perspectives and models for further development.

Uniqueness and main features of CA region-building

The states of the region differ from each other not only in economic and social development, but also with resources which they own. Thus, international relations in Central Asia have not yet acquired a stable character, nor has a solid foundation been created for such internal unity that would allow us to unconditionally consider the Central Asian region as a political and integration whole [9].

All the 1990s were spent in Central Asia under the sign of creating the foundations of newly independent states. This was a very difficult time, as the new political institutions and leaders had no experience in building independent systems of government. One of the critical tasks they had to solve was the early establishment of a national ideology, which would become a kind of paradigm, the defining features of state institutions and nation building process. That is one of the main reasons which delaying the process of region building process in the region. The collapse of the Soviet Union led to the collapse of communist ideology and left nothing alternative to the states. Central Asian nations were in a state of "ideological vacuum" which radical Islam, nationalism, and various sects have tried to fill it. All this ideological competition could turn into a threat of large-scale destabilization, which was clearly shown by the Osh events of 1990 and the civil war in Tajikistan (1992-1997) [10]. Ensuring the effective functioning of newly emerged state institutions required a "strong leadership", otherwise it would not function properly, and the country will be constantly in a fever. In Central Asia leaders could not create a new national identity within the state and, in parallel, a new regional identity on regional level.

The positive trends in relations between the Central Asian states observed after the change of power in Uzbekistan at the end of 2017 and later in Kazakhstan. Those process does not seem quite similar to the previous numerous "re- sets".

Probably, at this stage we can't talk about the beginning of regional integration in Central Asia, but the normalization of interstate relations, the settlement of fundamental contradictions, understanding and readiness for dialogue and cooperation between the countries of the region at this stage.

If a second attempt brings more luck than previous one, then the question of the economic prerequisites will be critical aspects for further development. If the construction of supra- regional identity (identity above the state) will be able to respond to tough questions like "What do we have in common in order to unite?", then the economic aspect should provide an answer to the question "why should we unite?".

References:

1. Allison Roy (2008), "Virtual Regionalism, Regional Structures and Regime Security in Central Asia", *Central Asian Survey*, vol. 27, n 2, pp. 185–202
2. Bohr Annette (2004), "Regionalism in Central Asia: New Geopolitics, Old Regional Order", in *International Affairs*, vol. 80, n° 3, Wiley Online Library, pp. 485–502.
3. Canfield Robert L., (1992), "Restructuring in Greater Central Asia: Changing Political Configurations", in *Asian Survey* 32 (10). University of California Press, pp. 875–887.
4. Ebert F. 2015, *Five States and / or one region? National-regional dualism in Central Asia.*-Almaty, The Foundation, -31 p.
5. Flikke G., Wilhelmsen J., 2008. "Central Asia: A Testing Ground for New Great Power Relations, Oslo, Norwegian Institute of International Affairs, 2008; B. Lo." *Axis of Convenience: Moscow, Beijing and the New Geopolitics.*
6. Kushkumbayev, Sanat. 2016. *Central Asian Lego: Who Is Configuring the Region?* Almaty: Friedrich Ebert Foundation.
7. Libman, Alexander. 2012. "Studies of Regional Integration in the CIS and in Central Asia: A Literature Survey." *EDB Center for Integration Studies Report*, no. 2.
8. Mirziyoyev Shavkat, President of the Republic of Uzbekistan at the UNGA-72, Address available at https://www.un.int/uzbekistan/statements_speeches/address-he-mr-shavkat-mirziyoyev-president-republic-uzbekistan-unga-72
9. Satpayev Dosym. *Kazakhstan and Uzbekistan: partners or competitors?* Forbes.kz, 27.03.2017. https://forbes.kz/process/expertise/kazakhstan_i_uzbekistan_partneryi_ili_konkurentyi/
10. Wendt Alexander, *Anarchy is what States Make of it: The Social Construction of Power Politics International Organization*, Vol. 46, No. 2. (Spring, 1992), pp. 391-425

FTAMP 11.01.11

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.06>

*Омирзакова Д.Д.**

*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
dinao-80@mail.ru*

САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖАҢАРУЫ

Аңдатпа

Саяси мәдениеттің өлшемі тарих өтінде қалыптасқан мәдени-рухани байланыстармен қабыстыра зерттелді. Осы жолда «демократия» түсінігінің мәні ашылып, оның жан-жақтылығы қарастырылды. Соның негізінде «демократияның» мәні бүгінгі заманауи құндылықтармен байланысы зерделеніп, оның қоғамдағы қызметі сараланды. Бұл жолда биліктің көріну формасы да мәдениетпен өлшенетіндігі тарих өтіндегі саяси жүйелермен салыстырмалы зерделенді. Әлем халқының дүниетанымындағы саяси мәдениеттің атқарған қызметі демократиялық өлшемдермен байытылды. Бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген елдің саяси мәдениеті демократиялық жолмен жаңғыруы үшін мемлекеттің ұлттық құндылықтар мен діни құндылықтарды өзіне жинап, былайғы әлемдік дамумен

өзін жымдастыра алғанда ғана дамитыны тілге тиек етілді. Саяси мәдениеттің демократиялық жаңаруын саралағанда шетелдік және отандық ғалымдардың пікірімен санаса отырып қарастыру көзделді.

Түйін сөздер: демократия, охлократия, саяси мәдениет, құндылық, билік, толлрантық.

*Omirezakova D.**

Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati

DEMOCRATIC REVIVAL OF POLITICAL CULTURE

Abstract

In this article, a political culture is studied in conjunction with the cultural and spiritual ties formed in the course of history. The author reveals the essence of the concept of "democracy" and considers its versatility. Based on this, the essence of "democracy" is studied in combination with modern values, and its role in society is analyzed. Therefore, the fact that the form of power is also measured by culture has been examined in comparison with the political systems of history. The role of political culture in the worldview of the peoples of the world has been enriched by democratic criteria. The author remarks that for the democratic revival of the political culture of the newly independent country, the state can develop only if it collects national and religious values and integrates them with the further development of the world. During the analysis of the democratic renewal of political culture, opinions of foreign and domestic scientists is taken into account.

Key word: Democracy, ochlocracy, political culture, value, power, tolerance.

*Омирзакова Д.Д.**

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати

ДЕМОКРАТИЧЕСКОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ ПОЛИТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация

Сформировавшиеся в ходе истории измерения политической культуры изучаются во взаимосвязи с культурными и духовными связями. Исходя из этого была раскрыта многогранность и сущность понятия «демократия», которую изучали в сочетании с современными ценностями и дифференцировалась ее роль в обществе. Таким образом, форма власти также измеряется культурой, которую изучали в сравнении с политическими системами истории. Роль политической культуры в мировоззрении народов мира обогатилась демократическими критериями. Было отмечено, что для демократического возрождения политической культуры новой независимой страны государство может развиваться только в том случае, если оно собирает национальные и религиозные ценности и интегрирует их с дальнейшим развитием мира. При анализе демократического обновления политической культуры планировалось учитывать взгляды зарубежных и отечественных ученых.

Ключевые слова: демократия, охлократия, политическая культура, ценность, власть, толлрантность.

Кіріспе.

Бүгінгі таңда еліміздің тәуелсіздігін баянды ету үшін кертартпалы кереғар түсініктерден арылып, жаңаша дамуды көздеп отыр. Бұл адамзаттың ендігі даму жолында қандай міндеттер мен талаптар тұрғанын анықтағалы отыр. Елдің тұрақтылығын сақтау үшін, ұлт аралық қатынастарда толлранттық ұстанымды жандандыру тұр. Осы жолда демократияның атқаратын қызметін анықтау маңызды. Саяси мәдениетке тоқталмастан бұрын, «демократия» деген ұғымның мәнін ашып алу керекпіз. Тарихта биліктің түрі өте көп болған. Бұқара халықтың билігін «охлократия» деп атаған. Біз «демократия» деген сөздің не мағына білдіретінін білмей кейде осы тіркесті көп қолданамыз. Шын мәнінде біздің мемлекет «демократиялық» мемлекетпе жоқ әлде охлократиялық мемлекетпе? Әрине, демократиялық мемлекет. Охлократиялық мемлекет деген сөзді ешкім қолданған емес, әрі естімегенде болар. Қара халықтың билігін «охлократия» деп атайды. Ал, ендеше демократиялық

мемлекет қандай мемлекет сонда. Ол мықтының билігі, байлардың билігі. Біздің тілімізге грек тілінен қаншама ғылыми терминдер келіп қосылды. Қазақ дүниетанымына парсы тілінен, араб тілінен қосылған ғылыми терминдер көп. Грек тілінің басқа тілдерден ерекшелігі сонда, «демократия» деген ұғымның бірнеше мағынасы бар. «Демократия» деген ұғым грек тілінен алынған. Ол «халық», «билік», «мықтының билігі» деген мағынаны білдіреді.

Зерттеудің методологиясы.

Мақалада зерттеудің теориялық негіздері мен практикалық жағы тарих өтіндегі мәдени-рухани, саяси байланыстардың мәнін ашуда салыстырмалы талдау жасалынды. Осы жолда шетелдік және отандық ғалымдардың пікірі есепке алынды

Ағымдағы жағдайды талдау.

«Демократия» деген сөз ең алғаш грек жерінде пайда болған. Ғалымдар ежелгі Афина жеріндегі билікпен байланыстырған. Қазіргі жербетіндегі елдердің билігінің барлығы демократиялық билікке негізделген. Дегенмен, биліктің бұл формасы әр түрлі деңгейде көрініс тауып отыр. Шындығына келгенде бұл байлардың билігі. Ендеше, бізді басқарып отырған да, сол байлар болып отыр. Биліктің көріну формасы да мәдениетпен өлшенген. Тарихта мәдени-саяси, рухани байланыстар ешуақытта толастамаған. Әлем халықтары алуан түрлі мәдени-саяси, рухани байланыстың негізінде өзін жетілдіріп отырған. Осы байланыстың негізінде ой өрбітетін болсақ, саяси мәдениеттің қоғамдағы орнын көрсету керекпіз. Саяси мәдениет өзіне ұлттық құндылықтар мен діни құндылықтарды өзіне жымдастыра білген ерекше құбылыс. Бұл халықтардың қандай қоғамда өмір сүріп отырғанымен өлшенген. Тарих өтінде қаншама халықтар бодан болып өмір сүрді. Былайша айтқанда, экономикасы мен саясаты тәуелді елдің жаңғыруы екі талай оны тарих дәлелдеді. Оған халифаттар мен империялар заманы дәлел. Бүгінгі тәуелсіз елдің рухани жаңғыруын біз өткен тарихпен сабақтастыра зерделегенде ұғынамыз.

Мәдениет біріншіден, адамсыз болмайды, екіншіден, адам әрекетінің саналы қызметі болғандықтан, адам дамуы мәдениетке байланысты. «Кребер мен Клакхонның атақты еңбегінде мәдениет сөзіне берілген жүзден астам анықтама бар. Оларды антропологтар, философтар, әдебиет сыншылары және т.б. негіздеген. Олар мәдениет сөзіне берілген антропологиялық анықтаманы алты топқа бөледі: дескриптивті(мазмұнға негізделген); тарихи(дәстүрге басымдық береді); нормативті (ережелер мен қағидаларды басты назарға алады); психологиялық(сұрақтарды шешуге бағытталған); құрылымдық (белгілермен жұмыс істейді) және генетикалық (мысалы, мәдениет адамзатқа тән өнім ретінде немесе жануарларға тән емес құбылыс ретінде). Менің осы анықтамаларды қарастырудан түйгенім – мәдениеттің құраушысы болып есептелуі мүмкін нәрселердің сан алуан болатындығы», - деген болатын[1,111б]. Әрине, батыс ғалымдарының мәдениетке қатысты айтқан ойлары бүгінде құнды болып отыр. Өз заманында, Леви-Брюльдің идеялары хронологиялық тұрғыдан Боас, Бенедикт Мидтің идеяларымен қатар дамыды. Олардың барлығы да бөтен мәдениеттерге романтикалық көзқараспен қараған. Леви-Брюль де романтицизм ықпалына түсіп, даулы, пікір- таластардың пайда болуына себеп болғаны да анық. Осыдан мәдениеттің адамзат өмірінде атқаратын қызмет мен ролінің жоғары екенін көріп отырмыз.

Ендеше, саяси мәдениет – тарихи құбылыс. Тарихтың даму өтінде саяси мәдениеттің құрамды бөліктері өзгеріп отырады. Біріншіден, саяси мәдениеттің көріну формасы ұлттық сипатта болады. Кезкелген саяси мәдениет өзіне тарихи-мәдени дәстүрді, қоғамдық-саяси практиканы, ойлаудың жеке формасын қалыптастырады. Кезкелген мемлекеттің өзінің ұстанатын саяси ұстанымы болады. Саясат әлемі -күрделі әрі алуан түрлігімен өте бай жүйе екені анық. Саяси қатынастардың алуандығы мен күрделілігі саяси мәдениетпен өлшенген. Кезкелген қоғамның саяси өмірінің барлық саласын саяси мәдениет қамтыған. Қоғамның ілгері дамуына саяси мәдениет өз нышанын танытқан. Бұқара халықтың саяси сауаттылығы мен құқықтық сауаттылығы жоғарғы болған кезде қоғамда даму темпі жоғары болған. Өкінішке орай, осы процесс біздің қоғамда жетісіңкіремейтіні анық. Осы саяси сауаттылықты көтеру үшін, халықтың білімі мен біліктілігі, саяси мекемелердің үгіт насихат жүргізу формасы жоғарғы деңгейде болу керек. Ол үшін не істеу керекпіз? Сізбен бізге белгілі қоғамдық сананың түрлеріне: саясат, құқық, өнер, мораль-тәлім, философия жатады. Бұдан ғылым мен мәдениеттің тигізетін әсері зор екенін көрсетеді. Таптардың, мемлекеттің, ұлттардың түбегейлі мақсатын уағыздап қолдайтын қоғамдық ойлар формасын саяси сана деп тұжырымдаймыз. Ғалым Е.С.Қуандық: «Мысалы, Кеңестік дәуірде халық арасында коллективизм, интернационализм, патриотизм, сияқты советтік идеология мен психология қалыптасты. Қоғамдық психология қоғамдық сананың төменгі сатысы да, идеология жоғарғы сатысы. Идеология ешқашан өзінен-өзі, қоғамдық

психология секілді стихиялы түрде пайда болмайды. Оған көптеген факторлар әсер етеді. Нақты бір елдегі қоғамдық сананың қалыптасып дамуына басқа елдерде не басқа қоғамдарда пайда болған қоғамдық саналар да әсер етеді. Мысалы, капитализм жағдайындағы Ресейге Батыстың әсері немесе біздің қоғамымызға дүниежүзілік әсер»[2,1396],- деген ой білдіреді. Ғалымның бұл пікірімен толықтай келісуге болады. Бұдан мынадай қортындыларды алдыға шығара аламыз. Біріншіден, жабық қоғамның өзіне тән ерекшелігін назарда ұстағанымыз дұрыс. Екіншіден, дамудың көріну формасы әр дәуірде әр түрлі құндылықтарды алдыңғы орынға шығарып зерделеуі бұл заманауи талап болып отыр. «Қоғамдағы басқа да құбылыстармен байланысты болғандықтан саяси мәдениет тарихи дамудың өн бойында Платон, Аристотель, Макиавелли, Монтескье, Токвиль, Гегель және басқа да көрнекті саяси ойшылдардың үнемі назарында болған. Ал саяси мәдениет туралы мәселе ХХ-шы ғасырдың 50- жылдарынан бастап жеке ұғым болып айтыла бастады. Өйткені саяси мәдениет адамдардың іс-қимылдарына, мінез-құлқына және әртүрлі ұйымдардың іс қимылдарына, олардың ішкі және халықаралық саясатының құбылыстарына, қоғамдық үстемдік ететін саяси режимдер-тәртіптер мен жүйелерді бағалауға ықпал етеді және ең ақырында, саяси процестердің динамикасы мен бағытын, әрдайым түсіндіріп отырады. Кейінірек саяси мәдениеттің негіздемесін оның түсініктері жайлы зерттеу жұмыстарын американдық зерттеушілері Г.Алмонд, С.Верба «Азаматтық мәдениет» деп аталатын еңбектерінде жазып кейіннен оған әжептәуір өзгерістер енгізген»[2,141]. Бізге белгілі, саяси мәдениет тұжырымдамасын белгілеп, оны дамытуға Э.Дюргейм, Т.Веблен, Т.Парсонс, Л.Пай, Р.Такер, С.Липсет, Е.Шейх секілді ғалымдар ғылымға өз үлесін қосқан болатын. Жалпы алған да, «саяси мәдениет» деген ұғымды алғаш енгізіп, қолданған ХVIII ғасырда өмір сүрген немістің философ ғалымы Иоганн Гердер болып саналады. Саяси мәдениеттің тарихтағы орнына көзжүгіртетін болсақ, оның алуан түрлі көзқарастарды қалыптастырған анықтамалардың бары анық. Саясаттанушы Е.Вятрдың анықтамасына жүгінсек: «саяси мәдениет-өкімет пен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынастарға байланысты мақсаттар, құндылықтар мен жүріс-тұрыс беталысы актілерінің жиынтығы. Сондықтан саяси мәдениетке мыналарды жатқызады: а) саясат жайлы білімі, фактілермен таныстығы, оларға қызығушылығының болуы; б) билікті іске асыруға қатысты саяси құбылыстарды, құндылықтардың талдануын бағалай білу; в) саяси мақсаттың сезімге әсер ететін жағы- мысалы отанды сүю, оның жауларына өшпенділік; г) әртүрлі жағдайда қандай әрекет жасауды анықтайтын сол қоғамда әбден танылған саяси мінез-құлықтың үлгілері»,-деген болатын[3]. Осыдан біз ұрпақтар өмірінде қалыптасқан дәстүрлерді, саяси құндылықтардың тетігін меңгеру мен саяси тәжірбиенің нормалары мен идеяларын, тұжырымдар мен нанымдарды біріктіретінін аңғарамыз. «Мәдениет ұғымы бір жақты емес, бір сатылы да емес болып табылады. Мәдениет түсінігі аясына жеке адамға, қоғамға, халыққа, ұлтқа, мемлекетке және Әлемге қатысты мәдени позициялар жүйесі енеді. Және айтып кететін бір нәрсе, мәдениетті анықтаудағы үш көзқарасты қолдана отырып, зерттеуші соған тән барлық үрдістерді толық қарастыра алады: тарихи(уақыттылық)- қандай да бір мәдени құбылыстардың уақыты және орны; формальды-функционалды(уақыттан тыс)-мәдениеттің қызметі мен құбылыстарын талдау, олардың уақыттан тыс, қайталанатын және кері түріндегі үдерістерін, интеграция мен дезинтеграцияны түсіну; формальды-уақыттылық үдеріс, әдетте, мәдениеттің өсуі немесе дамуы деп атайды – бұл мәдени жүйенің әр уақытта өзгеруі, бір форма алдыңғы формадан шығуы және келесі бір формаға айналуы. Бұл үдерістің шеңберінде өзгерістер жеке құбылыстармен емес, мәдени құбылыстардың сыныптарымен болады. Мәдениет ұғымына адамзаттық қоғамның өндірістік, қоғамдық және рухани өмірдегі жетістіктер, ережелер мен тәртіптер жиынтығы, тәрбие мен білімділіктің белгілері т.с.с түсініктер кіреді. [4,42]. Әрине, қалалық, аймақтық, аумақтық, этникалық топтар, халықтар, діни ұстанымдар – бұлардың барлығы мәдени әртүрліліктің деңгейлерін көрсететін өзіндік ерекшелігі бар мәдениетке ие. ХХ ғ гуманисті Альберт Швейцер былай дейді: «Мәдениет дегеніміз адам баласының және бүкіл адамзаттың прогресінің жиынтығы, ал бұл процесс индивидтің рухани жетілуге ықпал тигізуі тиіс. Өйтпеген жағдайда, бұл прогресс мәдениетке апармайды» [5, 103]. Адамзат баласы үшін прогресс дегеніміз техникалық пен технологиялық өремен шектелмей, рухани дүниені қатар жетілдіруде назардан тыс қалдырмауды бүгінде қажет етіп отыр. Рухани байлық адамзаттың тірегі. Осы тірекке әлем алыптарының барлығы тапжылмай қызмет етті. Материалдық байлық пен рухани байлық қатар өркендеп жатқан қоғамда халық дүниетанымы заманауи технологияны меңгеруге және ілесе алуға қауқарсыздық танытпас деген ойдамыз.

Әлем халықтарының төл әдет- ғұрыптық заңнамалары қашанда болған және жергілікті халықтың әдет- ғұрпымен үйлестіре жасалған болатын. Дәстүрлі құқықтағы әдет-ғұрып әлемдегі әр халықтың

өзіне тән мемлекет билігіне, қоғамдық құрылысқа, әлеуметтік тұрмысқа қалтықсыз қызмет етіп келген. Баршамызға мәлім бүгінде әлемдік құқық тарихында міндетті түрде оқытылатын ежелгі Рим құқының негізі саналған Вавилонның «Хамураби», Үндінің «Ману» заңдарын алуға болады. Соның ішінде Рим құқының кейбір заң ережелері бүгінгі таңда азаматтық істерді қарауда, оның ішінде жеке кәсіпкерліктегі құқықтық қатынастарды реттеуде жиі қолданылады.

Белгілі отандық ғалымдардың пікіріне сүйенсек, әлем мемлекеттерінің ұстанған құқықтық құрылым жүйесінің бастауында әр халықтың қауымдық құрылыс кезінен қалыптасқан дәстүрлі құқығы тұрды. Рас, ежелгі ата-бабаларымыздың бұдан мыңдаған жылдар бұрын қалыптастырған дәстүрлі құқыққа тән заң ережелері замана дамуында түрлі қоғамдық формацияларға қызмет еткені, тарихи жылнамаларда жақсы сақталған.

Қорытынды. Ендігі кезекте өзіміздің ұлттық мінез-құлқымызға негізделген және Қазақстандағы өзге де ұлттардың дәстүр-салтына, мүддесіне қайшы келмейтін, қайта онымен қабыса алатын заңнама аясында ауылдық округтен сот ұйымын құру бұрынғы билер салған сара жолды қайта жаңғырту қажет. Көшпелі дала философиясы сот қызметін бір ғана мақсатқа бағындырылған—ол әділдікті қорғау. Бұқара халықтың алдында мұндай ауыр жүкті арқалау халық санасында «қара қылды қақ жару» қабілетімен теңеледі. Қазақтың билер соты қоғам талабы мен тереңде түпкілікті ізденіс әрекеттерінің нәтижесі. Ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтық өлшемді жаңа өлшемдермен қайта толықтырып, жандандыру бүгінгі заманның алдына қойған басты міндеті деп айтсақ, қателеспейміз. Ғылымның барлық саласы заманауи құндылықтармен өзін жымдастыра алғанда ғана дамыйтыны анық болып отыр. Бұл жолда ҚР өзінің даму жолында бірнеше векторлы саясатын ұстанып отыр. Билік- қашанда өткір болған. Ол эмоцияны қажет етпейді. Билік нақтылықты, іскерлікті, табандылықты қажет еткен. Билікке дат айтқан, сын айтқан тұлғалар қашанда болған. Билік бұхара халықтың ойынан шығып отыруды көздеген. Ол ылғида жүзеге аса бермеген. Бүгінгі билікке де сын айтушылар өте көп. М.Әуезовтың сөзімен айтқанда : «шын-ол сын, сын-ол шын» деген пікірі маңызды. Билік қашанда қоғамда өзін тұлға ретінде қалыптастыра алған азаматтармен санасып отырған. Бұхара халықтың атынан кесіп сөйлейтін көсемдер, шертіп сөйлейтін шешендер қай қоғамда болмасын болған. Кезкелген мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаты болған. Мықты мемлекет ішкі экономикасы мықты қалыптасып, сыртқа өнім шығара алатындығымен өлшенген. Қазіргі таңда Ресей, Иран, АҚШ секілді мемлекеттермен әлем есептескелі отыр. Әр мемлекеттің өзінің сыртқы саясатта ұстанатын ұстанымы бар. Сол жолда мемлекет ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы, сыртқы саясатта айбатын асыра алған.

Бүгінгі таңда қай мемлекеттің экономикасы мықты, сол елмен санасқалы тұр. Бүгінгі дамып жатқан қоғамның адамға қояр талабы зор. Ол өткенмен салыстыруға келмейді. Бүгінде тәуелсіз ел атанып отырған мемлекеттің бірі болған соң, экономикасы мен саясаты тәуелсіз елдің алдында тұрған мәселе өте көп. Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін, әрбір азамат өзін бүгінгі қоғамда жан-жақты жетілдіріп, өзін қоғамда іскерлігімен қабілеттілігінің арқасында шыңдап, байытатыны анық. Ендеше, сол мүмкіндікті барынша пайдаланып, қоғамға жалпы әлемге, адамзатқа қажетті құндылықтарды жоғарғы деңгейге көтеріп, оны үгіттеу бүгінгі заманның алдына қойған мақсаты болып отыр. Мұндай мақсат-мүделер ел бүтіндігі мен тұтастығын айқындайтын жолда атқаратын қызметі зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Барнард А. Антропология тарихы мен теориясы.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл - 240 б.*
2. *Қуандық Е.С. Саясаттану негіздері. Оқу құралы.- Алматы, 2013.-240 б*
3. *Вятр Е. Саяси қатынастардың социологиясы М., 1979*
4. *Философия культуры. Становление и развитие / под ред. М.С.Кагана. СПб.: Лань, 1998. - 387 с.*
5. *Швейцер А. Культура и этика. М.: Прогресс, 1973. 398 с.*

References:

1. *Barnard A. Antropologiya tarihy men teoriyasy- Almaty: Ultyq audarma byurosy, 2018 zh. - 240 b.*
2. *Quandyq E.S. Sayasattanu negizderi. Oқи құралы.- Almaty, 2013.-240 b*
3. *Vyatr E. Sayasi qatynastardyn sociologiyasy M., 1979*
4. *Filosofiya kul'tury. Stanovlenie i razvitie / pod red. M.S.Kagana. SPb.: Lan', 1998. - 387 c.*
5. *Shvejcer A. Kul'tura i etika. M.: Progress, 1973. 398 c*

*Ш.К. Ергобек**

*Кандидат юридических наук, ассоциированный профессор факультета философии и политологии
Казахского национального университета имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан*

СОВРЕМЕННАЯ РОССИЯ: ЗАКОНОМЕРНОСТИ ТРАНЗИТА ВЛАСТИ

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы закономерностей развития политических процессов и транзита в современной России. Будучи евразийской страной Россия не пошла по пути Европейского транзита избрав свой собственный путь, который основан на собственном понимании государства и прав. Трансформация имела свою логику и последовательность. Если на первом этапе транзита преобладали принципы либерализма то на втором этапе свойственны централизация и унитаризация власти, определение государственных приоритетов в качестве базовых ценностей общества. Особый путь развития предполагает расширенное трактование суверенитета государства. Идея суверенной демократии, экономики с широким привлечением государственного сектора, попытка пересмотра и ревизии результатов холодной войны вот те базисы на которых основывается транзит в России. При этом конечно он связан также и с изменениями ценностей

Ключевые слова: транзит, евразийство, ценности, трансформация, государство, собственность

*Ш.К. Ергобек**

*Заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Философия және саясаттану факультетінің қауымдастырылған профессоры,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗІРГІ РЕСЕЙ: ТРАНЗИТ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі Ресейдегі саяси процестер мен транзиттің даму заңдылықтарының мәселелері қарастырылған. Еуразиялық ел бола отырып, Ресей мемлекет пен құқықты өзіндік түсінуіне негізделген өз жолын таңдап, Еуропалық транзит жолымен жүрмеді. Трансформацияның өзіндік логикасы мен дәйектілігі болды. Егер транзиттің бірінші кезеңінде либерализм қағидаттары басым болса, екінші кезеңде билікті орталықтандыру және унитаризациялау, мемлекеттік басымдықтарды қоғамның базалық құндылықтары ретінде айқындау тән. Дамудың ерекше жолы мемлекеттің егемендігін кеңейтілген түсіндіруді көздейді. Егеменді демократия идеясы, экономикаға мемлекеттік секторды кеңінен тарта отырып, қырғи-қабақ соғыстың нәтижелерін қайта қарау және саралау әрекеті - бұл Ресейдегі транзиттің негізгі ерекшеліктері. Сонымен қатар, әрине, бұл құндылықтардың өзгеруімен де байланысты.

Түйін сөздер: транзит, еуразияшылдық, құндылықтар, трансформация, мемлекет, меншік

*Sh.K. Yergobek**

*Candidate of legal Sciences, associate Professor, Faculty of philosophy and political science,
al-Farabi Kazakh national University,
Almaty, Kazakhstan*

MODERN RUSSIA: TRANSIT PATTERNS

Abstract

The article deals with the regularities of development of political processes and transit in modern Russia. As a Eurasian country, Russia did not follow the path of European transit, choosing its own path, which is based on its own understanding of the state and rights. The transformation had its own logic and sequence. If the first stage of transit was dominated by the principles of liberalism, the second stage is characterized by the centralization and unitarization of power, the definition of state priorities as the basic values of society. A special way of development implies an expanded interpretation of the state's sovereignty. The idea of a sovereign democracy, an economy with broad involvement of the public sector, and an attempt to review and revise the results of the cold war are the bases on which transit in Russia is based. However of course it is also associated with changes in values

Key words: transit, Eurasianism, values, transformation, state, property

Введение. Государство как общественная институциональная структура постоянно обновляется. Это непрерывный и пожалуй наиболее устойчивый процесс. Основатели органической теории государства и права исходили что этот социальный институт адоптивен как никакой другой [1]. В части приспособления к новым обстоятельствам государство уникальный субъект [2].

Идеологическое противостояние между востоком и западом скорее носит символический характер, так как под востоком зачастую подразумевалась Россия которой характерны как черты западного государства так и восточного государства. Занимая большое пространство в самом сердце Евразии Россия была олицетворением третьего пути развития. Этот невротный симбиоз противоречий который подрывал внутреннее единство страны подвергало глобальное сообщество в состоянии недопонимания. Глобальные амбиции России диктовались этой особенностью страны состоящий из особых отношений между государством и религией, государством и обществом, государством и человеком. Позиционирование себя в качестве независимого центра силы обладающего собственными политическими и идеологическими ценностями не мог не привести к глобальной конкуренции. Отсюда радикализм и не способность воспринять неестественное для данного региона системы ценностей [3].

Это во многом объясняет сложность транзита власти, транзита ценностей в регионе и трансформации институтов власти. Ведь казалось, что после победы капитализма и либеральных ценностей страна должна была повернуться лицом к человеку. Однако этого не произошло и не могло произойти. Вопрос был в содержании ценностной ориентации общества [4].

При сложившейся системе ценностей в лучшем случае Россия могла претендовать на демократуру и диктоблант как политический режим который подразумевает элементы демократии и недемократических ценностей. И если при Президенте Ельцине либерализация подразумевалась а основной сутью политики стало обеспечение прав и свобод человека то при Путине власть обрела свою естественную форму которая в большей степени отвечает натуре русской государственности [5].

Результаты и дискуссия. Резкие изменения в общественных отношениях включая отношения в области собственности, радикальные экономические реформы, трансформация роли государства сопряженные с большими социальными катоклизмами не могли не изменить восприятие общества, изменить структуру общественно-политических ценностей. Свобода как фактор самореализации начала уступать место материальным ценностям. Рост социального недовольства населения не мог не влиять на самочувствие государственной власти. Наличие конфликтов в приграничных зонах и гражданского противостояния в результате реформ местного самоуправления требовал более жесткого регулирования. Сложившаяся ситуация в Чечне и не популярная внутренняя внутренняя политика способствовали ослаблению либеральных ценностей. При этом отдельно следует определить и понять что в России отсутствовало классическое понимание партийного строительства. Зачастую оформление партии под названием либеральной далеко не означало что данная партия проповедовало либеральные ценности. Левые силы в политическом поле хотя и продолжали обладать очень серьезным влиянием, но было очевидно что возврата к прежним временам не будет. С изменением структуры общества изменился и идеологический компонент левых сил, от классической коммунистической идеологии к его капиталистической наполняемости [6].

Не устойчивости либеральных ценностей в России условно способствовали ряд факторов которые можно группировать следующим образом:

1. Экономический фактор: жесткие последствия для населения шоковой терапии, приватизация и соответственно обогащение ограниченного количества людей на фоне обнищания большинства населения, обострение социальных противоречий в обществе;

2. Социально-идеологический фактор: не понимание основных принципов рыночной экономики и демократии, слабая адаптивность основной части населения веяниям времени, желание твердой руки и порядка;

3. Политический фактор: резкое ограничение функции государства и полномочий; полная неопределенность статуса автономных преобразований; отсутствие консолидирующих начал в демократизации общества и государства; отсутствие кредита доверия со стороны населения, повальная коррупция [7].

И все это происходило в контексте практический непрерывного экономического кризиса который был предопределен моделью развития. Увеличение государственного долга достигло не мыслимых размеров. Однако для функционирования государство должно было занимать еще больше.

Для рядового потребителя назрела необходимость реформ которые не просто усилили бы страну, но и навели бы порядок который свойственен русской государственности. Отсутствие на протяжении длительного времени фактически органов местного самоуправления, отсутствие альтернативных выборов вплоть до эпохи независимости не могли не наложить отпечаток на развитие общей политической культуры. Ответственность за свой выбор и за свое будущее не всегда было свойственно российской элите. Радикализация общества за счет либерализации политической системы довольно часто приводил к внутренним конфликтам. Противостояние законодательной и исполнительной ветвей власти не мог не приводить к политическим кризисам которые часто заканчивались отставкой Правительства [8].

В этих условиях укрепление центральной власти казалось экзистенциальным вопросом для государства. Одним из базовых отличий евразийских ценностей от европейских является безусловное преобладание общества над индивидом, государственного над частным. Этим определялась русская государственность в период империи, этим она отличалась в период Советского Союза, этим отличается сейчас. Человек себя позиционирует как элемент который призван обеспечить вечность и устойчивость государства. Государство для человека превращается в самоцель подменяя трактовку государства не как субъекта обслуживающего интересы населения и как структуру руководящую обществом. Отсюда глубокое почтение к начальству и бюрократии. Отсюда абстрагированное понятие о суверенитете [9].

С этой точки зрения приход к власти фигуры Владимира Владимировича закономерен [10]. Человека полностью разделяющего мнение о государственном суверенитете и независимости страны. Вместе с ним пришел период стабильности государства, укрепилась вертикаль власти, в определенном контексте произошла унитаризация воли государства. Четкое разграничение полномочий между федеральным центром и регионами принесло новое понимание значения государства в социальных отношениях. Сильное государство возможно только при слабом обществе. А слабое общество возможно только там где не гарантировано право собственности. Отношение к новым обеспеченным социальным слоям как жуликам становится краеугольным основанием для внутренней политики [11].

Вот здесь происходит слом и приход Путина ознаменовал как раз ограничение частного во имя государственного [12]. Путин стал олицетворением отказа от всего западного и возрождения самобытного. Обкал от либерализма в пользу коллективизма, клеймение индивидуализма, понимание своей глубокой ответственности за стабильность государства стали идеологической базой. Период правления Владимир Владимировича можно разделить условно на три этапа:

Первый этап – рыночный. Владимир Путин казался продолжателем дела Борис Николаевича. Его приемником в сократальном смысле этого слова. Продолжателем идеи либерализма и поступательного демократического развития. На данном этапе Парламент как законодательный орган продолжал занимать несколько оппозиционную роль, обеспечивая баланс сил [13].

Второй этап – становления Владимир Владимировича когда он начал искать путь дальнейшего развития. Признаков кризиса власти было много. Это и не скончаемая гражданская война с Чечней, и Курск и ряд других факторов. Во внешней политике Россия оставалась многовекторной и дружественной страной без каких либо четких ориентиров [14].

Третий этап – становление государственника Путина определяется резким усилением роли государства в экономике и усилением бюрократии. Данное направление является вполне

естественным с точки зрения защиты интересов населения с призмой современной Российской элиты. Сильная государственная власть не могла не опираться на сильный государственный сектор в экономике. Вместе с тем в политике наметились тенденции по усилению провластных политических сил с параллельным укреплением вертикали власти и ограничением свободы регионов [15].

Четвертый этап – период обнуления, современный этап российской государственности. Данному периоду свойственно пересмотр конституционного строя населения и укрепление позиции как внутри так и на мировой арене. Дальнейшая военная риторика с соседями и на глобальном уровне. Попытка возрождения великой державы со всеми вытекающими обстоятельствами с учетом увеличения военных расходов, гуманитарных миссий [16].

Активная внешнеполитическая позиция [17] исходит из ревизии результатов холодной войны и попытки опровергнуть ее результаты вместе с риторикой по поводу места русского народа в глобальной истории [18].

Закключение. Укрепление государственного влияния в экономике происходит параллельно с резким снижением деловой активности частного бизнеса. При резком увеличении налогового бремени и повальной коррупции которая имеет место в России на переходном этапе говорить о росте популярности президента в крупных городах не приходится. При этом усиливается роль Президента как регулятора ответственного за все начиная от вопросов с пенсиями заканчивая нано-технологиями. Отсутствие и неоформленность властных полномочий во внутренней системе взаимоотношений элиты может стать серьезным источником напряженности который заметно растет на Крайнем Севере и Дальнем Востоке [19].

Таким образом транзит власти в России на данном этапе можно сказать преостановлен и может быть реализован только в рамках сценария передачи власти который в той или иной степени реализуется в странах региона.

References:

1. Manwaring, W. H. "Organic Theory of the State." *The Scientific Monthly* 47, no. 1 (1938): 48-50. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/16808>.
2. Neu, Jerome. "Plato's Analogy of State and Individual: "The Republic" and the Organic Theory of the State." *Philosophy* 46, no. 177 (1971): 238-54. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/3749923>.
3. Mazurek, Sławomir, and Guy R. Torr. "Russian Eurasianism: Historiosophy and Ideology." *Studies in East European Thought* 54, no. 1/2 (2002): 105-23. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/20099785>.
4. Bassin, Mark. "NEO-EURASIANISM AND THE RUSSIAN QUESTION." In *The Gumilev Mystique: Biopolitics, Eurasianism, and the Construction of Community in Modern Russia*, 209-43. Cornell University Press, 2016. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/10.7591/j.ctt18kr63n.14>.
5. Ray Silvius. "The Russian State, Eurasianism, and Civilisations in the Contemporary Global Political Economy." *Journal of Global Faultlines* 2, no. 1 (2014): 44-69. Accessed November 22, 2020. doi:10.13169/jglobfaul.2.1.0044.
6. Hill, Fiona, and Clifford G. Gaddy. "PUTIN'S WORLD." In *Mr. Putin: Operative in the Kremlin*, 260-84. Brookings Institution Press, 2013. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/10.7864/j.ctt7zsvpb.14>.
7. McLaughlin, Greg. "Talking to Vladimir: 'Bigger, Tougher, Stronger, Meaner'." In *Russia and the Media: The Makings of a New Cold War*, 139-73. London: Pluto Press, 2020. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/j.ctvzsmtd1.11.
8. McLaughlin, Greg. "Putin at War: From Chechnya to Syria." In *Russia and the Media: The Makings of a New Cold War*, 96-138. London: Pluto Press, 2020. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/j.ctvzsmtd1.10.
9. Lewis, Charlie. "Contemporary Russian Messianism under Putin and Russian Foreign Policy in Ukraine and Syria." *The Slavonic and East European Review* 98, no. 3 (2020): 531-59. Accessed November 22, 2020. doi:10.5699/slaveasteurorev.98.3.0531.
10. "PUTIN: So Sexy It Hurts." In *Strongmen: Putin, Erdogan, Duterte, Trump, Modi*, edited by Prashad Vijay, by Vapnyar Lara, Ensler Eve, Husain Danish, Sönmez Burhan, and Rosca Ninotchka, 67-78.

New York; London: OR Books, 2018. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/j.ctv62hfk9.7>.

11. Hill, Fiona, and Clifford G. Gaddy. "WHO IS MR. PUTIN?" In *Mr. Putin: Operative in the Kremlin*, 1-15. Brookings Institution Press, 2013. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/10.7864/j.ctt4cg8c5.4>.

12. Greene, Samuel A., and Graeme B. Robertson. "RUSSIA'S PUTIN." In *Putin v. the People: The Perilous Politics of a Divided Russia, 196-233*. NEW HAVEN; LONDON: Yale University Press, 2019. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/j.ctvfc5417.10>.

13. Pavlovsky, Gleb. "Russian Politics Under Putin: The System Will Outlast the Master." *Foreign Affairs* 95, no. 3 (2016): 10-17. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/43946852>.

14. ÅSLUND, ANDERS. "Putin's Consolidation of Power." In *Russia's Crony Capitalism: The Path from Market Economy to Kleptocracy*, 38-67. NEW HAVEN; LONDON: Yale University Press, 2019. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/j.ctvgc61tr.6>.

15. Krastev, Ivan, and Gleb Pavlovsky. Report. European Council on Foreign Relations, 2018. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/resrep21643.

16. TEFFT, JOHN. Report. RAND Corporation, 2020. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/resrep26520.

17. Lo, Bobo. Report. Lowy Institute for International Policy, 2018. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/resrep19785.

18. Magen, Zvi, and Itamar Rabinovich. Report. Institute for National Security Studies, 2017. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/resrep17068>.

19. KUMAR, RAMA SAMPATH. "Kremlin Comeback: The Putin Overdrive." *Economic and Political Weekly* 47, no. 2 (2012): 27-31. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/23065602>.

ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ TOPICAL ISSUES OF SOCIOLOGY

FTAMP 04.41.21

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.08>

Е.К. Алияров^{1}, А.А. Бабатаева¹*

*¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕШІМДЕРГЕ ЫҚПАЛЫ (ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік топтың наразылығынан туған конфликтіге талдау жасалынды. Зерттеуіміздің мақсаты мемлекетпен қабылданған шешімдердің қаншалықты тиімді болғанын зерделеу. 2019 жылы көпбалалы аналардың мемлекетке қойған арыз-талаптары биліктің қабылдайтын шешімдеріне ықпал еткенін көре аламыз. Бұл наразылық заңнамалық өзгерістерге, халықтың әл-ауқатын көтеру саясатын жүргізуде көпбалалы отбасылардың жағдайына баса назар аудару қажеттігіне себеп болды. Зерттеу жұмысында конфликтінің даму динамикасы жасалынды. Және мемлекет тарапынан 2019-2020 жылдар аралығында осы мәселені шешуде атқарылған шаралар кешені көрсетіледі.

Автор осы қақтығыстық жағдайды оң нәтиже берген конфликтінің моделі ретінде қарастырады. Біріншіден, жағдайды реттеуде конструктивті жолмен шешу орын алды. Екіншіден, мәселе мемлекеттік шешімдерді қабылдауда бұдан былай жүйелі түрде назарға алынып отырылды. Бұл халық пен биліктің арасында сенімге негізделген қарым-қатынастардың құрылуына әсер етті. Осы мәселеге қатысты наразы топтың көңіл-күйі тұрақтанды. Осыдан, конфликтіні реттеуде мемлекетпен қабылданған шаралар кешені тиімді болды деп тұжырымдай аламыз.

Түйін сөздер: көпбалалы отбасы, мемлекеттік жәрдемақы, мемлекеттік шешімдер, конфликтінің даму динамикасы.

E. Alyarov^{1}, A. Babatayeva¹*

*¹Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

IMPACT OF SOCIAL CONFLICTS ON STATE DECISIONS (BASED ON THE PROBLEM OF LARGE FAMILIES IN KAZAKHSTAN)

Abstract

The article analyzes the conflict caused by the protests of the social group. The purpose of our study is to study the effectiveness of decisions made by the state. In 2019, we see that the requirements of mothers with many children to the state influenced the decisions of the authorities. This protest led to a change in legislation, the need to pay more attention to the position of large families in the policy of increasing the welfare of the population. The study presents the dynamics of the development of the conflict. And a set of measures taken by the state to address this issue in 2019-2020.

The author considers this conflict situation as a model of a positive conflict. First, there was a constructive solution to the situation. Secondly, this issue was systematically taken into account when making government decisions. This led to a trusting relationship between the people and the authorities. The mood of the protest group about this has stabilized. From this we can conclude that the set of measures taken by the state to resolve the conflict turned out to be effective.

Key words: large family, state benefits, government decisions, conflict dynamics.

Алияров Е.К.^{1*}, Бабатаева А.А.¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ КОНФЛИКТОВ НА РЕШЕНИЯ ГОСУДАРСТВА (НА ОСНОВЕ ПРОБЛЕМЫ МНОГОДЕТНЫХ СЕМЕЙ В КАЗАХСТАНЕ)

Аннотация

В статье анализируется конфликт, вызванный протестами социальной группы. Цель нашего исследования - изучить эффективность решений, принимаемых государством. В 2019 году мы видим, что требования многодетных мам к государству повлияли на решения властей. Этот протест привел к изменению законодательства, необходимости уделять больше внимания положению многодетных семей в политике повышения благосостояния населения. В исследовании представлена динамика развития конфликта. И комплекс мер, принимаемых государством для решения этого вопроса в 2019-2020 годах.

Автор рассматривает данную конфликтную ситуацию как модель позитивного конфликта. Во-первых, было конструктивное решение ситуации. Во-вторых, этот вопрос систематически учитывался при принятии государственных решений. Это привело к доверительным отношениям между народом и властью. Настроение протестной группы по этому поводу стабилизировалось. Из этого можно сделать вывод, что комплекс мер, предпринятых государством для разрешения конфликта, оказался эффективным.

Ключевые слова: многодетная семья, государственные пособия, государственные решения, динамика конфликта.

Кіріспе.

Әлеуметтік кикілжіңдер, мәселелер мемлекет тарапынан қашанда назарға алынып отыруы тиіс, әйтпесе ол үлкен қақтығысқа ұласып кетуі мүмкін. Алдын-алу, бақылау тетіктерін іске қосып, келешекке болжамдар жасау үздіксіз жүргізілуі керек. Мақалада конфликтіге айналған 2019 жылғы көпбалалы аналар мәселесін қарастыратын боламыз. Мақаланың аясында келесі сұрақтарға жауап беру көзделеді:

- Конфликтке дейінгі қалыптасқан әлеуметтік жағдайды бағалау;
- Қақтығыстың даму динамикасын құру. Конфликтіге түрткі болған оқиғаға тоқталу;
- Мәселені реттеуде, шешуде мемлекеттің реакциясына, қолданған шешу жолдарына, әрекетіне талдау жүргізу;
- Нәтижесі қандай болды? Қақтығысты шешу мүмкін болды ма? Елдегі көңіл-күй қандай? Шешу жолы болса, ол тиімді бола алды ма?

Осы қойылған сұрақтарға зерттеуімізде жауап беруге тырысамыз. Зерттеуімізде ҚР заңнамалық құжаттарын («Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы Заңы), ҚР Президентінің ресми сайтындағы мәліметтерді, Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) 2019 жылғы жылдық есебі және де желілік ақпараттық агенттіктерінің мәліметтерін қолдандық.

Зерттеудің әдіснамасы.

Зерттеудің негізгі әдіснамасы ретінде «Sputnik»[1] желілік жаңалық агенттігіне сапалық контент-талдау жүргізу таңдап алынды. Мақалада келтірілген нәтижелер тек осы ақпарат агенттігінің нәтижелерін саралаудан ғана туындап отыр. Және бұл дегеніміз ол бүкіл қалыптасқан жағдайды көрсетпейді деген сөз. «Көпбалалы отбасы» кілт сөз тіркесі бойынша жарияланымдарды талдадық. Жалпы 272 нәтиже табылды. «Көпбалалы отбасы» кілт сөз тіркесіне қатысты алғашқы мақала 16.08.2016 жарияланған. Соңғысы 20.01.2021 жарияланған (мақала жазылған уақыттағы нәтиже).

Соның ішінде біздің қарастыратын конфликтіміз 2019 жылдың ақпан айынан бастау алады. Осы жерде жылдар бойынша жарияланымдардың санына назар аудардық. Сәйкесінше ең көбі осы конфликт орын алған 2019 жылы жарияланылған екен. Бұны да бір көрсеткіш ретінде қарастырып отырмыз. Жылдар бойынша атасақ: 2016 жылдың соңғы 4 айында – 2 мақала ғана жарияланған. 2017 жылы – жалпы 5 мақала. 2018 жылы – 22 мақала болса, ал 2019 жылы – 163 жарияланым жасалынған. 2020 жыл үшін - 79. 2021 жылы – 1 мақала жарияланған. Соның ішінде біз өзіміздің зерттеуімізге тікелей қатысты деген уақыт аралығын таңдап алдық. Бұл 2019 жылдың қаңтар айынан бастап – 2021 жылдың қаңтар айын қоса қарастырғандағы уақыт аралығы. 2016, 2017, 2018 жылдардағы жарияланымдарда көбінесе жекелеген отбасыларға қатысты жаңалықтар жарияланған. Және 2019 жылмен салыстырғанда көпбалалы отбасыларға қатысты қабылданған мемлекеттік шешімдер туралы жаңалықтар өте аз кездеседі.

Негізгі бөлім.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2019 жылғы 6 мамырдағы № 251-VI Қазақстан Республикасының Заңында[2] көпбалалы отбасы түсінігіне мынадай анықтама берілген: көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы. 2019-шы жылғы дерек бойынша Қазақстанда 340 мыңдай көпбалалы отбасы бар екен [3].

Біздің елімізде «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар» туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы N 63 Заңына [4] сәйкес балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы категориялары мынадай:

- бала туғанда берілетін жәрдемақы;
- бала күтімі жөніндегі жәрдемақы;
- көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы;
- көп балалы анаға берілетін жәрдемақы ("Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға төленетін жәрдемақы);
- мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы;
- бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақы түріндегі ақшалай төлемдер.

Осы категориялардың ішінде біз мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы мәселелерін қарастырмаймыз.

КОНФЛИКТІНІҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Зерттеу жұмысымызға негіз болып отырған көпбалалы отбасылардың мәселесін конфликтінің даму динамикасына салып қарастырамыз.

1-ші кезең. Елімізде көпбалалы отбасыларға қатысты кикілжіңдер, наразылық көңіл-күй латентті сипатта жүрді. Себебі, халық арасында жәрдемақы көлеміне, оны алудағы кедергілерге қатысты көңіл толмаушылық сезімі болса да. Жеткілікті мөлшерде ақпараттанмағандықтан, өз құқығын қорғаудың, талап етудің тиімді жолдарынан хабарсыз болғандықтан бұл мәселе ортаға шықпай жүрген. Алайда, жекелеген отбасылардың мәселелері БАҚ беттерінде жарияланып жүрді. Бірақ бұл бұқараның және мемлекеттің назарын айтарлықтай аудармады.

Конфликтіге түрткі болған мәселеге дейінгі мемлекеттегі көпбалалы отбасыларға көрсетілетін жәрдемақы мөлшеріне және қалыптасқан жағдайға тоқталайық.

2019 жылдың қаңтар айының көрсеткіштеріне сәйкес еліміздегі балаға төленетін жәрдемақы мөлшерлерін қарастырсақ. Бала туғанда төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы 2003 жылы енгізілген. Жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін әйелдерге республикалық бюджет есебінен төленетін жәрдемақы мөлшері 1-ші Кестеде берілген [4]:

Кесте-1. Мемлекеттен төленетін жәрдемақы мөлшері

Шарты	Жұмыс істейтін әйелдерге төленетін жәрдемақы	Жұмыс істемейтін әйелдерге төленетін жәрдемақы
Бірінші, екінші, үшінші балаға төленетін біржолғы жәрдемақы	Орташа айлық табысты еңбекке жарамсыздық күндер санының тиісті коэффициентіне (ЕСК) көбейтіп, кейін шыққан сомадан 10% зейнетақы жарнасы алып тасталынады. Бір ескеретін жайт: егер еңбекке жарамсыздық парағы 126 күнге берілсе, онда ЕСК 4,2-ге, ал егер 140 күнге берілсе, онда 4,7-ге тең.	38 АЕК (2019 жылы 1 АЕК – 2525 теңге) немесе 95 950 теңге
Төрт және одан да көп балаға төленетін біржолғы жәрдемақы	Орташа айлық табысты еңбекке жарамсыздық күндер санының тиісті коэффициентіне (ЕСК) көбейтіп, кейін шыққан сомадан 10% зейнетақы жарнасы алып тасталынады. Бір ескеретін жайт: егер еңбекке жарамсыздық парағы 126 күнге берілсе, онда ЕСК 4,2-ге, ал егер 140 күнге берілсе, онда 4,7-ге тең.	63 АЕК немесе 159 075 теңге
бірінші балаға бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы	Соңғы 2 жыл ішіндегі жалпы табысты 24 айға бөліп, мемлекет бекіткен 0,4 коэффициентіне көбейтіп, одан шыққан сомадан 10% зейнетақы жарнасын алып тастайсыз.	5,76 АЕК немесе 14 544 теңге
Екінші балаға бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы	Соңғы 2 жыл ішіндегі жалпы табысты 24 айға бөліп, мемлекет бекіткен 0,4 коэффициентіне көбейтіп, одан шыққан сомадан 10% зейнетақы жарнасын алып тастайсыз.	6,81 АЕК немесе 17 195 теңге
Үшінші балаға бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы	Соңғы 2 жыл ішіндегі жалпы табысты 24 айға бөліп, мемлекет бекіткен 0,4 коэффициентіне көбейтіп, одан шыққан сомадан 10% зейнетақы жарнасын алып тастайсыз.	7,85 АЕК немесе 19 821 теңге
Төрт және одан көп балаға бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы	Соңғы 2 жыл ішіндегі жалпы табысты 24 айға бөліп, мемлекет бекіткен 0,4 коэффициентіне көбейтіп, одан шыққан сомадан 10% зейнетақы жарнасын алып тастайсыз.	8,9 АЕК немесе 22 473 теңге

Ал "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға кіріске тәуелсіз төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 6,4 АЕК немесе 16 160 теңгені құраған. 2019 жылдың қаңтар айындағы деректерге сәйкес бірге тұратын 4 және одан көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларға 4,16 АЕК немесе 10 504 теңге төленетін болған. 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін өтініш беріп үлгерген 271 мың отбасы осындай жәрдемақы алып отырған.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда үш түрлі арнайы мемлекеттік жәрдемақының орнына атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) төленеді. Бұрын әр мүшесінің табысы күнкөріс минимумының 40 пайызынан төмен болатын отбасылар 18 жасқа толмаған балаларға жәрдемақы; аз қамтылған отбасыларға арналған жәрдемақы; аз қамтылған үй шаруасындағы әйелдерге берілетін әлеуметтік көмек алуға құқылы болды. Енді жәрдемақының бұл үш түрі атаулы әлеуметтік көмекке (АӘК) біріктірілген [5].

Сонымен қатар, мемлекет тарапынан көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларға балабақшаға орналасуға, мектептен материалдық көмек алуға және қоғамдық көліктерде тегін жүру сияқты қолдаулар көрсетіледі.

2-ші кезең – инцидент. Яғни, түрткі болған оқиға. Наразылықтың тұтануына 2019-шы жылдың ақпан айының 4-і Астана қаласында бір отбасынан бірдей бес қыздың өртенуі себеп болды. Қыздардың анасы түнгі кезекшілікте болса, әкесі де жұмысының шақыртуымен қызмет орнына кеткен. Үйде балалардан басқа ешкім қалмаған. Қыздар улы газдан тұншығып қалған. Өрт басталған кезде олардың оянуға да мүмкіндігі болмаған.

3-ші кезең. Бұл оқиға қоғамның арасында үлкен резонанс тудырды. Көпбалалы аналар өздерінің *наразылықтарын ашық білдірді*. 6-шы ақпан күні Астана қаласының 60-қа жуық көп балалы аналары көшеге шығып, әкіммен кездесуді талап етті. Олар биліктен көп балалы отбасыларға арналған тұрғын үй мәселесін шешуді, жәрдемақылардың мөлшерін көбейтуді, несиелерді кешіруді, ата-аналарға түнгі ауысымда жұмыс жасамауға мүмкіндік беруді және тағы да басқа бірқатар арыз-тілектер айтылды.

4-ші кезең – конфликтіні реттеу. Мемлекет тарапынан бірден жауап болды. Жиналған көпбалалы аналардың барлығының мәселесі тыңдалынды. Аналардың мәселелерін шешуде шара қолданатындықтарын айтып, наразылықты конструктивті шешуге шақырды. Реттеу бойынша жүргізілген шараларға төменде толық тоқталамыз.

МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ЖАСАЛЫНҒАН ӘРЕКЕТТЕР:

1. Президент Н.Ә. Назарбаев 6-шы ақпан күні көпбалалы отбасыларға қолдау шараларын күшейту жөнінде жұмыс тобын құруды тапсырды. Үкімет жанынан құрылған жұмыс тобына премьер-министрдің орынбасары Ерболат Досаев басшылық етті. Оның құрамына "Нұр Отан" партиясы, әлеуметтік-экономикалық блок, инфрақұрылымдық даму, ішкі істер министрліктері және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кірді.

2. 13-22 ақпан аралығында "ашық есік" апталығын жүргізу тапсырылды. Әр тұрғын мен көп балалы ана өзін алаңдатқан мәселемен аудан әкімдіктеріне бара алды. Апталық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, қоғамдық денсаулық сақтау, білім және басқа да мемлекеттік органдардың қатысуымен өтті. Көпбалалы аналардың арыз-тілектерін тыңдау бұдан кейін де жүйелі жүргізіліп отырылды.

3. Мұқтаж отбасыларды қолдауда атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау қайта қарастырылды. 2019 жылдың сәуір айында президент Қасым-Жомарт Кемелұлы көмек көрсету тетіктерін жетілдіретін заңға қол қойды. Құжат атаулы әлеуметтік көмек көрсету критерийін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 процентіне дейін ұлғайтуды көздеді. Ал 2018 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі Қазақстанда 40 пайызға тең келген. Нәтижесінде жәрдемақы алушылар саны 571,6 мың адамнан 830 мың адамға дейін өседі. Бұл ретте, егер АӘК-тің орташа мөлшері бұрын отбасының әрбір мүшесіне 4 834 теңгені құраған болса, осы жоба бойынша 20 789 теңгеден төленетін болған.

4. 2019 жылдың маусымында Президент Үкіметке және Ұлттық Банкке көпбалалы отбасылардың, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың, жетім балаларды және АӘК алушылардың басқа да санаттарының қамтамасыз етілмеген тұтынушылық несиелері бойынша борыштарды есептен шығаруды ұйғаратын жарлыққа қол қойды[6].

5. 2020 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап мемлекеттен жәрдемақы алудың жаңа жобасы енгізілді. Ол бойынша кәметке толмаған 4 және одан да көп баласы бар отбасылар жанұядағы бала санына қарай жәрдемақы алады. Атап айтсақ, 4 балаға – 42 496 теңге; 5 балаға – 55 560 теңге; 6 балаға – 66 672 теңге; 7 балаға – 77 951 теңге; 8 балаға – 88 896 теңге; 9 балаға – 100 008 теңге, 10 балаға – 111 120 теңге және одан кейінгі әр балаға 4 АЕК-ті (11 112 теңге) құрайды. Бұдан бөлек, егер көпбалалы отбасы табысына қарай тұрмысы төмен отбасы санатына жатса, онда бұл жанұяға атаулы әлеуметтік көмек пен балаларға кепілді әлеуметтік пакет те тағайындалатын болып шешілді.

6. Тұрғын үй алу мәселесі бойынша қолға алынған шаралар: Әкімдік кезегінде тұрған адамның табысы отбасының бір мүшесіне 2 күнкөріс деңгейіне, яғни 59 400 теңгеге дейін болса, оған "Бақытты отбасы" бағдарламасының 2 проценттік несиелері ұсынылды. Осы топқа көпбалалы, толық емес және мүгедек балаларды асырап отырған жанұялар кірді. Ал кезекте тұрған отбасының бір мүшесі 3,1 күнкөріс деңгейінен, яғни 92 000 теңгеден жоғары табыс тапса, ондай адам әкімдіктердің "5-20-25" бағдарламасына, сондай-ақ, "7-20-25", "Баспана-хит", "Орда", "Свой дом" және тағы басқа тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алды. Осының бәрін 2025 жылға дейінгі жаңа "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдармасы аясында жүзеге асырылу көзделінген. Тұрғын үй алу мәселесіне қатысты көпбалалы аналар бірнеше наразылық акцияларын ұйымдастырған. Алайда, мемлекет тарапынан жұмыстар жасалынып жатқаны туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілгенімен аяқталған.

7. «Еңбек» жобасының аясында көпбалалы аналар бизнес бастау үшін мемлекеттен 505 000 теңге қайтарымсыз грант ала алады. Олар арнайы оқыту курстарынан өтіп, жаңа кәсіпті меңгереді. Бұл шара «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының негізінде жүзеге асырылуда.

8. Әлеуметті ақпараттық-насихаттау шараларының бірі ретінде 31 телеарнадан көрсетілген «Анашым, біз үйдеміз» атты жобасының арқасында көпбалалы отбасылардың үйіне жөндеу жұмыстары жүргізілгенін айта аламыз. Бұл жоба бойынша 1-ші маусымда 24 отбасыға жөндеу жұмысы жасалынып берілген. Және де бұл халық арасындағы мейірімділіктің, түсіністіктің артуына себеп болады деп күтілді.

Жоғарыда аталған шаралар мемлекеттің тарапынан қабылданған негізгі шаралар деп қарастыра аламыз. Алайда, бұл осымен ғана шектеліп қалды деген сөз емес. Мақсатымыз негізгілерін айқындау болды. Бұл шараларды атқаруда мемлекеттік органдардың барлық деңгейлерінде бірдей қатысу болды. Және барлық шешімдер бірден, жүйелі түрде қабылдана салған жоқ. Халықтың сұранысына қарай жобаның жүзеге асуының әр деңгейінде өзгертулер мен толықтырулар жасалынып отырылды. Дегенмен де, салыстырмалы түрде осыған дейінгі жылдарда осындай дәрежеде бұл мәселе қарастырылмаған болатын. Оны зерттеуіміздің басында 2019 жылы «Sputnik» жаңалық агентігінде жарияланған материалдар санының жоғары болуы да көрсетіп отыр. Саяси тұрғыдан 2019 жыл Қазақстан үшін өзгерістер жылы болды: ол көпшілігі елдің одан әрі дамуын алдын ала анықтаған маңызды оқиғаларға толы болды [6].

Қорытынды.

Зерттеуімізді қорытындылайтын болсақ, қақтығыстық жағдайлар мемлекеттік шешімдерге әсер ете алатынын көреміз. Мемлекет тарапынан қабылданған шаралар кешені осыған дәлел. Осыдан мынадай тұжырымдамаларға келдік:

- бұл конфликт ақпараттық функцияны атқарды. Көпбалалы отбасыларға көрсетілетін жәрдемақы мөлшері төмен екендігін. Және оны алуда көптеген кедергілер барын көрсетті;
- қақтығыстың – қоғамды ыдыратушы, жағымсыз функциясымен қатар, мәселені шешудегі жаңа жолды көруге мүмкіндік беретін позитивті рөлді атқаратыны тағы бір мәрте айқындалды деп айта аламыз;
- атқарылған шаралардан кейін билік пен халық арасында сенімге негізделген қарым-қатынас құрылды. Осы мәселеге қатысты наразы топтың көңіл-күйі жақсарды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Sputnik» Қазақстан желілік жаңалық агенттігі
2. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2019 жылғы 6 мамырдағы № 251-VI Қазақстан Республикасының Заңы
3. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезінде сөйлеген сөзі
https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nursultana-nazarbaeva-na-xviii-ocherednom-sezde-partii-hup-otan?q=%D0%BC%D0%BD%D0%BE%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B5%D1%82
4. Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы N 63 Заңы

5. Көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақылар: кімге және қанша беріледі? *Tengri News*. 13.11.2019 ж.

https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kopbalalyi-analarga-berletn-jardemakyilar-kmge-jane-kansha-383943/

6. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҰ БАЛАЛАР ҚОРЫНЫҢ (ЮНИСЕФ) 2019 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБИ

References:

1. «Sputnik» *Qazaqstan zhelilik zhanalyq agenttigi*

2. *Qazaqstan Respublikasynyn keibir zannamalyq aktilerine turgyn uy qatynastary maseleleri boiynsha ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly 2019 zhylgy 6 мамыrdagy № 251-VI Qazaqstan Respublikasynyn Zany*

3. *Memleket basshysy Nursultan Nazarbaevtyн «Nur Otan» partiyasynyn kezekti XVIII sezinde soilegen sözi* https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nursultana-nazarbaeva-na-xviii-ocherednom-sezde-partii-hup-otan?q=%D0%BC%D0%BD%D0%BE%D0%B3%D0%BE%D0%B4%D0%B5%D1%82

4. *Balaly otbasylyarga beriletin memlekettik zhardemaqylar turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2005 zhylgy 28 mausymdagy N 63 Zany*

5. *Kopbalaly analarға beriletin zhardemaqylar: kimge zhane qansha beriledi? Tengri News*. 13.11.2019 ж. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kopbalalyi-analarga-berletn-jardemakyilar-kmge-jane-kansha-383943/

6. QAZAQSTANDAGY BUU BALALAR QORYNYN (YUNISEF) 2019 ZHYLGы ZHYLDYQ ESEBI

FTAMP 04.41.21

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.09>

Мырзабаев С. Е.^{1}, Садырова М.С.¹*

¹*эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sabit.sabit_90@mail.ru; e-mail: m.sadirova58@gmail.com*

**ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ СУИЦИДАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫНЫҢ
ПСИХОӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАРЫ:
ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ШОЛУ**

Аңдатпа

Бұл мақала жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың психоәлеуметтік факторларын іздеуге бағытталған зерттеулерге шолу жасауға бағытталған. 14-24 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастардың өзіне-өзі қол жұмсау мінез-құлқымен айналысқан еуропалық авторлардың әлеуметтік зерттеулері қарастырылады. Бұл зерттеулерді зерттей отырып, мақалада өз-өзіне қол жұмсау және өз-өзіне қол жұмсау мінез-құлқының психоәлеуметтік факторлары көрсетілген.

3. *Law of the Republic of Kazakhstan No. 401-IV dated January 28, 2011 " on mediation "(as amended as of 01.01.2016.) // Information system "Paragraph", 2016.*
4. Labutina M. V. *Models of mediation // Bulletin of Samara state University of Economics.* - 2012. - No. 7 (93) - pp. 62-64.
5. Dronzina T. *Mediation (training manual) / Republican state institution "Kogamdyk kelisim" under the President of the Republic of Kazakhstan, Research Institute "Public opinion".* - Astana, 2015. - 320 p.

FTAMP 04.21.51

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.13>

*А.Д. Хамит**

Әлеуметтану мамандығының PhD докторанты

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультеті,
Нұр-Сұлтан қ.*

ӘЛЕУМЕТТІК-ТІЛДІК ҰСТАНЫМДАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТЕОРИЯЛАР

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік-тілдік ұстанымдарды зерттеуге бағытталған әлеуметтану және әлеуметтік психология ғылымдарының классикалық теорияларға шолу жасалған. Әлеуметтік ұстаным түсінігінің қалыптасуы, даму тарихы мен қалыптасу эволюциясы туралы айтылады. Әлеуметтік ұстанымдарының қалыптасу процесі У.Томас пен Ф.Знанецкий, олардың әдіснамалық өлшеу әдістері Г.Олпорт, Р.Лапьер, Л.Терстоун, В.А.Ядов, И.Ф.Девятко, қалыптасу мәселесі М.Вебер, Э.Дюркгейм, Ю.Хабермас, Э.Гидденс, М.Рокич, П.Бурдь және басқа ғалымдардың әлеуметтік парадигма негізінде қарастырылады. Жұмыстың мақсаты – әлеуметтік ұстанымдардың қоғамдағы әлеуметтік-тілдік

процестерді зерттеудегі әлеуметтанулық алғышарттарды қалыптастыру, ұстанымдарды анықтау арқылы қоғамдағы әлеуметтік құбылыстарды талдау.

Түйін сөздер: әлеуметтік ұстанымдар, әлеуметтік тілдік ұстанымдар, аттитюд, жеке тұлға ұстанымдары.

*A.D. Khamit**

*PhD student of the specialty social studies
L. N. Gumilyov Eurasian National University, Faculty of Social Sciences,
Nur-Sultan*

SOCIOLOGICAL THEORIES IN THE STUDY OF SOCIO-LINGUISTIC POSITIONS

Abstract

The article provides an overview of the classical theories of sociology and social psychology, aimed at studying social and linguistic attitudes. It tells about the formation of the concept of social attitudes, the history of development and evolution of formation. The process of formation of social attitudes V. Thomas and F. Znanetsky, their methodological measurements G. Allport, R. Lapierre, L. Thurston, V. A. Yadov, I. F. Devyatko, the problem of formation is considered on the basis of the social paradigm M. Weber, E. Durkheim, J. Habermas, E. Giddens, M. Rokich, P. Bourdieu and others. The aim of the work is to form sociological prerequisites for the study of social and linguistic processes in society, analysis of social phenomena in society by determining attitudes.

Key words: social attitudes, social linguistic attitudes, attitude, personal attitudes.

*А.Д. Хамит**

*Докторант PhD по специальности социология
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Факультет социальных наук,
г. Нур-Султан*

СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ ТЕОРИИ В ИЗУЧЕНИИ СОЦИАЛЬНО-ЯЗЫКОВЫХ ПОЗИЦИЙ

Аннотация

В статье представлен обзор классических теорий социологии и социальной психологии, направленных на изучение социально-языковых установок. В нем рассказывается о формировании концепции социальных установок, истории развития и эволюции становления. Процесс формирования социальных установок В. Томас и Ф. Знанецкий, их методологические измерения Г. Олпорт, Р. Лапьер, Л. Терстон, В. А. Ядов, И. Ф. Девятко, проблема формирования рассматривается на основе социальной парадигмы М. Вебер, Э. Дюркгейм, Ю. Хабермаса, Э. Гидденса, М. Рокича, П. Бурдьё и других. Целью работы является формирование социологических предпосылок для изучения социальных и языковых процессов в обществе, анализ социальных явлений в обществе путем определения установок.

Ключевые слова: социальные установки, социально языковые установки, аттитюд, личностные установки.

Кіріспе. Қоғамдағы әлеуметтік-тілдік ұстанымдарды зерттеуде қалыптасқан классикалық әлеуметтану теориялар арқылы ұстанымдар (установки), аттитюд, құндылықтар, нормалар сияқты негізгі категорияларға логикалық түсінік жасау маңызды. Бұл әлеуметтік ұстанымдарға ықпал ететін әлеуметтік факторлардың (қоғамдық, таптық, топтық, қоршаған орта, референттік топтар, туған жері, аймақ, этникалық шығу тегі), психологиялық: когнитивті, бихевиористік, аффективті; тарихи (этнолингвистика, тілдік қарым-қатынастар) экономикалық, діни факторларды анықтау және талдауға мүмкіндік береді.

Алдымен тілдік ұстанымдар Осыған байланысты мақалада әлеуметтік ұстанымдар түсінігін анықтауға, оның даму тарихы мен эволюциясына мән беріп көрейік.

Әлеуметтік ұстанымдар мәселесі қазіргі кезде пәнаралық мәртебесіне ие. Оның қалыптасуына әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар шеңберінде негізгі әлеуметтік институттардың ролі ықпал етеді, мысалы, отбасы, референттік топтар, бұқаралық ақпарат құралдары және басқа әлеуметтік субъектілер.

Нәтижелерді талдау. Әлеуметтік ұстаным - әлеуметтану мен әлеуметтік психологияда тұрақты бейімділікті, индивидтің немесе топтың әлеуметтік маңызды объектіге бағытталған әрекетке дайын болуын білдіретін ұғым. Бұл терминді алғаш рет Чикаго әлеуметтану мектебінің өкілдері У.Томас пен Ф.Знанецкий «Еуропа мен Америкадағы поляк шаруасы» 1918 жылғы еңбегінде жеке адам мен қоғамдық ұйым арасындағы байланысты талдау үшін қолданған. Әлеуметтік ұстанымдар ретінде олар индивидтің әлеуметтік объектінің құндылығын, мағынасын, мәнін, белгілі бір құндылықтарға қатысты индивидтің сана күйін психологиялық тәжірибесін [1], құндылық объектілеріне қатысты потенциалды белсенділікте көрінетін сана күйі ретінде [2, 49-50 б.] түсінді.

У.Томас пен Ф.Знанецкий әлеуметтік ұстаным (attitude) тұжырымдамасы арқылы индивидтердің топтың (немесе қоғамның) мүшелері ретінде олар үшін белгілі әлеуметтік қабылданған мінез-құлық тәсілдерін тағайындайтын белгілі бір құндылықтарға субъективті бағдарларын белгілейді. Знанецкий поляк шаруаларының алғашқы топтарын зерттеудің міндеттерінің бірін адамдар арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесудің негізінде жатқан әлеуметтік қатынастарды анықтаудан көрді. Ол осы көзқарастарды өзгертудің себептері мен заңдылықтарын анықтауға тырысты [3, 117 б.].

1930 жылдары субъективті айнымалыларды өлшеудің дұрыс социологиялық дәстүрі қалыптаса бастады, бұл психологиялық өлшеу дәстүрінен өзгеше болды, бірақ оған соңғысы қатты әсер етті. Сонымен қатар, қатынасты зерттеу социологиялық және психологиялық өлшем парадигмаларын саралаудың алғашқы бағыты болды [2, 49-50 б.].

Әлеуметтік ұстанымдарды тәжірибелер негізінде толық анықтауға тырысқан Г. Олпорт, У. Мак-Гайр әлеуметтік психология саласында маңызды үлесін қосты [4], олар тұлға және әлеуметтік орта арасындағы қатынастар тұрғысынан талдады, ал ұстанымдардың (set) терминінің атасы және грузиндік психологиялық мектебінің өкілі Д.Узнадзе [5] оны психофизиологиялық феномен ретінде зерттеді.

Әлеуметтік психологтар жеке тұлғаның өміріндегі психикалық және мінез-құлықтық белсенділігіне бағытталған ішкі дайындық қалпын ұстанымдар деп түсіндірсе, яғни адамның өмір бойы байыпталмас (санадан өтпеген) білім алу негізінде қалыптасатын ұстанымдар қалпі. Сондай-ақ, психологтардың пікірінше, ұстанымдар біздің санамыздың мазмұнын анықтайтын және бағыттаушы факторға айналады [6].

Ұстанымдардың әлеуметтанулық және психологиялық зерттеу тарихында әлеуметтік ұстаным мен жеке тұлғаның немесе топтың нақты мінез-құлқы арасындағы байланыс әрдайым тікелей және айқын бола бермейтіндігін көрсетеді. 1930 жылдары АҚШ-та жүргізілген Р.Лапьердің атақты эксперименттері индивидтің өзін әрқашан көзқарасқа сәйкес ұстай алмайтындығын көрсетті [7, 136 б.].

Бұл, атап айтқанда, белгілі «Лапьердің парадоксын» әр түрлі түсіндіруде айтылды. 1934 жылы Р.Лапьер екі қытайлық әріптестерімен бірге АҚШ-тағы екі жүзден астам қонақ үй, мейрамхана мен саяхаттау демалыс орындарға барды. Бұл ұйымдардың менеджерлері Р.Лапьер және оның серіктеріне қызмет көрсетті, яғни нақты мінез-құлық тұрғысынан сөзсіз қабылдады. Бірақ қонақ үйлердің менеджерлері мен иелерінің көпшілігі (91%) оның қытайлықтардың алты айдан кейін олардың қонақ үйлеріне келуі туралы ықтимал жазбаша өтінішінен бас тартты, бұл жерде мүмкін мінез-құлықтың әрекетті бағалауда байқалады [8, 26 б.].

Сонымен, ХХ ғасырдың ортасына қарай әлеуметтік психология мен әлеуметтануда жеке тұлғаның реакцияға дайын болуымен көрінетін және қалыптасқан алдыңғы тәжірибеге сүйене отырып, оның мінез-құлқына бағыттаушы әсер ететін белгілі бір сана күйі мен жүйке жүйесі ретіндегі әлеуметтік ұстаным туралы түсінік қалыптасты [7, 137 б.].

Жалпы әлеуметтік ұстанымдардың құрылымын зерттеуде оның құрайтын компоненттерге байланысты екі негізгі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа әлеуметтік объектіге жағымды немесе жағымсыз реакцияның дайындығында көрінетін құндылықтық ұстанымдар ретінде қарастырылатын теориялар кіреді. Екі компонентті ұстанымдар құрылымының авторларының ішінде Л.Терстоунды [12] атап өту керек, ол тұжырымдарды жұптық салыстыру принципі бойынша әлеуметтік ұстанымдарды өлшеудің өзіндік шкаласын жасаған.

Әлеуметтанулық анықтамаларда эмоционалды-бағалау компоненті көбінесе негізгі болып табылды. Мысалы, Терстоунның жиынтық объектісіне байланысты жағымды немесе жағымсыз сезімдердің шиеленіс деңгейі деп түсінетін жиынтық туралы анықтамасы келтірілген [2, 54-57 б.]. Осы әдісті қолдана отырып, Л.Терстоун соғысқа, өлім жазасына, шіркеуге, әдет-ғұрыпқа, әлеуметтік институттарға және басқаларға деген көзқарасты талдады. Бұл қатынасты Л.Терстоун «көпөлшемді психологиялық құрылым» ретінде анықтаған, онда ақпараттың болжамды жүктемесі оның когнитивті құрамдас бөлігінен гөрі артық болады [9, 30 б.]. Сонымен қатар, И.Сарнофф туралы айтқанымыз жөн, ол қатынасты «объектілердің белгілі бір класына оң немесе теріс реакция жасау тенденциясы» деп анықтады [9, 21 б.]. И.Сарнофф атап өткендей, көзқарас «рационалды» тәсілдің, яғни көзқарастардың қолданыстағы жүйесі шеңберінде жаңа ақпарат ағынының арқасында өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, топтың нормативті қысымы индивидтің әлеуметтік ұстанымын өзгертудің анықтаушы факторы ретінде әрекет етеді [10].

Ұстанымның құрылымын нақтылай отырып, Д.Кац оның құрамына ұстанымның объектісін, оның басқа объектілермен байланысын көрсететін аффективті (жанашырлық немесе антипатия сезімі) және когнитивті (білім) элементтерді қосатындығын атап көрсетеді [11, 108 б.]. Д.Кацтың көзқарасы бойынша аттитюд құрылымының белгілі бір тұрақтылығын атап өтіп, оған сәйкес позицияны ұстанады, оған сәйкес әр түрлі жағдайда қатынастың танымдық немесе аффективті компоненттері көрінуі мүмкін, сол арқылы басқа нәтиже анықталады.

Теориялардың екінші тобы қатынасты үш компонентке бөлуді қарастырады. Ұстаным құрылымының үш компонентті теориясын алғаш рет М.Смит анықтаған. Мұндағы аттитюд құрылымына когнитивті компонент (әлеуметтік ұстаным объектісі туралы хабардар болу); б) аффективті компонент (объектіні эмоционалды бағалау, оған деген жанашырлық пен антипатия сезімдерін анықтау); в) мінез-құлық (конативті) компонент (объектіге қатысты дәйекті мінез-құлық) [11, 102 б.]. М.Смит сипаттаған әлеуметтік ұстанымдардың үш компонентті құрылымының психологиялық мәні бар екенін ескеру керек, ол кездейсоқ жағдайларға жауап ретінде жеке тұлғаның мінез-құлқын түсіндіреді [7, 138 б.].

Әлеуметтік ұстанымдарды өлшеу әдістерін алғашқылардың бірі болып жасаған Л. Терстоун, негізінен аффективті реакциялардың шешуші маңызы бар субъектілердің ауызша мәліметтеріне сүйенді, солар арқылы адамның әлеуметтік ұстанымдар шкаласының континуумындағы позициясын анықтауға болады [12]. Сол сияқты Ф.Хайдер әлеуметтік ұстанымды анықтайды, оның пікірінше, әлеуметтік ұстаным дегеніміз - бір жеке тұлғаның басқасына немесе белгілі бір құбылысқа деген оң немесе теріс қатынасы [13].

Әлеуметтанушылардың тұлғаның мінез-құлқын анықтау тұрғысында әлеуметтік ұстанымдарды әлеуметтік психологияда пәнаралық бағытта қарастырады. В.А.Ядов [14, 89 б.] жеке тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттеудің диспозициялық тұжырымдамасы шеңберінде жеке тұлғаның әлеуметтік ұстанымдарды зерттеген, оларды жүйелік мәні бар және жеке тұлғаның барлық өмірлік бағыттарын қамтитын, адамның белсенділікке дайындығының мақсатты түрде қалыптасуын қамтамасыз ететін диспозициялар ретінде қарастырады. Яғни, адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттеуші рөлін атқаратын диспозициялық формациялардың күрделі жүйесі. Диспозициялар жеке тұлғаның іс-әрекетінің нақты әлеуметтік шарттары мен оған деген субъективті қатынасы арасындағы байланыс ретінде, В.А.Ядовтың пікірінше, тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын реттеу, өзін-өзі реттеу және болжауды қамтамасыз ететін субъектінің бұрынғы тәжірибесі мен жалпыланған психологиялық сипаттамаларына тәуелді.

Бұл бейімделулер иерархиялық түрде ұйымдастырылған. Тиісінше, диспозицияның төрт деңгейі бар:

- а) қарапайым бекітілген ұстанымдар;
- б) әлеуметтік бекітілген ұстанымдар немесе аттитюдтер;
- в) негізгі әлеуметтік ұстанымдар;
- г) тұлғаның құндылық бағдарлары [14, 89 б.].

В.Ядов дамудың иерархиялық деңгейіндегі қатынас неғұрлым жоғары болса, танымдық компоненттің рөлі соғұрлым жоғары болады, сондықтан әлеуметтік ұстаным толығымен саналы құбылыс деп атап өтеді [14, 89 б.].

Жоғарыда келтірілген көзқарастар мен пайымдаулар әлеуметтік ұстанымның келесі белгілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- психофизиологиялық бірлік, яғни психикалық және физиологиялық бірлік. Психикалық мағынада элеуметтік ұстаным саналы күй ретінде көрінеді;

- өзін-өзі ұстауға дайындық жағдайы; яғни элеуметтік ұстаным бұл реакция емес, реакцияға дайын болу. Айнымалылардың сипаттамалары тұрғысынан, бұл сыртқы әсердің мінез-құлыққа әсер етуі арқылы аралық болып табылады;

- оның элементтері арасындағы өзара әрекеттесу ерекшеліктерін көрсететін ұйымдасқан құрылым;

- элеуметтену процесі шешуші рөл атқаратын элеуметтік тәжірибеге негізделген білім алу;

- белсенділікке динамикалық және бағыттаушы әсер ету, яғни оның валенттілік қасиеті бар, ал элеуметтік ұстаным объектісі субъект үшін маңызды құндылық болып табылады [15, 5 б.].

Элеуметтік ұстанымдарды зерттеуде басқару қызметінде «элеуметтік ұстаным» және «аттитюд» терминдерін синоним ретінде қарастырып, олардың алғашқы (тұрақты емес немесе бейсаналық) ұстанымнан ажырату үшін қолданған. Ал алғашқы ұстанымның жалғасы, яғни элеуметтену процесімен аналогия тұрғысында қарастырған. Осыған орай элеуметтану тұрғысынан ұстанымдар элеуметтік бағдармен, сана-сезіммен, эмоционалдылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, субъектінің өзі қалыптасу процесі, сондай-ақ тілдік ұстанымдардың функциялары мен дисфункциялары туралы аттитюд пен оның мотивін білу дәрежесіне қатысты бірқатар заңды сұрақтар туындайды [8, 24 б.].

Сонымен қатар, бір-біріне тәуелді болатын элеуметтік ұстанымдардың құрылымын, мазмұны мен бағытын бөліп алған жөн. Тіпті Д.Н.Узнадзе ұстанымды қалыптастырудың екі факторын атап өтті: қажеттіліктің болуы және осы қажеттілікті қанағаттандыруға болатын жағдай [8, 24 б.].

Бастапқыда бұл факторлар элеуметтік ұстанымдардың үш деңгейлі құрылымын анықтайды деп болжауға болады: қажеттілік те, оны қанағаттандыру жағдайы да объект туралы білімді, оған деген эмоционалдық ұстанымды, көрінетін реакцияларды қалыптастырады. Тиісінше, ұстанымның үш деңгейі бар: танымдық; аффективті; мінез-құлықтық. Қазірдің өзінде ұстанымды қалыптастыру кезеңінде көптеген факторлар өздігінен пайда болады, оны болашақта бақылау субъектісі өзі жүзеге асыра алмауы мүмкін, мысалы, манипулятивті технологиялардың әсері, жағдайды бағалаудың субъективтілігі, ойдан шығарылған қажеттіліктер, өзін-өзі бағалаудың жоғарылауы және т.б. және оның мазмұны объектілерге қатысты нақты біліммен, эмоциялармен және реакциялармен қалыптасады [8, 24 б.].

Тіл процесі субъектісінің аттитюдтың мазмұны объективті факторлардың әсерінен қалыптасады және өзгереді: элеуметтік топ ішіндегі коммуникацияның сипаттамалары, қарым-қатынастар жиілігі, элеуметтік ұйымның қызмет саласының сипаттамалары және т.б., сонымен қатар ішкі себептер: темперамент, жағдайларды субъективті бақылау деңгейі, субъектінің құндылық бағдары, ұжымның алаңдаушылық дәрежесі және т.б. [8, 24 б.].

Ұстанымдар туралы американдық элеуметтанушы Д.Дэвистің анықтамасы өзекті «элеуметтік ғылымда жиі пайдаланатын ең зерттелген және нақты анықталмаған айнымалылардың бірі. Шынында да, ұнату немесе ұнатпау сезімі, таңдау немесе қабылдау, бейімділік немесе жиіркену, мақұлдау немесе мақұлдамау - олар қалай аталса да, мұндай жағымды және жағымсыз сезімдер соншалықты әмбебап болғандықтан оқулықтарда кездесетін анықтамалар талдау объектісін анықтауға қарағанда, автордың теориялық лагерін көрсетуге қызмет етеді» [16, 54 б.].

Д.Дэвистің ұстанымдарды анықтауға қатысты айтқанына қырықтан астам жыл өтсе де, элеуметтанушылар арасында элеуметтік ұстанымдарды анықтау, қалыптастыру және өзектендіру мәселесі бойынша дискуссия жалғасып жатыр. Дегенмен, элеуметтік ұстаным мәселесі тек жалпы және элеуметтік психологияның пәндік аймағы ғана бола алмайды. Сонымен қатар, ұстанымдарды қалыптастыру және өзекті элеуметтік маңызды салдары негізінен қарастырған Д.Н.Узнадзе, М.Смит, М.Рокич, Г.Олпорт, Д.Кац және басқалар.

Бұл теориялардың негізгі ережелерін қорыта келе, элеуметтік ұстанымдардың белгілі бір элеуметтік объектіге жеке адамның немесе топтың жалпы бағытын түсінеміз, бұл тікелей іс-әрекеттің алдында болады және осы объектіге қатысты белгілі бір тәсілмен әрекет етуге бейімділікті білдіреді [8, 24 б.].

П.Бурдые «габитус» ұғымы арқылы ұстаным мен нақты мінез-құлық арасындағы сәйкессіздіктің элеуметтік драмасын сипаттаған. Габитусты қабылдау мен бағалау схемаларының жүйесі, агенттер өздерінің ұзақ мерзімді тәжірибесі барысында алатын танымдық және дамушы құрылымдар ретінде

түсіндірді... «Габитус» бір уақытта тәжірибелерді өндіру схемалар жүйесі және тәжірибелерді қабылдау мен бағалау схемалар жүйесі болып табылады» [17, 75 б.]. Ол бұл механизм енгізілгенге дейін әлеуметтік кеңістік шынайы емес, тек мүмкін болатын класстармен толтырылады. Габитусты қабылдаудың матрицасы ретінде П.Бурдые кез-келген әлеуметтік ұстанымды қалыптастырудағы маңызды делдалдық элемент ретінде қойды. П.Бурдыенің өзі көзқарастың қалыптасу жағдайына субъектінің саналы, рефлексивті қатынасының қажеттілігін атап көрсеткені және әлеуметтік шындықты қабылдаудағы инерция қаупін түсінгендігі қызық: «Нақтырақ айтсақ, әлеуметтік тәртіпті легитимизациялау кейбіреулер пайымдайтын үгіт-насихаттың немесе символикалық ұсыныстың саналы бағытталған әрекетінің өнімі емес; бұл агенттер әлеуметтік әлемнің объективті құрылымдарына осы объективті құрылымдар тудыратын қабылдау мен бағалау құрылымдарын қолданатындығынан туындайды, демек, әлеуметтік әлемді өзінше қабылдауға бейімділік бар» [17, 80 б.].

Әлеуметтік кеңістік теориясының әдіснамалық арсеналы басқарушылық қызметтегі әлеуметтік ұстанымдарды зерттеуде жеткілікті дәрежеде қолданылмайтын сияқты. Шынында да, «габитус» ұғымын енгізе отырып, ол Ю.Хабермас пен Э.Гидденске ұқсас, Э.Дюркгейм мен М.Веберге қайта оралатын әлеуметтік құрылымдар мен жеке тәжірибелердің дәстүрлі қарсылығын жоюға тырысты. Бір жағынан, габитус - бұл адамға тән қабылдау мен қызметтің ішкі схемалары, екінші жағынан, әлеуметтік ұстанымдар. Ұстанымдарды түсіндіру кезінде әдет ұғымының жеткіліксіз қолданылуын түсіндірудің негізгі қиындығы П.Бурдыенің өзі бейімделу мен оның бейсаналықтығындағы әдеттің негізгі тұтастығы мен бөлінбейтіндігін атап өткендігінде болуы мүмкін. Сонымен қатар, әдет-ғұрыпты актуалдауы мен көрінісін формалдауға болатын әр түрлі көзқарастардың қалыптасуының өзіндік алғышарты болып табылатын ең маңызды алғышарт деп санауға болады.

Дегенмен, аттитюд белсенділіктің тұрақтануы мен формализациясының механизмі деп санауға болады, ол рефлексияның төмендеуімен субъектінің ойлау шамадан тыс алгоритмдеу факторы бола алады.

Сонымен қатар, ұстанымның бағдарлау критерийлері оның құрылымдық деңгейлерінің арақатынасына байланысты. Кәсіптік қызмет процесінде ұйым қызметкерлері әртүрлі жағдайларға қатысады, сондықтан менеджерге бағыныштылардың жұмысына деген өте стереотипті қатынастардан аулақ болу маңызды. Мұндай аттитюдтердің мысалдары - қызметкерлерге өздерінің сапаларын немесе мінез-құлық үлгілерін бейсаналық түрде проекциялау; жанашырлық таныта алмау; тек алғашқы ақпарат негізінде таныс емес қызметкердің жалпыланған бейнесін қалыптастыру; бір кездері өзіне ұқсас басқа қызметкерлер байқап қалған қызметкерге саналы түрде сипаттама беру; жақын ортаға толық сенімділікті орнату; шектен тыс конформизм немесе оған қарама-қарсы және т.б. Демек, басқару субъектілерінің әлеуметтік ұстанымдары жеке бақылаулар, еліктеу, ассоциациялар, ынталандыру (позитивті нығайту) негізінде қалыптасады және осы факторлардың субъектінің шағылу дәрежесі әр түрлі болады.

Зерттеліп отырған мәселеге әртүрлі әлеуметтік-психологиялық тәсілдерді талдау көзқарастарды социологиялық зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде интегративті социологиялық парадигманы (П.Бурдые, Ю.Хабермас және т.б.) бөліп алуға мүмкіндік береді [8, 27 б.].

Әлеуметтану ғылымында соңғы жылдарда әлеуметтік ұстанымдарды құндылықтық бағдарлар категориясымен қатар тұлғаны зерттеу барысында қолданған. Нақты әлеуметтанулық зерттеулер негізінде құндылық бағдарлары мен әлеуметтік ұстанымдарды қалыптастыру ерекшеліктері, осы категориялардың теориялық талдауға тоқталайық.

Әлеуметтік ұстанымдар жеке сана мен қоғамды байланыстырушы буын ретінде әрекет етеді, олардың әрқайсысы үшін қайталанбас, ерекше, жеке нәрсе үшін қалады. Әлеуметтік ұстанымдардың жиынтығы адамға қоршаған әлемде, қоғамда шарлауға көмектеседі (немесе кедергі жасайды), әлеуметтік талаптар мен қоғамдық сананың үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Жеке тұлғаның әлеуметтік ұстанымы - бұл қоғамдық сананың барлық формаларының, құрылымдарының және деңгейлерінің көрінісі, санадағы әлеуметтік және жеке тұлғаның үйлесімі [18, 10 б.].

Әлеуметтік ұстанымдар әлеуметтік жүйеде белгілі бір мақсаттар мен нақтылау құралдарына ұстаным ретінде әрекет етеді [19, 490-491 б.], жеке тұлғаның белгілі бір әлеуметтік аспектілерге жауап қайтаруға дайындығы ретінде: индивидтің бейімділігі, оны осы объектілерге қатысты басқаларға емес, белгілі бір түрде әрекет етуге итермелейді. Демек, адамның әлеуметтік ұстанымдары белгілі бір қоғамдық құбылыстарды бағалауға бейімділігі және осы құбылыстарға қатысты осы бағалаудан туындайтын әрекеттерге дайындығын білдіреді.

Бұл ұстанымдарда қоғамдық құбылыстарға деген жеке тұлғаның қатынасы қалыптастады. Осы құбылыстарды бағалауда, оларды қабылдауда немесе қабылдамауда көрінеді. Ұстанымдар бұл қоғамның ықпалы нәтижесінде өңделіп, оның санасы мен өзіндік сана-сезімінің қалыптасуы, даму процесінде туындайды. Әлеуметтік ұстанымдар едәуір дәрежеде алдын-ала әлеуметтік қарым-қатынастардың жиынтығымен анықталған. Ұстанымдардың қалыптасуы қоғам мен жеке тұлғаның өзара қарым-қатынасқа байланысты. Адамның барлық ұстанымдардың ішінен белгілі бір мағынада әлеуметтік ұстанымдар негізгі болып табылады, өйткені олар ең алдымен тұлғаның мәнін анықтайды [18, 10 б.].

Қорытынды. Тұлғалық ұстанымдар әрқашан әлеуметтік бағдарға ие оның қызметінде байқалады. Бұл бағыт сана арқылы жүзеге асырылады, өйткені адамның қызметі, оның қоршаған ортаға қатынасы саналы сипатта болады. Демек, әлеуметтік ұстанымдарды қалыптастыру процесі сананың белсенді қатысуымен жүреді. Ұстанымдар өзгермелі қалпында өмір сүрмейді. Адам оларды белгілі бір дәрежеде өзінің әлеуметтік жағдайларға байланысты мақсатты түрде өзгерте береді. Әлеуметтік ұстанымдар әлеуметтік болмысқа негізделеді, алайда ол қоғамдық сана арқылы өзгеріске ұшырайды. Ұстанымдар әлеуметтік процестің субъективті және объективті жақтарының өзара қарым-қатынасын көрсетеді [18, 10 б.].

Әлеуметтік ұстаным жалпы сипаттамаларға ие:

- ұстаным - бұл қандай-да бір әлеуметтік объектіге қатысты жеке тұлғаның бейімділігін анықтайтын фактор;

- бұл белгілі бір объектіге қатысты индивид мінез-құлығының тұрақты факторы;

- ұстаным тек индивид іс-әрекетінде көрінеді, яғни іс-әрекеттер арқылы делдалдық етеді;

- ұстаным әрдайым ситуацияға байланысты, өйткені ол индивидтің әрекет ететін шынайы әлеуметтік ортаның бірқатар нақты факторларының әсерінен қалыптасады және ең алдымен осы нақты әлеуметтік орта жағдайында көрінеді; әлеуметтік ортаның факторларының күрт өзгеруі де ұстанымды қайта құруды анықтайды;

- ұстаным белгілі бір әлеуметтік рөлдер мен қажеттіліктерді иеленуші ретінде индивидтің әрекет ететін жағдайда қалыптасады;

- ұстаным бағалау сипатымен негізделеді: ол индивид үшін объектінің маңыздылығын көрсетеді;

- ұстаным - бұл жеке тұлғаның құндылықтар жүйесінің көріну формаларының бірі [18, 11 б.].

Кейінгі уақытта жастар мен жасөспірімдердің әлеуметтік демографиялық топ ретінде әлеуметтік ұстанымдарға қатысты зерттеулер кең ауқымды зерттелді. Демографиялық ұстанымдарға байланысты балалар мен жасөспірімдердің демографиялық әлеуметтену факторларын қалыптасуына әлеуметтік институттардың ықпал ету қажеттілігі туралы дәлелдер келтірілген [20, 149-154 б.]. Сондай-ақ, әлеуметтік ұстаным әлеуметтік-психологиялық тұжырымдамалар аясындағы көші-қон ниеттері өзіндік ерекшелігі ретінде негізделген, әлеуметтік салыстыруды қажет ететін көші-қон ұстанымдары зерттелді [21]. Сонымен қатар, жастардың есірткіні қолдануға деген әлеуметтік ұстанымдарының ерекшеліктерін зерттеліп, әлеуметтік мотивтер анықталды [22, 138-160 б.]. Қазіргі жағдайда жасөспірімдердің алкогольдік ішімдіктерді ішуге деген әлеуметтік-мәдени көзқарастарын қалыптастырудың ерекшеліктері мен негізгі факторларын зерттеулер бар [23, 19 б.].

Демек, әлеуметтік ұстанымдар феномен ретінде әлеуметтану ғылымында теориялық концепциялардың дамуы бұрыннан келе жатқан дәстүрлерге ие. Әлеуметтік тіл білімінде тілдік ұстанымдарды қоғамдағы тілдік бағдарлары, тілге деген адалдық пен ниеті түзулік, тілдің беделі, оны үйренуге деген дайындық және т.б. сипаттайды [24]. Осыған байланысты әлеуметтік-тілдік ұстанымдардың негізгі процестердің қазіргі тілдік бағытталуына ықпал ететін факторларды анықтаған жөн. Бұл әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси, тарихи, ұлттық, этникалық, діни, азаматтық, тілдік дискурс анықтайды. Әлеуметтік кеңістік және уақыт тұрғыдан мысалы, бұрынғы өткен кезең тарихи, мәдени, бұрынғы жетістіктерді анықтаса, қазіргі уақыт қарым-қатынас, байланыстар мен әлеуметтік желілер, уақыт өткізу, демалыс, сауықтыру, кәсіби, ғылым мен технологиялардың дамуымен байланыстырылады.

Пайдалнылған әдебиеттер тізімі:

1. Thomas W. and Znaniecki F. *The Polish Peasants in Europe and America. Vol. 1.-Boston, 1918;*
2. Девятко И.Ф. *Измерение установки: становление социологической парадигмы / Методика и техника социологических исследований. 1991 - С.49-60. <http://ecsocman.hse.ru/data/239/927/1216/05Devyatko.pdf>*

3. Ганжа А.О., Зотов А.А. Гуманистическая социология Флориана Знанецкого // Социологические исследования. 2002. № 3. С. 112–120;
4. Alport G. W. *Pattern and Growth in Personality*. - N.Y., 1964. - 593P.;
5. Узнадзе Д.Н. Экспериментальные основы психологии установки. - Тбилиси: Изд-во Акад. наук Груз. ССР, 1961. - 210 с.;
6. Узнадзе Д.Г. Психологические исследования. - М.: Наука, 1966. - 451 с.;
7. Гордеева С.С. Сущность и структура социальной установки в социологии и социальной психологии//ВЕСТНИК ПЕРМСКОГО УНИВЕРСИТЕТА. 2016. Выпуск 3 (27);
8. Савельев И.А. К вопросу о формировании и актуализации социальных установок субъектов управленческой деятельности//Социум и власть 2015. № 1 (51). 26 б.;
9. Девяткин А.А. Явление социальной установки в психологии XX века. Калининград, 1999. 309 с.
10. Lutz R.A. *Functional Approach to Consumer Attitude. Advances in Consumer Research* / eds. by K. Hunt, A. Abor. MI: Association for Consumer Research, 1978, vol. 5, pp. 360–369. (In English).;
11. Шихирев П.Н. Современная социальная психология США. М.: Наука, 1979. 344 с.;
12. Thurstone L. *The measurement of social attitudes* // J.Abnorm. Soc.Psychology, 1931.;
13. Надирашвили Ш.А. Установка и деятельность. - Тбилиси: Изд-во Мецниереба, 1987. -361 с.;
14. Ядов В.А. О диспозиционной регуляции социального поведения личности // Методологические проблемы социальной психологии / Под ред. Е.В. Шороховой. - М., 1975. - С.89-105.
15. Ильюшкин В.В. Социальный стереотип как концентрированное выражение социальной установки // Вестник науки и образования. 2015. №1 (3). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnyy-stereotip-kak-kontsentririrovannoe-vyrazhenie-sotsialnoy-ustanovki>;
16. Дэвис, Дж. Социология установки // Американская социология. Перспективы, проблемы, методы сокр.; пер. с англ. В.В. Воронина и Е.В. Зиньковского. М. Прогресс, 1972. С. 54–60;
17. Бурдые, П. Социология социального пространства. СПб., 2007. 288 с.;
18. Стегний В.Н. Социологический подход к определению категорий «Социальные установки» и «Ценностные ориентации личности» // Вестник ПНИПУ. Социально-экономические науки. 2017. №2. – С. 8–17. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsiologicheskij-podhod-k-opredeleniyu-kategoriy-sotsialnye-ustanovki-i-tsennostnye-orientatsii-lichnosti>;
19. Социологический словарь: пер. с англ. / Н. Аберкромби, С. Хилл, Б.С. Тернер; под ред. С.А. Ерофеева. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Экономика, 2004. – 620 с.;
20. Антонов, Г. В. Демографические установки населения как объект государственной демографической политики. Власть 2015, 21, 149-154;
21. Кузнецова С.А. Миграционные установки как специфический вид социальных установок // Вестник РУДН. Серия: Психология и педагогика. 2012. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/migratsionnye-ustanovki-kak-spetsificheskij-vid-sotsialnyh-ustanovok>;
22. Нахимова Я.Н., Ромашкина Г.Ф. Социальные установки молодежи на употребление наркотиков и профилактика наркомании. Образование и наука. 2017;19(6):138-160. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2017-6-138-160>;
23. Гордеева С.С. Формирование установок на потребление алкоголя у подростков: социологический анализ: автореферат дис. кандидата социологических наук: 22.00.04. - Екатеринбург, 2016. - 19 с. <https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/38709/1/urgu1534.pdf>;
24. Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане: монография /, - Алматы: Экономика, 2006. - 416 с.

References:

1. Thomas W. and Znaniecki F. *The Polich Peasants in Europe and America*. Vol. 1.-Boston, 1918;
2. Devyatko I.F. *Izmerenie ustanovki: stanovlenie sociologicheskoy paradigmy / Metodika i tekhnika sociologicheskikh issledovaniy*. 1991 - S.49-60. <http://ecsocman.hse.ru/data/239/927/1216/05Devyatko.pdf>
3. Ganzha A.O., Zotov A.A. *Gumanisticheskaya sociologiya Floriana Znanecogo* // Sociologicheskie issledovaniya. 2002. № 3. S. 112–120;
4. Alport G. W. *Pattern and Growth in Personality*. - N.Y., 1964. - 593P.;
5. Uznadze D.N. *Eksperimental'nye osnovy psihologii ustanovki*. - Tbilisi: Izd-vo Akad. nauk Gruz. SSR, 1961. - 210 s.;
6. Uznadze D.G. *Psihologicheskie issledovaniya*. - M.: Nauka, 1966. - 451 s.;
7. Gordeeva S.S. *Sushchnost' i struktura social'noj ustanovki v sociologii i social'noj psihologii*//VESTNIK PERMSKOGO UNIVERSITETA. 2016. Vypusk 3 (27);
8. Savel'ev I.A. *K voprosu o formirovanii i aktualizacii social'nyh ustanovok sub"ektov upravlencheskoj deyatel'nosti*//Socium i vlast' 2015. № 1 (51). 26 б.;
9. Devyatkin A.A. *YAvlenie social'noj ustanovki v psihologii HKH veka*. Kaliningrad, 1999. 309 s.
10. Lutz R.A. *Functional Approach to Consumer Attitude. Advances in Consumer Research* / eds. by K. Hunt, A. Abor. MI: Association for Consumer Research, 1978, vol. 5, pp. 360–369. (In English).;

11. SHihirev P.N. *Sovremennaya social'naya psihologiya SSHA*. М.: Nauka, 1979. 344 с.;
12. Thurstone L. *The measurement of social attitudes* // *J.Abnorm. Soc.Psychology*, 1931.;
13. Nadirashvili S.H.A. *Ustanovka i deyatelnost'*. - Tbilisi: Izd-vo Mecniereba, 1987. - 361 с.;
14. Yadov V.A. *O dispozitsionnoj regulyatsii social'nogo povedeniya lichnosti* // *Metodologicheskie problemy social'noj psihologii / Pod red. E.V. SHorohovoj*. - М., 1975. - С.89-105.
15. Il'yushkin V.V. *Social'nyj stereotip kak koncentrirovannoe vyrazhenie social'noj ustanovki* // *Vestnik nauki i obrazovaniya*. 2015. №1 (3). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnyy-stereotip-kak-kontsentririrovannoe-vyrazhenie-sotsialnoy-ustanovki>;
16. Devis, Dzh. *Sociologiya ustanovki* // *Amerikanskaya sociologiya. Perspektivy, problemy, metody sokr.*; per. s angl. V.V. Voronina i E.V. Zin'kovskogo. М. Progress, 1972. С. 54–60;
17. Burd'e, P. *Sociologiya social'nogo prostranstva*. SPb., 2007. 288 с.;
18. Stegnij V.N. *Sociologicheskij podhod k opredeleniyu kategorij «Social'nye ustanovki» i «Cennostnye orientacii lichnosti»* // *Vestnik PNIPU. Social'no-ekonomicheskie nauki*. 2017. №2. – С. 8–17. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsiologicheskij-podhod-k-opredeleniyu-kategoriy-sotsialnye-ustanovki-i-tsennostnye-orientatsii-lichnosti>;
19. *Sociologicheskij slovar'*: per. s angl. / N. Aberkrombi, S. Hill, B.S. Terner; pod red. S.A. Erofeeva. – 2-e izd., pererab. i dop. – М.: Экономика, 2004. – 620 с.;
20. Antonov, G. V. *Demograficheskie ustanovki naseleniya kak ob'ekt gosudarstvennoj demograficheskoy politiki*. *Vlast'* 2015, 21, 149-154;
21. Kuznecova S.A. *Migracionnye ustanovki kak specificheskij vid social'nyh ustanovok* // *Vestnik RUDN. Seriya: Psihologiya i pedagogika*. 2012. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/migratsionnye-ustanovki-kak-spetsificheskij-vid-sotsialnyh-ustanovok>;
22. Nahimova YA.N., Romashkina G.F. *Social'nye ustanovki molodezhi na upotreblenie narkotikov i profilaktika narkomanii*. *Obrazovanie i nauka*. 2017;19(6):138-160. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2017-6-138-160>;
23. Gordeeva S.S. *Formirovanie ustanovok na potreblenie alkogolya u podrostkov: sociologicheskij analiz: avtoreferat dis. kandidata sociologicheskikh nauk: 22.00.04. - Ekaterinburg, 2016. - 19 s.* <https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/38709/1/urgu1534.pdf>;
24. Altynbekova O.B. *Etnoyazykovye processy v Kazahstane: monografiya /*, - Almaty: Экономика, 2006. - 416 с.

FTAMP 04.51.67

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.14>

Г.Б. Есбергенова*

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының докторанты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет,
Қазақстан, Алматы, e-mail.: gulnur_2288@mail.ru

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ ТӘРБИЕ АЛУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТЕОРИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРДІ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада балалар үйінде тәрбие алушылар арасындағы девиантты мінез-құлық мәселелері бойынша теориялық тәсілдер мен тұжырымдамалық түсініктер талданады. Теориялық және концептуалды талдау американдық, европалық, ресейлік авторлар мен ЮНИСЕФ-тің 2011 жығы «Қазақстанның мемлекеттік интернат мекемелерінде балаларға қатысты зорлық-зомбылық: бағалау» атты есебіне сүйенеді.

Бұл мақалада негізгі назар балалардың девиантты мінез-құлқының феноменіне теориялық және концептуалды талдау жасаумен байланысты. Автор мақалада жалпы балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің девиантты мінездеріне мысал келтіре отырып, осы уақытқа дейін әлемде жүргізілген бірнеше зерттеулердің нәтижелерін ала отырып, балалар үйінде тәрбиеленушілердің арасында көп кездесетін девиантты мінездерінің түрлерін қарастырады.

Мақалада зерттелетін мәселеге тікелей және жанама қатысы бар ғылыми-зерттеу жұмыстарына егжей-тегжейлі шолу жасауға әрекет жасалды. Бұл зерттеулер түрлі кәсіби журналдардан, коммерциялық журналдардан және басқа да көздерден жиналған.

Түйін сөздер: девиантты мінез-құлық, балалар үйі тәрбиеленушілері, деликвентті мінез.

*G.B. Esbergenova**

PhD student of the department of sociology and social work, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail.: gulnur_2288@mail.ru, tel.: +7 700 996 42 56

ANALYSIS OF THEORETICAL APPROACHES AND CONCEPTUAL IDEAS ON THE PROBLEMS OF DEVIANT BEHAVIOR AMONG CHILDREN IN ORPHANAGES

Abstract

The article analyzes theoretical approaches and conceptual concepts on the problems of deviant behavior among children in orphanages. The theoretical and conceptual analysis is based on the report of American, European, and Russian authors and the UNICEF report for 2011: «Violence against children in state residential institutions in Kazakhstan: an assessment».

The author examines the most common types of deviant behavior among children in orphanages, giving an example of deviant behavior of children in orphanages, receiving the results of several studies conducted in the world to date.

The article attempts to make a detailed review of research works that are directly and indirectly related to the problem under study. These studies are collected from various professional journals, commercial journals, and other sources.

Key words: deviant behavior, children from orphanages, delinquent behavior.

*Г.Б. Есбергенова**

*Докторант кафедры социологии и социальной работы,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан, e-mail.: gulnur_2288@mail.ru, тел.: +7 700 996 42 56*

АНАЛИЗ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ПОДХОДОВ И КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ ПО ПРОБЛЕМАМ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ СРЕДИ ВОСПИТАННИКОВ ДЕТСКИХ ДОМОВ

Аннотация

В статье анализируются теоретические подходы и концептуальные концепции по проблемам девиантного поведения среди воспитанников детских домов. Теоретический и концептуальный анализ опирается на отчет американских, европейских, российских авторов и на отчет ЮНИСЕФ за 2011 год: «Насилие в отношении детей в государственных интернатных учреждениях Казахстана: оценка».

Автор рассматривает в статье наиболее распространенные среди воспитанников детских домов типы девиантного поведения, приводя в пример девиантное поведение воспитанников детских домов, получая результаты нескольких исследований, проведенных в мире до настоящего времени.

В статье были предприняты попытки сделать подробный обзор научно-исследовательских работ, имеющих прямое и косвенное отношение к исследуемой проблеме. Эти исследования собраны из различных профессиональных журналов, коммерческих журналов и других источников.

Ключевые слова: девиантное поведение, воспитанники детских домов, деликventное поведение.

Кіріспе.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік интернат мекемелерінде ұзақ уақыт тұратын балалар саны жыл өткен сайын қосылуда. ЮНИСЕФ (ЮНИСЕФ, 2019) ақпараттық порталындағы мәліметтерге сүйенер болсақ, Қазақстан ТМД өңірінде жан басына шаққандағы балаларды институционализациялаудың ең жоғары көрсеткіштерінің біріне ие, ал Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің деректері бойынша, Қазақстанда 4,5 млн баланың 14 000-нан астамы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерде тұрады. Осы министрлікпен берілген статистикалық мәліметтер бойынша жыл

сайын 2000-ға жуық бала ата-анасының қамқорлығынан айырылады, оның басым бөлігі перзентханаларда тастанды балалар, мемлекет ата-аналарын ата-ана құқықтарынан ата-анасын айырған балалар болып табылады.

Ата-ана құқығынан айырылғандардың басым бөлігі өз баласына қажетті күтім көрсете алмаған, ішімдікке немесе нашаға салынған, жезөкшелікпен айналысып кеткен ата-аналар болып табылады. Тастанды бала атандырған ата-аналар баласын өзінің қалауынсыз тууға мәжбүр болған, өте жас немесе жасөспірімдік кезеңде туыстарына айтпай туған, зорлану салдарынан туған, ауру бала туған ата-аналар болып келеді. Қазақстандағы 150 000 мүгедек балалардың басым көпшілігі мемлекеттік балалар интернат мекемелерінде тәрбиеленіп, ата-ана қамқорлығынан айырылғандығы туралы ЮНИСЕФ деректері бар [ЮНИСЕФ, 2019].

Бүкіл әлемдегі зерттеулерде балалар үйінде тәрбиеленудің, мұндай үйлерді қоғамдағы керекті институтқа айналдырудың теріс салдары туралы талдаулар жиі кездеседі. Олардың бірі Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорының қолдауымен 2006 жылы Швейцарияның Женева қаласында Пиньейро мен Пауло Серхио [Пиньейро, Пауло Серхио, 2006] «Балаларға қатысты зорлық-зомбылық туралы Дүниежүзілік есеп» береді. Ол есептің мәліметтеріне сүйенер болсақ, кез-келген мемлекеттегі интернаттық үлгідегі балалар үйінде өсіп жатқан немесе тәрбиеленуші балалардың денсаулығы нашар, дамудың кешігуі бар (оның ішінде әлеуметтік және тілдік дамудың кешігуі), сүйіспеншіліктің бұзылуы бар және т.б. бұзылулар жиі кездеседі. Дамудың кешігуі және психологиялық зақымдану қаупі әсіресе төрт жасқа дейінгі жас балалар үшін өте маңызды, бұл балалардың ата-аналарымен немесе қамқоршыларымен байланысатын маңызды кезең [Пиньейро, Пауло Серхио, 2006].

Пиньейро, Пауло Серхио [Пиньейро, Пауло Серхио, 2006] мәселені былай пайымдайды, мамандандырылған мекемелерде тәрбиеленетін балалар, яғни балалар үйінің тәрбиеленушілері әдетте, баланың оңтайлы дамуы үшін қажет негізгі тәрбиеден, баланы қолдайтын жеке қатынастардан айырылады. Институционализацияның теріс салдары бала мекемеде неғұрлым ұзақ тұрса, соғұрлым ауыр болады және мекемедегі жағдай нашар және/немесе қауіпті болған жағдайда ауыр болады. Балалардың әлеуметтік-психологиялық әл-ауқаты мен жұмыс істеуі көптеген балалар интернаттарында болуы мүмкін әрекетсіздік, әлеуметтік оқшаулану және зорлық-зомбылық пен қатыгез жағдайлар нәтижесінде айтарлықтай нашарлайды. Авторлардың пікірінше шын мәнінде, зерттеулер көрсеткендей, мекемеде болғаннан кейін бала қабылдау кезінде алған негізгі дағдыларын, мысалы, өзіне қамқорлық жасау және қамқор қарым-қатынасты дамыту қабілеттерін жоғалтуы мүмкін.

Кейбір балалар тіпті қашып кетуге және өзіне-өзі қол жұмсауға немесе өзін-өзі өлтіруге де баруы мүмкін. Оған себеп ретінде адамның байланысы мен қамқорлығының болмауын айтуға болады. Сонымен қатар, балалар үйінде өскен тәрбиеленушілер басқа адамдарға физикалық агрессия мен зорлық-зомбылық көрсетуі немесе алкогольді және есірткіні қолдануға, қылмыс пен жезөкшелікке қатысуы мүмкін. Пиньейро мен Пауло Серхионың [Пиньейро, Пауло Серхио, 2006] зерттеулерінде көрсеткендей, арнайы мекемелерге орналастырылған балалар заңға қайшы келеді. Мұның бәрі балалар үйінде тәрбиеленушілердің девиантты мінезге икемділігінің дәлелі. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің девианттық мінез-құлқына байланысты мәселелер бойынша теориялық тәсілдер мен тұжырымдамалық түсініктерді талдау осы мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі.

Отбасы - бұл баланың жеке басының қалыптасуын бағыттайтын және оның ересек адам ретінде қоғамға кірігуіне ықпал ететін институт болып табылады. Сол себепті де, жетім балалар немесе дисфункционалды отбасылардан шыққан балалар үшін (тек бір ата-ана тәрбиелеп, шетелде жұмыс істейтін ата-аналармен немесе қылмыскер ата-аналармен және т. б.) отбасының рөлі мен отбасылық тәрбие айтарлықтай төмендеді, іс жүзінде жоқ деп айтуға болады. Сонымен қатар, бұл балалар әлеуметтік интеграцияда қиындықтарға тап болады. Әлеуметтену процесінде адамдардың дұрыс рөлдерін игеру және дамыту, әлеуметтік нормаларды білу және оларға бағыну әлеуметтік жүйенің тұрақтылығына ықпал етеді. Әлеуметтік байланыстың барлық осы элементтері жеке тұлғалардың әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз ете отырып, бүкіл қоғамның тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді [Сорин, 1991].

Бұзылған үй немесе отбасы – бұл тұлғалық дезадаптацияның факторы болып табылады. М. Мазерн мен А. Томастың [Мазерн, Томас, 2001] зерттеулерінің қорытындысы бойынша балалар

үйінде тәрбиеленуші жасөспірім ерлер арасында сот алдында жауап берген қылмыстардың басым көпшілігі майда ұрлықтар болып табылса, әйелдер үшін, үйінен қашып сексуалды девиацияға ұшырағандар табылды. Бұл зерттеуде салыстырмалы талдау барысында балалар үйінде тәрбиеленуші және отбасының құрылымы бұзылған отбасында тәрбиеленуші жасөспірімдердің мінез-құлқы бойынша қорытынды ой жазылған. Ол жердегі пайымдауда кейбір заң бұзулар отбасының бұзылуымен тікелей байланысты екендігі айтылады. Олардың қатарына, үйден қашу, мектептен немесе сабақтан қашу және бармау, төбелестер сынды девиация жатады.

М. Мазерн мен А. Томастың [Мазерн, Томас, 2001] зерттеулерінің нәтижесі бойынша отбасы мен қаны бұзылмаған отбасыларда тәрбиеленуші жасөспірімдермен салыстырғанда балалар үйінде тәрбиеленген немесе патранаттық тәрбие алушы жасөспірімдер 2,7 есе көбірек үйден қашады. Оған негізгі себеп бұзылған және баланс сақтай алмаған үй немесе отбасы баланың әлеуметтік бейімделуі мен тұлға ретінде қалыптасуы теріс әсер етеді. Нәтижесінде бала құрдастары тарапынан теріс қысымға неғұрлым сезімтал болуы мүмкін. Сонымен қатар, түптеп келгенде, бала отбасы бұзылмаған тәрбие алған балалармен салыстырғанда көбірек заң бұзу әрекеттерін жасауы ықтимал. Бұл отбасындағы балансстың сақталмауынан болады, яғни отбасында ер мен әйелдің рөлдерін көрмеуден, жақсы үлгі болатын адамдардың жетіспеуінен баланың девиантты мінез-құлқыты жиі көрсетуіне алып келеді.

Зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, балалар үйінде тәрбиеленетін балалардың девиантты әрекеттерді жасауда басты назарға алынатын әрекеттер қатарына мекемеден қашу, өзіне қол жұмсау, заң бұзушылық, ішімдік пен нашаға жақындық, сексуалды девиацияға ұшыраудың көптігін алуға болады. Осы бағыттар бойынша негізгі бөлімде балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында девиантты мінез-құлқыты қарастырамыз.

Негізгі бөлім.

Балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында девиантты мінез-құлқыты қарастыру барысында негізгі деген келесідей бағыттар бойынша теориялық және концептуалды талдау жүргіземіз: мекемеден қашу, өзіне қол жұмсау, заң бұзушылық, ішімдік пен нашаға жақындық, сексуалды девиацияға ұшырау.

Біріншіден, балалар үйінен көп қашатын қашқын балалар. Балалар үйі немесе арнайы мемлекеттік балалар ауылы мекемелердегі кейбір балалар, әсіресе басқа балалар мен мекеме қызметкерлерінің зорлық-зомбылық құрбаны болған балалар осы мекемеден қашады жиі қашатындар қатарынан болып табылады [Пиньейро, Пауло Серхио, 2006].

Пиньейро мен Пауло Серхионың есебінде [Пиньейро, Пауло Серхио, 2006] қашқын балалармен жиі байланыста болатын маман ол полиция қызметкері екендігі айтылады. Олар қашқын балалармен жиі байланыста болады, өйткені балалар үйінен қашқан тәрбиеленушілерді полиция жиі қайыр сұрау барысында, көшедегі қылмыстар, мүліктік қылмыстар, дүкендердегі ұрлық, есірткі және/немесе алкогольді тұтыну және жезөкшелік барысында көп кезіктіріп, оларды ұстайды. Полицияның қашқын балаларға, әсіресе интернаттан қашқан балаларға жиі кездесетін реакциясы – оларды кәмелетке толмаған құқық бұзушылар, бұзақылар немесе қылмыстық құқық бұзушылар ретінде қарау және оларды ұстау болып табылады. Немесе егер бала қылмысқа немесе құқық бұзушылыққа қатыспаса, ол әдетте мекемеде зорлық-зомбылық пен немқұрайдылықтың болуына қарамастан қашып кеткен мекемеге оралады. Мекемеге оралғаннан кейін қашқындар көбінесе қызметкерлер тарапынан қатты жазаланады және тәртіп үшін қайтадан құрбан болады. Бұл әрекеттер балалардың қайта қашуына тағы бір себеп болады. Сол себепті мекемеден яғни балалар үйінен бір рет қашқан бала бұл әрекетті екінші рет қайталау жиілігі кеп кездеседі.

ЮНИСЕФ [ЮНИСЕФ, 2011] жүргізген зерттеулердің мақсаты мемлекеттік интернат мекемелерінен балалардың қашу әрекеттері туралы көбірек білу және қашып кету мен сол мекемелердегі зорлық-зомбылық пен қараусыз қалған балалардың тәжірибесі арасындағы байланысты зерттеу болды.

Оның нәтижелеріне сүйенер болсақ, балалар үйінен қашатын балалардың әрекеттерін девиантты әрекеттердің қатарына кіргізбей, басқаша интерпретация жасауға болатындығын дәлелдеді. Мысалы, олардың зерттеулері көрсеткендей, балалар үйінен қашу – бұл балалар өз өмірлерінде қысым мен зорлық-зомбылықтан аулақ болу үшін қолданатын күрес стратегиясы немесе өмір сүру стратегиясы; алайда полиция бұл шындықты сирек түсінеді. Егер мекеме қызметкерлері немесе балалар үйінде тәрбиеленушілермен тікелей жанасатын мамандар бұл мәселені, яғни мекемеден балалардың қашуын

балалардың өз өмірлерінде зорлық-зомбылықтан аулақ болу үшін қолданатын өмір сүру Стратегиясы екенін түсінсе, қашқындарды зорлық-зомбылық құрбандары ретінде қарау керек, оны бірден девианттар деп белгілеу керек.

ЮНИСЕФ [ЮНИСЕФ, 2011] жүргізген зерттеулерінің нәтижесіне былай тұжырымдама жасалынады, мысалы, көп жағдайларда қашып кеткен баланы өзі қашып кеткен мекемеге қайтару баланың мүддесі үшін жақсы болмауы мүмкін, әсіресе егер ол басқа балалар немесе қызметкерлердің зорлық-зомбылығының құрбаны болса және қызметкерлердің немқұрайдылығын сезінсе. Сондай-ақ, қашқындарды өзіне-өзі зиян келтіру әрекеттеріне (мысалы, кесу, жағу, өзін-өзі өлтіру әрекеттері) қатысатындығын анықтау үшін бағалау керек. Сонымен қатар, балалардың қашып кету жағдайлары бар мекемелер балалардың қадағалаусыз және зорлық-зомбылық проблемаларын анықтау үшін тексерілуі керек. Мекемеден қашатын балалардың іс-әрекеттері мекемедегі ықтимал проблемалар үшін ескерту белгісі болуы керек.

Бұл зерттеулердің нәтижелері бір девиантты мінездің екінші девиацияға алып келу мүмкіндігін көрсетеді.

Екінші мәселе балалар үйінің тәрбиеленушілері арасындағы суицидке тәуелділік немесе өзіне-өзі қол жұмсауға бару. ЮНИСЕФ [ЮНИСЕФ, 2011] жүргізген зерттеудің есебіндегі мәліметтерге сүйенер болсақ, соңғы жылдары Қазақстандағы балалар суицидінің жоғары көрсеткіштері мемлекеттік шенеуніктер мен басқа да негізгі мүдделі тараптар арасында кәметке толмағандар арасында суицидтің алдын алудың бірлескен жоспарымен қатар талқылауға алып келді. Білім министрлігінен алынған мәліметтерге сәйкес, аймақтық бөлімдер 2009 жылы 264 баланың өзін-өзі өлтіруі және 2010 жылы 256 баланың өзін-өзі өлтіруі туралы хабарлады. Салыстыру үшін, Бас прокуратура 2009 жылы тек 144 өзін-өзі өлтіру (оның ішінде өзін-өзі өлтіру әрекеттері) және 2010 жылы 152 өзін-өзі өлтіру (оның ішінде өзін-өзі өлтіру әрекеттері) туралы хабарлады.

Өзін-өзі өлтіру адамдардың түсінуі қиын мінез-құлқының бірі болуы мүмкін, бірақ көптеген балалар өзін-өзі зақымдайтын мінез-құлықтың әртүрлі түрлеріне қатысады, онда адам өз денесіне әдейі зиян келтіреді (мысалы, теріні әдейі кесіп тастайды, өзін-өзі жояды немесе тырнап алады, өзін-өзі күйдіреді, теріні немесе шашты тартады, улы заттарды жұтып, сүйектерді сындырады) немесе өзін-өзі өлтіреді. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, өзіне-өзі зиян келтіру өз-өзіне қол жұмсау ниетінсіз жасалуы мүмкін; алайда, бұл қарым-қатынас анық емес, өйткені адамдар өзіне-өзі зиян келтіретіні туралы есеп береді, сонымен бірге олар өз-өзіне қол жұмсауды қарастырғаны немесе тырысқаны туралы хабарлайды.

кететін қаржының барлығы ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің бюджетіне тікелей ықпал етеді екен [6, 6 бет]. «Қазақстанда жасанды түсік жасату жағдайын азайтқан кезде ғана бюджет шығынын азайтуға болады. Егерде, шамамен 80% жасалынатын жасанды түсіктің санын жанұя болуды жоспарлаған кезде болдырмауға мүмкін еді, сол дұрыс жанұя болуды жоспарлаған кезден қалған қаржыны Қазақстан Республикасындағы иммунизациялау бағдарламаларына толықтау жұмсауға болатын еді немесе сол жасанды түсік жасауға кетіретін қаржыны жанұя болуды жоспарлау қызметінде қолдануға мүмкін болатын еді [6, 6 бет]. Осы жастағы жүктіліктің әлеуметтік-психологиялық қиындықтарының бірі ол кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздардың толық білім алуына кедергілер келтіреді, ал бұл дегеніміз еңбек нарығында бәсекелестікке төтеп бере алмау мен кедейлікке алып келеді. Тағыда бір жеке қарастыратын мәселе ол әлеуметтік жетімдік және некесіз балалардың дүниеге келуі. Біздің ойымызша, осы некесіз туылған балалардың көбі кәмелет жасына толмай жүкті болған әйелдер арасында жиі кездесетін жағдай.

Зерттеу бөлімі. Біз қарастырып отырған жүкті болған кәмелет жасындағы қыздардың әлеуметтік-психологиялық жағдайындағы өзгеріс, оларды қоршаған адамдармен қарым-қатынасының нашарлауы, яғни қыздардың оларға бағынуы. Бағыну дегеніміз бұл кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздың өз-өзіне деген сенімділігінің жоғалуы, осының салдарынан олар ортадағы адамдардың пікіріне келісіп оларға шешім қабылдауда бағынышты болатындығы. Жасөспірім жүкті болған қыздардың эмоционалды қанағаттанбауларының келесі негізгі себептері анықталған: материалды, тұрғын үй, әлеуметтік ортадағы кері ықпалдар, жақындары мен ата-аналарымен жанжалдар, жасөспірім қыздың өзінің келбеті мен денесіне ұнатпауы, өзінен жиіркенуі, жүктіліктен шаршау, үйде отырып үй жұмыстарын атқарудан шаршау мен олардың жүктілік кезінде болатын психологиялық күйзелістерден шаршауы болады.

Дүниежүзі денсаулықты сақтау ұйымының мәлеметі бойынша 15-19 жас аралығындағы адамдар арасындағы депрессия мүгедектікті пен қатерлі аурулар туындататын себептердің тізімінде төртінші орында тұр, ал 10-14 жастағылар арасында депрессия қатерлі ауру ретінде он бесінші орында тұр [5].

Психология мен психоанализ тұрғысынан кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздардың мәселесін түсіну үшін алдымен жасөспірімдердің жыныстық қатынас жайлы білу әрекеттерін анықтасақ. Балалар табиғаты бойынша өздерінің денелері жайлы білгілері келеді, әсіресе оларға баланың қалай пайда болатындығы қызықты. Қазіргі кезде балалар баланың қырыққабаттан немесе оларды құтандар алып келмейтіндігін айқын біледі, оны білгізген БАҚ тарататын ақпараттар.


Балалар туыла салысымен оларда жыныстық қызығушылық жоқ яғни оларда жыныстық жайлы мүлде ақпараттар жоқ, білмейді, оларды «таза» көреміз. Дегенімен, Зигмунд Фрейдтің балалардағы сексуалдылық жайлы зерттеулері балаларда бала кезінен бастап жыныстық қатынас жайлы психологиялық қондырмалардың қалыптасатындығы айтылған. Альфред Кинси «Есеп беруінде» балалардың сексуалдылығын зерттеп, Зигмунд Фрейдтің идеясын қолдаған (осы идеялар жалпы балаларды азғындау ретінде қабылданып, қатаң қудалауға ұшыраған) [7]. Зигмунд Фрейд өзінің «Психоанализға кіріспе» атты кітаптарында балаларда болатын, бірақ бейсаналық тұрғыда көрінетін сексуалдылық пен олардың жыныстық құмартулары жайлы ақпараттар оның тәжірибесі негізінде көрсетілген.

Кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздардың жүкті болуы, бала босануы күш көрсету арқылы, яғни зорлаған болса, ал басым көпшілік өздерінің қалаулары бойынша жыныстық қатынасқа түсулерінен болады. Жөспірімдердің жыныстықтарын келесі тұжырымдамалар бойынша қарастыру, олар: биологиялық, эмоционалдық, психологиялық, әлеуметтік жақтарын қарастырамыз.

Әлеуметтік аспектіде жасөспірімдердегі сексуалдылықты қарастыру оның мәдени, саяси, құқықтық сұрақтарының негізіне байланысты болуы мүмкін. Әлеуметтік ортада адамдардың сексуалдылық пен жыныстық мінез-құлықтарын олардың әлеуметтік ортада адамдармен қарым-қатынасына байланысты болып, оны қандай да бір жағдай орын алған кезде көрсете алуды білдіреді. Әлеуметтік ортада жасөспірімдердің сексуалды мінез-құлықтарын көрсетуі оларды қоршаған ортасындағы ұстанымдар мен қарым-қатынасқа байланысты орын алады. Мысалы, ата-ана баласының жыныстық және репродуктивті денсаулық, контрацепция әдістері жайлы білмейді деп ойлауы мүмкін себебі жасөспірім ата-анасының алдында осы мәселе бойынша ақпараттарды білетіндігін көрсетпейді, ал өзінің қатарластары арасында немесе әлеуметтік желілердегі қоғамдастықтарда осыларға қатысты әжептәуір сауатты екендігін көрсетеді, айтады, талқылауға қатысады.

Жыныстылық пен әрбір адамның жыныстық қарым-қатынасқа түсу және жүкті болса оны түсік тастауға итермелеу мен оны күштеу әрекеттерін жасауға ешкімнің құқы жоқ. Біздер кәмелет жасына толмай жыныстық қатынасқа түскен қызға кедергі келтіріп, оның жыныстық құқығын таптай алмаймыз, ал жүкті болса баласын өмір сүру құқығынан айыра алмаймыз. Дегенімен біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздарды жүкті болуын өздерінің қалаулары (еркін) және күштеу негізінде болатындығын бөліп айттық (зорлау немесе күштеп некеге тұрғызу). Осының ішінде ЮНФПА дүниежүзі бойынша жүргізген зерттеулерінің нәтижесі бойынша көптеген кәмелет жасына толмай жүкті болған, бала босанған қыздарды ата-анасы күштеп некеге тұрғызған, кейбір қыздарды ер адамдар алдап кеткен, осы қыздар кәмелет жасына толмай жүкті болып, бала босанғандықтары үшін өкінеді, кейбірі әлі өздері бала болып бала босанғандарын айтып өкінеді. Осы зерттеу бойынша көптеген зерттеуге қатысқан қыздар жүктілік, босану салдарынан оқу оқып білім алмай қалғандарын айтып өткендеріне өкінеді [9].

1- кесте. ЮНФПА 2013 жылғы есебінен алынған жүкті болған жасөспірім қыздардың жағдайы жайлы көрсеткіш.



Әрбір адамның жыныстылық және сексуалдылық құқықтарына қол сұғуға болмайтындығын заң тұрғысынан білеміз, дегенімен 1 кестеде көрсетілген мәлеметтер мен жалпы ЮНФПА-ның дүниежүзінде жасалып келе жатқан зерттеулері негізінде жасөспірімдерді жыныстық қатынасқа түсуін тыйу керек деген ойдамыз. Себебі, бұл оларды жыныстық өмір сүруді бастауды кейінге қалтыру арқылы біз оларда саналы жыныстық әрекет жасауға деген мінез-құлық қалыптастыра аламыз. Ал бұл деген жасөспірім шақта бала босануда болатын қиындықтар мен жыныстық жолмен жұғатын инфекциялар мен АИТВ жұқтыруды болдырмауға тәрбиелейді.


Тақырыптың өзектілігі:

- 2017 жылы некеде туылған балалар санының көрсеткіші 87%, ал тіркелмеген некеден туылған балалар көрсеткіші 13%, ал некесіз туылған балалардың сандық көрсеткіші 2005 жылы 24,4% көрсеткен [10, 23].

- Жүкті әйелдердің арасында АИТВ-инфекциясының таралуы 2017 жылы 1000 әйелге шаққанда 1,8-ді құрайды, бұл 1%-тік көрсеткіштен төмендеген, ал оның артуы АҚТҚ індетінің генерализацияланған деңгейге көшуін білдіреді [11, 26].

- Әйелдер мен 15 жастан асқан қыздардың жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) мен АИТВ, жоспарланбаған жүктіліктен қорғайтын контрацепциялық әдістер жайлы білімдерінің төмендігі мен толық ақпараттандырылмауы.

1- Диаграмма. 2010-2017 жылдары Қазақстанда жасалынған жасанды түсік саны:



• Қазақстан Республикасының келесі бір өзекті мәселесі ол жастар мен жасөспірімдердің жыныстық және репродуктивті денсаулықтарына қатысты мәселелер. Оның ішінде репродуктивті денсаулықты сақтау.

15-19 жас аралығындағы қыздардың бала туу жиілігі: 2017 дылы әрбір 1000 қыздың 24,93-і бала босанған, ал 2014 жылы әрбір 1000 қыздың 34,72-і босанған. 19 жасқа дейінгі жаста босанған қыздардың жағдай көрсеткіштері бойынша бұл мәселенің көшін бастап тұрған Жамбыл облысы (35,47) жағдай, Атырау (30,99), Түркістан (30,02), Алматы (29,77), Маңғыстау облысы (39,81) жағдай анықталған [10,28]. Бұл көрсеткіш айтарлықтай азайғанымен, дегенімен жыныстық қатынасқа түсетіндердің орта жасы 16 жастан жоғарыламай тұр. Осы тақырыптың шеңберінде 2018 жылы Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы ҚР Денсаулық сақтау Министірлігінің қолдауымен БҰҰ Қазақстандағы Халықты қоныстандыру қорының (ЮНФПА) тапсырысы негізінде зерттеу жүргізген.

БҰҰ Қазақстандағы Халықты қоныстандыру қорының (ЮНФПА) «Біз Қазақстандықтар» атты 2020 жылы жарияланымындағы деректер. Ауылдағы жасөспірім қыздар қалалық құрдастарына карағанда орта есеппен 20%-ке жиірек жүкті болып, босанады. Бұл деген жалпы осы тақырыпты зерттеу кезіміздегі болжамға сәйкес болды. Осы болжам бойынша, ауылдағы қыздар репродуктивті денсаулық пен жоспарланбаған жүктіліктен қорғануға арналған контрацепциялық әдістерді білмейтіндігі мен қолжетімділіктерінің төмен екендігін айтқанбыз.

«Біз Қазақстандықпыз» ЮНФПА 2019 жылғы зерттеуі бойынша жыл сайын орта есеппен 15-18 жас аралығындағы 1000 қыздың 5-6 жасанды түсік жасатады [10,28]. Ал Қоғамдық пікірді зерттеу орталығының (ҚПЗО) 2018 жылы Қазақстанның 17 аумағында жүргізген «15-19 жас аралығындағы жастар мен жасөспірім топтары арасында репродуктивті денсаулықтары мен сексуалды мінез-құлықтарын, репродуктивті денсаулықты қорғау мен осы сала бойынша ақпараттарды алуға қолжетімділік деңгейін анықтау» зерттеуінде зерттеуге қатысқан 4360 респонденттің ішінде жыныстық қатынастық өмірді бастағандары 1284 респондент болған, соның ішінде жыныстық өмір сүретін қыздар саны 294 болды. Сол зерттеу бойынша 15-19 жас аралығындағы қатысқан қыздардың 49-ы өмірлерінде жүкті болып көргендігін айтқан. 49 жүкті болған қыздардың 30-ында жүктілік бала босанумен аяқталған, ал жасанды түсік жасатқандар саны 11, ал өздігінен түсік болғандар саны 8 [2].

Кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздарда туындайтын әлеуметтік- психологиялық мәселелердің маңыздысы ол стигма мен дискриминация. Стигма, қоғамның ол қызды өмірінің соңына дейін некесіз бала босанғанын, оның жасына байланысты жыныстық қатынастық өмірді бастағаны үшін айыптап, оны талқылап өтеді. Қоғамның бұл әрекеті ең алдымен сол қыздың өмірі мен өзін қабылдауына әсер етеді, кейін оның ата-анасы мен отбасына, жақындарының ол жайлы ойына әсер етеді. Осындай қоғамның ол қыздың әрекетіне қатысты ойы, пікірі жүкті болған қызды суицид жасауына әсер етеді. Бұл жағдай қазір пайда болған мәселе емес, оны көптеген махаббат оқиғасын сипаттайтын әдебиеттерден көреміз. Дегенімен, қазіргі кездегі бұл жағдайдың күрделенуі мен жеңілдеуінде. Күрделенуі – кәмелет жасына толмай жүкті және бала босанған қыздардың өзіндік босануы, өздерінің қолдарымен, білімсіз жасанды түсік жасауы, балаларды қоқысқа тастай салуы, «ұялудың» салдарынан өз-өздеріне қол салулары. Жеңілдеген жағы – кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздарға көмектесетін «Ана мен бала» үйлерінің, арнайы орталықтардың болуы, қызмет

көрсетулері, «Теңге-Тең» принципі негізінде осындай қыздарға кеңес беретін еріктілердің болуы, қоғамның қайткенменде осы қыздардың жағдайына гуманды қарауы.

Қорытынды. «Кәмелет жасына толмай жүкті болған қыздарда туындайтын әлеуметтік-психологиялық мәселелер» тақырыбы бойынша мәселелерді зерттеу келе мынадай тұжырымдар жасауға болады. Бұл әлеуметтік маңызды мәселемен қоғам болып күресуіміз керек. Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулықтарына қатысты құқықтарды ескере отырып еркін репродуктивті денсаулықты сақтау жайлы жан-жақты дұрыс қол жеткізу керек. АИТВ, ЖИТС, ЖЖБИ, венерологиялық аурулардың жұғу жолдарын олардың зардаптарын жасөспірімдерге түсіндіру керек.

Жасөспірімдердің репродуктивтік құқықтары дегеніміз ол саналы және еркін репродуктивті денсаулықты сақтау жайлы дұрыс ақпараттарға қол жеткізу; ЖЖБИ мен АИТВ, ЖКТБ жайлы жайлы ақпараттар алу, оларды анықтау кезінде тегін және анонимді түрде тексерілу мүмкіндіктері, емделу мүмкіндігіне құқықтары бар; Репродуктивті денсаулықты қорғау мен сақтау үшін сапалы медициналық, психологиялық көмектер алу; ЖЖБИ, АИТВ және жоспарланбаған жанұя болудан сақтануға арналған контрацептивтерді, басқа да қажетті дәрілерді алуға құқылы. Дегенімен, ешкімнің ешкімді оның жасына байланысты жыныстық қатынасқа қатысты шектеу қоюға құқықтары жоқ. Осындай себептерден қазіргі кезде кәмелет жасына толмағандар арасында жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (жасырын немесе ашық формадағы барлық түрлері), АИТВ, жоспарланбаған жанұя мен әлеуметтік жетімдік мәселелері туындап отыр. Осы мәселе шеңберінде талқылаулар көп, біз осы тақырыпты зерттеушілер ретінде келесі ұсыныстарды ұсынамыз.

Ұсыныстар:

1. Жыныстық қатынас және оның салдары туралы жасөспірімдерді саналы түрде ойлануға, әрбір әрекетіне саналы түрде қарауға үйрету тәрбиенің басты бағыты болуы тиіс;

2. Елімізде 15-19 жас аралығындағы білім алатын, жұмыс істейтін, жұмыссыз, әскерде борышын өтеп жүргендер арасында жыл сайын сараптау орталықтары осы топтағы адамдар арасында олардың репродуктивті денсаулықты сақтау бойынша әлеуметтік зерттеулер, сауалнамалар жүргізілуі керек. Осындай зерттеулердің нәтижелері әлеуметтік желілер мен жасөспірімдер оқитындай етіп жариялау жұмыстарын жасау керек;

3. Қазақстанда тегін сенім телефоны негізінде әртүрлі топ, оның ішінде әсіресе жасөспірімдер мен жастарға жыныстық және репродуктивті денсаулық бойынша кеңестер беретін Call-орталықтар қызмет етуі керек. «КМПА сенім телефоны арқылы жастарға консультациялық қызметтерді ұйымдастыру мен ұсыну» жобасы негізінде.

4. «Теңге-тең» принципі негізінде репродуктивті денсаулықты сақтау мәселесі шеңберінде білімді, білікті жастарды жасөспірімдерге кеңестер беретін тренерлерді оқыту, олардың жұмыстарын ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Human Development Indices and Indicators / 2018 Statistical Update (ағылш.). United Nations Development Programme.*

2 «Социологическое исследование по изучению состояния репродуктивного здоровья подростков и молодых людей 15-19 лет, их сексуального поведения и доступа к услугам и информации в области охраны репродуктивного здоровья», исследование проведено исследовательской организацией ТОО «Центр Изучения Общественного Мнения» (ЦИОМ) по заказу Министерства Здравоохранения РК и Фонда ООН в области народонаселения (ЮНФПА) при финансовой поддержке ЮНФПА и Посольства Нидерландов в Казахстане и технической поддержке Республиканского центра СПИД. [Текст] // Отчет о результатах исследования – Алматы, 2018.

3 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2 қыркүйек 2019. [Электрондық ресурс] http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy

4 Жаклин Шарп, Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация президенті. «Сексуалды құқық: Ата-аналықты жоспарлаудағы Халықаралық федерация декларациясы».

5 Психическое здоровье подростков 28 сентября 2020 г. [Электрондық ресурс]. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/adolescent-mental-health>

- 6 Проблема подростковой беременности в странах Восточной Европы и Центральной Азии [Электрондық ресурс]. https://eeca.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/Teenage%20pregnancy_RUS.PDF
- 7 Agmo Anders, *Functional and dysfunctional sexual behavior*. Elsevier 2007
- 8 Faucault, Michel. *Histoire de la sexualité*. – Париж: Gallimard, 1976. – 211 p. – ISBN 2070295893.
- 9 Материнство в детстве. Насущные проблемы подростковой беременности. Доклад Отдела информации и внешних связей ЮНФПА (Фонда Объединенных Наций в области народонаселения). [Электрондық ресурс]. https://www.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/RU-SWOP2013_0.pdf
- 10 «Біз Қазақстандықпыз» Есеп Қазақстан Республикасындағы халықтың қоныстану жағдайының анализі. ҚР Ұлттық экономика Министрлігі Статистика комитеті және БҰҰ Қазақстандағы халық қоныстану қоры (ЮНФПА). [Электрондық ресурс]. https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/UNFPA_FullReport_Kaz_Final.pdf

References:

- 1 *Human Development Indices and Indicators / 2018 Statistical Update (agylsh.)*. United Nations Development Programme.
- 2 «Sociologicheskoe issledovanie po izucheniyu sostoyaniya reproduktivnogo zdorov'ya podrostkov i molodyh lyudej 15-19 let, ih seksual'nogo povedeniya i dostupa k uslugam i informacii v oblasti ohrany reproduktivnogo zdorov'ya», issledovanie provedeno issledovatel'skoj organizaciej TOO «Centr Izucheniya Obshchestvennogo Mneniya» (CIOM) po zakazu Ministerstva Zdravooohraneniya RK i Fonda OON v oblasti narodonaseleniya (YUNFPA) pri finansovoj podderzhke YUNFPA i Posol'stva Niderlandov v Kazahstane i tekhnicheskoy podderzhke Respublikanskogo centra SPID. [Tekst] // Otchet o rezul'tatah issledovaniya Almaty, 2018.
- 3 Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн Қазақстан halqyna Zholdaу 2 qyrkuiyek 2019. [Elektrondyq resurs] http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halqyna-zholdaу
- 4 Zhaklin Sharp, *Ata-analyqty zhosparlaudagy Halyqaralyq federaciya prezidenti. «Seksualdy quqyq: Ata-analyqty zhosparlaudagy Halyqaralyq federaciya deklaraciyasы»*.
- 5 *Psichicheskoe zdorov'e podrostkov 28 sentyabrya 2020 g.* [Elektrondyq resurs]. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/adolescent-mental-health>
- 6 *Problema podrostkovej beremennosti v stranah Vostochnoj Evropy i Central'noj Azii* [Elektrondyq resurs]. https://eeca.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/Teenage%20pregnancy_RUS.PDF
- 7 Agmo Anders, *Functional and dysfunctional sexual behavior*. Elsevier 2007
- 8 Faucault, Michel. *Histoire de la sexualité*. – Parizh: Gallimard, 1976. – 211 p. – ISBN 2070295893.
- 9 *Materinstvo v detsvte. Nasushchnye problemy podrostkovej beremennosti. Doklad Otdela informacii i vneshnih svyazej YUNFPA (Fonda Ob"edinennyh Nacij v oblasti narodonaseleniya)*. [Elektrondyq resurs]. https://www.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/RU-SWOP2013_0.pdf
- 10 «Biz Qazaqstandyqpyz» Esep Qazaqstan Respublikasyndagy halyqtyn qonystanu zhagdaiynyn analizi. QR Ul'tyq ekonomika Ministrlygi Statistika komiteti zhane BUU Qazaqstandagy halyq qonystanu qory (YUNFPA). [Elektrondyq resurs]. https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/UNFPA_FullReport_Kaz_Final.pdf

*Құтбанбаева Индира Нұрболқызы **

*Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының докторанты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Алматы қ., Қазақстан)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасындағы жастар ұйымдарына, олардың миссияларына, мақсаттарына және қызметінің негізгі бағыттарына сипаттама беріледі. Әлеуметтік зерттеу материалдарының негізінде жас азаматтардың жастар ұйымдарының қызметіне қатынасы анықталды. Қазақстан жастар ұйымдарының республиканың қоғамдық-саяси өмірі үшін маңыздылығына назар аударылады. Ғалымдар жүргізген зерттеу нәтижелері негізінде Қазақстанның жастар ұйымдарының қызметі туралы қоғамдық пікірге қатысты проблемалар анықталды. Сондай-ақ мақалада Қазақстан Республикасында жастармен жұмысты жетілдіру қажеттігіне баса назар аударылды, ол үшін осы саладағы кадр саясатын қайта қарау қажет. Жастар қозғалысын алдағы дамыту келешегіне қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: жастар, жастар ұйымдары, жастар бірлестіктері, Қазақстан Республикасы, қоғамдық пікір, жастар саясаты.

*Kutbanbayeva Indira Nurbolovna **

*PhD student of the Department of Political Science and Political Technologies
al-Farabi Kazakh National University*

THE ROLE OF YOUTH ORGANIZATIONS IN THE SOCIO-POLITICAL LIFE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article describes the youth organizations of the Republic of Kazakhstan, their mission, goals and main activities. Based on the materials of a sociological study, the attitude of young citizens to the activities of youth organizations is determined. Attention is drawn to the importance of youth organizations in Kazakhstan for the socio-political life of the Republic. Based on the results of the research conducted by scientists, problems regarding public opinion about the activities of youth organizations in Kazakhstan were identified. The article also focuses on the need to improve work with young people in the Republic of Kazakhstan, which requires a review of personnel policy in this area. Conclusions are drawn about the prospects for further development of the youth movement.

Key words: youth, youth organizations, youth associations, Republic of Kazakhstan, public opinion, youth policy.

Кутбанбаева Индира Нурболовна*

Докторант кафедры политологии и политических технологий
Казахского национального университета им. аль-Фараби
(г. Алматы, Казахстан)

РОЛЬ МОЛОДЕЖНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье дается характеристика молодежных организаций Республики Казахстан, их миссии, целей и основных направлений деятельности. На основании материалов социологического исследования определено отношение молодых граждан к деятельности молодежных организаций. Обращается внимание на значение молодежных организаций Казахстана для общественно-политической жизни Республики. На основании результатов проведенного учеными исследования выявлены проблемы касательно общественного мнения о деятельности молодежных организаций Казахстана. Также в статье сделан акцент на необходимости совершенствования работы с молодежью Республике Казахстан, для чего необходим пересмотр кадровой политики в данной сфере. Сделаны выводы перспективах дальнейшего развития молодежного движения.

Ключевые слова: молодежь, молодежные организации, молодежные объединения, Республика Казахстан, общественное мнение, молодежная политика.

Кіріспе. Қоғамдық-саяси өмірде болып жатқан жаңғырту процестері адами капиталды өнімді түрде пайдаланатын қоғамдардың, ең алдымен, жастардың инновациялық әлеуетіне қатысты қандай стратегиялық артықшылықтарға ие екенін көрсетеді. Қоғамдық ұдайы өндіріс субъектілері болып табылатын жастар экономикалық мәселелер мен саяси өзгерістерді шешудің нәтижелілігінің кепілі ретінде әрекет етеді.

Қазақстан үшін ондағы жастар ұйымдарының әлеуеті, жас қазақстандықтардың қазіргі заманға бейімделуі, жастар мен оның бірлестіктерінің дамуындағы қарама-қайшы тенденцияларды ұғыну мәселесі ерекше өзектілікке ие.

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы жастар саясаты үшін қоғамдық-саяси өмірдің барлық жақтарын жаңғырту аясында екі жақты сипат тән, бұл бір жағынан мемлекеттік биліктің вертикалін құруға; екінші жағынан азаматтық қоғамды қалыптастыру процестерімен шартталған [1, 456 б.].

Қоғамдағы жастардың нақты әрекеттерін сипаттайтын, әлеуметтік белсенділіктің көрінісін тікелей көрсететін бірқатар айнымалыларды бөліп көрсетуге болады. Мұндай айнымалыларға жастардың сайлауға қатысуы және жастардың қандай да бір ұйымдарға, соның ішінде жастар ұйымдарына мүшелігі жатқызу керек.

Жалпы алғанда, қазіргі Қазақстанның жастарына сайлауға қатысудың айтарлықтай жоғары деңгейі тән. Жынысы, жасы, табыс деңгейі және басқа да әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер бойынша (этностықты қоспағанда) елеулі айырмашылықтар анықталған жоқ. Қазақстанның жастары сайлауға қатысуға барынша ынталы өңірлері: Солтүстік Қазақстан және Атырау облыстары [2, 170 б.].

Жастар ұйымдары (бірлестіктері) ұлдар мен қыздарға қоғамдық өмірде өздерінің батыл идеяларын жүзеге асыруға көмектеседі, бұл олардың қызметінің ерекшеліктерін қарастырудың өзектілігін көрсетіп отыр.

Нәтижелерді талдау. Жастар қоғамдық бірлестіктері жастар саясатының маңызды субъектілерінің және сонымен бірге объектілерінің бірі болып табылады, өйткені ол мәні жөнінен қоғамдық-мемлекеттік сипатқа ие. Әлеуметтену институты бола отырып, жастардың қоғамдық бірлестіктері мүшелері мен қатысушыларының адами капиталын бейресми және ресиден тыс білім берудің әртүрлі нысандары арқылы қалыптастыруға және өсіруге ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар жас ұрпақтың, ұрпақтар арасындағы және институтаралық әлеуметтік байланыстардың дамуына ықпал етеді. Басқаша айтқанда, жастардың қоғамдық бірлестіктері жастардың әлеуметтік белсенділігін заңдастырудың жетекші институты болып отыр [1, 457 б.].

Жастардың саяси қатысу мәдениетінің өзі жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының, жастарды әлеуметтендірудің, оның ұйымдық мәдениетке (басшылық ету және басшылыққа бағыну

мәдениетіне) ие болуының, сайып келгенде, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуының қажетті буыны болып табылатын жастар бірлестіктерінің болуы мен қажеттілігін болжайды.

2000 жылдың басында Қазақстан Республикасында 150-ден астам балалар мен жастар бірлестігі тіркелген [3, 34 б.]. Бүгінгі күні Қазақстанда өзара іс-қимыл жасайтын барлық бағыттағы 500-ге жуық жастар ұйымы жұмыс істейді; бұл ретте әрқайсысы өзінің әлеуметтік базасы бола отырып, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени салаларда өз орнын табады [4], бұл жастардың белсенділігі мен ел өміріне бей-жай қарамайтындығын растайды,

б қоғамдық жастар құрылымы республикалық мәртебеге ие, олар: «Қазақстан – жастарды қолдау қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі, «Балалар неврологтары қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі, «Қазақстан Республикасының балалар-жасөспірімдер футбол лигасы» қоғамдық бірлестігі, «Азан» Жастар Альянсы» қоғамдық бірлестігі, «Қазақстан жастарының Форумы» қоғамдық бірлестігі, «Атамекен» Республикалық балалар-жастар бірлестігі» қоғамдық бірлестігі [5, 101 б.].

Қазақстан Республикасының кейбір жастар ұйымдарына қысқаша сипаттама беруге болады.

Қазақстанның ең ірі президенттік партиясы – «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының жастар қанаты болып табылатын «Жас Отан» белсенді қызмет атқаруда. «Жас Отанның» мәлімделген миссиясы – Қазақстанның дамуындағы жаңғырту серпілісін қамтамасыз ету үшін ел президентінің саясаты тұғырнамасының негізінде Қазақстан жастарын шоғырландыру. Ұйымның мақсаты – жас ұрпақтың өкілдерін жетектеуге қабілетті күшті және беделді саяси жастар ұйымын құру [6, 7 б.].

«Жас Отанның» мәлімделген миссиясы мен негізгі мақсаты ұйым жұмысының негізгі бағыттары айқындалатын бірқатар бірінші кезектегі міндеттерді айқындауға негіз болды: ел жастарын мемлекеттік-патриоттық негізде біріктіруді қамтамасыз ету; жастардың «Нұр Отан» партиясына сенім деңгейін арттыру үшін шаралар кешенін әзірлеу; ел Президентінің жастар арасындағы беделін нығайту; қолданыстағы заңнамада бекітілген жастарға арналған құқықтар мен мемлекеттік кепілдіктерді іске асырудың толықтығы мен сапасын қамтамасыз ету [6, 8 б.].

«Жас Отанның» бастамасы бойынша Қазақстанның Жастар парламенті құрылды, ол шын мәнінде еліміздің нағыз «ересек» Парламентінің көшірмесі болып табылады. Республиканың әрбір өңірінде әрқайсысында он алты депутаттан жастар мәслихаттары құрылды, оларды аналогия бойынша электорат сайлады. Олардың барлығы өңірлік заң шығару органдарындағы өскелең ұрпақ мүдделерінің өкілдері болып табылады, белгілі бір мәселелерге қатысты пакеттерді дайындаумен айналысады және мәжіліске қарауға ұсынады. [1, 459 б.].

Сипаттағымыз келетін Қазақстанның келесі жастар ұйымы – «Қазақстан студенттерінің альянсы» студент жастардың бірлестігі, оның басты мақсаты студент жастардың құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық мәселелерін шынымен шешетін және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына белсенді қатысатын ұйым ретінде оның қоғамдық маңыздылығын құру болып табылады [7, 320 б.].

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындау көзделеді: Қазақстанның студент жастарының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету: студенттер бойында патриоттық сезімдерді дамыту; студент жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәстүрді қалыптастыру; студент жастардың зияткерлік әлеуетін арттыру; студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау; басқа да ұйымдармен ішкі және сыртқы өзара әрекеттестікті жетілдіру [8].

Сондай-ақ Қазақстан жастары Конгресінің бастамасы бойынша Аграрлық партияның жастар қанаты – «Қазақстанның ауыл жастары одағы» қоғамдық бірлестігін қарастыру қажет. Аграрлық партия «Нұр Отан» партиясымен біріктірілгеннен кейін Одақ өз жұмысын жалғастырды және бүгінгі таңда негізгі мақсаты республиканың ауылдық жерлердегі жас тұрғындарының мәселелерін шешу, олардың мүдделері мен бастамаларын іске асыру және қорғау үшін ортақ күш-жігерді біріктіру болып табылатын неғұрлым елеулі қоғамдық жастар қозғалыстарына жатады. Аталған қоғамдық бірлестіктің мүшелері ауылдық аймақтардағы тұрғыластарының тағдырына бей-жай қарамайтын студенттер болып табылады. Оларды Республиканың жастар қоғамдастығына сәтті біріктіре отырып, еріктілер күшімен ауыл жастары мен қыздарының әлеуетін ашатын іс-шаралар ұйымдастырылады [1, 460 б.].

Егер «Қайсар» республикалық жастар қоғамдық-саяси қозғалысының қызметіне тоқталатын болсақ, оның басты мақсаты ХХІ ғасырда Қазақстанның қуаты мен серпінді дамуын нығайту үшін жастар ортасы көшбасшылары мен белсенді жастарды біріктіру екенін атап өтуге болады. Қозғалыс көрші елдердегідей саясаткерлердің қолында ойыншық болмас үшін жастарды салауатты саяси

процестерге қатысуға тартуды өзінің міндеті деп санайды. Қазақстанның ірі жастар ұйымдарының көшбасшылары және тағы басқалары өздерін «Қайсар» мүшелері деп жариялады [4].

2016 жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеу деректері бойынша Орал қаласында жастар арасында «Студенттік альянс» корпоративтік қоры (сұралғандардың 46%-ы), «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты (25,3%), Батыс Қазақстан облысы бойынша «Болашақ» корпоративтік қоры (11,6%), Жастар ресурстық орталығы (8,1%) және «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтары республикалық штабының Батыс Қазақстан штабы (0,4%) сияқты жастар ұйымдары ең танымал болды [9, 46 б.].

Жүргізілген сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі жастар ұйымдары қандай да бір дәрежеде өз іс-шаралары мен жобаларын жүзеге асыру және іске асыруда дербестікке ие екенін (63,5%); қатардағы азаматтардың бастамасы негізіне алынған бірлестіктерді «төменнен» ұйымдастыру орын алатынын (58,6%); қаралатын ұйымдар іс-қимыл бағдарламаларында жаңашылдығымен және тәуелсіздігімен сипатталатынын (57,2%), өз мүшелерінің әртүрлі бастамаларын көтермелейтінін (56,8%); жастар ұйымдарының басқарушы аппараты ұйым мүшелерінің «төменнен» жеке бастамалары негізінде қалыптастырылатынын (52,3%); бұл ұйымдар «саяси ойындарға», лоббирлеуге қатыспайтынын (51,2%) атайды [9, 47 б.].

Бұл сауалнама жас ұрпақ өкілдерінің көпшілігі жастар бірлестіктерінің инновациялық-демократиялық сипатын атап өтетіндігін көрсетті.

Осылайша, Қазақстанның жастар ұйымдары қызметінің мақсаттары, міндеттері мен негізгі бағыттарына жүргізілген талдау олардың белгілі бір саяси күштерді қолдай отырып, ең бастысы, жастардың саяси белсенділігі мен азаматтық ұстанымын дамыта отырып, республиканың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысатынын көрсетті.

Сонымен қатар жастардың осындай ұйымдарға деген көзқарасына байланысты белгілі бір мәселелер де бар.

Сонымен, ғалымдар жүргізген зерттеуде сауалнамаға қатысқан барлық жас респонденттердің жартысына жуығы (49,2%) бірде бір ұйымның мүшесі емес екендігі туралы мәліметтер алынды, өйткені олардың бұған уақыты жоқ. Егер осы қатарға бұл қызық емес болғандықтан (19,4%), ешбір ұйымға кірмейтіндерді қосатын болсақ, онда Қазақстан жастарының 70%-ға жуығы ұйымдарға мүшелікке ешқандай уәждемесі жоқ болып шығады [10, 39 б.].

Егер алынған деректерді Қазақстан өңірлері қимасында қарайтын болсақ, жастар ұйымдары мүшелерінің ең көп саны Қарағанды (18,8%) және Атырау (13,2%) облыстарына тиесілі екенін атап өтуге болады. Жастардың саяси бірлестіктерге, партияларға мүшелігінің ең жоғары пайызын біз Алматы қаласынан көреміз [10, 40 б.].

Бұл зерттеудегі маңызды мәселе жастардың жастар ұйымдарына мүшелігінің түрткісі туралы болды. Алынған мәліметтерге сәйкес, жастардың қоғамға, адамдарға пайдалы болуға деген ынтасы (39,4%) алдыңғы қатарда тұр [10, 41 б.].

Ұлдар мен қыздардың 30 пайызға жуығы жастар ұйымдары мен бірлестіктерінің қызметіне қатысты хабардарлығын білдірді. Ақпараттың негізгі дереккөздері баспасөз, теледидар, сондай-ақ осындай бірлестіктерге кіретін таныстар болды. Жастардың бестен бір бөлігі өзінің толық хабардар еместігін білдірді. Бұл тұрғыда Ақмола (28,2 пайыз) және Ақтөбе (25,6 пайыз) облыстарының жастары жетекші орынға ие, мұның өзі объективті түрде негізделген. Мәселен, дәл осы облыстарда жастардың мүдделерін білдіретін ұйымдардың ең аз саны тіркелген (мысалы, Ақмола облысында бір ғана жастар ұйымы бар). Жастардың қоғамдық бірлестіктерінің болуы мен қызметі жастардың 20,8 пайызын мүлдем қызықтырмайды [10, 42 б.].

Жастардың алтыншы бөлігі үшін жастардың қоғамдық ұйымдары қызметінің перспективалары осы ұйымдар мен бірлестіктердің неғұрлым өзекті мәселелерді шешудегі рөлімен байланысты. Мұндай позициялар Атырау және Қызылорда облыстарында жеткілікті дәрежеде таралған (28 пайыздан) [10, 42 б.].

Қорытынды.

Осылайша, жастар санасында, шамалы дәрежеде болса да, осы жас тобының мүдделерін тікелей білдіретін жастардың қоғамдық құрылымдарының болашағы мен орындылығына деген көзқарас басым болып отыр.

Қазақстан жастарының өзін-өзі ұйымдастырудың әртүрлі нысандарына ұмтылысын қарау кезінде қазіргі өзекті мәселелер жақын болашақта құрылуы мүмкін жастар ұйымдарының мынадай

бағдарлық және нысаналы бағыттарына: экологиялық, құқықтық, экономикалық сипаттағы ұйымдарға, түрлі қолдау қорларына болжам жасауға мүмкіндік беретінін атап өтуге болады. Ұйымды құру және оған кіру түрткілерінің ішінде қызметтің таңдалған бағытына деген қызығушылықтар, өз қабілетін жүзеге асыру, көзқарастары мен сенімдерін білдіру мүмкіндігі басым болады [11].

Сондай-ақ жастар ұйымдарының мүшелері не оларға мүшелікке әлеуетті үміткер болып табылатын жастармен жұмыс істеу мәселелері де баршылық. Жастармен кез келген адам жұмыс істейді, бірақ арнайы оқытылған мамандар, өз ісінің шеберлері – жастар кәсіпкерлігі және кәсіпкерлік мәдениет, инновациялық ойлауды дамыту, жастардың салауатты өмір салты, халықаралық жастар ынтымақтастығы және т.б. сияқты салаларды дамыту дағдыларын меңгерген; 14 жастан 30 жас аралығындағы халықтың түрлі санаттарымен билік органдарында, білім беру және мәдени-демалыс ұйымдарында, қоғамдық бірлестіктер мен бизнес-құрылымдарда жұмыс істей алатын маман емес [12].

Қазақстанда жастар жұмысын кәсіби деңгейге көтеру – маңызды құбылыс. Мамандықты дамыту перспективалары да, мемлекеттің әлеуметтік саясатының, оның ішінде жастар саясаты саласындағы өзекті мәселелерді шешу де көбінесе кадрлардың сапасына байланысты. Бұл Қазақстан Республикасында жастармен, оның ішінде жастар ұйымдарының мүшелері болып табылатын жастармен жұмысты кадрлық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ойластырылған мемлекеттік саясаттың қажет екенін көрсетеді.

Жастар ұйымдарының Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өміріне қатысуының негізгі аспектілеріне жүргізілген талдау көптеген жастар бірлестіктерінің болуы және олардың қызметінің барлық бағыттарында көрінетін белсенді ұстанымы аталған ұйымдардың перспективалылығын айғақтайтынын көрсетті. Жастардың бір бөлігінің жастар ұйымдарының қызметіне қатысуының басым себептері қоғамға пайда әкелу және әлеуметтік және өмірлік тәжірибе алу ниеті болып табылады.

Қазақстан азаматтары болып табылатын көптеген жастар осындай жастар бірлестіктеріне қатысудың маңыздылығын әлі толық түсінбегендігі проблемалық мәселе болып табылады, бұл жастар ұйымдарының насихаттық қызметін жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Егер жас ұрпақ өкілдеріне жастар ұйымдарына қоғамдық даму үшін қатысудың маңыздылығы туралы ақпарат жеткізілсе, егер жастар қозғалысының мақсаттары мен міндеттері оларға түсінікті болса, онда бұл дамыған демократиялық қоғамның құрылысшысы болғысы келетін жаңа мүшелермен толықтырылатын жастар бірлестіктерінің одан әрі жандануына әкеледі.

Соңғы жылдары байқалған жастар бірлестіктерін жандандыру процесі жақын арада жастар ұйымдарымен ынтымақтастық орнатқысы келетін жастар санының көбейгенін болжауға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, бұл тенденция жастар ұйымдары санының өсуіне алып келуі мүмкін, бұл жастардың үкіметтік емес бірлестіктерінің қоғамдағы рөлін күшейту үшін негізге айналады.

Кез келген елдің болашағы көбінесе белсенді, жан-жақты дамыған жастарға байланысты. Жастардың ең жақсы және қажетті қасиеттерін дамыту қоғамдық жастар ұйымдарына қатысу процесінде жүреді. Олардың қатысушылары саяси, әкімшілік және басқа элиталарды толықтырудың басты ресурсы болып табылады.

Қазіргі заманда жас ұрпақтың қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру саяси жүйенің серпіні мен тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік демократиялық дамудың аса маңызды бағыттарына жатады. Қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар жастардың осы процестерге тікелей қатысу қажеттігін талап етеді.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда өз мұраттарын, саясатын қорғап, алға қойылған мақсаттарға ұмтылатын жастар ұйымдары өте көп. Дәл осындай жастар ел мен мемлекеттің болашағы болып табылады. Қазіргі заманғы әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайларда жастар үшін өздерінің оң бастамалары мен шығармашылығын іске асыруға мүмкіндік жасалған. Заманауи қазақстандық жастар жаңа идеялардың, өмірлік күш пен қоғам энергиясының генераторы рөлін атқара отырып, халықтың ең ұйымдасқан, әлеуметтік-белсенді тобына жатады.

Қазақстанның жастар ұйымдарының қызметін одан әрі жетілдіру үшін сауатты мемлекеттік жастар саясаты қажет. Мемлекеттің осы саладағы қызметі жас азаматтарды қорғау, жастар бастамаларын қолдау; кез келген заңды жастар бірлестіктерін, оның ішінде баламалы негізде жұмыс істейтін бірлестіктерді көтермелеу қағидаттарына негізделуге тиіс.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тесленко А.Н. «Организатор молодежной работы» в системе государственной молодежной политики Республики Казахстан: обоснование новой специальности /А.Н. Тесленко// Удмурт университетінің хабаршысы. Философия сериясы. Психология. Педагогика - 2018. – Т. 28, № 4. – Б. 454-462.
2. Соболевская, Н.В. Роль молодежи в системной модернизации Казахстана / Н.В. Соболевская // Жастар және елді жүйелі жаңғырту: студенттер мен жас ғалымдардың 4-ші Халықаралық ғылыми конференциясының ғылыми мақалалар жинағы, Курск қ., 21-22 мамыр 2019 ж. – Курск: Оңтүстік Батыс мемл.ун. басылымы, 2019. – Б. 170-173.
3. Молодежные организации Казахстана. Информационный справочник. – Астана: «Молодежь» FZO. 2016. – 110 б.
4. Молодежные организации Казахстана [Электрондық ресурс]. URL: http://www.shuak.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=211:molodezhnye-organizatsii-kazahstana (жүзінген күн: 05.10.2020).
5. Тесленко, А.Н. Ювенология и юногогика: два подхода и исследования молодежной проблематики / А.Н. Тесленко. – Астана: Ювенологиялық зерттеу орталығы, 2016. – 174 б.
6. Нурлигенова З.Н. Роль молодежи в общественно-политической жизни Республики Казахстан: из опыта молодежного крыла «Жас Отан» / З.Н. Нурлигенова, А.Е. Абильдина, А.Б. Аскараров // Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелері: XVII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары бойынша ғылыми еңбектер жинағы, қ. Иваново, 15 желтоқсан 2017 ж. – Иваново: ЖК Цветкова А.А. басылымы, 2017. – Б. 7-9.
7. Тесленко, А.Н. Политическая социализация студенческой молодежи / А.Н. Тесленко, А.И. Свиначук. – Астана; Көкшетау: КУАМ, 2015. – 306 б.
8. Альянс студентов Казахстана [Электрондық ресурс]. – URL: <http://swiu.kz/ru/page/97>. (жүзінген күн: 05.10.2020).
9. Калиева, Ж.А. Общественно-политические организации через призму мнений молодежи Казахстана / Ж.А. Калиева, З.И. Ашимова // бүгінгі таңдағы жоғары білім. – 2017. – № 5. – Б. 46-48.
10. Калдыбаева О.В. Установки молодежи современного казахстана на проявление социальной активности / О.В. Калдыбаева, Ф.М. Мусатаева, Г.Е. Окасова // Society and Security Insights. – 2018. – Т. 1, № 3. – Б. 36-52
11. Шаукенова, З.К. Социальная активность молодежи Казахстана в современных социально-политических реалиях: монография / Э.К. Шаукенова. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2018. – 168 б.
12. Организация работы с молодежью: методы, формы, технологии в современных условиях: коллективная монография / К.А. Фомичев жалпы ред. – Курган: Курган мемл.ун.басылымы, 2017. - 152 б.

References:

1. Teslenko A.N. «Organizator molodezhnoj raboty» v sisteme gosudarstvennoj molodezhnoj politiki Respubliki Kazahstan: obosnovanie novoj special'nosti /A.N. Teslenko// Udmurt univer-sitetiniң habarshysy. Filosofiya seriyasy. Psihologiya. Pedagogika - 2018. – Т. 28, № 4. – Б. 454-462.
2. Sobolevskaya, N.V. Rol' molodezhi v sistemnoj modernizacii Kazahstana / N.V. Sobolevskaya // ZHastar zhәне eldi zhyjeli zhaңgyrtu: studentter men zhas ғalymdardyң 4-shi Halyқaralyқ ғylymi konferenciyasynuң ғylymi maқalalar zhinaғы, Kursk қ., 21-22 мамыр 2019 zh. – Kursk: Оңtүstik Batys meml.un. basylymy, 2019. – Б. 170-173.
3. Molodezhnye organizacii Kazahstana. Informacionnyj spravochnik. – Astana: «Molodezh'» FZO. 2016. – 110 b.
4. Molodezhnye organizacii Kazahstana [Elektrondyқ resurs]. URL: http://www.shuak.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=211:molodezhnye-organizatsii-kazahstana (zhygingen kyn: 05.10.2020).
5. Teslenko, A.N. YUvenologiya i yunogogika: dva podhoda i issledovaniya molodezhnoj problematiki / A.N. Teslenko. – Astana: YUvenologiyalyқ zertteu ortalygy, 2016. – 174 b.
6. Nurligenova Z.N. Rol' molodezhi v obshchestvenno-politicheskoy zhizni Respubliki Kazahstan: iz opyta molodezhnogo kryla «ZHAs Otan» / Z.N. Nurligenova, A.E. Abil'dina, A.B. Askarov // Fylymi zertteulerdiң ozekti maseleleri: XVII Halyқaralyқ ғylymi-praktikalық konferenciya materialdary boјynsha ғylymi eңbekter zhinaғы, қ. Ivanovo, 15 zheltoқsan 2017 zh. – Ivanovo: ZHK Svetkova A.A. basylymy, 2017. – Б. 7-9.
7. Teslenko, A.N. Politicheskaya socializaciya studencheskoј molodezhi / A.N. Teslenko, A.I. Svinarchuk. – Astana; Kөkshetau: KUAM, 2015. – 306 b.
8. Al'yans studentov Kazahstana [Elektrondyқ resurs]. – URL: <http://swiu.kz/ru/page/97>. (zhygingen kyn: 05.10.2020).

9. Kalieva, ZH.A. *Obshchestvenno-politicheskie organizacii cherez prizmu mnenij molodezhi Kazahstana* / ZH.A. Kalieva, Z.I. Ashimova // *bygingi taңdaғы zhоғary bilim*. – 2017. – № 5. – B. 46-48.

10. Kaldybaeva O.V. *Ustanovki molodezhi sovremennogo kazahstana na proyavlenie social'noj aktivnosti* / O.V. Kaldybaeva, F.M. Musataeva, G.E. Okasova // *Society and Security Insights*. – 2018. – T. 1, № 3. – B. 36-52

11. SHaukenova, Z.K. *Social'naya aktivnost' molodezhi Kazahstana v sovremennyh social'no-politicheskikh realiyah: monografiya* / E.K. SHaukenova. – *Almaty: IFPR KN MON RK*, 2018. – 168 b.

12. *Organizaciya raboty s molodezh'yu: metody, formy, tekhnologii v sovremennyh usloviyah: kollektivnaya monografiya* / K.A. Fomichev zhalpy red. – *Kurgan: Kurgan meml.un.basylymy*, 2017. - 152 b.

FTAMP 02.09.31

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.22>

*C. T. Шылмамбетов**

*Анкара Хаджи Байрам Вели университетінің «Саясаттану» мамандығының докторанты,
Анкара, Түркия*

ҚАЗАҚСТАНДА ХХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ АҒАРТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЛТТЫҚ САЯСИ ӘРЕКЕТПЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫЛУЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы ХХ ғасырдың басындағы мұсылмандық ағарту жұмыстарының ұлттық саяси әрекетпен қатынасы тұрғысындағы тарихи деректерге шолу жасалынған. Сонымен қатар ұлттық интелегенцияның ағарту саласындағы қызметі нақты мұрағат деректері арқылы көрсетілген. Жәдіттік мектептердің ұлттың бірігу жолындағы саяси мәселелерді шешуге талпынған әрекеттері мен саяси элитаны қалыптастырудағы еңбектері тұшымды дәйектермен зерделенген. Қазақстандағы мұсылмандық ағарту жүйесінің өкілдері жәдіттердің ұлттық қозғалыстағы орны мен үлесі тарихи нақты деректермен келтірілген. ХХ ғасыр басындағы жәдіттік зиялы қауым өкілдерінің саяси күш ретіндегі еңбектерінің ағарту саласындағы көзқарастың қалыптасуына ықпал еткендігі тарихи құжаттармен дәлелденіп көрсетілген. Тақырыпқа қатысты ғылыми көзқарастар мен зерттеулердің сабақтастығын және зерттелуге тиісті аспектілерді айқын көрсетуге негіздеме жасалған.

Түйін сөздер. Жәдіттік қозғалыс, жәдіттік мектептер, ұлттық интелегенция, петиция, мұсылман съездері, патша үкіметі.

*S. T. Shylmambetov**

*Ph.D. student of the specialty «Political science» Ankara Haci Bayram Veli University,
Ankara, Turkey*

THE CONNECTION OF THE MUSLİM EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN WITH THE NATIONAL POLITICAL ACTIVITY OF THE FIRST QUARTER OF THE XX CENTURY

Abstract

The article reviews the historical data on the relationship of Muslim enlightenment in Kazakhstan in the early XX century with national political activity. In addition, the activities of the national intelligentsia in the field of education are reflected in the actual archival data. The efforts of the Jadid schools to solve political problems on the way to national unification and the formation of a political elite have been studied with productive evidence. Representatives of the Muslim education system in Kazakhstan, the role and place of the Jadids in the national movement are given by historically accurate data. Historical documents show that the work of the Jadid intelligentsia as a political force in the early XX century contributed to the formation of views in the field of education. There is a basis for a clear indication of the continuity of scientific views and research on the topic and the aspects to be studied.

Key words: Jadid movement, Jadid schools, national intelligentsia, petition, Muslim congresses, tsarist government.

*С.Т. Шылмамбетов**

*PhD докторант по специальности «Политология», Университет «Хаджи Байрам Вели»
Анкаре, Турция*

СВЯЗЬ СИСТЕМЫ МУСУЛЬМАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВОЙ ЧЕТВЕРТИ XX ВЕКА С НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ

Аннотация

В статье рассматриваются исторические данные о взаимосвязи мусульманского просвещения в Казахстане начала XX века с национальной политической деятельностью. Кроме того, деятельность национальной интеллигенции в сфере образования отражена в актуальных архивных данных. Усилия джадидских школ по решению политических проблем на пути к национальному объединению и формированию политической элиты были изучены с большим успехом. Представители системы мусульманского образования в Казахстане, место и доля джадидов в национальном движении даны исторически достоверными данными. Исторические документы показывают, что деятельность джадидской интеллигенции как политической силы в начале XX века способствовала формированию взглядов в сфере образования. Есть основание для четкого указания на преемственность научных взглядов и исследований по теме и изучаемым аспектам.

Ключевые слова: Джадидское движение, джадидские школы, национальная интеллигенция, петиция, мусульманские съезды, царское правительство.

Кіріспе. XX ғасырдың басында қазіргі Қазақстан жерлері бытыраңқы жағдайда үш генерал-губернаторлық құрамында басқарылып келді. Дегенмен елдегі саяси ұлттық бірігу науқаны осы жәдіттік қозғалыстың шеңберінде дамуын тоқтатпады. Бұл мәселе ғалымдар арасында көптеген зерттеулердің тақырыбына айналғанымен, оның бірқатар тұстары көлеңкеде қала берді. 1921 жылы Г.Сафаров XX ғасырдың басындағы жәдіттік қозғалыстың өрістеу тарихын мұсылмандық интеллигенциясының ескі әдісті мектепті реформалауды, жаңа емле енгізуді, араб және ежелгі грек схоластиктерін ұлттық мәдениеттерді оқыту мен дамытудан шығаруды талап ететінін, бірте-бірте бұл қозғалыс саяси тұрғыдан үдемелі ұлттық қозғалыс ретінде қалыптасатынын баса айтқан еді [1]. Шын мәнінде татарлар мен қырғыздардың (яғни, қазақ) интеллигенциясының ықпалымен өскен жәдіттік қозғалыс мектептің деңгейінен шығып, саяси әрі ықпалды күшке айналды. Сөйтіп, өз ұстанымдарының ұлттық шеңберде шешілуін орныққан биліктен талап ете бастады.

Жәдіттік қозғалыстың талаптарын біз хронологиялық ауқым мен теориялық-практикалық жағынан негізгі үш мәселе шеңберінде өрбітуді жөн көрдік. Біріншісі, 1905-1907 жылдары қатарынан үш Бүкілресейлік мұсылман съездерінің өту уақытындағы жәдітшілердің ұлттық талаптары, екіншісі Ақпан революциясына дейінгі ұлттық қорғану және үшіншісі 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін жәдіттік қозғалыстың мемлекеттілік деңгейге жету дәуірі. Осы тұрғыда А. Бенигсенің жәдіттік қозғалысы қалыптасуының және бір-бірін толықтыруының үш кезеңін анықтайды, олар діни немесе телогиялық, мәдени және саяси реформизм [2]. Осыған орай XX ғасырдың басындағы жәдіттік қозғалысты суфизмнің қайта жаңғыру феноменімен және ұлттардың өзін-өзі басқаруға деген рухани құлшыныспен салыстыратын ғалымдар да кездеседі. Әрине, суфизм әрдайым мәдениет пен моральдің катализаторы ретінде уақыттың қиындықтарына жауап беріп, қазақ ұлтының даналық көзіне айналған-ды. Сондықтан бұл мақалада біз жәдіттіктің оқу ағарту саласынан шығып, саяси қозғалысқа айналуының үдерсін және түркі халықтарының бірегейлігіндегі қызметін айқындауды жөн көрдік.

Нәтижелері. XX ғасырдың басында жәдіттік мектептер ұлттың бірігу жолындағы саяси мәселелерін шешуге талпынған саяси элитаны қалыптастырды. Олар өз жолында ұлттың мұнын отарлық билікке жеткізумен айналысты. Әрине бұл табиғи процесс болып есептеледі. Бұл ортадан қазақ мәдениетінің көрнекті өкілдері А. Құнанбаев, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Б.Майлин және басқалар шықты. Сонымен қатар жәдіттер қатарында біз модернисттердің, батысшылардың және секуляристердің саяси қозғалысын байқаймыз, ал ол өз кезегінде жәдіттік қозғалысқа түрлі пікірлер мен көзқарастарды ортаға салады. Жәдіттік қозғалыстың XX ғасырдың басында саяси күшке айналғанының тағы бір себебі бар, бұл оның жетекшілерін батыстық өркениет пен орыстық-шовенистік отарлаушы билікке деген интеллектуалды исламдық жауабының форматы. Осыған орай А.Бенигсенің «жәдіттік бұл ислам өркениетінің жаухары» деген ойы мәселенің қай деңгейде

өрбігенін айқындайды. Біздің пайымдауымызша осындай бағалаудың негізінде жәдіттік идеясы мен практикасының ислам және ұлттық рухты біріктіруге алып келген гуманистіктің көрінісі ретінде прогрессивті тарихи үрдістің жемісі болды. Сондай ақ, жәдіттіктің динамикалық өрбуі Шығыс пен Батыс арасындағы диалогтық қызметін атқарған шынайы шығармашылық қозғалыс ретінде көрінеді. Оның идеологиясы рухани байыту, шығармашылық өсу, трансформация және ұлттық сәйкестілік пен мәдениеттің өсуі деген формацияларды бір араға әкелді.

Ғылыми әдебиетте жәдіттік қозғалысының өрбіп дамуының жиі кездесетін тағы бір себебі, ол патшалық саясатының орыс діні мен түркі халықтарының қоғамдық өмірін православтық рухта тәрбиелеудің тұстарымен ұштастыруы. XX ғасырдың басында жәдіттік қозғалысында патшалық үкімет этникалық бірегейліктің өсімін қауіпті екеніне көзін жеткізді, бұл демек түркі-мұсылмандардың білімін жоюға ұмтылды, өйткені жәдіттер зайырлы және ұлттық мектепті құруға тырысып, ұлттық жаңғырудың идеологиясын алға тартты.

Жәдіттік қозғалыс тақырыбы кезінде революцияға дейінгі зерттеушілердің назарынан тыс қалмады. Сол кезеңнің ең танымал ғылыми еңбектерді С.Айни, Ф.Хожяев, А.Фитрат, М.Бехбуди, орыс миссионерлері мен отарлық билікке қызмет еткен Н.П.Остроумов, А.Александров, А.И.Добромыслов, Н.А.Бобровников, Г.Андреева, А.Самойлович және т.б., дүниеге алып келді және жұмыстарын жәдіттік қозғалыстың негізгі мәселелеріне арнады. Бұл жұмыстарда жәдіттік қозғалыстың пайда болу тарихы, әлеуметтік және мәдени құбылыс ретіндегі жаңа серпіліс, революция алдындағы осы құбылыстың дамуының негізгі кезеңдері, жаңа әдісті мектептер жайлы тұжырымдар, жәдіттік театрын, әдебиет пен баспасөзді талдау және т.б. мәселелер қозғалды. Аталған еңбектерді басқа қырдан қарастыруға болады. Олардың кейбіреулері діни мазмұнды, субъективті және бірінші кезекте авторлардың жеке пікірін айқындайды, басқалары әкімшілік (отарлық) немесе идеологиялық сипатта жазылған. Бірақ бұл еңбектер қалайда болса мәселені айқындайтын дереккөздер ретінде тарихи ғылым үшін баға жетпес екендігін ұмытпаған жөн [3].

Жоғарыда аталған еңбектердің мазмұны жағынан сараптайтын болсақ, XX ғасырдың басында Бірінші орыс революциясы жәдіттер үшін бір үміт бергендей болды. Қазақстанда сол уақытта әрбір аймақтарда митингілер өтіп, түркі-мұсылман халықтары өздерінің ұлттық болмыстарын қорғауға және патшалық биліктің жүргізген орыс шаруаларын қоныстандыру саясатына қарсы шықты. Қазақ жәдіттерінің алдында бірінші кезекте ұлт тағдыры мен болашағы тұрды және алдында екі тандауға басым назар аударылды, олар патшалық биліктің құрамдас бөлігі ретінде қала беру немесе орыс революциясын пайдаланып тәуелсіздікке қол жеткізу деген толғынысты түйіндерді шешу қажет болды. Қазақстандағы Бірінші орыс революциясының тұсында 1905 жылдың 25 шілдесінде Қоянды жәрмеңкесінде Қарқаралы, Семей және Павлодар облыстарының қазақ халқының өкілдері ұйымдастырған съезд болып өтті. Бұл съезде патшаға арналған петиция дайындалды. Петицияға қарағанда, ол қазақтардың алғашқы саяси құжаты іспетті ұлтты бірігуге шақырды және ұлттың болашағын шешетін алғашқы үміті болды [4]. Петицияны дайындауға Қарқаралы орыс-қырғыз мектебінің меңгерушісі А.Байтұрсынов белсенді қатысты. Өз заманының білімді адамдардың бірі ретінде Ахмет Байтұрсынов Ресей империясының қатыгез отаршылдық саясатының қыр-сырын түсінді. Петицияны дайындауға А.Байтұрсыновпен бірге Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Ақпаев, М.Бекметев сынды қазақтың зиялы қауымы қатысты және оған жалпы 14500 адам қол қойды [5].

Талдау. XX ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі ұлттық зиялылардың саяси белсенділігінің артуын бірнеше критерийлермен сұрыптауға негіз бар. Себебі сол жылдары қазақ жастарының бір бөлігі мұсылмандық мектептер мен медреселерде білім алса, екінші бөлігі патшалық биліктің ашқан орыс-туземдік және кәсіптік мектептерде білімдерін шыңдап, Ресей империясының жоғарғы оқу орындарында жалғастырған. Сондықтан қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасуы мен даму үдерісі біртекті емес еді, ұлттық тәуелсіздік жолындағы өте күрделі және ұзақ уақытты алды. Қазақ зиялы қауымның қалыптасуына әсер еткен негізгі екі фактор болған. Біріншісі жәдіттік білім алғандар мен орысша білімін жетілдіргендер. Сол үшін оларды төмендегі саптар бойынша жіктеуге болады:

1. Қазақстандағы мұсылмандық білімінің таралуы және Қазақстаннан тыс жерлерде мұсылман мектептерінде білім алу мүмкіндіктерінің болуы. Қазақстандағы революциядан бұрын бастауыш білім беруді мұсылман мектептерінде және медреселерде немесе «орыс-қырғыз», «бұратана» және ауылдық мектептерде білім алу жүйесі; қазақтың балалары Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусайния», Троицк қаласындағы «Расулия» және Орал қаласындағы медреселерде мұсылмандық

білім алды. Айта кету керек, бұл мектептер мен медреселерде қазақ балдары діни біліммен қатар жаратылыстану пәндерді де меңгерді. Медреселерде білім алған білімгерлер озық демократиялық идеялардың әсеріне түсіп, мұсылмандық пен исламның айналасында бірікті.

2. Уфа қаласында білім алған шәкірттер арасында ұлттық жаңғыру идеяларымен қатар төл тарихын, әдебиетін және түркі халықтарының тілдерін меңгеріп шықты. Мұнда Т.Жомартбаев, М.Сералин, Б.Майлин, М.Жұмабаев және Х.Ибрагимовтар сияқты озық жәдіттік көзқарастағы жаңа буын тәрбиеленді. Қазақ шәкірттері 1915 жылы «Садақ» журналын шығарып, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырды. Журнал медреседе оқыған білімгерлердің апта сайынғы баспа органына айналып, оны Б.Майлин мен Ж.Тілепбергенов басқарды.

3. Қазақтардың балалары Орынбордағы танымал «Хусайния» медресесінде оқыды, оның негізін жәдіт кәсіпкер Хусайынов қалады. Бұл медресенің қазақ түлектері Х.Жұбанов, М.Жалил және Ж.Тілепбергенов сынды озық ойлы жәдіттер болды. «Хусайния» медресесі қазақ шәкірттері медресенің мүдәрістерімен бірлесіп «Қазақ тілін зерттеу қоғамын» құрды. Қоғамның мақсаты қазақ әдебиетінің туындыларын басып шығару, мектептерді қазақ тіліндегі кітаптармен қамтамасыз ету және қазақ тіліндегі болашақ газеттердің басылымдарына көмек көрсету болды.

4. Қазақ зиялылары мен саяси белсенділердің қалыптасуының екінші факторы, ол «патша үкіметінің пікіріне қарағанда, қазақ жастарының білімін бастауыш деңгеймен ғана шектеу», яғни орыс тілін меңгеру мен арифметиканың қарапайым тәсілдерін білсе жеткілікті деп есептеді. Билік қазақ жастарының кәсіптік және жоғары білім алуларына мүлдем қарсы шықты. Ал революцияға дейін Қазақстанда ұлттық орта мектептер мен жоғары оқу орындарының жоқтығы салдарынан, қазақтар өздерінің балаларын орыс мектептеріне жіберуге мәжбүр болды, олар болса өз кезегінде орыс тілі мен тарихын меңгеріп шықты. Сондықтан қазақ зиялы қауымның арасында орыс саналы білім адамдары сыныпы қалыптасты.

5. «Бұратана» балаларына қол жетімді орысша білім беретін бірінші орта білім мектебі ол Орынбор Неплюев атындағы әскери училищесі болды, содан кейін бұл мекеме Орынбор кадеттік корпусына айналды. Әскери білімді алып шыққан қазақ жастарының бір бөлігі болашақта отарлық әкімшіліктің қызметін атқарды және көптеген зерттеу экспедицияларына қатысты. Кадеттік корпусың алғашқы түлектері арасында М.Бабаджанов сияқты танымал қазақстандық ғалымдар болды. Сонымен қатар А.Б.Алдияров және М.М.Шумбалов Қазан университетінің медициналық факультетін бітірді, Санкт-Петербург медициналық академиясында Н.Ипмагамбетов, Санкт-Петербург орман институтында А.Бөкейханов, Мәскеу университетінің заң факультетінде С.Аппасов және С.Нұрлыханов; Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде Ж.Ақпаев, Б.Қаратаев, С.Аманжолов, М.Шоқай, Петербург теміржол көлігі институтында М.Тынышпаев, Томск технологиялық институтында А.Ермековтар білімдерін шындап шықты.

Қазақ интеллигенциясының қалыптасуында орта және жоғары білім алғандарды екіге бөліп қарастыру барысында ғылымда негіз қалыптасты, олар «оқығандар» мен «зиялы қауым» деп өзара бөлінеді. «Оқығандардың» арасына ғалымдар кедейлер табын құрастырған О.Жандосов, Ж.Аймауытов, М.Дулатовты жатқызады, орта таптың құрамына С.Мендешев пен А.Байтұрсыновты, ал дала ақсүйектерінің ұрпақтарын М.Шоқай, Н.Төрекұлов және Ш.Құдайбердиев сындылар құрастырды. Екінші, яғни «зиялы қауымға» С.Асфендияров, А.Биримжанов және Б.К. Каратаевтар жатқызылады. Ежелден бері білім мен ғылымды құрметтейтін қазақтар орыс оқу орындарында алған білімдерінің артықшылығын сезініп, жәдіттермен тіл, жер және ұлттың болашағы деген мәселелерде ортақ нүктеге келді. Бұл жоғары білім алған зиялы қауым бір жағынан орыстың білім мекемелерінде оқуды құптады және қазақ балаларын соған шақырды, ал екінші жағынан мұсылмандық мектептер мен медреселерде білім алған қазақ жастарын тәуелсіздік жолында қолдады [6].

Ұлттың өміршеңдігі мен сақталудың басты құралы ол оның ана тілі екендігі белгілі. ХХ ғасырдың басында жәдітшіл қазақ зиялыларының қайғысы қазақ тілінің болашағы айналасында өрбіді. Қазақты батыстық білім мен ғылымға орыс тілі жеткізеді деген үмітпен қазақ зиялылары орыс тілінің қажеттілігін мойындады, алайда оның мәдениет пен ұлттың ерекшелігіне деген әсеріне алаңдаушылық білдірді. Оны біз М.Дулатовтың «Мемлекеттік дума һәм қазақ» атты мақаласынан анық аңғара аламыз: *«Халықта оқымаған адам қалмаған жақсы, бірақ қазіргі сөзімізше сол оқудың тәртібі хақында жаңа нұсқа бойынша әлгі жас балалар орыс кітаптарыменен орысша оқып кетсе, тез уақытта тілін ұмытып, діннен де айырылып қалу қаупі бар. Соның үшін мұны білген адамдар қайғырып әбтеһи мектептерде 3–4 жылдай оқу баланың ана тілінде болып һәм дініде жақсы болса екен, онан кейін әркім сүйген ғылымын үйренуіне ешкім тоқтау етпес еді деп тіледі»* [7]. Автор

қазақ балалары өздерінің ана тілін және діни негіздерін үйренуге қабілетті болу керек деп есептеді, сонан соң өз таңдауын жасап білім алу тілін белгілейді деген.

Қазақ тілінің қорғаушысы А.Бөкейханов көптеген шығармаларында, мақалалар мен сөйлеген сөздерінде ұлттық тілдің халықтың ажырамас бөлігі ретінде қалыптасуы мен білімнің қазақ қоғамына қажеттілігі туралы ойын «*Біздің қазақ анау қол жетпестерді қойып, бала оқыту жолында жетемін десе жүз үй ауыл басы 220 сом ақшаға мектеп ұстау керек. Бұл бір үйге 2 сом 20 тиыннан келеді. Бұл шығын осы күні бір тоқтының құнына да жетпейді*» деп жеткізген [8]. А.Бөкейханов қазақ даласындағы мектептердің құрылысы сияқты басты міндеттерді шешуге ерекше назар аударды. Өз кезегінде, ол М.Дулатов сияқты қазақ тіліне алаңдаушылық білдірді, ұлттық тіл қазақ даласында орыс мектептерін орнатумен бірге жоғалып кетуі мүмкін деген ойда болды. 1905 жылдың қараша айында Мәскеу қаласындағы жергілікті көшбасшылардың съезінде сөйлеген сөзінде А. Бөкейханов қазақтардың ана тілінде білім алу құқығы туралы айтты: «Мен 4 миллион қырғыз (қазақ) халқының өкілімін... Біз қырғыз (қазақ) тілімен бірге мектепті жалғастырып жатырмыз, біз цензурадан бас тартамыз... Қырғыздың (қазақтың) тікелей қажеттілігі - ана тілін еркін пайдалану» [9].

Қазақ зиялыларының мәдениет мәселелері бойынша, атап айтқанда, қазақ даласындағы білім беруді жүйелеуі келесі фактіні анықтады, барлық интеллигенция өздерінің саяси көзқарастарына және артықшылықтарына қарамастан қазақтар арасында білім мен сауаттылықты тарату қажеттілігі туралы әңгімеледі. ХХ ғасырдың басындағы алда келген қазақ интеллигенциясы орыс тілін үйренуді жоққа шығармады, бірақ қазақ тілін сақтауға қауқарлы болды және қазақтардың ана тілінде білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін күресті.

Жәдіттердің саяси белсенділігі өзара ынтымақтастығының дамуымен етене жүрді. Қазақстан жәдітшілдердің саяси қырын екі жақты қарауға тұра келеді. Қазақ жәдіттерінің солтүстік-батыс өңірі татар және башқұрт жәдіттерімен бірікті, ал оңтүстік аймақтар өзбектермен бір араға келді. Осындай жағдайда жәдіттер мектеп білімін реформалау қозғалысының негізінде түркі-мұсылман халықтарын біріктіретін қауымдастықтарды құра бастады. Соның нәтижесінде Қазанда, Орынборда, Троицк және Уфада мәдени және қайырымдылық қоғамдардың құрылуы басталды. 1906-1907 жылдар аралығында тек Орынбор губерниясында 8 мұсылман қайырымдылық қоғамы тіркелді. Олардың ішіндегі ең ірі және ең маңыздысы, ол «Орынбор мұсылмандар қоғамы». Оның негізін қалағандар татар кәсіпкерлері З.Байбурын, Б.Байазитов, Қ.Мұхамедрахимов. Уфадағы «Мұсылман қайырымдылық қоғамын» ел ішінде беделі жоғары болған қазақстандық көшбасшы С.Жантөрин төраға қызметін атқарды [10].

Қазақстандағы мұсылман қоғамдарын құруды бастағандар, олар татар сәудегерлері мен молдалары болды. Қазақстанның Батыс аймағындағы түркі-мұсылмандарды біріктіру және оларды Орынбор облысының мұсылмандарымен сауда-саттық арқылы өзара байланыстарды күшейтуді Ахмет Хусаинов жүргізді. Ол өз кезегінде 1908 жылы 29 қаңтарда Торғай облыстық басқармасына тіркелген Ақтөбедегі мұсылман қайырымдылық қоғамының негізін қалады [11]. 1909 жылы Қостанай мұсылман қоғамының негізін салушылар белгілі татар сәудегерлері М.Яушев және Ш.Баязитов, орталық мешіттің молдасы Г.Якупов болды. Ішкі Ордада 1909 жылы Қазан қаласының саудагерлері М.Загидуллин мен А.Насыров түркі-мұсылмандардың қоғамдық бірлестігін құрды. 1909 жылы 21 шілдеде Торғай облыстық басқармасы Қостанайдың түркі-мұсылмандары дамушы қоғамын негіздеп, Мұсылмандар қоғамының ережесін дайындады және Торғай аймағындағы қоғамдар мен кәсіподақтар тізіміне енгізді. 1910 жылы Уфа қаласындағы кеңсесінен полиция бөліміне берген есептеріне қарағанда мұсылман қоғамдарының негізін қалаушылар қайырымдылық қоғамдарының өкілдерін біріктіру және үйлестіру орталығын құру үшін съезд ұйымдастыруға шақырды [12]. Алайда, бұл әрекеттер сәтсіз аяқталды. Жәдітшілдіктің саяси белсенділігі үшін күрес түркі-мұсылман халықтарының білімін дамытуға ұмтылған зиялылардың әртүрлі этникалық топтарының ішкі ұлттық күресінен тыс болды. Бұл түркі-мұсылман интеллигенциясының бір жағынан патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы бағытталған саяси күрес болса, екінші жағынан консервативті-схоластикалық бағыттағы ортодоксальдық мұсылман дінбасыларына біріккен қарсыласуының бастапқы кезеңіне айналды.

Жәдіттік саяси белсенділік тек білім беру мен реформалар аясында ғана емес, сонымен қатар рухани мәдениет саласында да айқын көрініс тапты. Ең алдымен баспа беттері мен түркі-мұсылман халықтарына арналған кітаптар түркітілдес халықтардың дүниетанымдық мәселелеріне арналып жарияланды. Тарихи әдебиеттерді басып шығару, атап айтқанда, қазақ ақыны мен философы Ш.Құдайбердиевтің 1911 жылы басылып шыққан «Түркілер мен қырғыз-қайсақтардың шежіресі»,

татар зерттеушісі Ж.Валидидің 1912 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Түріктер мен татарлардың тарихы» атты ғылыми еңбектері түркі-мұсылмандардың тарихи тамырының бір екендігін айқындау үшін жарық көрді.

XX ғасырдың басында қазақтың мұңы газет беттерінде де басылып шығарылды. Осы тұста Ресей империясының қанаушы саясатын ашық жазатын және жиналған мәселелерді халыққа естіртуді қалаған жәдіттік белсенділер баспа органдарды шығара бастады. Бұл әрине олардың саяси белсенділігімен қатар тәуелсіздік жолындағы нақты қадамдарды басумен етене жүрді. XX ғасырдың басы қазақ мерзімді басылымдарының белсенділік танытумен басталды. Егер, XIX ғасырдың аяғында елімізде «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1883 жж.) және «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902) атты отарлық биліктің тапсырмаларын орындайтын екі басылым болса, 1905 жылдан кейін бірқатар жаңа газеттер мен журналдар қазақтардың ұлттық мәселелеріне байланысты жазулары шығарылып жатты. 1907 жылы Санкт-Петербургтегі қазақ зиялылары тобының жетекшісі Абдурашид Ибрагимұлы басшылығымен «Серке» газетін шығара бастады. Осы газеттің екінші нөмірінде М.Дулатұлының «Біздің мақсатымыз» атты мақаласы жарық көрді. Патшалық полиция қызметкерлері бұл газеттің астарында «қазақ халқының отарлық басқармасы мен оның өкілдеріне қарсы бағытталған айдап салу әрекеттері бар екендігін сылтауратып» газетті жауып тастады [13]. Сол жылдың наурыз айында Троицк қаласында алғашқы шығарылымнан кейін тыйым салынған «Қазақ» газеті жарық көрді. «Қазақ» газетінің ұстанымына жақын Ақмола қаласында «Тіршілік» газеті де өзінің белсенділігімен танылды [14].

1911 жылы Троицк қаласында шыққан «Айқап» журналының бірінші нөмірі жарық көрді. Көрнекті қазақ ақыны әрі қоғам қайраткері Мұхамеджан Сералыұлы журналының редакторы және шабыт берушісіне айналды. Журнал әдебиеттің дамуына серпін беріп, қазақ әдеби тілінің шарықтатуға септігін тигізді, фольклор, этнография, тарих бойынша мақалалар жариялады. «Айқап» Ысмайыл Гаспыралының жұмыстарын бақылап, ескі мектептерді реформалауды жүзеге асыруда және дала өңірлерінде жаңа мектептер мен медреселерді ашуды қолдады. Журнал өзінің беттерінде Фирдоусидің «Шахнамасы» сияқты түрік және парсы тілдерінен аудармалар да жариялады [15].

1911 жылы С. Бөкей басшылығымен «Қазақстан» газеті жариялана бастады, онда саяси мақалалардан басқа, қазақ және ноғай түркі халықтарының әдеби зерттеулері жарияланды. 1913-1918 жылдар аралығында Орынбор мен Торғайда А.Байтұрсынның редакциясымен жарияланған «Қазақ» газетінің ұлттық баспасөзді дамытудағы орны ерекше болды. Газеттің басты мәселесі қазақ халқының мәдени өрлеуі, қазақ әдеби тілінің және әдебиетінің дамыту болды. Газеттің беттерінде А.Бөкейханның фольклорға байланысты ғылыми жұмыстары мен А.Байтұрсынның қазақ тілі мен қазақ әдебиеті шығармалары жайлы мақалалар көптеп жарияланды [16].

Петропавловск қаласында 1913 жылдың қыркүйегінде «Ест даласы» газеті екі тілде, татар және қазақ тілдерінде жарық көрді, бірақ жылдың аяғында «революциялық идеяларды таратқаны» үшін жабылды. 1916 жылдан 1917 жылдың аяғына дейін К.Тоғысов басқарған «Алаш» апталық газеті Ташкентте шығарылды. Газет социалистік бағытта бірқатар мақалаларды жариялап тұрды, оның «беттерінде мұсылман халықтарын біріктіру мен орыстарға қарсы бағытталған еңбектер де жарияланды» деген патшалық билік түрлі сылтаулармен кудалау саясатын жүргізді [17].

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін қазақ жерлерінде бірнеше бағыттағы жаңа газеттер мен журналдар шығарылды. Маусым айынан Семейде «Айқап» журналының саясатына жақын «Сары Арқа» басылымының апта сайынғы саны шығарылып тұрды, Оралдағы мұсылман бюросының органы қызметін атқарған «Орал» газеті сап түзеді. Семейде жаз айларында «Абай» әдеби журналы және «Халық сөзі» газеті белсенділігімен таныла бастады. Ташкентте түркі халықтарын біріктіру және жәдіттік бағыттағы екі басылым шығарыла бастады, «Жас Алаштың» редакторы Мұстафа Шоқай және «Бірлік Туы» газеті белсенділігімен танылды [18].

Жәдітшілдік қозғалыс XX ғасырдың басында оқу ағарту саласын реформалаудың айналасынан шыға алмады. Олар революциялық жылдарында ұлттық бірегейлікке қарағанда Ресей империясының құрамындағы мұсылмандарды исламның төңірегінде біріктіруге талпынды. Ғасыр басындағы саяси шиеленістерден шығу жолдарын іздеген жәдіттер мұсылмандардың өмірін отарлық құрылыстың жаңа талаптары мен үрдістерге бейімделумен келісті. Оның үстіне, бұл қозғалыстың мақсаты білім беру реформасы арқылы, патшалық құрылыспен бірге Ресей империясының саяси өміріне араласу және ұлттық сипаттағы күресін тығырықтан шығаруға талпынды. Осы тұста биліктегі орыстар мен түркі-мұсылман халықтары арасында өзара сіңісу тенденциясын байқаймыз, яғни патшалық

әкімшіліктің мұсылмандарға өзін-өзі басқаруға берген уәделеріне сенген жәдіттік қозғалыс жетекшілерін уақытша болса да тұрақтандыруға кірісті [19].

1905-1907 жылдардағы Бірінші орыс революциясы жәдітшілдік қозғалыстың белең алуына жол бермеді деген пікірлер баршылық. Орыс ғалымдар ол қозғалысты «пантүркішілдікпен» байланыстырады [20]. Дегенмен, XX ғасырдың басындағы саяси бәсеңдік түркі-мұсылман халықтарының партия құруға мүмкіндік берді және Ресей Думасында ұлттың болашағы жайлы ашық айтқан жәдіттердің ойлары саяси қадамның бір көрінісі ретінде сипаттауға болады. Осы тұста жәдіттік белсенділердің бір ғана талабы қойылды, ол мұсылмандар мен орыстардың теңдігіне қол жеткізу еді. Қазақстандағы жәдіттік белсенділер мен жаңа қалыптасқан саяси элита «Айкап» журналы мен «Қазақ» газетінің айналасында шоғырланды. Аталған басылымдарды кертартпалықпен байланыстырған А.В.Пясковскийдің коммунистік ойларына қарамастан, саяси белсенділігімен танылған бұл басылымдар ағартушылықты, қазақтардың теңдігі мен олардың болашағы жайлы өздерінің беттерінде көптеген мақалаларды жариялаған. Сондықтан қазақ жәдіттері мен Түркияның арасындағы «пантүрікшілдік» байланыстарының болмағандығын біз олардың саяси әрекеттерінен көре аламыз [21].

Осы кезеңдегі оқиғалар жергілікті жәдітшілдер үшін үлкен саяси мектепті қалыптастырды, оның тәжірибесін ұлттық және әлеуметтік-азаттық күрестен, демократия мен прогресс үшін одан әрі қолданылатын тәжірибеден аңғаруға болады. XX ғасырдың басындағы ұлттық және әлеуметтік саладағы өзгерістер қазақ зиялы қауымның белсенділігін арттырды.

1905-1907 жылдардағы революцияны басқаннан кейін патша үкіметі жәдіттік қозғалысы мен революцияға қатысқан өзге таптарға қарсы қуғын-сүргін саясатын күшейтті. Түрмелер, қылмыстық лагерлер, қуғын-сүргін орындары тұтқындармен толып, жәдіттік белсенділерге деген көптеген айып тағушылық күшейе түсті. Қазақстанның көптеген облыстары мен губернияларында ұлттық қозғалысты бастаған ұйымдар мен зиялы қауымды «Барлауды күшейтудің ережесі» қолданысқа енгізілді. Осылайша, патшалық билік революцияның кезінде берілген уақытша бостандықты жойды.

1907 жылы 3 маусымда патшалық үкімет Екінші Мемлекеттік Думаны тарату және Думаға сайлаудың жаңа жүйесін енгізу туралы заң шығарады. Осы заңға сәйкес, қазақтар мен басқа да этникалық топтар сайлау құқығынан айрылды. Патшалық билік түркі-мұсылман халықтарының жәдіттік қозғалысына шабуыл жасай отырып, қазақ халқының демократиялық баспасөзі мен мәдениетіне қарсы полициялық барлау саясатын бастатты. Дала губернаторы мерзімді басылымдарды және демократиялық бағыттағы басқа әдебиеттерді пайдалануға тыйым салатын жарлықты шығарды [22].

Тіпті, қазақ тілінде шығаруға талпынған мерзімді басылымды күштеп тоқтатты. 1909 жылы Ташкент қаласының басшысы Сырдария ауданының әскери губернаторына берген баяндамасында жергілікті халықтың «ақыл-ойдың көңіл-күйін бақылауды» күшейтуді ұсынды. Дала генерал-губернаторының міндетті жарлығымен полицияның рұқсатынсыз қоғамдық жиналыстардың барлық түрлеріне тыйым салынды, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік пен тыныштықты бұзды деген желеумен, мешітте оқылған жұма намаздар, мұсылмандыққа байланысты кез келген діни іс-шаралар барлау астына алынды, көптеген жазықсыз имамдар мен молдалар түрмеге отырғызылды [23].

Торғай облысының губернаторы болса халықты қадағалау үшін аудандық және ауылдық ақсақалдарды жәдіттік қозғалыспен байланыстары бар деген күдікпен олардың қарапайым бас қосуларына тыйым салды. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері полицияның қадағалауына тап түсті, олардың кез келген әрекеттері жәдіттік және мұсылмандық іс-қимылмен айыпталды. Осы сәтті пайдаланған жергілікті полиция қызметкерлері Қазақстанда патшалық зорлық-зомбылықты күшейту үшін 1909 жылғы орыс баспа беттеріне «орыстандыруды» күштеп жүргізу жарлығын шығарды. Осы жарлыққа сәйкес өңірлердегі губернаторлар жәдіттерден келіп түсетін арыз-шағымдарды, босатуға байланысты өтініштерді және кез келген кеңселік жұмыстарды тек орыс тілінде қабылдады, жергілікті ақсақалдардың, мешіт имамдары мен молдалардың қозғалысқа қатысты еместігі жөніндегі арыз-шағымдары мүлдем қарастырылмады [24].

Қазақ интеллигенциясының ұлттық талаптарын себеп қылып, патшалық билік столыпиндік аграрлық саясатын бастап кетті және қазақтың шұрайлы жерлеріне орыс шаруалары мен мұжықтарын қоныстандыру қарқынын арттырды. «Артық жерлерді» орыс келімсектерімен толықтыру сылтауымен, ең құнарлы жерлерді ашық тонауға кірісті, қазақ халқының байырғы мекен еткен аумақтардан шөлейт аудандарға мәжбүрлеп көшіруіне, қыстақтардың құнын төлемей зорлықпен

тартып алуына осы революциялық науқан сылтау болды. Мұның бәрі 1910 жылдың жазында Ресейде басталған жаңа революциялық өрлеуге әкелді.

Бұл тарихи жағдайларда қазақ интеллигенциясының демократиялық қозғалысы мен жәдіттердің ұлттық талаптары дамуын тоқтатпады, керісінше сапалы жаңа кезеңге өтті. Осылайша, реакция кезеңіндегі жерге байланысты жүргізілген патшалық террор, әдетте, үкіметке қарсы іс-қимылда айыпталған көптеген зиялы қауымның өміріне қауіп төндірді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының қорларында патшалық биліктің демократиялық зиялы қауым мен жәдіттік белсенділерге қарсы ұстанған саясатының қандай екенін көрсететін бірқатар құжаттар бар. Құжаттардың басым бөлігі № 64 қордың, 1 тізбесінде сақталған. Сондықтан оның түп нұсқасын біз бұл зерттеу мақаламызда көрсетуді жөн санадық:

1. № 20 іс, «аса құпиялы», «Сүргінге жіберудің» 32-36 баптарына сәйкес «Мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық татулықты сақтау жөніндегі шаралар туралы ереже» бойынша Қарқаралы уезінің тұрғыны Я.Ақпаев саяси көзқарастарына байланысты 5 жылға Якутск облысына абақтыға қамалсын. Я.Ақпаев кезінде мұсылмандық білім алған және Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде білімін шыңдатып, оқуын үздік бітірген жәдітшілдердің бірі. Халықтың мұның жақсы түсінген Я.Ақпаев отаршылдық саясаттың түп тамырымен жақыннан таныс еді, өзінің саяси көзқарасын ашық білдірді, отаршылдық жүйеге қарсы шықты. 1905 жылы Омскіде саяси белсенділігін арттырды, патша манифестінің жариялануына байланысты демонстрацияға қатысты және тәуелсіздіктің талаптарын нақты қоя білді.

2. № 20 іс, «аса құпиялы», «Семей губернаторының қамауға алу мерзімін ұзарту туралы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы бұрынғы орыс-қырғыз мектебінің бұрынғы директоры А.Байтұрсынов жөнінде». Бұл істе «Ақпаев, Байтұрсынов, Бөкейханов, Ақаев, Раимбеков және басқа да даланың аумағында тұратын жәдітшілдерді қамауға алу» туралы айтылған. Іс 1908 жылы 29 қарашада басталды, 1917 жылдың 12 мамырында аяқталды.

3. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты 64 қоры, 1 тізбесінің № 5832 ісі, 7 парағында 1891 жылы 25 наурызда шығарылған Дала Ережесінің 17-бабына сәйкес, генерал-губернатор Империя аумағына зиянды, саяси сенімсіздікті білдіретін бұратаналарды Ішкі істер министрімен келісім жасай отырып 5 жылдан астам уақытқа қамауға алуға өкілеттілігі бар. Әрбір мұндай шараны қабылдау себептерін егжей-тегжейлі түсіндіріп, Ішкі істер министрінің назарына жеткізілуі тиіс делінген. Патшалық биліктің осы тапсырмасының негізінде құжатта тіркелген 53 астам жәдітшіл имамдар, молдалар, мүдәрістер және өзге де саяси белсенділер қамауға алынған.

4. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты 64 қор, 1 тізбе № 5832 іс, 47 парақ. «Аса құпиялы» белгісі ұрылған. «А.Байтұрсынов тұтқындалып, Семей түрмесіне қамауға алынған. Дала губернаторы Санкт-Петербурдағы Ішкі істер министріне жіберген жеделхатында: «... № 104950 циркулярға сәйкес 1909 жылдың 15 шілдесінде сепаратизм мен үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгені үшін 1 шілдеде ұсталған Қарқаралы А.Байтұрсыновтың орыс-қырғыз мектебінің бұрынғы жетекшісін қамауға алу мерзімін ұзартуды сұраймын» делінген. Осы істің 51 парағында А.Байтұрсыновтың жұбайының күйеуін босату жөніндегі өтініші тіркелген. Өтінішке сәйкес оның үйінде тінту жұмыстары жүргізіліп, «үкіметке қарсы» әрекетке байланысты іс қимылдар табылмаған. Ал аталған істің 55 парағында А.Байтұрсыновтың әйелі Бадрисафа Байтұрсынованың өтініші бойынша «... мәселе соншалықты маңызды, оны босату мүмкін емес» деген жауап жолданған.

А.Байтұрсыновтың саяси белсенділігінің артуы салдарынан ел ішінде патшалық биліктің тапсырмаларын мүлтіксіз орындаған агентуралық қызмет жұмысын асыра сілтеп орындады. Жоғарыда аталған қор мен істің 37 парағынан бастап 436 параққа дейін осы А. Байтұрсынов жайлы мынандай агентуралық ақпараттар жіберіліп отырған: «Дала генерал-губернаторлығы кеңсесіне келесі агентуралық ақпараттар келді (тіркеу тізбесі № 1): А.Байтұрсынов Қарқаралы ауданының қырғыз (қазақ) халқы арасында үкіметке қарсы сепаратистік насихат жүргізді; Семей облысынан Я.Ақпаевті шығару (босату) жөнінде үкім шығарды; А.Байтұрсынов қазақтар арасында автономия (тәуелсіздік) белсенділік танытып, Қытай мен Ауғанстаннан қолдау табатынын айтты; 4) халықты салық төлеуден бас тарту керектігі жайлы үгіт-насихаттар жүргізді.

Осылайша, Қазақстанда ұлттық талаптарды қою, тілді қорғау және өз жеріне келімсектердің қоныстандырылуына қарсы шыққан жәдітшілдер қатаң бақыланып, қамауға алынып отырды. Ал сол жылдары ұлттық баспа органын құру мәселесі ұлттық проблемаға айналды. Дегенмен, демократиялық қозғалыстың келесі кезеңінде жас ұлттық интеллигенция бұл мәселені шешуге

тырысып, демократиялық ойларды қазақ қоғамына сіңіруге тырысты. Демократиялық шеңберлерде елеулі қолдау тапқан жәдіттік прогрессивті қозғалыс серпін алып, уақыт өте келе қазақ қоғамында ықпалды күшке айналды. Кейінгі жылдары жәдітшілдердің саяси белсенділердің санының артуына байланысты үкімет, қазақ баспасөз органындарын ашуға ресми түрде рұқсат берді, бірақ ол «баспасөзге» цензуралық бақылау орнатылды.

Қорытынды. Бұл мақаланың зерттелуі бізге 1905-1917 жылдардағы патшалық биліктің мемлекеттік жүйені демократияландыру барысындағы қазақ жәдітшілдерінің саяси белсенділігін сіңіре алмағандығын көрсетті. Билік жәдітшілерді отарлық билікті құлататын оппозициялық саяси блок пен қозғалыс ретінде қарастырып, олардың кез келген әрекеттеріне тосқауыл қоюға тырысты. Ал жәдітшілдердің бір ғана талабы болды, ол ана тілінде білім алу және орыс келімсектерді қоныстандыруды тоқтату. Жәдітшілдер тұңғыш рет ұлттық орган ретінде әрекет етті, демократиялық реформаларды одан әрі тереңдету қажеттілігін түсіндірді, патшалық ресейлік қоғамға мұңы мен зарын естіруге тырысты. Мемлекеттік Думада түркі-мұсылман халықтарынан өкілдерінің сайлануын талап етті. Осы мәселелерді сұрыптай келе біз бұл мақалада маңызды екі ғылыми тұжырымға қол жеткіздік:

1. Патшалық үкімет жәдіттік қозғалыстың шын мәнін түсінбеді, тіпті түсінгісі келмеді, сонымен оны «пантүркішілдік» және «панисламшылықпен» байланыстырды. «Кәдімшілдікті» ашық қолдап, жәдітшілдердің ұлттық бағыттағы саяси талаптарын таптауға бет бұрды. Жәдіттік зиялы қауымға саяси күш көрсетудің нәтижесінде олардың керісінше бірігуіне септігін тигізді.

2. Жәдіттік қозғалыс халыққа қарсы шықпады, оларды түркі-мұсылман халықтарының болашағы қатты толғандырды және талаптары нақты болды. Бұл, негізінен, қазақтардың өмірін жақсарту, құқықтарының бұзылмауы және Ресей империясы құрамындағы халықтардың этносаралық келісіміне бағытталған-ды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сафаров Г. Колониальная революция (Опыт Туркестана). – Алматы, 1996. – С. 88.
2. Beningsen A. Muslims in the USSR. - Paris, 1983. - p. 79.
3. Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мактабы и медресе в Средней Азии // Журнал Министерства народного просвещения. – СПб.: Сенатская типография, 1913. – № 6. – С. 112-124; № 45. – С. 189-241; № 46. – С. 49-84.
4. Койгельдиев М.К. Инакомыслящий // Казахстанская правда. 7 сентября 1991г.
5. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. Алма-Ата – Москва. 1937.
6. Абжанов Х. Миссия интеллигенции: (казахская интеллигенция XIX начала XX века) // Казахстанская правда. - 2006. - 24 февраля, № 39-40.
7. Дулатов М. Государственная дума һәм қазақ // Айқап. – Алматы, 1995. – 63б.
8. Букейханов Ә. Рухани мәдениет қарауылынан. 1915 г. // Ә.Бөкейханов. Шығармалар. – Алматы, 1994. – 75 б.
9. Ашинин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.И. Репрессированная тюркология. – М., 2002. – С. 209.
10. ҚР ОММ, 25 қор, 1 тізбе, 1415 іс, 8 парақ.
11. Tomoniko Uyama The Geography of Civilizations: Chapter 3-A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, From the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century. 1989
12. Амирханов Р. Ислам и национальная идеология татарского народа // Россия и мусульманский мир. 1996г., №8.
13. Козыбаев С.К. и др. Журналистика Казахстана. Энциклопедия // Алматы, 2012.
14. Калиев Н. Чтобы себе не противоречить: О программе развития СМИ на 1998-2013гг. // Казахстанская правда, 2000, 4 декабря.
15. Синицина С. «Деловой мир Казахстана» - первый номер: О выходе первого номера журнала «Деловой мир Казахстана» // Наука Казахстана. - 2012. - 16-30 сентября.
16. Абикеев Г. Анализ состояния и тенденций развития казахоязычных областных газет // Панорама. - 2012. - 23 января.
17. Байтасов А. О тех, кто к нам входит без стука: Телерадиокомпании «31 канал» - 5 лет // Казахстанская правда, 2013, 6 октября.
18. Кононова Ж. С юбилеем, казахская «Вечерка»: 10 лет газете // Алматы акшамы-Вечерняя Алматы. - 2012. - 26 июня.
19. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. Книга первая. – Алматы: Галым, 2000.

20. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане.- М., 1960.
21. Пясковекий А.В. Революция 1905-2907 годов в Туркестане.– Москва, 1957.
22. Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907-1914гг. (Сборник документов иматериалов). –Алма-Ата,1957.
23. ҚР ОММ, 64 қор, 1 тізбе (Дала генерал-губернаторлығының кеңсесі), 5832 іс, 437 парақ.
24. ҚР ОММ, 64 қор, 1 тізбе (Дала генерал-губернаторлығының кеңсесі), 5833 іс, 284-284 парақтар.

References:

1. Safarov G. Kolonial'naya revolyuciya (Opyt Turkestana). – Almaty, 1996. – S. 88.
2. Beningsen A. Muslims in the USSR. - Paris, 1983. - p. 79.
3. Bobrovnikov N.A. Russko-tuzemnye uchilishcha, maktaby i medrese v Srednej Azii // ZHurnalMinisterstva narodnogo prosveshcheniya.–SPb.: Senatskaya tipografiya, 1913.- № 6.- S. 112-124; № 45.- S.189-241; № 46.-S.49-84.
4. Kojgel'diev M.K. Inakomyslyashchiy// Kazahstanskaya pravda. 7 sentyabrya 1991g.
5. Brajnin S., SHafiro SH. Ocherki po istorii Alash-Ordy. Alma-Ata –Moskva.1937.
6. AbzhanovH. Missiya intelligencii: (kazahskaya intelligenciya III nachala HKH veka) // Kazahstanskaya pravda. - 2006. - 24 fevralya, № 39-40.
7. Dulatov M. Gosudarstvennaya дума ham qazaq // Ayqap. – Almaty, 1995. –63b.
8. Bukeyhanov A. Ruhani madeniet qarauylynan. 1915 g. // Ә.Bokeyhanov. Shygarmalar. – Almaty, 1994. – 75 b.
9. Ashnin F.D., Alpatov V.M., Nasilov D.I. Repressirovannaya tyurkologiya. – М., 2002. – S. 209.
10. QR OMM,25 qor, 1 tizbe, 1415 is, 8 paraq.
11. Tomoniko Uyama The Geography of Civilizations: Chapter 3-A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, From the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century. 1989
12. Amirhanov R. Islam i nacional'naya ideologiya tatarskogo naroda//Rossiya i musul'manskij mir.1996g., №8.
13. Kozybaev S.K. i dr. ZHurnalistika Kazahstana. Enciklopediya//Almaty,2012.
14. Kaliev N. CHtoby sebe ne protivorechit': O programme razvitiya SMI na1998-2013gg.//Kazahstanskaya pravda, 2000, 4 dekabrya.
15. Sinicina S. «Delovoj mir Kazahstana» - pervyj nomer: O vyhode pervogo nomera zhurnala «Delovoj mir Kazahstana»//Nauka Kazahstana. -2012.-16-30 sentyabrya.
16. Abikeev G. Analiz sostoyaniya i tendencij razvitiya kazahoyazychnyh oblastnyh gazet // Panorama. - 2012.-23 yanvarya.
17. Bajtasov A. O tekh, kto k nam vhodit bez stuka: Teleradiokompanii «31 kanal»-5 let // Kazahstanskaya pravda, 2013,6 oktyabrya.
18. Kononova ZH. S yubileem, kazahskaya «Veчерka»: 10 let gazete // Almaty akshamy-Vechernyaya Almaty.-2012.-26 iyunya.
19. Kozybaev M.K. Kazahstan na rubezhe vekov: razmyshleniya i poiski. V dvuh knigah. Kniga pervaya. – Almaty: Galym, 2000.
20. Bendrikov K.E. Oчерки по истории народного образованиа в Туркестане.- М., 1960.
21. Pyaskovekij A.V. Revolyuciya 1905-2907 godov v Turkestane.– Moskva, 1957.
22. Rabochee i agrarnoe dvizhenie v Kazahstane v 1907-1914gg. (Sbornik dokumentov imaterialov). – Alma-Ata,1957.
23. QR OMM, 64 қор, 1 тізбе (Дала general-gubernatorlyғының kensesi), 5832 is, 437 paraq.
24. QR OMM, 64 қор, 1 тізбе (Дала general-gubernatorlyғының kensesi), 5833 is, 284-284 paraqtar.

SRSTI 11.25.42

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.22>

*Nurbolat Nyshanbayev**

Kazakh national university named after al-Faraby, PhD student

FEATURES OF THE NEW CONCEPT OF KAZAKHSTAN'S FOREIGN POLICY: THEORETICAL ANALYSIS

Abstract

Kazakhstan's foreign policy is determined by its multi-vector nature. This means that Kazakhstan is developing relations on an equal footing with global and regional powers. Such a foreign policy understanding ensures the independence of Kazakhstan and creates a basis for its equal interaction with other states. On March 19, 2019, the head of state, who has the official status of the "Elbasy" leader of the nation, N. Nazarbayev, resigned and handed over the post of president to the chairman of the upper house of Parliament, Kassym - Jomart Tokayev. In this regard, the state of the main directions of Kazakhstan's foreign policy during the transition of power is one of the most important issues that currently needs to be studied. The change of power in Kazakhstan after almost 30 years of the rule of Nursultan Nazarbayev is going through a very important stage in shaping the course of foreign policy. The most important legacy of the period of Nazarbayev's rule is a "multi-vector" foreign policy. The continuity of the concept of "multi-vector foreign" policy is very important on the example of the Republic of Kazakhstan today, during the period of the rule of "post-Nazarbayev" or Tokayev's regime. It is very important for the new leadership to determine the foreign policy directions of Kazakhstan in ensuring territorial security. This article analyses the features of a multi-vector foreign policy in the period of K. Tokayev and determines the trajectory of the vector of Kazakhstan's multi-vector foreign policy in the near future.

The most relevant factor is to determine the model of transformation of power in Kazakhstan and its impact on the trajectory of foreign policy. In the formation of Kazakhstan's foreign policy, the personal image of N. Nazarbayev in international politics played a great role. The image of Nazarbayev is materialized, identified with Kazakhstan, became its authority and brand. Kazakhstan's foreign policy is connected with the personality of the leader of the nation, an authoritative diplomat, author and founder of the Eurasian Union. The personality of Elbasy is associated with a system of values focused on stability, change, and traditional values. This is due to the fact that the balance of Kazakhstan's foreign policy between the Russian Federation, China and "Western" countries is important for ensuring the security of the entire territory of Central Asia.

Key words: multi-vector foreign policy, transformation of power, the image of the Elbasy, state, universalism.

*Нурболат Нышанбаев**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті PhD докторанты

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА СЫРТҚЫ САЯСИ БАҒЫТЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ТЕОРИЯЛЫҚ АНАЛИЗ

Аңдатпа

Қазақстанның сыртқы саясаты көпвекторлы сипатымен анықталады. Бұл Қазақстанның жаһандық және өңірлік державалармен тең деңгейдегі қарым-қатынастарды дамытып жатқанын білдіреді. Мұндай сыртқы саяси түсінік Қазақстанның тәуелсіздігін қамтамасыз етуде және оны басқалармен тең құқылы қарым-қатынас жасауға негіз жасауда. Осыған байланысты Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттарының билік транзиті кезеңіндегі жайы қазіргі таңда зерттелуі тиіс аса маңызды мәселелердің бірі. Қазақстандағы билік трансформациясының өзіндік моделі мен оның сыртқы саясаттың траекториясына ықпалы ең негізгі сұрақ болып қала береді. Қазақстанның сыртқы

саясатын қалыптастыруда Н.Назарбаевтың халықаралық саясаттағы жеке имиджінің рөлі аса зор. Себебі, Назарбаевтың соңғы 30 жыл бойына қалыптастырған мультивекторлы сыртқы саясатында Назарбаевтың тұлғалық харизматикасы мен жеке имиджінде қалыптастырған болатын. Назарбаев имиджі материалданып, Қазақстанмен сәйкестендірілді, елдің беделі мен брендіне айналған. Қазақстанның сыртқы саясаты саясаткер, беделді дипломат, Еуразиялық Одақтың авторы және негізін қалаушы Елбасы тұлғасымен байланыстырылады. Елбасы тұлғасы тұрақтылықты, өзгеріске де, дәстүрлі құндылықтарға да бағытталған құндылықтар жүйесімен байланысты.

Себебі, Қазақстанның сыртқы саясатындағы РФ, Қытай және «Батыс» елдері арасындағы балансы тұтас аумақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аса маңызды болып табылады. Мақалада көп векторлы сыртқы саясаттың «Тоқаев» кезеңіндегі сипатына талдау жасап, Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының даму векторының траекториясына талдау жасалынады. қарастырылады. 2019 жылғы 19 наурызда Елбасы-Ұлт көшбасшысы атты ресми мәртебесі бар мемлекет басшысы Н.Назарбаев өкілеттігін доғарып, президент лауазымын Парламенттің жоғарғы палатасының төрағасы Қасым Жомарт Тоқаевқа тапсырды. Нұрсұлтан Назарбаевтың 30 жылға жуық басқаруынан кейін Қазақстан билігінің ауысуы сыртқы саясаттың бағытын қалыптастыруда өте маңызды кезеңді бастан кешуде. Назарбаевтың билік еткен кезеңнің ең маңызды мұрасы «көп векторлы» сыртқы саясат. Қазақстан Республикасы мысалындағы «көп векторлы сыртқы» саясат ұғымының негізі бүгінгі таңда, «пост - Назарбаев» немесе Тоқаев билігі кезеңінде сабақтастығы өте маңызды. Сөзсіз, аумақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жаңа басшылық тарапынан Қазақстанның сыртқы саясаттағы бағыттарын айқындап алу өте маңызды.

Түйін сөздер: Көп векторлы сыртқы саясат, билік трансформациясы, тұлғалық имидж, Елбасы, универсализм.

*Нурболат Нышанбаев**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, PhD докторант

ОСОБЕННОСТИ НОВОЙ КОНЦЕПЦИИ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

Внешняя политика Казахстана определяется многовекторным характером. Это означает, что Казахстан развивает отношения на равных с глобальными и региональными державами. Такое внешнеполитическое понимание обеспечивает независимость Казахстана и создает основу для его равноправного взаимодействия с другими государствами. 19 марта 2019 года глава государства, имеющий официальный статус Лидера Нации, Н.Назарбаев сложил с себя полномочия и передал пост президента председателю верхней палаты Парламента Касым Жомарту Тоқаеву. В связи с этим состояние основных направлений внешней политики Казахстана в период транзита власти является одним из важнейших вопросов, который в настоящее время должен быть изучен. Смена власти Казахстана после почти 30 лет правления Нурсултана Назарбаева переживает очень важный этап в формировании курса внешней политики. Важнейшим наследием периода правления Назарбаева является «многовекторная» внешняя политика. Очень важна преемственность понятия «многовекторная внешняя» политика на примере Республики Казахстан сегодня, в период правления «пост - Назарбаева» или Тоқаева. Безусловно, новому руководству в обеспечении территориальной безопасности очень важно определить внешнеполитические направления Казахстана. В статье анализируется особенности многовекторной внешней политики в период К.Тоқаева анализируется траектория вектора многовекторной внешней политики Казахстана.

Самой актуальной остается модель трансформации власти в Казахстане и ее влияние на траекторию внешней политики. В формировании внешней политики Казахстана играл велика роль личного имиджа Н.Назарбаева в международной политике. Имидж Назарбаева материализуется, отождествляется с Казахстаном, становится его авторитетом и брендом. Внешняя политика Казахстана связана с личностью лидера нации, авторитетного дипломата, автора и основателя Евразийского союза. Личность Елбасы связана с системой ценностей, ориентированных как на стабильность, изменения, так и на традиционные ценности. Это связано с тем, что баланс внешней

политики Казахстана между РФ, Китаем и «Западными» странами имеет важное значение для обеспечения безопасности всей территории ЦА.

Ключевые слова: многовекторная внешняя политика, трансформация власти, имидж личности, Елбасы, универсализм.

Introduction.

Since the first days of its sovereign history, Kazakhstan has taken a firm course towards a multi-vector foreign policy, trying to develop cooperation with all centers of economic power and key geopolitical players. Such a rational policy found the understanding of all and quite naturally contributed to the growth of the country's authority and weight in the international arena.

One of the clearest confirmations of this was the chairmanship of Kazakhstan in the OSCE. In June 2016, Kazakhstan was elected a non-permanent member of the UN Security Council from the Asia-Pacific Group of States for the period 2017-2018 [1]. Kazakhstan's candidacy was supported by 138 out of 193 UN member States. In the Security Council, our country headed the Committee on Sanctions against ISIS and Al-Qaeda banned in the Russian Federation and Other countries, thereby making a significant contribution to the fight against international terrorism. It is obvious that there is no common of the concept of “multi-vectorism” definition in the modern dictionary. Based on individual observations of politicians, experts and researchers on the subject, primarily on the analysis of the realities of foreign policy activity of States, we can conclude that multi-vector foreign policy is an independent and Autonomous foreign policy, the hallmark of which is a balanced and fair relationship with various important centres of power and major world and regional players.

It can also be said that this means pursuing a subtle and balanced geopolitical course, skilfully playing on the contradictions between the most important centres of power of the modern world, aimed at ensuring the national interests of the country and reducing dependence as much as possible [2].

Another important recognition of Kazakhstan's authority is also the Astana talks on Syria. Along with Geneva, the capital of Kazakhstan has become an important platform for dialogue between the opposing Syrian forces. Here, a ceasefire agreement was reached in several parts of Syria. Several rounds of negotiations have already been held and the preparation of the next round has been announced. Although much remains to be done before the resolution of the intra-Syrian conflict, more importantly, the process of finding ways to resolve it continues in a new format, and Kazakhstan is actively looking for its place in the system of international relations.

The foreign policy of the Republic of Kazakhstan throughout all the years of its sovereign development is based on the concept of multi-vector nature, proclaimed by N. Nazarbayev immediately after his election to the post of President of the country on December 1, 1991. According to the President of the Republic of Kazakhstan N. According to Nazarbayev, multi-vector means " ... the development of friendly and predictable relations with all states that play a significant role in world affairs and are of practical interest to our country. Kazakhstan, due to its geopolitical position and economic potential, does not have the right to focus on narrow regional problems [3]. This would be incomprehensible not only to our multinational population, but also to the entire world community. The future of Kazakhstan is in Asia, Europe, the East and the West. By pursuing such a policy, we will be able to exclude any manifestations of a threat to the security of Kazakhstan. we will be able to strengthen the favorable external conditions for economic and political transformations in our country." this position of Kazakhstan was largely determined and is determined by the geopolitical position of our country, the multi-ethnic and multi-religious composition of the population, the level of development of the economy as a whole [4]. Taking into account the current international realities, the main focus of Kazakhstan's foreign policy strategy is on ensuring an effective security system in Central Asia, aimed at preventing non-traditional challenges and threats (international terrorism, religious extremism, drug trafficking, illegal migration) currently emanating from Afghanistan and other countries adjacent to the region.

Results and Discussion.

Multi-vector foreign policy under new-leadership

Almost every foreign visit of the head of Kazakhstan is marked by important initiatives that attract close attention of the international community and active expert discussion. For example, at the 55th session of the UN General Assembly in New York, Nursultan Nazarbayev raised the question of the need to improve the norms of international law relating to the national sovereignty of states, and taking into account new realities to determine the limits beyond which the participation of the world community in the settlement of internal conflicts is legitimate [5]. This formulation of the question is very relevant, since the West is hatching the

idea of eliminating the national state as a political institution under the dominance of the United States on the planet.

President Nursultan Nazarbayev has repeatedly expressed the view that peace on Earth will become stronger if the UN cooperates more closely with regional security structures. For example, with the CSTO (Collective Security Treaty Organization) and the SCO (Shanghai Cooperation Organization), of which Kazakhstan has a membership.

How not to recall the proposal of President N. Nazarbayev to start developing a universal declaration of a nuclear-free world. To do this, it is necessary to expand the legal framework and increase the international control of the IAEA (International Atomic Energy Agency) over the implementation of the obligations of all countries in the field of non-proliferation of nuclear weapons. German Chancellor Otto Bismarck said: "The great questions of history are resolved not by speeches and not by the vote of the majority, but by iron and blood." N. Nazarbayev proposed to put an end to such a tooth-crushing "philosophy", which has clearly outlived its time [6].

At the same time, he draws attention to the fact that today in the world total spending on weapons is growing twice as fast as during the "cold" war between the USSR and the United States – by 6% per year. They have already reached \$ 1.5 trillion a year. And this is at a time when many global and regional problems remain unresolved around the world. Therefore, he believes, a strategy of peace, a philosophy of creation is necessary [7]. And there is no doubt that every year such a constructive position is gaining more and more supporters and adherents, and Kazakhstan and its leader are becoming more and more recognizable in the world.

At the same time, Kazakhstan is building its foreign policy course, carefully analyzing the emerging international relations. It should be understood that Kazakhstan is not a major player in them. In this regard, it should adequately assess its potential, geopolitical position, and the possibilities of its foreign policy.

In the book "Under the banner of independence", the Speaker of the Senate of the Parliament of Kazakhstan K. Tokayev, who has long held the post of foreign Minister in the government, writes: "In fact, it would be incomprehensible and even ridiculous if Kazakhstan began to claim a leading position in international issues that do not correspond to its status. At the same time, it would be unjustified to close yourself in the circle of your own problems and look indifferently at what is happening around you." [8]

Based on this, Kazakhstan's foreign policy is a reflection of the state of modern international relations. Since gaining sovereignty, Kazakhstan has put forward a number of foreign policy principles, and with them actions and initiatives.

First. Multi-vector approach is an important principle of Kazakhstan's foreign policy. First of all, we are talking about ensuring our own independence, as well as the ability to make the most optimal decisions by building mutually beneficial relations with all states. This principle involves the search for a balance of power in cooperation with different geopolitical and economic "centers of power".

Thus, being between Russia, China and the Muslim world, Kazakhstan develops cooperation with all, while developing relations with the world leader – the United States, the largest international market – the EU, as well as the ASEAN countries and Japan.

Kazakhstan seeks to develop comprehensive cooperation with all major institutions of international cooperation – international forums and organizations.

Second. Strengthening global and regional security. the most important step to strengthen global security was the renunciation of nuclear weapons. Kazakhstan cooperates with various international organizations that ensure security, such as the OSCE, the IAEA, NATO and others, joining such treaties as the NPT, the CTBT, the INF and others. Kazakhstan's entry into the Collective Security Treaty System (CSTO), which is still the only real tool for ensuring the external security of the state in the region, was also a significant action [9].

Another step in strengthening international and regional security was the initiative to convene the conference on interaction and confidence-building measures in Asia (CICA), expressed at the 47th session of the UN General Assembly [10].

The third. Development of regional cooperation. In addition to security and multi-vector issues, as well as taking into account the global trend of economic globalization, Kazakhstan has put forward and supported a number of initiatives on regional cooperation, the most significant of which were: the Commonwealth of Independent States, the Central Asian Economic Community (CAEC), the Eurasian Economic Community, the Economic Cooperation Organization (ECO) and others [11].

Integration in Central Asia is the most important priority in the development of the region's states, issues of creating a market with a population of more than 50 million, issues of solving security problems, water supply issues and other pressing problems.

Conclusion.

To integrate into the world market in the south-eastern direction, Kazakhstan has applied for membership in the Organization for Economic Cooperation. In November 1992, he was admitted to its membership at an extraordinary meeting of the ministers of the participating states. The above principles were a significant factor in the implementation of the foreign policy of the Republic of Kazakhstan. In this regard, it can be noted that the external doctrine of the state meets all the main paradigms of modern visions of international relations, as well as the real situation in the international geopolitical struggle.

One of the main priorities of the policy of the Republic of Kazakhstan is to promote the development of the national economy in the context of globalization by ensuring equal positions of the country and Kazakhstan's business in the system of world economic relations.

The Republic of Kazakhstan does not position itself as a global player, the main interests of Kazakhstan are focused on the regional level, which, however, does not exclude the active participation of Kazakhstan in solving global problems of our time. Based on its geographical location and taking into account strategic interests, the Republic of Kazakhstan intends to further strengthen economic and political cooperation in the previously chosen foreign policy areas, while creating a solid foundation for stability, open dialogue and interaction in the region.

Thus, we can conclude that the multi-vector foreign policy is an objective necessity, which during the existence of independent Kazakhstan has made a lot of positive changes on the way to a worthy entry into the world community. One of its results is that Kazakhstan is a successful regional state, the initiator and locomotive of integration processes in the region, as well as an active participant in regional and global structures.

References:

1. Laumulin M. T. *Multi-vector foreign policy of Kazakhstan - there are more pluses than minuses*, centrasia.ru/newsA.php?st=1078126740
2. David C. Kang, "Between Balancing and Bandwagoning: South Korea's Response to China," *Journal of East Asian Studies*, no. 9 (2009), 8.
3. Nazarbayev N. A. *Strengthen the international position of Kazakhstan*. - [//president.kz](http://president.kz)
4. Abdunabi Sattorzoda *Some theoretical aspects of multi-vector approach in the foreign policy of the Central Asian States*, easttime.ru/analitic/1/206.html
5. Kalishevsky M. *Kazakhstan: From the "multi-vector" foreign policy to the "multipolarity" of the CIS. Part I*, 20.03.2007, [ferghana.ru /article.php?id=4994](http://ferghana.ru/article.php?id=4994)
6. *Message of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. March 1, 2006*. [//president.kz](http://president.kz)
7. Laumulin M. T. *Foreign policy strategy of Kazakhstan in the modern geopolitical situation*, // *Kazakhstan in global processes*, No. 1, p. 88-
8. Gideon Rose, "Neoclassical Realism and Theories of Foreign Policy," *World Politics* 51, no. 1 (1998), 144-172; and Norrin M. Ripsman, "Neoclassical Realism and Domestic Interest Groups," in Steven E. Lobell, Norrin M. Ripsman, and Jeffrey W. Taliaferro, eds., *Neoclassical Realism, the State and Foreign Policy* (Cambridge: Cambridge University Press, 2009), 170-193, 152.
9. Charles Ziegler, "Russia in Central Asia: The Dynamics of Great-Power Politics in a Volatile Region," *Asian Perspective* 38 (2014), 590.
10. Randall L. Schweller, "Bandwagoning for Profit: Bringing the Revisionist State Back In," *International Security* 19, no. 1 (1994), 74, 88-89.
11. Avinoam Idan and Brenda Shaffer, "The Foreign Policies of Post-Soviet Landlocked States," *Post-Soviet Affairs* 27, no. 3 (2011), 241-268.

Т.Панияз ^{*1}, Қ.Д.Жанпейісова¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан, (E-mail: toleu@inbox.ru, zhanpeisova73@mail.ru)

Өңірлік саясаттың теориялық аспектілерін салыстырмалы талдау

Аңдатпа

Саясаттың қайсыбірі болмасын тұрғындардың жеке мүдделеріне қарай алға қойған және орындалатын мақсат-міндеттерден, осы мүдделерін қорғайтын әдіс-тәсілдерден, құралдардан, қоғамдық-мемлекеттік институттарынан тұрады. Ірі мемлекеттердің аумағындағы табиғи-климаттық, жағырапиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси-этникалық және басқа да ерекшеліктеріндегі айтарлықтай айырмашылықтарға қатысты өңірлерге бірыңғай көзқарас қалыптастыру өте қиын.

Мақалада өңірлік саясат мазмұнының теориялық аспектілеріне салыстырмалы талдау жасалынады және қазіргі өңірлік саясат, өңірлік саясатты әзірлеу мен іске асырудың теориялық-әдістемелік алғышарттары мен мәні, өңірлік саясаттың теориялық қалыптасу үрдістері, себептері баяндалған. Өңірлік саясат ұғымы мен маңызын анықтау түрлі зерттеушілердің көзқарасы тұрғысынан қарастырылады. Қазіргі кезеңдегі өңірлік саясаттың негізгі мақсат-міндеттері, бағыттары мен жүргізу әдістерінің мазмұны ашылады. Жалпы өңірлік саясатты жүзеге асыру тиімділігін арттыру үшін қорытындылар мен ұсыныстар жасайды.

Түйін сөздер: мемлекеттік өңірлік саясат, тиімді өңірлік саясат, өңірлік саясаттың мақсат-міндеттері, өңірлік даму бағыттары, өңірлік теңгерімсіздік, орталықсыздандыру, жергілікті басқару, өңірлік дамуды мемлекеттік басқару.

Т.Панияз^{1*}, К.Д.Жанпейісова¹

¹Eurasian National University. L.N.Gumilyov,
Nur-Sultan, Kazakhstan

COMPARATIVE ANALYSIS OF THEORETICAL ASPECTS OF REGIONAL POLICY

Abstract

Any policy consists of goals and objectives set by the private interests of the population, methods, means of protection of interests, public-state institutions. It is difficult to form a single point of view on the regions with respect to significant differences in climatic, geographical, socio-economic, political and ethnic and other features in the territory of large states.

The article provides a comparative analysis of the theoretical aspects of the content of regional policy, as well as the current regional policy, theoretical and methodological foundations and consequences for the development and implementation of regional policies, processes of formation and theory of regional policy. The definition of the concept and significance of regional policy is considered from the point of view of different researchers. The content of the main goals, directions and methods of regional policy for the current period is disclosed. Forms conclusions and proposals to improve the effectiveness of regional policy as a whole.

Key words: state regional policy, effective regional policy, goals and objectives of regional policy, directions of regional development, regional imbalance, decentralization, local self-government, state management of regional development.

Т.Панияз^{1*}, К.Д.Жанпеисова¹

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ АСПЕКТОВ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ

Аннотация

Любая политика состоит из целей и задач, поставленных частными интересами населения, методами, средствами защиты интересов, общественно-государственными институтами. Трудно сформировать единую точку зрения на регионы в отношении существенных различий в климатических, географических, социально-экономических, политических и этнических и других особенностях на территории крупных государств.

В статье дается сравнительный анализ теоретических аспектов содержания региональной политики, а также излагается текущая региональная политика, теоретико-методологические основы и последствия для разработки и реализации региональной политики, процессов формирования и теории региональной политики. Определение понятия и значимости региональной политики рассматривается с точки зрения разных исследователей. Раскрыто содержание основных целей, направлений и методов региональной политики на текущий период. Формирует выводы и предложения по повышению эффективности региональной политики в целом.

Ключевые слова: государственная региональная политика, эффективная региональная политика, цели и задачи региональной политики, направления регионального развития, региональный дисбаланс, децентрализация, местное самоуправление, государственное управление региональным развитием.

Кіріспе. Ауқымды аймақ, өңірлерге ие мемлекеттер үшін өңірлік саясат ерекше орынға ие. Өңірлік саясат деп қазіргі кезеңдегі уақытта өңірлік процестердің табиғатын, жай-күйін есепке алатын әдіс-тәсілдерге негізделген, өңірлерге байланысты мемлекеттің жалпы мүддесін және өңірлердің өзіндік мүдделерін іске асыратын ұмтылыстар мен іс-қимылдар кешенін айтамыз.

Өңірлерде айқындалған және атқарылатын өңірлік саясат белгілі бір аумақта және жергілікті жағдайларды есепке ала отырып, сол аумақтағы жекеленген салалардың күллі жүйелерімен келісіліп және өзара үйлесімді дамуы жағдайына сәйкес іске асырылуы қажет.

Өңірлік саясаттың қоғамдық-әлеуметтік қажеттігіне орай, оны дайындап жүзеге асырумен мемлекет аумағындағы бірқатар мәселелерді шешуге болады. Атап айтқанда: өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даралануын; орталық пен өңірлердің мемлекеттік құрылымдарымен қатынасындағы өңірлердегі орталықсыздандыру мәселесін, жүргізілетін саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды; ұлттық-этникалық және діни мәселелермен оқшаулану қаупін; қоғамдық-саяси әлеуметтік-мәдени өңіраралық алуантүрлілікті; әлеуметтік-экономикалық дамудағы өңірлік негіздерін жолға қоюды; экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету және өңірлер арасындағы өзара теңгерімсіздікті қысқарту, дамудың өзге де қажеттіліктерін; өзіндік мәртебесі бар өңірлердің мәселен, еркін экономикалық зоналардың, мемлекеттік қорғалатын аумақтардың, экологиялық апатты өңірлердің және т.б. бөлініп шығуы мен бағдарламаларының жүзеге асуына қажетті алғышарттарды жасау.

Мақсаты. Мақалада осы кезеңдердегі мемлекеттердегі өңірлік саясаттың аспектілері әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан теориялық негізде жан-жақты зерттеліп сипатталған. Зерттеудің мақсаты - жүргізілетін өңірлік саясатты тұжырымдамалық мән-мағынасын ұғыну, себеп-салдарлық негіздемелерді айқындау, қазіргі кезеңдегі өңірлік саясаттың дамуының теориялық үдерістерін талдау, саяси, әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын анықтау.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің әдіснамалық негіздері өңірлік саясатты зерттеушілердің өңірлік саясатты анықтаудағы теориялық тұжырымдамалары мен көзқарастарынан тұрады. Мақалада зерттеудің теориялық негіздерді мен аспектілерін саралауға арналған индуктивті және дедуктивті тәсілдерді пайдаланған теориялық салыстырмалы талдау әдісін айтуға болады.

Нәтижелерді талқылау. Мемлекеттердің өңірлік саясаттың аумақтық мәселелерін зерттеген ресейлік ғалым Р.Ф.Туровский аумақтардың көгжиегінде халық-шаруашылық-аумақ тәрізді қоғамдық өмірдің негізгі үдерістері жүреді. Адамның жер бетінде өмір сүруі осы үдерістердің даму жолы мен бағытына, яғни өңірлік дамуына сүйенеді. Осылайша қоғамның, оның өңірлік жүйелерінің жұмыс істеуі мен дамуы аумақтарда басталып, аумақтарда аяқталады дейді [1, 28 стр].

Қазіргі уақытта аумақтық мәселелердің күллі маңызына қатысты мемлекеттерде өңірлік саясаттың мән-мазмұнын, құрылымдарын және ұғымдарына қатысты анықтауда бірыңғай, әмбебап әдіс-тәсілдер жоқ деп айтуға болады. Өңірлік мәселелерді шешуді іске асыруда олардың жұмыс істеуі белгілі бір аумақтарға қатысты болғандығына қарамастан барлық деңгейлердегі мемлекеттік институттар атсалысады.

Өңірлердің және олардың белгілі бір мүдделеріне қатысты ішкі, сыртқы, экономикалық, ұлттық және т.б саясаттың әрбір аспектісінен өңірлерге қатысты нақты дәлелдемелерді көруге болады. Өңірлік саясат, белгілі бір саясат сияқты, кез келген мүдделердің болуына негізделеді. Осыған байланысты мемлекеттің өңірлік саясатының негізгі бағыты әрбір субъектінің мүдделерін есепке алып, экономикалық және саяси мәселелерін құрайтын өңірлердің күллі кешендері мен институттарының экономикалық әлеуетін жоспарлы дамыту екендігін атап өтеді [2, 105 стр].

Бұл пікірде өңірлік саясат толықтай алғанда елдің мүдделерін қорғайтынын, дегенмен орталықтандырылған жоспарланған экономика жағдайында өңірлер оның объектісі бола алады. Жалпы өңірлік саясаттың қағидалық айырмашылығы мемлекеттік сипатының болуында жатыр. Онда ең негізгі нәрсе өңірлердің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін есепке алу, ресурстық базаларды орналастыру, жалпы мемлекеттік алға қойған міндеттерін жүзеге асыру болатын.

Өңірлік саясат ұғымының мазмұнын түрлі мәнде қарастыруға болады:

1. Өңірлік дамудағы қажетті әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер мен теңгерімді дамудағы көрсеткіштердің айырмашылықтарын қысқартуға бағытталған жалпы мемлекеттік саясаттың бір бөлігі ретінде;

2. Өңірдің жеке әлеуметтік-экономикалық жағдайына әкелетін елдің бірыңғай кешеніндегі орталық биліктің, басқа да жергілікті өңірлердегі мемлекеттік билік органдарының, басқару институттарының мақсатты ұстанымдары ретінде;

3. Орталықта мемлекеттік құрылымдармен іске асырылатын әлеуметтік-экономикалық салаларды мемлекеттік реттеудің бөлігі ретінде;

4. Саяси-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық, мәдени-экологиялық үдерістерді кіріктіретін аумақтардағы ерекше сала ретінде айқындалады. [3, 87 стр].

Бір топ отандық зерттеушілер З.А.Сальжанова, Е.Б. Жайлауов, Н.Н.Гелашвили өңірлік саясатты өнімді күштерді ұтымды орналастырудан және ел өңірлері арасында әлеуметтік және экономикалық теңгерімсіздікті деңгейлестіретін заңнамалық, экономикалық және әкімшілік іс-шаралар кешеніне негізделген мемлекеттік реттеудің маңызды бөлігі деп анықтама береді [4, 4 стр].

Тағы бір ресейлік ғалым С.М.Васин мемлекеттік өңірлік саясат дегеніміз өңірлік даму мақсаттарын, мемлекеттің басқару істерін, шешімдер мен әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған нормативтік-құқықтық актілер мен бағдарламаларда әзірленген мақсаттар мен құндылықтар жүйесі дейді [5, 38 стр].

Жоғарыда айтылғандарды салыстырмалы талдай отырып, өңірлік саясаттың мазмұны мемлекеттегі өңірлердің ұтымды және теңгерімді дамуына, өңірлердегі ресурстарды тиімді пайдалануға, оның саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға негізделген әлеуметтік-экономикалық және құқықтық іс-әрекеттердің жиынтығы деп қорытындылауға болады.

Өңірлік саясаттың негізгі мақсаты жергілікті жерлердегі ресурстарды толық пайдалану, өңіраралық айырмашылықтарды теңестіруге ұмтылу, өсу орталықтарын дамыту, өңірлердегі бірыңғай әлеуметтік-экономикалық кеңістікті дамыту, өңірлердің шаруашылық-кәсіпорындары мен азаматтардың нарыққа шығуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, олардың ерекше мүмкіндіктері мен аумақтық ерекшеліктерін есепке алу және дамыту болып табылады [6, 65 стр].

Өңірлік саясаттың мақсаттарын былайша топтап қарастыруға болады:

1. Әлеуметтік мақсаттар. Әлеуметтік негізделген нарықтық қатынастарды өңірлерде дамыту, нарықтық қатынастарды дамытуға көмектесетін жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасау; тек мемлекеттік бюджеттен ғана емес отандық және шетелдік инвесторлардан, жекешелендіруден

түсетін қаржы-қаражат есебінен тұрғындарды әлеуметтік жағынан қолдау және әлеуметтік институттар мен инфрақұрылым нысандарын құру және дамыту;

2. Экономикалық мақсаттар. Мемлекет әр өңірдің ерекше ерекшеліктерін есепке отырып жекешелендіру бағдарламасын іске асыру және шаруашылық нысандарының өңірлердегі жағдайын жан-жақты қолдау; мемлекеттің барлық өңірлерінде нарық заңдылығына сәйкес бәсекелестік орта қалыптастыру; монополияға қарсы саясат жүргізу; орта және шағын кәсіпорындардың дамуында табиғи ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру; шекаралық өңірлерде еркін сауда айналымын қалыптастыру, еркін экономикалық өңірлердің дамуын жолға қою, экспорттық әлеуетті арттыруға күш салу; өңірлердегі экономиканың басым бағыттарын қолдау; өңірлерге тиімді келісім-шарттар негізінде отандық бизнес пен шетелдік инвесторларды тарту;

3. Экологиялық мақсаттар. Экологиялық қалдықсыз таза технологияларды әкелу, экологиялық-экономикалық тепе-теңдікті өңірлерде қалыптастыру; табиғатты қорғау шараларын жүзеге асыруда отандық және шетелдік капиталды, жеке қаржыны тарту [7, 32 стр].

Сонымен өңірлік саясаттың саясаттың жалпы мақсаттары салалық тұрғыдан сан түрлі екендігін және өңірлердегі мәселелерге байланысты өңірлік мүдделердің де әртүрлі екендігін көреміз.

Өңірлік саясат мынадай міндеттерден тұрады:

- мемлекеттің барлық аумағында теңгерімді әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізу;
- әлеуметтік-экономикалық дағдарыстағы өңірлерге жан-жақты жәрдемдесу;
- мемлекеттің аумақтық тұтастығын, конституциялық тұтастығын сақтау;
- мемлекет аумағында бірыңғай құқықтық кеңістікті құру;
- өңірлердің ерекшеліктерін, артықшылықтарын, мүдделерін есепке алатын тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету;
- өңірлердің өндіріс-шаруашылық кешендеріндегі өзара бәсекелестікті жолға қою;
- өңірлерде тиісті әлеуметтік-экономикалық институттар мен инфрақұрылымдық жүйелер кешенін құру;
- өңірлерде өндіріс-шаруашылық кешендеріндегі дағдарысты жағдайларды дер кезінде еңсеруге жәрдемдесу [8, 94 стр].

Өңірлік саясаттың міндеттеріне мыналар да кіреді:

- тұрғындардың өмір сүру деңгейлерін көтеру және теңестіру;
- өңірлер арасында өзара терең көлденең байланыстар орнату;
- өзара өңіраралық еңбек нарығын жұмыспен қамтамасыз ету;
- дағдарысты жағдайларды еңсеру;
- әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу;
- өңірлердегі саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықты еңсеру;
- дінаралық және этносаралық шиеленістердің алдын алу, болдырмау және т. б. міндеттерді жүзеге асырады деп есептейміз.

Осылайша қазіргі уақытта ең өзекті деген өңірлік саясаттың мақсат-міндеттерін былайша сараптап талдауға да болады деп санаймыз:

1. Өңірлерде орта тапты қалыптастыру мен тұрғындарды әлеуметтік жағынан қорғауды жетілдіру жүйелерін жасау, медициналық қызмет көрсету мен білім беру сапасын арттыру;

2. Өңірлерде халықтың демографиялық өсімін молайту, отбасын әлеуметтік қолдау, әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарды, әртүрлі топтарды, жастарды қолдаудың әлеуметтік механизмдерін қалыптастыруда азаматтық қоғам институттарын, бизнес қауымдастықтарын жұмылдыру;

3. Өңірлерде тиісті әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды қалыптастыру;

4. Өңір тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы экологиялық, қауіпсіз жағдайлармен қамтамасыз ету;

5. Өңір экономикасын әртараптандыру, кешенді шаруашылық-өндірістік құрылымдар мен нысандарды құру, шетел инвестицияларын тарту және инновациялық бастамалар мен жобаларды, технологияларды қаржыландыру және ынталандыру;

6. Өңірлік нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту, өңірлерді өңірлік өндірістерден шыққан сапалы тауарлармен қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті қызмет көрсетуді жолға қою;

7. Әр өңірде ауылдық, аудандық ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану мен қоныстанудың тірек схемасын жасау, қалалық аумақтарды дамытудың қартасын жасау;

8. Өңірдің табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, табиғат қорларын сақтау және пайдалануда экологиялық тепе-теңдікті бұзбау;

9. Өңірлік бюджеттерді тиімді, мақсатты жұмсау, бюджеттің жұмсалуды бақылау;

10. Өңірлерде жергілікті өзін-өзі басқару институттарын қалыптастыру, өңірлік басқару құрылымдарының жұмыс істеу сапасын арттыру;

Енді өңірлік саясаттың жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру бағыттарын төмендегідей толықтыруға болады:

- өңірлерде жергілікті өзін-өзі басқару институттарының құқықтық негіздерін жасау мен жетілдіру;

- өңірлердегі әрбір жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарының әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын және ұзақ уақытқа есептелген даму болжамдарын дайындау, мониторинг жасау;

- өңірлердегі жергілікті өзін-өзі басқару институттары мен орталық билік органдары институттарының бөлімшелерінің қызметін нормативтік, құқықтық жағын әдістемелік қамтамасыз ету;

- мемлекеттегі әкімшілік-аумақтық бөлініске сай жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарының елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістерге уақыты бейімделуі мен ұтымды басқарылуын қамтамасыз ету.

Сонымен өңірлік саясат пен өңірлік даму мақсат-міндеттерін, бағыттарын салыстырып мынадай аспектілерде талдап қарастыруға болады:

- мемлекеттің әкімшілік-аумақтық картасындағы өңірлік дамудың болжамды-кеңістіктік дамуы;

- өңірлік бюджет, салықтар, өңірлік саясаттағы инвестициялар;

- өңірлерде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өңірлік саясаттың міндеттерін шешуде мемлекет субъектілерінің әкімшілік басқару құрылымдары мен орталықтарының рөлі;

- өңірлерде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және өңіраралық ынтымақтастықты жетілдіру, ерекше мәртебесі бар аумақтарды дамыту, технопарктерді, әлеуметтік-экономикалық кешенді жобаларды дамыту;

- өңірлердегі моноқалаларды дамыту;

- артта қалған өңірлерді дамыту, дағдарысты өңірлерді қолдау;

- өңірлердегі көші-қон мәселелерін шешу мен реттеу, шекаралық аумақтарда теңгерімді қоныстандыруды шешу;

- өңірлерде мемлекеттің сыртқы экономикалық ынтымақтастығын дамытуға атсалысу;

- өңірлік дамуды мемлекеттік тиімді басқару;

- орталықта өңірлік мақсатты бағдарламаларды даярлауға қатысу және іске асыру [9, 135 стр].

Мемлекет осы бағыттардың әрқайсысының іске асуына қатысты іс-шаралар кешенін жүзеге асырады және осылардың барлығы белсенді өңірлік саясатты жүргізетін барлық дамыған елдерге тән екенін айтуымыз керек.

Өңірлік саясатты жүргізу әдістеріне келетін болсақ, мұнда тікелей және жанама әдістер бар. Бірінші әдісте мемлекет өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын жетілдіруге бағытталған күрделі шараларға атап айтқанда, өсу полюстарын, өнеркәсіптік технопарктерді, арнайы экономикалық зоналарды құруға, дамытуға атсалысады. Екінші әдісте қаржы, салық, кеден, жүйелері арқылы орталық мемлекеттік билік белгілі бір өңірлерде қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайларды құруға белсенді араласады.

Тікелей мемлекеттік араласу орталық мемлекеттік биліктің құқықтық өктемдігіне негізделген және рұқсат беру, тыйым салу және мәжбүрлеу сынды әдістерді қолданатын әкімшілік ресурстарды қолдану арқылы да жүзеге асырылады [10, 22 стр].

Өңірлердің дамуына ықпал ететін тікелей әдістердің бірі ретіндегі әкімшілік әдістің құрамына экономикалық тұрғыдан мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік өңірлік бағдарламалар мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, проблемалық өңірлерді қолдау, мемлекеттік тапсырыстарды орындау кіреді.

Жанама реттеу әдісі түрлі шаралар жолымен іске асырылады:

- әртүрлі өңірлік мәселелерді шешу үшін қаржы ресурстарын шоғырландыру, өңірлік дамудың арнайы облыстық, аудандық қорларын қалыптастыру мен дамыту;

- өңірлерде күрделі дағдарысты жағдайдағы шаруашылық-кәсіпорындар үшін арнайы саясат ұстану;

- өңірлерге отандық және шетелдік инвесторларды әкелу, тиісті құқықтық базаны жасау;

- күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайлары бар аудандарда орналастырған өндірістік шаруашылықтарды қолдау үшін қосымша шығындардың өтемақысын өтеу, мемлекеттік түрлі жеңілдіктер жасау;

- табиғи ресурстары сарқылған өңірлерге салық жеңілдіктерін беру;

- қатаң табиғи жағдайлары бар аудандарда орналасқан шаруашылықтар мен кәсіпорындарға мемлекеттік дотациялар мен жеңілдіктер енгізу;

- өңірлерде қоршаған ортаны ластайтын шаруашылықтар мен кәсіпорындар үшін арнайы мемлекеттік санкциялар енгізу [11, 140 стр].

Дегенмен өңірлік саясатты жүзеге асыруда зерттеушілер бірыңғай әмбебап әдістер топтамасы жоқ екендігін немесе тікелей және жанама әдістерді нақты бір өлшем ретінде барлық жағдайда қолдана беруге болмайтындығын айтады [12, 18 стр].

Қорытынды. Сонымен өңірлік саясаттың іргелі әдістері деп оның мазмұнын, мағынасын және барлық тараптар үшін өңірлік даму мүдделерін қамтамасыз ететін тиісті саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық базаны қалыптастыратын процестерді айтуға болады. +Жоғарыда айтылғандарды сараптай келе бүгіндері кез келген мемлекет үшін өңірлік саясаттың өзекті екендігін байқауға болады.

Өңірлік саясат өңірлер мен жергілікті жерлердегі саясаттың өте маңызды құрамдас бөлігі және мемлекеттің берік дамуының қалыптасқан іргетасы. Ұлттық деңгейдегі бағдарламалық құжаттарды және өңірлік бағдарламаларды әзірлеуде қызмет етуге, құқықтық актілер мен нормативтермен бірге оларды іске асырудың экономикалық шарттарын айқындауда маңызды болып табылады [13, 33 стр].

Жүргізіліп жатқан мемлекеттік өңірлік саясат мемлекеттің даму болашағымен тығыз байланысты және мемлекеттің өңірлер мен халықтың мүдделерін ескеріп жүзеге асырылатын біртұтас, кешенді өңірлік саясаты мемлекетті дамыған, алдыңғы қатарлы елге айналдыра алады деп айтуға болады.

Сондықтан Қазақстанда түрлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды ғана емес, сондай-ақ кешенді өңірлік реформаларды түбегейлі жүргізуге бетбұрыс жасау қажет. Болашақта өңірлік реформалар бірыңғай мемлекеттің саясатты жүргізуде өңірлердің өзара даму деңгейлерін теңестіруге, халықтың өмір сүру сапасын көтеруге, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытуға, Қазақстанды дамыған әлеуметтік мемлекетке айналдыруға үлес қосары анық. Өңірлік саясатты жүзеге асыруда күшті мемлекет-күшті өңірлер қағидасын әрқашан басты назарда ұстаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Туровский Р.Ф. *Политическая регионалистика. /Учеб. пособие для студентов вузов, обучающихся по направлению подгот. "Политология". - М.: Изд. дом ГУ ВШЭ, 2006. - 787стр, 28 стр.*

2 Гранберг А.Г. *Основы региональной экономики. /Учебник для вузов. - Высшая школа экономики. - 4-е изд. - М.: Изд. дом ГУ ВШЭ, 2004. - 495 стр, -105 стр.*

3 Гагарина Г.Ю. *Региональная экономическая интеграция: условия и факторы пространственного развития. //Монография. - М.: МАКС Пресс, 2012. -155 стр. -87 стр.*

4 Сальжанова З.А., Жайлауов Е.Б., Гелашивили Н.Н. *Оценка результативности региональной политики Республики Казахстан. //Саясат. - 2017. -№7 - 4 стр.*

5 Васин С. М. *Дисбаланс социального и экономического развития региона: вопросы измерения и проблема противоречия. // Региональная экономика: теория и практика. - 2013. - № 19. - 38-45 стр.*

6 Швецов А.Н. *Совершенствование региональной политики: концепции и практика. - М.: Красанд, -2010. - 320 стр. -65 стр.*

7 Гаврилов А.И. *Региональная экономика и управление. -М.: Юнити-Дана, -2002. -239 стр. -32 с.*

8 Кенжегузин М.Б. *Региональная политика Республики Казахстан: экономический механизм реализации. -А.: -1998. -94 стр.*

9 Гурьянова Л.С. *Моделирование сбалансированного социально-экономического развития регионов. //Монография. -Бердянск: ФООП Ткачук О.В., -2013. - 406 стр. -135 стр.*

10 Ларина Н.И. *Мировой опыт региональной политики. -М.: Норма, -2006. -315 стр. -22 стр.*

11 Боев, В.Ю. *Эффективный механизм формирования системы приоритетов устойчивого развития производственной сферы регионов. // Вестник Российского экономического университета им. Г.В. Плеханова. -2017.- № 5 (95). -140 стр.*

12 Бакуменко, В.Д. *Механизмы выравнивания асимметрии регионального развития в условиях глобализации. // Публичное управление. -2008. -18 стр.*

13 Досмагамбетова Г.И., Жексембекова В.А. Роль региональных органов власти в процессе обеспечения устойчивого развития территории. //Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Социологические и политические науки». -2016 г. - №3(55). – 33стр.

References:

- 1 Turovskij R.F. Politicheskaya regionalistika. /Ucheb. posobie dlya studentov vuzov, obuchayushchihya po napravleniyu podgot. "Politologiya". - M.: Izd. dom GU VSHE, 2006. - 787str, 28 str.
- 2 Granberg A.G. Osnovy regional'noj ekonomiki. /Uchebnyk dlya vuzov. - Vysshaya shkola ekonomiki. - 4-e izd. - M.: Izd. dom GU VSHE, 2004. – 495 str, -105 str.
- 3 Gagarina G.YU. Regional'naya ekonomicheskaya integraciya: usloviya i faktory prostranstvennogo razvitiya. //Monografiya. - M.: MAKS Press, 2012. -155 str. -87 str.
- 4 Sal'zhanova Z.A., ZHajlauov E.B., Gelashvili N.N. Ocenka rezul'tativnosti regional'noj politiki Respubliki Kazahstan. //Sayasat. – 2017. -№7 – 4 str.
- 5 Vasin S. M. Disbalans social'nogo i ekonomicheskogo razvitiya regiona: voprosy izmereniya i problema protivorechiya. // Regional'naya ekonomika: teoriya i praktika. - 2013. - № 19. - 38-45 str.
- 6 SHvecov A.N. Sovershenstvovanie regional'noj politiki: koncepcii i praktika. - M.: Krasand, -2010. - 320 str. -65 str.
- 7 Gavrilov A.I. Regional'naya ekonomika i upravlenie. -M.: Yuniti-Dana, -2002. -239 str. -32 s.
- 8 Kenzheguzin M.B. Regional'naya politika Respubliki Kazahstan: ekonomicheskij mekhanizm realizacii. –A.: -1998. -94 str.
- 9 Gur'yanova L.S. Modelirovanie sbalansirovannogo social'no-ekonomicheskogo razvitiya regionov. //Monografiya. -Berdyansk: FOP Tkachuk O.V., -2013. - 406 str. -135 str.
- 10 Larina N.I. Mirovoj opyt regional'noj politiki. -M.: Norma, -2006. -315 str. -22 str.
- 11 Boev, V.YU. Effektivnyj mekhanizm formirovaniya sistemy prioritetov ustojchivogo razvitiya proizvodstvennoj sfery regionov. // Vestnik Rossijskogo ekonomicheskogo universiteta im. G.V. Plekhanova. - 2017.- № 5 (95). -140 str.
- 12 Bakumenko, V.D. Mekhanizmy vyravnivaniya asimmetrii regional'nogo razvitiya v usloviyah globalizacii. // Publichnoe upravlenie. -2008. -18 str.
- 13 Dosmagambetova G.I., ZHeksembekova V.A. Rol' regional'nyh organov vlasti v processe obespecheniya ustojchivogo razvitiya territorii. //Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya «Sociologicheskie i politicheskie nauki». -2016 g. - №3(55). – 33str.

FTAMP 04.21.61

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.25>

Э.С.Слямова*

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: elmira_slyamova@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕҢГЕРІМДІ КӨРСЕТКІШТЕР ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты: теңгерімді көрсеткіштер жүйесі- университеттердің қызметін бағалаудың пайдалы құралы ретінде көрсету. Университеттер өз мақсаттарына жету үшін стратегиялық жоспарлар құрады. Алайда, егер қажетті ресурстар болмаса, бұл жоспарлар сәтсіз болуы мүмкін. Кез - келген университеттегі ең құнды ресурстар-бұл оқытушылар мен қызметкерлердің тәжірибесі және оның зияткерлік капиталы. Сондықтан, егер университет осы құнды ресурстарды тиімді бағалап, оларды басқарса, ол өз мақсаттарына жету үшін стратегияларды ұтымды құрып, қолдана алады. Бұл мақалада университеттегі зияткерлік капиталды тиімді бағалаудың теңгерімді көрсеткіштер жүйесі әдісі қарастырылған. Соңғы уақыттарда жоғары оқу орындарының есептерінің ашықтығы мен олардың көрсететін қызметтерінің нәтижелерін бағалау қиынға соғып отырғаны анық. Кез-келген

жоғары оқу орындары неғұрлым бәсекеге қабілетті болуы үшін соғұрылым әрекетшіл және өз қызметінің тиімділігін бағалай алуы тиіс.

Түйін сөздер: зияткерлік капитал, университет, теңгерімді көрсеткіштер жүйесі, зерттеу университеті, зияткерлік капиталды бағалау

*E.S.Slyamova**

*Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: elmira_slyamova@mail.ru*

BALANCED SCORECARD FOR EVALUATING INTELLECTUAL CAPITAL IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

Abstract

Purpose of the article: to show the balanced scorecard as a useful tool for assessing the activities of universities. Universities make strategic plans to achieve their goals. However, these plans can fail if the required resources are not available. The most valuable resources at any university are the experience of faculty and staff and its intellectual capital. Therefore, if a university effectively evaluates and manages these valuable resources, it can rationally design and use strategies to achieve its goals. This article discusses the balanced scorecard method as an effective method for assessing intellectual capital in a university. It is obvious that in recent years, the openness of the reports of universities and the assessment of the results of their services has become increasingly difficult. Universities must become more entrepreneurial and measure their performance in order to be more competitive.

Key words: intellectual capital, university, balanced scorecard, research university, evaluating of intellectual capital

*Э.С.Слямова**

*Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
Казахстан, г. Алматы, e-mail: elmira_slyamova@mail.ru*

СБАЛАНСИРОВАННАЯ СИСТЕМА ПОКАЗАТЕЛЕЙ ОЦЕНКИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО КАПИТАЛА В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Аннотация

Цель статьи: показать систему сбалансированных показателей как полезный инструмент оценки деятельности вузов. Университеты строят стратегические планы для достижения своих целей. Однако эти планы могут потерпеть неудачу, если не будет необходимых ресурсов. Наиболее ценными ресурсами в любом университете являются опыт преподавателей и сотрудников и его интеллектуальный капитал. Поэтому, если университет эффективно оценивает эти ценные ресурсы и управляет ими, он может рационально разрабатывать и использовать стратегии для достижения своих целей. В данной статье рассмотрен метод сбалансированной системы показателей как эффективный метод оценки интеллектуального капитала в вузе. Очевидно, что в последнее время открытость отчетов вузов и оценка результатов их услуг становится все труднее. Вузы должны стать более предприимчивыми и оценивать эффективность своей деятельности, чтобы быть более конкурентоспособными.

Ключевые слова: интеллектуальный капитал, университет, сбалансированная система показателей, исследовательский университет, оценка интеллектуального капитала

Кіріспе.

Әлемдегі барлық университеттер қоғамның дамуына тікелей жауапты. Себебі университеттен сапалы білім алып шыққан тұлғалар әр мемлекеттің келешегінің жарқын өмір сүруіне ат салысатын маман иелері. Өз болашағын ойлайтын университеттер білім алушылар мен қатар еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тиімді академиялық бағдарламаларды әзірлеуге

мейлінше назар аударулары тиіс. Академиялық бағдарламалардың сапасын арттыру даму мен өзгерістердің қажетті деңгейін басқара алатын білікті оқытушылар ғана нәтижелі түрде қол жеткізе алады.

Университетке қоғам дамуындағы өз міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін маңызды элементтер оның адами ресурстары (адами капитал) болып табылады. Адами капитал университеттің даму стратегиялары мен саяси құжаттарын даярлауда, іске асыруда және дамытуда маңызды рөл атқарады. Білім университеттер үшін білім өнімдерімен айналысатын ұйымдар ретінде маңызды активке айналды. Осылайша, әртүрлі ғылыми зерттеушілер мен экономика саласындағы мамандар университет стратегиясына жаңаша көзқарас қалыптастырды, онда жалпы қабылданған бәсекеге қабілетті күштерге емес, қорларды пайдалану тиімділігіне ерекше назар аударылды. Қорларға негізделген болашақ университетке бірегей қорларды, мүмкіндіктер мен қабілеттерді алу, кеңейту және дамыту арқылы олардың тиімділігін арттыру үшін қызмет етеді. Қорларға негізделген болашақ университеттік активтерді тиімді пайдалану стратегиясына баса назар аударады. Университеттің құнды активтерінің бірі зияткерлік капитал болып табылады, ол университеттің тиімді қызметінің негізгі көзі болып саналады [1].

Негізгі бөлім.

Жоғары оқу орындарындағы зияткерлік капиталды бағалау жоғары оқу орындарының жұмыс сапасын жақсартуға ықпал ететін негізгі көрсеткіштерді жақсы танып білуге, сонымен қатар, бұл қорларды жақсырақ, пайдалырақ етіп бөлуге, стратегиялар мен алға қойылған мақсаттарға нақты және жылдамырақ қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл университеттегі білім алушылардың саны мен сапасын арттыруға және оларды қоғам мен еңбек нарығына қажетті маман ретінде оқытып, тәрбиелейтін оқытушыларды көбірек жұмысқа алуына себеп болады. Зияткерлік капиталдың тиімділігін арттыру арқылы білім берумен қатар университетте жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасы мен оларды қаржыландыру көлемінің өсуіне, жарияланым санын арттыруға, әртүрлі отандық немесе халықаралық рейтингтерде жоғары дәрежеге жетуге болады.

Бұл мақалада Теңгерімді көрсеткіштер жүйесі (ТКЖ) негізінде академиялық ұйымдардағы зияткерлік капиталды бағалау қарастырылған. Теңгерімді көрсеткіштер жүйесі 1992 жылы Каплан мен Нортон бастаған тиімділікті бағалау құралдарының бірі болып табылады. Бұл құрал материалдық және материалдық емес ресурстарды теңдестіру идеясына негізделген, университеттегі материалдық ресурстарға қаржылық ресурстар жатады, ал материалдық емес ресурстарға клиент көзқарасы, ішкі саяси бизнес процесінің болашағы және оқу мен даму болашақтары жатады. Сондықтан университеттің ұзақ мерзімді тиімділігін бағалау барысында Теңгерімді көрсеткіштер жүйесіне сәйкес төрт перспективаны ескеру қажет. Зияткерлік капиталды көрсететін үш перспектива-бұл клиенттердің болашағы, ішкі бизнес-процестердің болашағы және оқыту мен даму. Бұл перспективалар қаржылық нәтижелерге әкелетін зияткерлік капитал көрсеткіштеріне негізделген университеттің құндылығын тудырады. Кез келген университеттің бірнеше негізгі және маңызды функциялары бар: білім беру жүйесін құру, білім алу және білім беру. Университеттің зияткерлік капиталын анықтау және бағалау қабілеті оны бөлу мен дамытудың, сондай-ақ оны тиімді басқаруды институцияландыру тәсілі болып табылады. Университеттің өзгеріп жатқан қажеттіліктеріне жауап беру үшін стратегиялық зияткерлік капиталды анықтау және басқару университеттің бәсекелестік артықшылығын қолдаудың немесе жақсартудың маңызды әдісі болып табылады. Сондықтан университеттер талантты оқытушылар, қызметкерлер мен студенттерді тарту үшін бәсекеге түседі. Cullen, Joyce, Hassall, және Broadbent [2] тек тиімділікті бақылау үшін ғана емес, басқарудың маңыздылығын арттыру үшін оқу орындарында Теңгерімді көрсеткіштер жүйесін қолдануды ұсынды. Sutherland [3] Оңтүстік Калифорния университеті өзінің академиялық бағдарламасы мен жоспарлау процесін бағалау үшін Теңгерімді көрсеткіштер жүйесіне жақындағанын хабарлады. Сонымен қатар, Chang and Chow [4] 69 бухгалтерлік бөлім басшыларының сауалнамасындағы жауаптар Теңгерімді көрсеткіштер жүйесінің қолданылуын және бухгалтерлік бағдарламалар үшін артықшылықтары бар екендігін растағаны жайлы айтты. Жоғары оқу орындары өздерінің кірістерін болашақ зияткерлік активтерді табуға бағытталған зерттеулер мен әзірлемелерге бағыттайды. Сондықтан университеттер «үздік және білікті адам ресурстарын» тарту және ұстап тұру жолдарын іздестіреді және инновацияларды ынталандыру және жаңа әзірлемелерді құру үшін оларды басқарудың тиімді стратегияларын қабылдайды. Жоғарыда келтірілген түсіндірулер мен зерттеулерге сәйкес зияткерлік капиталдың көрсеткіштері университеттің кадрлық ресурстарының сапасын (оқытушылар мен қызметкерлердің құзыреті мен дағдылары, сондай-ақ студенттердің қабілеттері) өлшеу және басқару,

университеттің стратегиясы мен мақсаттарының тиімділігі мен оқытылуы үшін анықталуы және мүдделі тараптармен қарым - қатынастармен байланысты көрсеткіштер (үкімет, өнеркәсіп, ата-аналар, акционерлер және т.б.) анықталуы керек.

Ең алғаш «зияткерлік капитал» түсінігін шетелдік инвесторлар Н.Кронфилд және А.Рок 1958 жылы пайдаланса, ал америкалық экономист Дж.К.Гелбрейт 1969 жылы ғылыми қоғамдастыққа енгізді [5]. Зияткерлік капиталды ұйымның қазіргі және болашақ жетістіктеріне тікелей әсер ететін және басқа ұйымдармен салыстырғанда оның рейтингін анықтайтын білім, дағды, тәжірибе мен ақпараттан тұратын факторлар ретінде анықтауға болады [6].

Карлан и Norton ұйымдарға жетекші индикаторлар немесе қаржылық нәтижелерді болжаушылар ретінде пайдалану үшін кешенді шаралар жиынтығын жасауды ұсынды [7]. Олар төрт аспектке негізделген шараларды әзірлеуді ұсынды:

1. Қаржылық перспектива. «Ұйым өз акционерлері үшін қандай болуы керек?» сұрағына жауап берулері қажет.

2. Клиенттің болашағы. «Ұйым өз клиенттеріне қалай көрінуі керек?» сұрағына жауап берулері қажет.

3. Ішкі бизнес-процестердің перспективасы. «Ұйым қандай процестерде жетістікке жетуі керек?» сұрағына жауап берулері қажет.

4. Оқыту және өсу перспективасы. «Ұйым өзінің өзгеру және жақсару қабілетін қалай сақтай алады?» сұрағына жауап берулері қажет.

Бұл төрт дәстүрлі көзқарас университеттердегі BSC-ге қатысты әртүрлі зерттеулерде қолданылды. Кейбір жағдайларда перспективаларды ұсынудың атауы мен тәртібінде шамалы айырмашылықтар болды. Көптеген зерттеулер сонымен қатар университеттердің белгілі бір контекстінде өлшеу перспективаларының модификацияланған нұсқасын ұсынады, әсіресе дәстүрлі перспективаларға қаржылық емес өлшемдер қосылады, мысалы, қауымдастық қатысуы, инновация, стратегиялық серіктестік және университеттер үшін маңызды ғылыми зерттеулердің алдыңғы қатарлы тәжірибесі. Соңғы зерттеулердің бірі тұрақты даму тұжырымдамасының төрт аспектісі болып табылатын оқыту мен өсудің, ішкі операциялардың, мүдделі тараптардың және тұрақтылықтың модификацияланған ТКЖ моделін ұсыған.


Тиімді ТКЖ үшін маңызды фактор-барлық шараларды төрт аспект бойынша ұйымның көзқарасы мен стратегиялық мақсаттарымен үйлестіру. ТКЖ менеджерлерге қысқа мерзімді қаржылық нәтижелерді бақылауға мүмкіндік береді, сонымен бірге болашақ қаржылық көрсеткіштердің өсуіне ықпал ететін материалдық емес активтерді құру және сатып алудағы прогресті бақылайды [9]. Осылайша, ТКЖ менеджерлерге өз стратегияларының орындалуын бақылауға, түзетуге және оларға түбегейлі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесі инновациялар мен оқытуды өлшеуге баса назар аударады: патенттер, жаңа өнімдер (ғылыми ортадағы жарияланымдарға әкелуі мүмкін). Өлшеудің бұл аспектілері жоғары оқу орындарындағы зияткерлік капитал өлшемінің келесі элементтеріне сәйкес келеді:

1. Ноу-хау, авторлық құқық, патенттер және әртүрлі дизайн құқықтарын қамтитын зияткерлік меншік активтері.

2. Адамға бағытталған активтерге шығармашылық қабілеттер мен мәселелерді шешу қабілеті, ұйым қызметкерлері енгізген көшбасшылық, кәсіпкерлік және басқару дағдылары кіреді.

3. Инфрақұрылымдық активтер-бұл ұйымның ұзақ мерзімді перспективада тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін технологиялар, әдістемелер мен процестер.

Ұйымдардағы индикаторлар жүйесінің маңызды аспектісі стратегиялық бизнес-бірліктер немесе ұйымдардағы деңгейлер арасындағы стратегиялық мақсаттарды үйлестіру мәселесі болып табылады. Бұл теңестіру процесі әр деңгей ұйымның жоғары және төменгі деңгейіне теңестірілетін индикаторлардың теңдестірілген деңгейі арқылы жүзеге асырылады. Деңгейлер арасындағы байланысты «жоғарыдан төменге» немесе «төменнен жоғарыға» схемасы арқылы жасауға болады. Деңгейлердің байланысы деңгейлер арасындағы негізгі мақсаттардың резонансын қамтамасыз етеді және туралау мен синергетикалық нәтижелерді қамтамасыз етеді. Зияткерлік капиталдың тиімді қаржылық емес көрсеткіштері қаржылық көрсеткіштерді толықтырады; ұйымды басқаруды жақсартуға бағытталған жаңа стратегияларды әзірлеу үшін кері байланыс механизмін қамтамасыз етеді [10]. Теңгерімді көрсеткіштер жүйесінің перспективасының иерархиясы келесі суретте көрсетілген (сурет 1).



Сурет 1-Теңгерімді көрсеткіштер жүйесінің перспективасының иерархиясы

Әрбір перспектива әдетте даму стратегиясында қолданылатын логикалық иерархия моделіне, яғни кірістерге, процестерге, шығыстарға және нәтижелерге қатысты. Каплан мен Нортон жасаған Теңгерімді көрсеткіштер жүйесінің төрт перспективасын бейімдеу [7,8] университет басшылығы коммерциялық ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолданатын тиісті әдістерді қабылдауы керек деген есепке алынды. Жалпы, университеттің жоғары басшысы университеттің дамуы үшін белгілі бір стратегиялық тақырыптарды бақылай алды. Енгізу перспективаларының стратегиялық тақырыптары объектілерді, қызметкерлердің кәсібилігін, сондай-ақ жүйелер мен саясатты, процедуралар мен ұйымдастырушылық құрылымды қамтиды. Енгізу перспективасын дамыту процестің болашағын одан әрі жақсартады. Стратегиялық тақырыптар процестің болашағы академиялық атмосферадан, университетті тиімді басқарудан, университеттің әлеуметтік жауапкершілігінен, оқыту мен зерттеуден тұрады. Процесс тұрғысынан жақсы өнімділік көптеген мүдделі тараптарға, соның ішінде студенттерге, пайдаланушыларға, қауымдастыққа және серіктестерге пайда әкеледі. Өндіріс перспективасының стратегиялық тақырыбы көптеген мүдделі тараптар үшін құндылықтың көрінісі болып табылады. Каплан мен Нортонның [9] айтуынша, стратегия-бұл гипотезалар жиынтығы. Бұл стратегияларды іске асыруға дейін, дәл кезінде және одан кейін сынауға мүмкіндік береді. Өзгерту бастамасы оңай болады, өйткені тиімділік көрсеткіштері арасындағы себеп-салдарлық байланысты түсіндіруге және егжей-тегжейлі зерттеуге болады. Университеттің одан ары өркендеп дамуы үшін әр перспективаға сәйкес стратегиялық жоспар құрылуы қажет. Құрылған стратегиялық жоспар бойынша нақты және нәтижелі жұмыстардың жасалуын тиімді түрде басқарып және бақылап отыратын кәсіби басшы мен менеджерлер қажет. Қорытындылай келе қазіргі уақытта жоғары оқу орындары сапаны арттыруға мүдделі екені барлығымызға мәлім. Институционалдық әлеуетті құру және жоғары оқу орындарының сапасын арттыру кезінде ескеру қажет ең маңызды құрамдас бөліктердің бірі зияткерлік капитал болып табылады. Осы уақытқа дейін көптеген зерттеулер мен тәжірибелер құндылықты арттыру және өнімділікті арттыру үшін университеттерге интеллектуалдық капиталды бағалау және басқару үшін жүргізілді. Осы бағалаулардың арасында ТКЖ де бар. Білім беру мекемесінде ТКЖ қолдану оқытушылар мен басшылықтың бірге жұмыс істеулерін талап етеді. Ол жоғарыдан төменге қарай иерархияда саясатты әзірлеуге және іске асыруға жауапты аға қызметкерлерден басталады. Сайып келгенде, ТКЖ енгізу қызметкерлердің кері байланысы мен тиісті функциялар арасындағы байланысты қамтитын себеп-салдарлық байланыс жасайды. Жоғары оқу орындарында ТКЖ қолдану кезінде мақсаттар мен міндеттерден бастау және ТКЖ төрт көзқарасының әрқайсысы үшін өлшемдер мен көрсеткіштерді анықтау қажет. ТКЖ төрт перспективасына сәйкес ескерілуі керек көрсеткіштер студенттердің оқыту стиліне, оқу сапасына, оқытушының кері байланыс сапасына, оқытушылардан алатын инфрақұрылымдық мүмкіндіктерге және академиялық көшбасшының тиімділік деңгейіне қанағаттануын көрсетеді. Академиялық көшбасшылар университеттің қаржылық перспективасына қол жеткізетін оқыту мен оқыту перспективаларын жақсарту үшін тиімді ішкі процесті қолдана отырып, мүдделі тараптардың көзқарасын орнатуға және нығайтуға жауап береді.

Қорытынды

ЖОО зияткерлік капиталды бағалаудың бірден бір әдісі ретінде ТКЖ бірнеше алдыңғы қатарлы университеттерде енгізіліп, тәжірибеден өткізілген. Атап айтсақ: Лос-Анджелестегі Калифорния университеті, Индиана университеті, Эдинбург университеті, Карлтон университеті және т.б. Теңгерімді көрсеткіштер жүйесінің артықшылығы мынада, менеджерлерге негізгі стратегиялық мәселелерге назар аударуды ұсына отырып, ол қызмет көрсеткіштерінің жалпы санын азайтуға мүмкіндік береді, сонымен қатар ұйымды басқару ерекшеліктерін ескереді.

Теңгерімді көрсеткіштер жүйесі университеттің көзқарасы, миссиясы, стратегиясы мен операциялық қызметін мақсаттар мен міндеттерді көрсетумен, сондай-ақ қызмет нәтижелерін бағалаумен байланыстыратын маңызды құрал бола алады. ТКЖ университеттерге енгізудің негізгі себептері:

- маңызды басқару құралы ретінде қарастырылады;
- академиялық бағдарлама мен жоспарлау процестерін бағалауға мүмкіндік береді;
- бұл тек өнімділікті бақылау емес, басқарудың маңыздылығын арттыру құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Sutherland, T. (2000). *Designing and implementing an academic scorecard. Accounting Education News, 11-13.*
2. Cullen, J., Joyce, J., Hassall, T., & Broadbent, M. (2003). *Quality in higher education: From monitoring to management. Quality Assurance in Education, 11(1), 5-14.*
3. Sutherland, T. (2000). *Designing and implementing an academic scorecard. Accounting Education News, 11-13.*
4. Chang, O.H., Chow, C.W. (1999). "The Balanced Scorecard: A Potential Tool for Supporting Change and Continuous Improvement in Accounting Education", *Issues in Accounting Education, Vol. 14, No. 3, pp. 395-412.*
5. Edvinsson L. *Managing Intellectual Capital. QFINANCE. P. 1-4. URL: http://www.qfinance.com.*
6. Sveiby, Karl-Erik (2001). "A Knowledge-based Theory of the Firm To guide Strategy Formulation", *Journal of Intellectual Capital, Vol. 2, No. 4.*
7. Kaplan, Robert S. and Norton, David P. (1992). "The Balanced Scorecard", *Harvard Business Review, Jan-Feb. pp.71-79.*
8. Kaplan, Robert S. and Norton, David P. (1993). "Putting the Balanced Scorecard to Work", *Harvard Business Review, pp.134-147.*
9. Kaplan, Robert S. and Norton, David P., (1996). "Linking the Balanced Scorecard to Strategy", *California Management Review, Vol.39 No.1, , pp.53-79.*
10. Holmen, J., (2005). "Intellectual Capital Reporting", *Management Accounting Quarterly, 6(4), - pp. 1-9.*

FTAMP 11.01.29

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.26>

А.У. Нусипова *

Абай атындағы ҚазҰПУ PhD докторанты,
Алматы қ., Қазақстан

КАРАНТИН АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТТІ: САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Өткен жылдың аяғынан бастап жаңа COVID-19 инфекциясы адам өмірінің әртүрлі салаларына, соның ішінде заманауи технологиялық құрылымға бұрын-соңды болмаған әсерін тигізді. Жаһандық жағымсыз факторлардың арасында денсаулыққа қатысты қиындықтар да, киберқауіпсіздік мәселелері де атап өтілді.

COVID-19 жаңа пандемиясы пайда болысымен әлем қашықтан қол жетімділіктің қауіпсіздігі проблемаларын объективті және субъективті себептермен анықтай бастады. Бір жағынан, Интернетке үйден кіру нүктесі қауіпсіздік тұрғысынан қиын емес, екінші жағынан, карантинге өту күтпеген

жағдай болды. Қазіргі уақытта ақпараттық қауіпсіздік саласында көптеген жергілікті шешімдер және қауіпсіз қашықтықтан қол жетімділікті ұйымдастыру бойынша халықаралық ұсыныстар бар. Бұл мақалада осы факторлардың өзара байланысы қарастырылады.

Түйін сөздер: COVID-19, ақпараттық қауіпсіздік, ғаламтор, әлеуметтік желілер, ресурстар, ақпараттық технологиялар, карантин.

*A.U. Nussipova **

*PhD doctoral student of Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

HOW QUARANTINE AFFECTED INFORMATION SECURITY: A POLITICAL ANALYSIS

Abstract

Since the end of last year, the new COVID-19 infection has had an unprecedented impact on various areas of human life, including the modern technological structure. Among the global negative factors, both health problems and cybersecurity challenges were noted.

Security problems with remote access to the novel coronavirus COVID-19 during a pandemic are identified for objective and subjective reasons. On the one hand, accessing the Internet from home is not difficult from a security point of view, on the other hand, the transition to quarantine was unexpected. Currently, there are many local solutions in the field of information security and international recommendations for organizing secure remote access. The relationship of these factors we will consider in this article.

Key words: COVID-19, information security, Internet, social networks, resources, information technology, quarantine.

*A.U. Нусипова **

*PhD докторант КазНПУ им. Абая,
Алматы, Казахстан*

КАК КАРАНТИН ПОВЛИЯЛ НА ИНФОРМАЦИОННУЮ БЕЗОПАСНОСТЬ: ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

С конца прошлого года новая инфекция COVID-19 оказала беспрецедентное влияние на различные сферы человеческой жизни, включая современную технологическую структуру. Среди глобальных негативных факторов были отмечены как трудности здравоохранения, так и вызовы кибербезопасности.

Проблемы с безопасностью удаленного доступа к новому коронавирусу COVID-19 во время пандемии выявляются по объективным и субъективным причинам. С одной стороны, выход в Интернет из дома несложный с точки зрения безопасности, с другой - переход на карантин оказался неожиданным. В настоящее время существует множество локальных решений в области информационной безопасности и международных рекомендаций по организации безопасного удаленного доступа. Взаимосвязь указанных факторов рассматриваются в данной статье.

Ключевые слова: COVID-19, информационная безопасность, Интернет, социальные сети, ресурсы, информационные технологии, карантин.

Кіріспе. Қазіргі қоғамды ақпараттық қоғам деп те атайды. Компьютерлік технологиялар мен коммуникацияның кең дамуы ақпарат жинауға, сақтауға, өндеуге және ақпаратты беруді өте тиімді және бұрын болмаған көлемде жедел ұсына бастады. Жаңа ақпараттық технологиялардың арқасында адамның өндірістік және өндірістік емес қызметі, оның күнделікті қарым-қатынас саласы әлемдік өркениет қалыптастырған тәжірибе, білім және рухани құндылықтарды тарту есебінен шексіз

кеңейеді, ал экономиканың өзі күннен-күнге материалдық игіліктердің өндірісі ретінде сипатталып, барған сайын ақпараттық өнімдер мен қызметтерді тарату құралы ретінде көрсетілуде.

Ақпараттандырудың қазіргі кезеңі дербес компьютерлік технологияларды, телекоммуникациялық жүйелерді қолданумен, компьютерлік желілерді құрумен тікелей байланысты. Осыған орай ақпараттық индустрияда тиімді шешімдерді әзірлеу және қолдану қажеттілігі артып келеді, бұл жаңа білім алу үшін аппараттық және бағдарламалық жасақтамалар жасаумен және ақпараттық технологиялар шығарумен айналысады. Ақпараттық индустрияның дамуының белгілі бір кезеңінде жұмыскерлердің көп бөлігі ақпаратты өндірумен, сақтаумен, өңдеумен және сатумен айналысатын ақпараттық қоғам туады, яғни бұл қоғам интеллектті дамытуға және білім алуға бағытталған шығармашылық жұмыстар жүргізілуде. Ұлттық шекаралар бойынша бөлінбеген адамдардың бірыңғай ақпараттық қоғамдастығы құрылуда. Ал ақпараттық қоғамның қалыптасуы соңғы ақпараттық, телекоммуникациялық және байланыс технологияларына негізделген. Бұл жаһандық ақпараттық желілердің жылдам таралуына әкеліп соқтырған жаңа технологиялар, халықаралық ақпарат алмасудың принципіалды жаңа мүмкіндіктерін ашты. Ақпараттық қоғамның қалыптасуы тұжырымдамалық және іс жүзінде әлемдік ақпараттық кеңістіктің қалыптасуын білдіреді, сонымен бірге қазіргі карантиндік жағдайға байланысты өте өзекті мәселе болуда.

Ақпараттық сфераның қарқынды дамуы бүкіл әлемдегі қоғам өміріне айтарлықтай әсер етеді, оны бір ғаламдық ақпараттық кеңістікте немесе инфосферада болатын ақпараттық қоғамға біріктіреді. Бұл дегеніміз, қазіргі уақытта ақпараттың шекаралары аз, бұл оң және теріс жағынан оған көбірек адамдар әсер ете алады дегенді білдіреді. Сондықтан ақпараттық ресурстар мен процестер ТМД-да да, әлемнің басқа елдерінде де көптеген әлеуметтік апаттардың түбінде болуы мүмкін екенін ескерген жөн.

Нәтижелерді талдау. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, әсіресе компьютерлік технологиялардың дамуы және оларды өмірдің барлық саласында, соның ішінде үкімет пен әскери салада тарату қарама-қайшылықтың немесе қарама-қайшылықтың түбегейлі жаңа түрінің - ақпараттың жақында пайда болуына әкелді. Әрине, ақпараттық соғыстар ұзақ уақыттан бері белгілі және қолданылып келеді деп айтуға болады, бірақ олар насихаттау, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану, қоғамдық пікірді қолдан жасау, қауесет, алдау, жалған ақпарат және т.б. сияқты құралдарды (және шектеулі) пайдаланды. Технологиялық прогресс ақпараттық соғыстың шын мәнінде жаңа мәнге ие болуына әкелді. Жақында «ақпараттық соғыстар» немесе олардың кибер-аспектілері ақпараттық инфрақұрылым элементтерін рұқсатсыз пайдаланудың, бүлінудің немесе жоюдың және / немесе олардың тұтастығын бұзудың алдын-алу үшін әскери және стратегиялық мақсаттарда көп мөлшерде қолданыла бастады (қорғаныс тұрғысынан) немесе ақпарат саласында артықшылыққа қол жеткізу үшін жаудың ақпараттық инфрақұрылымының элементтерін жою, жолын кесу (яғни шабуылдау). Дегенмен, қару-жарактың мақсаттары әр түрлі болуы мүмкін және олар тек әскери нысандар болады, және мұндай әрекеттер тек соғыс уақытында ғана жасалады деп айтуға болады - бұл орынсыз және тіпті қауіпті аңғалдықты білдіреді. [1].

Биылғы жылғы бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп отырған жаңа коронавирус инфекциясы, пандемия COVID-19 адам өмірінің әртүрлі салаларына, оның ішінде қазіргі технологиялық құрылымына бұрын-соңды болмаған әсерін тигізді. Қазіргі уақытта әлем бойынша жүздеген миллион адам интернет көмегімен үйден жұмыс істеуге мәжбүр. Ғаламтор желісін уақытты жағымды өткізу құралы деп ғана білетіндердің өзі бүгін оны қызметінде туындаған мәселелерді шешу үшін белсенді қолдана бастаған. Виртуалды кездесулерді жүзеге асыру мен отбасының тұрмыстық қажеттілігін қамтамасыз етуге керек-жаракты сатып алу да тек интернет арқылы қолжетімді. Қызметті қашықтан атқару барысында компьютер желісі мен интернет-сервистердің маңызы еселенген кезде, кибер қылмыскерлердің де белсенділігін арттырып отыр. Олар өзекті жаңалықтарды, төтенше жағдай туралы хабарларды жіберіп, желі қоданушыларын сілтемелер арқылы зиянды сайттарға өтуге итермелеуге тырысады. Вирустық бағдарламалар бар хаттарды жолдайды, нәтижесінде өз көздеген мақсаттарына жетуге жол табады [2].

Кибер қылмыскерлер әдетте қаржы саласында жұмыс жасайтын мекемелердің қас жауы болады, көбінесе солардың ақпараттық қорына қол жеткізуді көздейді. Көптеген компания мамандары осы шабуылдарды көріп қана қоймай, оның салдары қандай болатынын сараптап, қылмыстың алдын алуды жетік меңгерген. Бұл жұмыстар үнемі бақылауды, талдауды және болжауды талап етеді. Дегенмен, әлеуметтік қашықтықты қажет етіп тұрған дағдарысқа дайын емес компаниялар да

жеткілікті. Арасында өз жұмысын уақытша доғарғандар бар. Алайда, киберқауіпсіздік тұрғысынан қауіпті жағдайда қызметін жалғастырғандар да жоқ емес. Европолдың мәліметінше, коронавирустың өршуі кезінде DDoS-шабуылдар саны артқан. Қылмыскерлер аталмыш шабуылдарын жүзеге асырмауы немесе тоқтатуы үшін ақша талап етеді. Алып компаниялар жиі осындай әрекеттердің құрбаны болады.

DDoS-шабуыл онлайн-сервистердің жұмысын бұзуға бағытталған. Заңсыз трафик ағымының арқасында компьютерлер, Интернет және сұранысты жіберетін басқа да құрылғылар көмегімен бір уақытта көптеген сұраныстар жіберіледі. Бұл, сайып келгенде, қызметті шамадан тыс жүктейді. Бұл ретте нақты тұтынушылар немесе пайдаланушылар кері байланыс ала алмайды. DDoS шабуылдары әдетте ресурс қорын азайтады.

Бұқараның коронавирус төңірегіндегі үрейі киберқылмыскерлер үшін фишинг шабуылдарды жасауға жағдай жасап отыр. Салдарынан еш қауіп тудырмайтындай көрінген хат арқылы зиянды бағдарламалар таратылуда [3].

Біз әлеуметтік шабуылдарды қылмыстық (тұрмыстық) деңгей мен кибер операциялардың (мемлекеттік немесе өндірістік сипаттағы) деңгейіне қарай ажыратуға болады. Үй шаруашылығында, өздеріңіз білетіндей, кибершабуылдар шартты түрде екі сыныпқа бөлінеді:

- тұлғаның жеке басын және басқа да жеке ақпаратты заңсыз алу мақсаты болып табылатын фишингтік шабуылдар;

- ақшаны заңсыз алуға немесе банктік шоттарға қол жеткізуге бағытталған қаржылық алаяқтық.

Кибероперациялар мен АПТ шабуылдарының деңгейіне, зиянды пошта таратудың дәстүрлі тізімдері, саяси қате ақпарат пен троллинг, сонымен қатар шабуылдың салыстырмалы түрде жаңа түрі, адамдарды іздеуге бағытталған қосымшалардың орнатылуы әдебиеттегі коронавирус тақырыбымен байланысты.

Фишингтік шабуылдардың бірнеше түрлері бар, атап айтқанда: Интернет-ресурстарды (пошта, веб-парақтар) дәстүрлі түрде пайдалану, мәтіндік / SMS хабарламалар (белсенді әрекетті бастау, мысалы, жалған дауыс беру арқылы алдау арқылы) және дауыстық хабарламалар (атап айтқанда, VoIP хаттамасы).

COVID-19 коронавирустық инфекциямен байланысты әйгілі әлеуметтік инженерлік шабуылдардың мысалдары бойынша:

1. Әдетте фишинг немесе ақша бопсалау мақсатында зиянды қосымшасы бар немесе зиянды бағдарлама / веб-сайтқа сілтеме бар электрондық поштаны жіберу. Мұндай хаттардың көздері әдетте заңды болып жасырылады, мысалы, денсаулық сақтау ұйымы ретінде (әдетте БҰҰ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы), компанияның директоры, АТ қолдау қызметі (немесе керісінше, егер хат АТ-қолдау қызметіне жіберілсе, карантин кезеңінде дереккөз заңды қолданушы ретінде маскировкаға түседі) сақтандыру компаниясы (мысалы, хабарлама мәтіні алушының эпидемия кезінде медициналық сақтандырудың аяқталғанын көрсетеді), қайырымдылық коммерциялық емес компания, қаржы немесе сауда компаниясы (пандемия кезіндегі өте жақсы ұсыныспен), оқу орталығы, провайдер (әдетте Қытайдан келетін электроника), компания салығы, туристік немесе авиакомпания, еңбек биржасы және т.б. TrenMicro зерттеуіне сәйкес, әлеуметтік шабуылдардың 65% -дан көбі – спам хаттар [4].

2. Зиянды қосымшаларды орнатуға арналған ұсыныстар, мысалы, коронавирустың таралу картасы (геологиялық орналасу нүктесінің жанында жалған вирустық тасымалдаушыларды көрсететін) - Коронавирус немесе Gmap картасы.

3. Денсаулық сақтау ұйымдары, қайырымдылық ұйымдары, сақтандыру компаниялары, вирусқа қарсы препараттарды ақысыз тарататын ұйымдар сияқты жалған веб-порталдарға кіру (сіз «жеткізу үшін» төлеуіңіз керек деген ақпараттар болады) және басқалар. Қауіпсіздік саласындағы сарапшылар жалған фишингтік веб-сайттардың пайда болуының қайталану толқынын тіркеді, олардың аты енді *covid* емес, қашықтан қол жеткізудің туынды фразалары - *teams* немесе *zoom* (бейнеконференция қосымшалары).

4. Жасанды жаңалықтар, (Денсаулық сақтау министрлігі немесе әкімдіктердің) жедел хабарлары, карантиндік QR кодын жасау немесе қорқыныш, стресс және денсаулыққа зиян паразит материалдар, мысалы, жаһандық қастандық теориясына қатысты (биологиялық соғыс, оқудың тасталуы, климаттың өзгеруімен және әртүрлі обсурантизм көріністерімен күресу), сайып келгенде, зиянды ресурстарға сілтеме жасайды.

Британдық ғалымдардың зерттеуі бойынша, компьютерлік шабуылдардың 98% -ында әлеуметтік инженерия әдістері қолданылады [5].

Мәселен, коронавирустан қорғану туралы ақпарат, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының кезекті мәлімдемесі немесе бетперде мен өзге де дезинфекциялық құралдардың сатылуы жайында хаттарды ашып оқудың өзі бүгін қауіп төндіреді [6]. Себебі, осы арқылы сізге зиянды бағдарламалар мен вирус жіберілуі мүмкін. Нәтижесінде, алаяқтар Windows жүйесіндегі құпия сөз, қолданушылардың есім-сойлары мен банктегі реквизиттер жайындағы мәліметті қолды қылады.

Осы жағдайға байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ескерту жариялаған. Өзін аталмыш ұйым қызметкері деп таныстырған адаммен сөйлесу кезінде асқан қырағылық пен сақтық танытуды өтінген. Себебі бұл қазіргі ахуалды өз мүдделері үшін пайдаланып отырған киберқылмыскер болуы әбден мүмкін екенін ескертеді. Мамандардың айтуынша, айына орта есеппен 1,4 миллион осындай жалған сайттар жасалады екен [7].

Қазіргі жағдайға байланысты мамандарының айтуынша, қашықтан жұмыс жасау барысында бірнеше қағиданы есте сақтау абзал. Ең негізгісі поштамен сауатты жұмыс жасай білу қажет. Бейтаныс адресаттан келген хаттағы сілтемеге басудан, лицензиясы жоқ бағдарламаларды жүктеуден және орнатудан бас тартқан дұрыс, яғни «цифрлық тазалықты» сақтау маңызды.

Халықаралық электробайланыс одағының (ХЭО) есебіне сәйкес, Қазақстан 2018/2019 жж ғаламдық киберқауіпсіздік индексында 40 орынға ие болған. Primeminister.kz ресми ақпарат ресурсында еліміздің 2017/2018 жж аталмыш рейтингте 82-орында болғаны жазылған [8].

Қорытынды. COVID-19 коронавирусының жаңа инфекциясы басталған кезде бүкіл АТ әлемі ақпараттық қауіпсіздік саласында ерекше міндетке тап болды, және пандемия кезінде компьютерлік желілерде қауіпсіз жұмыс істеу тәжірибесін ескере отырып ұйымдастыру және техникалық тұрғыдан алғанда баға жетпес екеніне көз жеткізді.

Осы дағдарыс кезеңінде қоғамдық ақпараттық жүйелерге қол жетімділіктің бұзылуы (ел экономикасын цифрландыруды ескере отырып) жоғары технологиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпаратты қорғаудың болашақ құралдарын одан әрі жетілдіру қажеттілігін көрсетті.

COVID-19 коронавирусының таралуынан кейін әлем бұрынғыдай болмайды деп философиялық түрде болжауға болады. «Жаңа шындық» идеясы жаппай тестілеуді бастағаны анық (қашықтықтан жұмыс және оқыту), және ол өз орнын еліміздің қазіргі технологиялық құрылымында таба алады. Бұл жағдайдың постанализі еліміздегі IV индустриалқ революцияның жаңа буыны ақпараттық технологияларды құру және ұйымдастырудың маңызды басымдықтарына назар аудару керек деген тұжырымды білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Токаев К. Повестка дня конференции по разоружению должна быть пересмотрена // *Индекс Безопасности*. – 2012. – № 1 (100), Том 18. – С.25-30.
2. Coronavirus misinformation spreading fast: Fake news on COVID-19 shared far more than CDC, WHO reports. <https://www.zdnet.com/article/coronavirus-misinformation-is-increasing-newsguard-finds/>
3. Exclusive: Elite hackers target WHO as coronavirus cyberattacks spike <https://www.reuters.com/article/us-health-coronavirus-who-hack-exclusive/exclusive-elite-hackers-target-who-as-coronavirus-cyberattacks-spike-idUSKBN21A3BN>
4. Developing Story: COVID-19 Used in Malicious Campaigns <https://www.trendmicro.com/vinfo/us/security/news/cybercrime-and-digital-threats/coronavirus-used-in-spam-malware-file-names-and-malicious-domains>
5. Human hacking: a guide to social engineering <https://www.comtact.co.uk/blog/human-hacking-a-guide-to-social-engineering>
6. Европол предупредил о продажах мошенниками некачественных защитных масок <https://tass.ru/obschestvo/8303361>
7. Coronavirus update: In the cyber world, the graph has yet to flatten <https://blog.checkpoint.com/2020/04/02/coronavirus-update-in-the-cyber-world-the-graph-has-yet-to-flatten/>

8. Казахстан вошел в топ-40 стран Глобального индекса кибербезопасности
<https://zonakz.net/2019/03/29/kazakhstan-voshel-v-top-40-stran-globalnogo-indeksa-kiberbezopasnosti/>

References:

1. Tokaev K. Povestka dnya konferencii po razoruzheniyu dolzhna byt' peresmotrena // Indeks Bezopasnosti. – 2012. – № 1 (100), Tom 18. – S.25-30.

2. Coronavirus misinformation spreading fast: Fake news on COVID-19 shared far more than CDC, WHO reports. <https://www.zdnet.com/article/coronavirus-misinformation-is-increasing-newsguard-finds/>

3. Exclusive: Elite hackers target WHO as coronavirus cyberattacks spike
<https://www.reuters.com/article/us-health-coronavirus-who-hack-exclusive/exclusive-elite-hackers-target-who-as-coronavirus-cyberattacks-spike-idUSKBN21A3BN>

4. Developing Story: COVID-19 Used in Malicious Campaigns
<https://www.trendmicro.com/vinfo/us/security/news/cybercrime-and-digital-threats/coronavirus-used-in-spam-malware-file-names-and-malicious-domains>

5. Human hacking: a guide to social engineering
<https://www.comtact.co.uk/blog/human-hacking-a-guide-to-social-engineering>

6. Evropol predupredil o prodazhah moshennikami nekachestvennyh zashchitnyh masok
<https://tass.ru/obschestvo/8303361>

7. Coronavirus update: In the cyber world, the graph has yet to flatten
<https://blog.checkpoint.com/2020/04/02/coronavirus-update-in-the-cyber-world-the-graph-has-yet-to-flatten/>

8. Kazakhstan voshel v top-40 stran Global'nogo indeksa kiberbezopasnosti
<https://zonakz.net/2019/03/29/kazakhstan-voshel-v-top-40-stran-globalnogo-indeksa-kiberbezopasnosti/>

FTAMP 04.51.53

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-8940.27>

М.К. Шнарбекова¹*, Д.Қ. Мамытқанов¹

¹Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА КӘСІБИ ҰСТАНЫМДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қазақстандық жастардың кәсіби ұстанымдары мен бағыт-бағдарлары жан-жақты талданады. Теориялық тұрғыдан тақырып бойынша талдау нәтижелері ұсынылады. Сонымен қатар, жастар арасында 2018 жылы жүргізілген кешенді әлеуметтанулық зерттеу мәліметті берілген. Зерттеудің жалпы іріктеу көлемі 1000 респондентті құрайды, оның ішінде жас мамандар - 600. Зерттеу мәліметтері SPSS for Windows (version 21) лицензиялы бағдарламасымен өңделді.

Мақалада жастардың құндылықтар иерархиясында білім мен жұмыстың орны сараланады. Жастар ортасындағы қалаулы кәсіп бейнесі мен жұмысқа орналасу үшін қажетті талаптар қарастырылады. Сонымен бірге, жас мамандардың өзге салада жұмыс істеу себептерін зерттеу бойынша қорытындылар ұсынылады. Бұл мәселенің қазіргі кезде өзектілігі артуда, себебі кәсіби еңбек нарығын талдау нәтижелері жастардың жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін алғашқы жылдары өз мамандығы бойынша жұмыс істеу көрсеткіштерінің төмендігін айқындайды.

Түйін сөздер: жоғары білім, жастар, білім құндылығы, жастардың кәсіби құндылығы, қалаулы кәсіп бейнесі, кәсіби ұстанымдар.

М. К. Shnarbekova^{1*}, D.K. Mamytkhanov¹

¹*al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

PROFESSIONAL ASPIRATIONS OF YOUNG SPECIALISTS IN THE LABOR MARKET OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article analyzes the professional attitudes and guidelines of modern Kazakhstani youth. A theoretical overview on the subject of the article is presented. The results of a comprehensive sociological study conducted in 2018 are also presented. The sample size of the study is 1000 respondents, including 600 young specialists. The obtained data were processed by the licensed program SPSS for Windows (version 21).

The article examines the importance of education and work in the hierarchy of youth values. Particular attention is paid to the explore young people's desired profession and understanding by youth the necessary skills for employment. The reasons for the employment of young specialists not in their profession are also considered. This problem is especially relevant now, since the results of the analysis of the professional labor market indicates low rates of youth employment in their specialty in the first years after graduation.

Key words: higher education, youth, value of education, professional values, desired profession, professional aspirations.

М.К. Шнарбекова^{1}, Д.К. Мамытканов¹*

¹*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ УСТРЕМЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ НА РЫНКЕ ТРУДА КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье анализируются профессиональные установки и ориентиры современной казахстанской молодежи. Представлен теоретический обзор по тематике статьи. Приведены результаты комплексного социологического исследования, проведенного в 2018 году. Объем выборки исследования составляет 1000 респондентов, в том числе молодые специалисты – 600. Полученные данные были обработаны лицензионной программой SPSS for Windows (version 21).

В статье изучается значимость образования и работы в иерархии ценностей молодежи. Особое внимание уделяется представлению молодежи о желаемой профессии и необходимых навыков для трудоустройства. Также рассматриваются причины трудоустройства молодых специалистов не по своей профессии. Данная проблема особо актуальна сейчас, так как результаты анализа профессионального рынка труда свидетельствует о низких показателях трудоустройства молодежи по специальности в первые годы после окончания вуза.

Ключевые слова: высшее образование, молодежь, ценность образования, профессиональные ценности, желаемая профессия, профессиональные устремления.

Кіріспе.

Жоғары білім беру кеңістігенде орын алған қазіргі заманғы басты тенденцияның бірі – оның трансформациялануы, жаһандануы мен қоғамда атқаратын рөлінің өзгеруі. Өзгерістер өз кезегінде жастардың топтық және жеке іс-әрекеті мен ұмтылысында қайтарма реакция ретінде көрінеді. Осы орайда, бұл мақалада 16-29 жас аралығындағы қазақстандықтардың жоғары білім беру кеңістігіндегі ұстанымын, жалпы өмірлік құндылықтарын, еңбек нарығындағы ұмтылыстары мен олардың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды зерттеу мақсатында жүргізген сауалнама нәтижелерінің сараптамасы мен талдауы ұсынылады.

Жоғары білім беру жүйесінде жастардың топтық тәжірибесін габитус пен капитал негізінде келесі формула бойынша сипаттауға болады: [(Габитус) (Капитал)] + Алаң = Тәжірибе. Мұнда

тәжірибе белгілі бір әрекеттер мен таңдаулар жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл теңдік белгілі бір «алаңдағы» габитус пен капиталдың өзара байланысы тәжірибенің қалыптасуына әсер ететінін көрсетеді. Капитал габитусты қалыптастырады, ал габитус өз кезегінде осы капиталды өзгертеді [1]. Тәжірибелер габитус пен алаңның өзара қиылысында қалыптасады [2]. Габитус пен алаңның байланысы диалектикалық және динамикалық сипатта болады, себебі габитус та, алаң да өздерінің траекторияларына сәйкес дамиды. Жоғары білім мәселесін зерттеу контекстінде тек капиталды қарастыру жеткілікті болмайды, себебі ресурстар өздігінен білімі артықшылықтарға айналмайды. Адамдар өздерінің жоспарларына сәйкес капиталды қолдану керектігі мен құндылығын айқындайды, сонымен қатар, олардың қолдағы ресурстарын пайдалану үшін дағдылары болуы керек [3]. Аналогиялық жағдайды карта ойыны арқылы иллюстрациялық тұрғыдан көрсетуге болады: «Ойыншылардың қолында әр түрлі карталар болады (мысалы, әлеуметтік және мәдени капитал), бірақ ойын нәтижесі тек қолдағы карталарға ғана емес... сонымен қатар, ойыншының ойнау дағдыларына да байланысты. Өзінің «инвестициялық бейімділіктеріне» қарай ұқсас әлеуметтік және мәдени ресурстары бар адамдар әр түрлі әлеуметтік артықшылықтарға қол жеткізулеріне болады» [4, р. 154]. Осылайша, жастардың да әр түрлі білімдік және кәсіби ұстанымдары қалыптасады.

Зерттеу қорытындылары.

Білім құндылығы. Бүгінгі таңда жастар үшін жақсы білім алу басты өмірлік ұмтылыстарының бірі. Қазақстандық жастардың 40,7% (жеке бағалауы бойынша) жақсы білім алған, 47,8%-ы жақсы білім алу үрдісінде екендігін атап өткен. Жақсы білім алуды өздері үшін қол жетімсіз игілік ретінде жастардың 8,5%-ы санайды. Орта және жоғары тапқа жататын жастармен жүргізілген фокус-топтық талқылаудың негізінде ғалымдар жастардың жоғары білімге қатысты құндылықтық көзқарастары кейін олардың жоғары білімді таңдауы мен кәсіби ұстанымдарына әсер ететінін айқындады [5]. Жоғары білімнің потенциалдық экономикалық артықшылығына қарамастан, төмен тапқа жататын жастар жоғары білімді тәуекел ретінде қарастырады, себебі жоғары білімді алу көптеген шығындарды қажет етеді, ал олардың қайтарымы белгісіз болып бағаланады.

Жастардың өмірлік ұстанымдары. Жастардың ұмтылатын жұмыстары жайында айтатын болсақ, ол бірінші кезекте қызықты болуы тиіс. Жастардың 93,6%-ы өз қалауларына қол жеткізгендігін немесе қызықты жұмысқа тұруға мүмкіндігінің бар екендігін айтады. Жастардың беделді жұмысқа деген ұмтылысы да жоғары: жас респонденттердің 20,6%-ы жұмысының беделді екендігін айтса, 69,9%-ы оған қол жеткізе алатындығына сенімділік білдіреді. Жастардың аз ғана бөлігі мансапқа жеткендігін айқындайды. Ал жеке ісін/бизнесін ашу жастарды қатты қызықтыра бермейді. Жастардың 5,7%-ы бизнесім бар десе, ал 64,4%-ы бизнеске қарағанда оларды беделді жұмыс пен мансап бойынша өсу қызықтыратындығын айтады. Бизнес саласында табысқа жету мүмкін емес деп санайтын жастардың жиілік көрсеткіші 18,7%-ды құрайды. Қазіргі жастар үшін ерекше құндылық – жақсы көретін ісімен айналысу. Осы мақсатқа жастардың барлығының қол жеткізгісі келеді - 98,9%, ал 6,5%-ы мұндай арманды жүзеге асыру мүмкін емес шығар деп есептейді.

Қазіргі жастар үшін өз-өздеріне қожайын болу маңыздылығы (95,6%), әлемнің әр түрлі елдерінде болу (94,4%), бос уақыттың көп болуы және оны өз рахатына пайдалану (91,9%) ұмтылыстары жоғары екендігін байқаймыз. Бірақ жастардың біраз бөлігі үшін мұндай мақсаттарға жету мүмкін емес болып көрінеді. Егер жастардың байлық, билік, танымалдылыққа қатысты ұстанымдары туралы айтатын болсақ, онда оларды билік пен атаққа қарағанда ақша көптеп қызықтыратынын көре аламыз. Сонымен қатар, жас қазақстандықтардың 7%-ы байлықты өздері үшін маңызды деп есептемейді. Зерттеу жастардың құндылықтар иерархиясында отбасын құру, бала тәрбиелеу мен адал өмір сүру маңыздылығының да жоғары екендігін байқатады. Отбасын құру мен бала тәрбиелеу өмірлік жоспарында жоқ екендігі жайында жастардың тек 2,1%-ы айтқан. Отбасын құру және балаларды тәрбиелеу жастардың өмірлік ұстанымының басым позициясын иеленеді: жас респонденттердің 32%-ы отбасы құрған және 20,1%-ы бала сүйген, ал 63,8% және 74,6% жастар үшін, сәйкесінше, бақытты отбасы құру және бала тәрбиелеу - олар жоспарлап отырған басты мақсаттардың бірі. Зерттеу нәтижелері 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Жастардың өмірлік ұстанымдары мен құндылықтары

Жетістікке жету салалары	Қалаған жетістікке қол жеткізіп қойдым	Әлі қол жеткізбедім, алайда мүмкін деп ойлаймын	Қалаймын, бірақ қол жеткізе алмайтын шығармын	Бұл менің өмірлік жоспарым да жоқ
1	2	3	4	5
Жастардың білім және жұмыс саласындағы ұстанымдары				
Жақсы білім алу	40,7%	47,8%	8,5%	3%
Беделді жұмысқа тұру	20,6%	39,9%	8,1%	1,4%
Өзіме қазықты жұмыс істеу	27,3%	66,3%	4,8%	1,6%
Кәсіби мансапқа қол жеткізу (кәсіби, саяси)	7,4%	70,5%	11,8%	10,3%
Жеке ісімді ашу	5,7%	64,4%	18,7%	11,2%
Өмірден ләззат алудың әр түрлілігіне байланысты жастардың ұстанымдары				
Сүйікті іспен айналысу	29,4%	63%	6,5%	1,1%
Әлемнің әр түрлі елдеріне саяхаттау	9,7%	70,2%	14,5%	5,6%
Көп бос уақыттың болуы және оны өз ермегім үшін пайдалану	18%	53,4%	20,5%	8,1%
Өзіме-өзім қожайын болу мүмкіндігіне ие болу	24,7%	60,8%	10,1%	4,4%
Жастардың байлық, билік, танымалдылыққа қатысты ұстанымдары				
Материалдық игіліктерге қол жеткізу (көлік, үй және т.б.)	13,6%	78,5%	6,5%	1,4%
Ауқатты адам болу	4,9%	71,2%	17,2%	6,7%
Билікке қол жеткізу	4%	33,2%	14,2%	48,6%
Танымал болу және адамдардың мейіріне бөлену	5,1%	34,6%	14,7%	45,6%
Жастардың жеке өмірлеріндегі ұстанымдары				
Берік, бақытты отбасын құру	32%	63,8%	2,4%	1,8%
Бала тәрбиелеу	20,1%	74,6%	3,2%	2,1%
Адал өмір сүру	36,4%	56%	5,5%	2,1%

Қалаулы жұмыс үлгісі. Жастардың ұмтылатын жұмыс критерийлерін талдау негізінде келесідей нәтижелер алынды. Жастардың 69%-ы - еңбектерінің жақсы төленгендігін, 66,8%-ы - айналысатын жұмыстың қызықты болғанын қалайды, 32,8%-ы - еңбек ету шарттарын маңызды факторы ретінде айқындады. Жас жігіттер мен қыздардың 22,8%-ы жақсы еңбекақы алумен қатар, кәсіби жетістіктерге жетуді қалайды, ал 19,6%-ы өздері орындайтын жұмыстың негізінен қоғамға пайда әкелгендігін, ал 16,6%-ы жұмыстың қызықты және шығармашылық сипатта болуын қалайды. Сонымен бірге, өзінің өмірлік мақсаттарын жұмыспен байланыстырмайтын жастар да кездеседі. Мәселен, респонденттердің 12,1%-ы жұмыс, ең алдымен, басқа қажеттіліктер (демалыс, отбасы, оқу) үшін көбірек уақыт

қалдыруы маңызды деп есептесе, 5,8%-ы өз жұмыстарының оңай және жалықтырмайтын болғандарын қалайды, соңғы аталған қалаулар көбіне жоғары білімі жоқ респонденттерде байқалады.

Жұмысқа тұруға қажетті талаптар. «Сіздің ойыңызша, жақсы жұмысқа тұру үшін, ең алдымен, не қажет?» - деген сұраққа жастардың берген жауаптары мен ой-пікірлерін талдау, жалпы жастар қазіргі заманғы маманға қойылатын талаптардың өзгерістеріне ерекше назар аударатынын көрсетті. Жастар жақсы жұмысқа ие болудың ең негізгі жолы ретінде жоғары деңгейдегі кәсіби құзыреттілік пен дағдыларға ие болу деп есептейді. Жас буынның 66,4%-ы жақсы жұмысқа тұру үшін жоғары білімнің, біліктіліктің болуы керектігін түсінеді. Мұндай позицияны ұстанатын жастардың ішінде жоғары білімді (72%), орташа және жоғары табыстары бар (65-69%), Алматы қаласының тұрғындарының (78,9%) басымдығы байқалады. Жыныстық тұрғыдан алғанда, жоғары білім, біліктіліктің болуы жас жігіттер үшін қалай маңызды болса, қыздар үшін де сондай маңызы бар (64,6% және 68,6% сәйкесінше). Жастардың барлық жас топтарында жақсы жұмысқа тұруда жоғары білімнің, біліктіліктің қажеттілігін айқындайтын респонденттердің пайыздық көрсеткіші 60%-дан жоғары, статистикалық айырмашылық 4% -дан аспайды.

Тәртіптілік, орындаушылық, жауапкершілік сияқты адамның жеке сапаларының маңызы туралы пікір қыздардың (44,3%), Алматы тұрғындарының (49%), материалдық жағдайы жоғары жастар мен (52%), 25-29 жастағы қазақстандықтардың арасында (39,9%) жиі кездеседі. Жалпы іріктеу бойынша бұл позицияны респонденттердің 42%-ы ұстанады.

Жас буын өкілдерінің 35%-ы бар күшін салып еңбек етуге дайын. Әр түрлі әлеуметтік топтар бойынша талдау келесідей ғылыми нәтиже берді. Білім деңгейі тұрғысынан алғанда, бастауыш білімі бар (26,6%) және орта білімі бар (41,5%) жастардың пікірі ерекшеленеді. Павлодар қаласының тұрғындары үшін жұмысқа орналасуда бар күшін салып еңбек етудің маңызы төмен (23,7%), Қарағанды қаласы тұрғындары (42,6%) үшін жоғары. Тұрмысы нашар, кедейлікте өмір сүріп жатқан жастар үшін оның маңыздылығы жоқ, ал әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары жастар үшін ең маңызды факторлардың бірі болып табылады (45,2%). Жас тұрғысынан алғанда, сызықтық тәуелділік байқалады, ең жоғары көрсеткіш – 37,1%, 25-29 жас санатынан 16-19 жас тобына қарай 31,5% -ға дейін біртіндеп төмендейді.

«Басшымен тіл табыса білу» (34,6%), «бастамалық және кәсіпкерлік» (32,8%) және «қазіргі кезде жоғары бағаланатын мамандыққа ие болу» (32,6%) жас буынның әрбір үшінші өкілі үшін жақсы жұмысқа орналасудағы маңызды фактор болып табылады.

Жастардың санасында жақсы жұмысқа тұру үшін таныстар мен байланыстардың болу маңыздылығы төмендегенін көре аламыз: әсіресе, бұл тенденция жоғары білімді (19,8%), Алматы қаласы тұрғындары (17,7%), тұрмыс жағдайының деңгейі жоғары (20,5%), 16-19-дағы жастар арасында (21,7) байқалады. Жалпы іріктеу жиынтығы бойынша пайыздық көрсеткіш – 23,2%. Респонденттердің «Сіздің ойыңызша, жақсы жұмысқа тұру үшін, ең алдымен, не қажет?» сұрағына берген жауаптары 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Жастардың пікірінше, жақсы жұмысқа тұруға қажетті факторлар

Жауап нұсқалары	Жауаптар		Бақылау пайызы
	N	%	
Жоғары біліктілік пен білімнің болуы	664	24,9%	66,5%
Барлық ынтамен жұмыс істеуге дайындық	350	13,1%	35,1%
Тапқырлық, бастамашылдық	328	12,3%	32,9%
Басшылықпен тіл табыса білу	346	13,0%	34,7%
Тәртіптілік, жауаптылық, жауапкершілік	420	15,7%	42,1%
Қазір жоғары бағаланатын мамандық иесі болу	326	12,2%	32,7%

Туысқандық байланыстар мен таныстар	232	8,7%	23,2%
Барлығы	2666	100,0%	267,1%

Өзге салада жұмыс істеу себептері. Зерттеу нәтижелері бойынша, жұмыс істеп жүрген жастардың 46,1%-ы өздері оқыған мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Осындай тәжірибенің жас мамандардың жартысына жуығында кездесетінін ескере отырып, зерттеу барысында жастардың өзі оқыған мамандығы бойынша жұмыс істемеу себептерін білу мақсатында осындай жастарға: «Сіз неліктен білім алған мамандығыңыз бойынша жұмыс істемейсіз?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің берген жауаптарын саралау өзге мамандық бойынша жұмыс істеу себептерінің алғашқы үштігін келесі факторлар құрайтынын дәйектеді: «жалақы деңгейінің төмендігі» - 18,4%, «мамандық бойынша жұмысқа тұру қиындығы» - 16,3% және «мамандығым өзіме қызықты емес» - 11,8%. Жастардың білім алған мамандықтары бойынша жұмыс істемеу себептері туралы ақпарат 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – Жас мамандардың оқыған мамандықтары бойынша жұмыс істемеу себептері

Өзге мамандық бойынша жұмыс істеу себептері	N	%
Жалақысы төмен	48	18,4%
Мамандығым бойынша жұмысқа тұру қиын	43	16,3%
Қызықты емес	31	11,8%
Көзқарасым өзгерді, басқа салада өзімді сынап көргім келеді	24	9%
Әзірге уақытша жұмыс істеп жүрмін	18	6,7%
Қазіргі кезде алған мамандығым беделді емес	14	5,3%
Оқыған мамандығым сұранысқа ие емес	13	4,9%
Өзім қалаған мамандыққа түскен жоқ едім	10	3,7%
Тәжірибем жеткіліксіз	10	3,6%
Алған білімім мамандық бойынша жұмыс істеуге жеткіліксіз	6	2,4%
Өте ауыр, жауапкершілігі мол	4	1,6%
Жауап беруге қиналамын	43	16,3%
Барлығы	264	100%

Басқа мамандық бойынша уақытша жұмыс істеп жүрген жастардың үлесі - 6,7%-ды құрайды. Жастар оқыған мамандығы бойынша жұмыс істемейдінің көптеген себептерін атап өтті, біз аталған себептерді мазмұнына қарай төрт топқа біріктірдік.

- Біріншісі мамандықтың жас адамның өзіндік талаптарына сәйкес келмеуімен байланысты - 37,1% (жалақысы төмен (18,4%), қызықты емес (11,8%), мамандығым беделді емес (5,3%), өте ауыр, жауапкершілігі мол (1,6%).

- Екіншісі мамандық бойынша жұмысқа тұру қиындықтарымен айқындалады – 27,9% (жұмысқа тұру қиын (16,3%), әзірге уақытша жұмыс істеп жүрмін (6,7%), сұранысқа ие емес (4,9%).

- Үшіншісі жас адамның қызығушылығының өзгеруімен және бастапқыда қалаулы мамандыққа оқуға түспеуімен байланысты – 12,7% (көзқарасым өзгерді (9%), өзім қалаған мамандыққа түскен жоқ едім (3,7%). Соңғысы өз мамандығы бойынша жұмыс істеу үшін жас адамның білімі мен тәжірибесінің жеткіліксіздігімен сипатталады - 6%.

Қорытынды.

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін сараптай келе, келесі қорытындыларды жасауға болады:

1. Жастар құндылықтарының иерархиялық құрылымында материалдық игіліктердің маңыздылығының жоғары болуына қарамастан, әлеуметтік-рухани бастамалардың басымдығы да байқалады. Өз кезегінде, аталған құндылықтар жүйесі жастардың өмірлік ұмтылыстары мен ұстанымдарын қалыптастырады.

2. Жастардың арасында жақсы білім алуды өздері үшін маңызды өмірлік ұмтылыстарының бірі ретінде айқындау тенденциясы динамикалық тұрғыдан талдау нәтижелеріне сәйкес сақталып отыр. Жастардың басым бөлігі жақсы білім алуды өздеріне қол жетімді игілік ретінде айқындаса, қалған 8,5%-ы оны өздері үшін қолжетімсіз деп санайды. Алайда, өмірлік сәттіліктерді біліммен байланыстырмайтын жастар да бар, мұндай жастардың үлесі жасы ұлғайған сайын көбейе береді. Жастардың жартысына жуығы «өмірде жетістіктерге жету үшін жоғары білім қажет» деген позицияны ұстанады.

3. Жастардың қалайтын жұмысының критерийлерін саралау жоғары жалақымен қатар жастар үшін жұмыстың қызықты болуы маңыздылығы жоғары екендігін көрсетеді. Жастар жұмыстың еңбек шарттары мен мәртебесіне ерекше мән береді. Бірақ жастардың 12,1%-ы өмірлік мақсаттарын жұмыспен байланыстырмайды. Ал жоғары білімі жоқ жастар арасында жұмыстың оңай болуына ұмтылу тенденциясы байқалады.

4. Еңбек нарығында жастар тәжірибесін зерттеу бірнеше қызықты ақпарат алуға мүмкіндік берді. Жастардың мамандық бойынша жұмыс істемеуінің себептері, біріншіден олардың максималистік күтілімдерімен, яғни бірден табысы жоғары және қызықты жұмысқа тұру ұмтылысымен, екіншіден, мамандық бойынша жұмысқа тұру қиындығымен, ал үшіншіден, жастардың кәсіби қызығушылығының өзгеруімен немесе бастапқыда қалаулы мамандық бойынша білім алмауымен байланысты. Сонымен бірге, өзінің білімі мен біліктілігін мамандық бойынша жұмыс істеу үшін жеткіліксіз деп санайтын жастар да бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Bourdieu P. *Habitus*. In J. Hillier & E. Rooksby (Eds.), *Habitus: A sense of place // Berkeley Journal of Sociology*. – 2005. - Vol. 32. – P. 1–17.
- 2 Swartz D. *Culture and power: The sociology of Pierre Bourdieu*. - Chicago: University of Chicago Press, 1997. – 342 p.
- 3 Lareau A., Horvat E.M. *Moments of social inclusion and exclusion: Race, class, and cultural capital in family-school relationships // Sociology of Education*. - 1999. – Vol. 72, №1. - P. 37-53.
- 4 Lamont M., Lareau A. *Cultural capital: Allusions, gaps and glissandos in recent theoretical developments // Sociological Theory*. - 1988. - Vol.6, №2. - P. 153-168.
- 5 Archer L., Hutchings M. *Bettering yourself"? Discourses of risk, cost and benefit in ethnically diverse, young working-class non-participants' constructions of higher education // British Journal of Sociology of Education*. - 2000.– Vol. 21, №4. – P. 555-574.

References:

- 6 Bourdieu P. *Habitus*. In J. Hillier & E. Rooksby (Eds.), *Habitus: A sense of place // Berkeley Journal of Sociology*. – 2005. - Vol. 32. – P. 1–17.
- 7 Swartz D. *Culture and power: The sociology of Pierre Bourdieu*. - Chicago: University of Chicago Press, 1997. – 342 p.
- 8 Lareau A., Horvat E.M. *Moments of social inclusion and exclusion: Race, class, and cultural capital in family-school relationships // Sociology of Education*. - 1999. – Vol. 72, №1. - P. 37-53.
- 9 Lamont M., Lareau A. *Cultural capital: Allusions, gaps and glissandos in recent theoretical developments // Sociological Theory*. - 1988. - Vol.6, №2. - P. 153-168.
- 10 Archer L., Hutchings M. *Bettering yourself"? Discourses of risk, cost and benefit in ethnically diverse, young working-class non-participants' constructions of higher education // British Journal of Sociology of Education*. - 2000.– Vol. 21, №4. – P. 555-574.

Т.А. Ербосынов^{1*}, Ф.Р. Абсаттаров²

¹Әлеуметтік ғылымдар магистрі, Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 3-курс докторанты
erbosinov.temirlan@gmail.com

²Саяси ғылымдарының кандидаты, Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті

РЕСЕЙ-АҚШ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ЫҚПАЛЫ: АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАУЫМ ДӘЙЕКТЕРІ

Аңдатпа

Ресей мен АҚШ арасындағы қиын қарым-қатынас табиғи құбылыс, АҚШ әкімшілігінің соғыстан кейінгі әлемде американдық үстемдігін орнатуға бағытталған саналы саясатының және Ресей билеуші элитасының күн санап өсіп келе жатқан кек іздеуші саясатының нәтижесі.

Бұл мақала әлемдік аренада АҚШ гегемониясының әлсіреуі және оның ықпал ету саласын сақтап қалу үшін пайдасыз әрекеттері аясында қатынастардың нашарлауы мен қазіргі кезеңдегі АҚШ-Ресей қарым-қатынастарының Қазақстанның саясаты мен экономикасына әсерін бағалауға арналған.

Түйін сөздер: сыртқы саясат, конфронтация, халықаралық қатынастар, Ресей, АҚШ

Т. Yerbosynov^{1*}, G. Absattarov²

¹Master of Social sciences, 3-year PhD student of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

erbosinov.temirlan@gmail.com

²Candidate of political sciencet, the Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

INFLUENCE OF US-RUSSIA RELATIONS ON KAZAKHSTAN: ACADEMIC COMMUNITY EVIDENCE

Abstract

The difficult relationship between Russia and the United States is a natural phenomenon, the result of a conscious policy of the US administration aimed at establishing American dominance in the post-war world and the ever-increasing revenge-seeking policies of the Russian ruling elite.

This article is designed to assess the impact of the US-Russia relationship on Kazakhstan's politics and economy at the present stage, after the deterioration of relations in the framework of the weakening of US hegemony in the world arena and its futile attempts to maintain its sphere of influence.

Key words: foreign policy, confrontation, international relations, Russia, USA

Т.А. Ербосынов^{1*}, Г.Р. Абсаттаров²

¹Магистр социальных наук, Докторант 3 курса Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана

erbosinov.temirlan@gmail.com

²Кандидат политических наук, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана

ВЛИЯНИЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ РФ-США НА КАЗАХСТАН: ДОКАЗАТЕЛЬСТВА АКАДЕМИЧЕСКОГО СООБЩЕСТВА

Аннотация

Трудные взаимоотношения России и США, является закономерным явлением, результатом сознательной политики администрации США, направленной на установление американского господства в послевоенном мире и все возрастающей реваншистской политики российской правящей элиты.

Данная статья призвана оценить влияние взаимоотношении США-Россия на Казахстанскую политику и экономику в современном этапе, после ухудшения отношений в рамках ослабления гегемонии США в мировой арене и его тщетные попытки сохранить сферы своего влияния.

Ключевые слова: внешняя политика, конфронтация, международные отношения, Россия, США

Introduction.

The current situation in Kazakhstan's policy remains not completely clear in connection with the adopted course of a multi-vector foreign policy and changing under the influence of the global domestic policy trend. In the new conditions, Kazakhstan has good opportunities to take a position in the global economy and politics. But for this, the Kazakhstani elite must understand the following transformational processes of the new world order:

(i) A remarkable feature of the modern international system is the gradual softening of its internal hierarchy. Today we see how it is gradually becoming more and more varied and multifaceted, it is subject to various kinds of fluctuations. "Ranking" in international affairs is not determined by the once and for all fixed pattern - as it would be, say, in a unipolar world. A non-rigid system can change its configuration and structure, line up differently depending on many circumstances. This can, for example, be influenced by the characteristics of the specific sphere in question; the balance of forces in it (and in other areas); the nature of the relationship between the states involved; exposure to other contributing factors. This in itself is a rather controversial phenomenon - because the internal hierarchy forms the core, the skeleton of any systemic formation, and its erosion, it would seem, puts it at risk. The "kaleidoscopic" nature of the hierarchy in international relations can be a source of tension, creating the potential for instability both at the global level and in individual regional segments of the world system. But this circumstance gives the latter additional flexibility and makes it easier to adapt to new problem situations.

The emergence of a more labile hierarchy does not necessarily become the prevailing characteristic of the international system. It is unlikely that there will be talk of an irreversible phenomenon. Here, presumably, two factors will turn out to be a key factor - the general structuring of international relations, as well as the growth of economic and political interdependence. Of course, it is important not to harbor too much illusion. Even if the international system gains more flexibility and variability, there is hardly any reason to believe that there will be less problematic situations and acute conflicts to which it should respond. All the reasons why they arose earlier will continue to generate them.

However, if we consider the specified dynamics in the most general terms, we can assume that the main intrigue will begin to unfold along two trajectories. The first concerns the establishment of a new configuration and balance of power at the global and regional levels. The second is "center-periphery" relations across their widest spectrum (including here technologies, information, resources, financial instruments, human capital, movement of people, security, etc.) The challenge that arises today for the participants in international life is to adjust the global balance of the system in combination with maintaining the complex and contradictory dynamics of relations within its regional segments. [1]

(ii) The problems caused by the current or possible future international-political delimitations of the system level will not disappear anywhere. They have already been mentioned above. In the one that goes along the Russia-West line, different factors come together - both indicative of mutual dissatisfaction regarding the course of development after the end of the Cold War, and stemming from geopolitical rivalry, and related to internal political dynamics. The range of issues on which there is a mutual rejection of the parties tends to expand - from NATO's eastward movement, rivalry for the post-Soviet space, events in Ukraine and the situation in Syria. The cooperative part of the spectrum of possible relationships becomes marginal and almost taboo. The chances of her promotion have not disappeared at all, but they are becoming less and less. And there is no particular hope that the situation will succeed if desired, when a political impulse arises, to rectify quickly and with little effort. Mutual trust is lost easily, and acquired hard and long [2]. In article "Ideological bases of Russia and Turkey policies" authors concluding that:

“Russia pursuing policy aimed at straightening their positions on the world stage, which is often perceived as an attempt to restore imperial power” [3].

Another dividing line at the system level was designated between China, on the one hand, and the United States with its allies (primarily Asian), on the other hand. It can become an even more significant marker, pushing the vicissitudes of the “Russian U-turn” into the background. Both delimitations can be complementary. And with the involvement of the CSTO / SCO / BRICS lead to the constitution of an economic and political counterbalance to the West. At the same time, the logic embedded in this variant of bipolarity is balanced by quite powerful economic and political imperatives. For key SCO / BRICS countries (Russia, China, India), economic cooperation with the West and receiving investments and the latest technologies from it are highly significant. It is not obvious that they will be ready to oppose this factor to the line on the priority maintenance of relations with each other. There are also contradictions within the mentioned structures (China – India, India – Pakistan, between the countries of Central Asia) - sometimes more acute than between the member states and the West. So with all the attractiveness of the idea of forming an alternative international system of politically motivated desire to challenge the “old establishment”, this may not be enough.

Finally, let us mention one more theoretically possible variant of a system-level fault, which could have developed on the basis of counteraction to Islamic radicalism. Probably, this line, if we start from some speculative assumptions, would even be able to bring Russia, the West and China together. But such a too far-reaching hypothesis clearly does not find confirmation in practice. Although fears about the threat posed by radical (extremist) Islamism are widespread, its opponents remain very far from becoming real allies - neither in a trilateral, nor even in a bilateral configuration.

(iii) For the level of the international system, another category of challenges is significant, which determines either its “deepening” in internal affairs or its “elevation” over the prevailing national-state imperatives of foreign policy. We outline three groups of problems here. Let's start with the question of how internal issues and international relations should relate to each other. And again, recall: discussions on this subject - both conceptual and at the level of practical politics - are by no means related to something new. At the same time, it must be admitted that today this subject itself is acquiring a very sharp articulation. Particularly serious are the collisions around sovereignty and the “color revolutions”.

At one extreme, there is a minimalist and even prohibitive approach to external interference in the internal affairs of states, since it can be an expression of the aggressive efforts of some participants in international life, their desire for dominance. On the other is the thesis about the growing influence of processes that are transnational in nature, about the deepest (and growing) connection of problem situations within the country with the outside world and about the fundamental impossibility of isolating oneself from it with a blank wall.

Профессор Абсаттаров Р.Б. внес огромный вклад в развитие политической науки, является одним из основоположников политической науки суверенной и независимой Республики Казахстан, основателем научной школы этнополитологии Казахстана. Он опубликовал 40 монографий, книг, учебных пособий, брошюр и около 600 научных и учебно-методических статей. Из них более 60 за рубежом. В его трудах получены важные научные результаты, имеющие как фундаментальное, так и прикладное значение для политологии. С его именем связано становление и развитие в республике таких новых направлений, как культура межнационального общения и ее воспитание, этнополитологическая общность, национальное и общеказахстанское самосознание, согласие, общеказахстанская консолидации, национальные противоречия и пути их решения, этнические и интеграционные процессы, единство и различие стили мышления народов, сравнительная политология, политическая социализация. Профессор Абсаттаров Р.Б. как известный, авторитетный

ученый-этнополитолог в 2015 г. был избран вице-президентом Всемирной ассоциации глобальных исследований Global диаспоров (г. Кванжу, Южная Корея).

Профессор Абсаттаров Р.Б. является одним из новаторов развития важных направлений политологической науки. Его новаторские, оригинальные и фундаментальные монографии: Научно-технический прогресс и межнациональные отношения. - Алма-Ата: Казахстан, 1977; Развитие национальных отношений. - Алматы: Казахстан, 1982; Национальные процессы: особенности и проблемы. - Алматы: Гылым, 1995; Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика. - Алматы: Гылым, 1999 (в соавторстве Т.С. Садыковым); Политология и ее проблемы. - Алматы: Тоганай, 2007; Культура межэтнического общения: казахстанский опыт. - Алматы: Ұлағат. 2015 (в соавторстве) и другие, а также учебники и учебных пособий «Тесте по политологии: вопросы и ответ».- Алматы: Гылым, 2015на русс, и каз. яз.; «Политическая социализация казахстанцев. -Алматы, 2012 (в соавторстве)» «Основы политологии. В двух томах».- Алматы: Қарасай, 2011, 2012, 2018 – 1 том 30,2 п.л.; 2 том 30 п.л. и другие. Его научные труды и учебные пособия получили высокую оценку среди научной общественности как в Казахстане, так и за рубежом. Он подготовил к публикации в издательстве «Ұлағат» монографию «Размышления о политологических и социологических проблемах общества» - 35 п.л., совместно с немецким профессором И.А. Рау.

Профессор Абсаттаров Р.Б. обладает научной, социально-политической смелостью и новшеством в решении актуально и сложных проблем общественно-политической науки. В нем гармонично сочетаются качества пытливого, неудержимого ученого-теоретика и практика, страстного сторонника прогрессивного и нового, способного научно-теоретически осмыслить сравнительный материал и создать свою концепцию по проблемам этнополитологии и общественно-политических отношений.

Он выполнял и выполняет университетские, республиканские и международные грантовые исследования.

Под непосредственным и активным участием профессора Абсаттарова Р.Б. были открыты на кафедре политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая новые специальности-бакалавриата «Политология», «Социология», «Культурология», «Религиоведение», «Философия» и магистратуры, Phd докторантуры «Политология», «Социология».

Профессор Абсаттаров Р.Б. выступал с докладами и сообщениями на 60 республиканских и международных конференциях и симпозиумах. Он читал лекции и делал доклады университетах и научных центрах Германии, Франции, Великобритании, Южной Кореи, Турции, Египта, России, Белоруссии, Кыргызстана и других странах. Он- почетный профессор Академии государственного управления при Президенте Кыргызской Республики.

Профессор Абсаттаров Р.Б. постоянно объединял и объединяет вокруг себя активную, пытливую и талантливую молодежь, будь то сотрудники кафедры, аспиранты и докторанты, студенты или магистранты. Он подготовил и воспитал 20 кандидатов, 5 докторантов наук, 6 РНДдокторов и более 40 магистрантов. С 1990 года по 2010 годы был членом Ученого Совета по защите кандидатской и докторской диссертации по политическим наукам. Он был первым избранным в член-корреспонденты НАН РК по политической науке.

Профессор Абсаттаров Р.Б. является главным редактором научного журнала «Вестник КазНПУ. Серия политические и социологические науки». Он член редколлегии ряд казахстанских и зарубежных научных журналов. Профессор Абсаттаров Р.Б. награжден медалью «Ерен еңбегі үшін» и лр№ медалями? Дважды- нагрудным знаком «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан»? обладатель государственного гранта «Лучший преподаватель вуза» . Р.Б. Абсаттаров за высокие достижения в научной и общественно-политической работе награжден Почетными грамотами Казахстана и Украины.

Профессор Абсаттаров Р.Б. трудолюбивый, дисциплинированный, ответственный, исполнительный, порядочный, честный человек и хороший семьянин.

Вся жизнь член-корреспондента НАН РК, профессора Абсаттарова Р.Б. посвящена суверенному Казахстану, политической, социологической, философской науке и политологическому образованию. Он является выдающимся ученым, мудрым наставником, великолепным собеседником, замечательным человеком.

Поздравляем Раушанбека Бурамбаевича Абсаттарова с предстоящим юбилеем- 80 летием со дня рождения, желаем ему всего самого наилучшего.

В ПЕРЕДОВЫХ РЯДАХ КАЗАХСТАНСКОЙ ПОЛИТОЛОГИИ

У.Б.Баймуратов - академик НАН РК, профессор

У казахского народа много достойных сынов и дочерей, которые внесли огромный вклад в развитие науки. И одним из них является выдающийся ученый в ряду основателей политической науки, член-корреспондент Национальной академии наук Республики Казахстан Раушанбек Абсаттаров.

Известному ученому, внесшему значительный вклад в развитие социально-политической науки, доктору философских наук, профессору Абсаттарову Раушанбеку Бурамбаевичу исполняется 80 лет. Он блестяще закончил философский факультет Киевского государственного университета им.Т.Г.Шевченко. В стенах этого прославленного университета Р.Б. Абсаттаров получил фундаментальное образование по философии, слушая лекции и посещая научные семинары таких выдающихся ученых с мировым именем, как академики П.В.Копнин, Г.В.Глушков, В.И.Шинкарук, Д.Ф.Острянин; профессора И.В.Бичко, В.С.Дмитриченко, А.И.Доронченков, И.Ф. Надольный, И.Д.Назаренко.

Под научным руководством доктора философских наук, профессора, лауреата Ленинской премии Н.Д.Назаренко аспирант Абсаттаров Р.Б. в 1970 году защитил кандидатскую диссертацию, а в 1990 году в этом же университете защитил докторскую диссертацию на тему «Научно-техническая революция и интернационализация общественной жизни: социально-философский анализ».

С 1971 по 1988 годы Р.Б. Абсаттаров работал старшим преподавателем, доцентом философско-экономического факультета Казахского государственного университета им. аль-Фараби, где получили свое развитие новые для Казахстана направления научных исследований в области этнополитологии. В 1988-1990 гг. Абсаттаров Р.Б. был на партийной работе, работая по совместительству доцентом КазГУ. С 1991 года - заведующий кафедрой политической социологии и философии Казахстанского института менеджмента, экономики и прогнозирования при Президенте РК, консультант Аппарата Президента РК, а с 1997 года – заведующий кафедрой политологии и социологии Казахского национального педагогического университета им.Абая и параллельно с 2000 по 2002 годы - декан исторического факультета этого же университета. Сегодня Абсаттаров Р.Б. работает почетным заведующим кафедрой политологии и социально-философских дисциплин, профессором-консультантом КазНПУ имени Абая.

Но это лишь схематичное описание его трудовой биографии, в которой ничего особенного нет и ничем особо его не выделяет. Весь вопрос в том, каким содержанием он наполнил эту деятельность. В этом суть и смысл жизни профессора Раушанбека Бурамбаевича Абсаттарова.

Раушанбек Бурамбаевич, одна из ведущих фигур в современной политической науке. Он является одним из основоположников политической науки независимого Казахстана и основателем казахстанской научной школы этнополитологии, этносоциологии и сравнительной политологии. Его научная школа этнополитологии широко известна за рубежом.

Профессор Р.Б.Абсаттаров внес огромный вклад в развитие социально-политической науки Казахстана. Он опубликовал 40 монографий, книг, учебников, учебных пособий, брошюр и около 600 научных и учебно-методических статей, которые известны в 70 странах мира.

В его трудах получены важные научные результаты, имеющие как фундаментальное, так и прикладное значение для политологии и других общественных наук. С его именем связано становление и развитие в Казахстане таких новых направлений, как культура межнационального общения и ее воспитание, этнополитическая общность, национальное и общекзахстанское самосознание, согласие, консолидация, этнополитические противоречия и пути их решения, интеграционные процессы, единство и различие стили мышления народов, сравнительная политология, политическая социализация и т.д.

Профессор Р.Б.Абсаттаров выступал с научными докладами и лекциями в университетах и научных центрах Южной Кореи, Турции, Англии, Франции, Германии, ОАЭ, России, Украины,

Белоруссии и других стран. Он выступил с научными докладами в более 50 международных научных конференциях и симпозиумах.

Научная и организационная деятельность профессора Р.Б.Абсаттарова получили заслуженное признание казахстанской и международной научной общественности. Он как известный, авторитетный ученый-этнополитолог избран вице-президентом Всемирной ассоциации глобальных исследований Global диаспор (г.Кванжу, Южная Корея).

Р.Б.Абсаттаров в 2013 году первым среди политологов был избран членом-корреспондентом Национальной академии наук Республики Казахстан.

Профессор Р.Б. Абсаттаров обладает научной смелостью и новаторством в решении принципиальных и сложных проблем социально-политических отношений. В нем гармонично сочетаются качества пытливого ученого-теоретика и практика, страстного сторонника нового и прогрессивного, способного теоретически, политологически осмыслить сравнительный материал и создать свою оригинальную концепцию по проблемам национальных и интеграционных, социальных и политических процессов. Его оригинальные монографии: «Научно-технический прогресс и межнациональные отношения» (1977г.); «Развитие национальных отношений» (1982г.); «Национальные процессы: особенности и проблемы» (1995г.); «Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика» (1999г.); «Политология и ее проблемы» (2007 г.), «Культура межэтнического общения: казахстанский опыт» (2013г.), а также учебное пособие «Основы политологии» в 2-х томах (2011, 2012, 2018гг.) явились заметными событиями в евразийской социально-политической науке.

Следует отметить, что профессор Р.Б.Абсаттаров приверженец и поддерживает принцип научного приоритета в создании теоретических основ новой гармоничной социальной экономики. Он воспринял с вдохновением и радостью научное открытие Закона социально-экономической Гармонии и является глашатаем и пропагандистом этого Закона. Подтверждением этого являются его опубликованные многочисленные статьи и брошюра «Гармонизация межнациональных отношений». Его научные труды являются прорывными направлениями в развитии социально-политической науки.

Профессор Р.Б.Абсаттаров оптимистично оценивает перспективы развития Казахстана, указывая на ряд фундаментальных особенностей казахской и казахстанской традиционной цивилизации, способных помочь преодолеть трудности мирового экономического кризиса. Среди них – стремление к социальной гармонизации, дух созидательности, высокая этнополитическая сплоченность казахстанцев, высокая адаптивность. Он отмечает, что казахстанская цивилизация сохраняет свою уникальность, при этом казахстанская политология способна внести позитивный вклад в мировую политическую культуру, помочь преодолеть крайности западного рационализма и прагматизма. Успешные и выгодные взаимодействия политических культур возможны лишь в том случае, если участники диалога готовы сохранить имеющееся многообразие идей и ценностей, не допуская насильственной унификации, шовинистической политики.

Отношение ученого к научным открытиям показывает в определенной мере особенности его характера. Некоторые с открытой душой высказывают поддержку, а иные, увы, замалчивают из-за открытой зависти. Раушанбек Бурамбаевич своей горячей поддержкой открытия нового Закона социально-экономической Гармонии продемонстрировал честность настоящего ученого. В частности он активно участвовал в передаче телеканала «Хабар» с поддержкой научного открытия, тем самым демонстрируя отсутствие зависти. Этот простой пример показывает его как настоящего ученого.

Профессор Р.Б.Абсаттаров всегда собирает вокруг себя пытливую и талантливую молодежь. Плодотворные научные исследования он совмещает с активной педагогической и общественной деятельностью. Он воспитал большое количество учеников, которые работают в различных отраслях общественной жизни не только в Казахстане, но и за его пределами. Он подготовил 20 кандидатов наук, 5 докторов политических наук, 10 докторов PhD.

Научный кругозор и сфера профессиональных интересов профессора Р.Б.Абсаттарова необычайно широки. Его выделяют высочайший уровень профессионализма, знаний, дар педагога, уважительное отношение к своим коллегам, студентам, магистрантам, докторантам. И какую бы должность не занимал, и куда бы не забросила его судьба, он всегда поддерживал связь с ВУЗом.

В последнее время профессор Р.Б.Абсаттаров расширил область исследований. Он обращает особое внимание на самое уязвимое место в системе высшего образования нашей страны –

осуществление единства образования и воспитания молодежи. Об этом свидетельствует изданная его фундаментальная монография «Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика».

Нельзя не согласиться с его мнением о том, что только на основе обеспечения научно-обоснованного единства высшего образования и воспитания студенческой молодежи можно существенно повысить качество подготовки высококвалифицированных кадров. Узкий технократический подход к подготовке кадров, о которой мне приходилось неоднократно выступать, ярко преодолевается в научных исследованиях и педагогической деятельности профессора Р.Б.Абсаттарова. Этим он еще раз демонстрирует свое современное системное мышление. Родившись за пределами Казахстана и вернувшись на свою историческую родину, он стал достойным сыном нашего народа и продолжает активно трудиться на поприще отечественной науки. Это одна из важнейших особенностей его биографии.

Юбилей Р.Абсаттарова – важное событие для всех политологов Казахстана и для Национальной академии наук Республики Казахстан.

Сегодня профессору Р.Б.Абсаттарову исполняется 80 лет – это возраст высокого совершенства! В связи с юбилеем хочется пожелать ему крепкого здоровья, научного и творческого успехов, семейного благополучия, счастья, гармоничной жизни! Мы твердо уверены: один из ярких представителей казахстанской политической науки еще долго и упорно будет бороздить бесконечные морские просторы под флагом - научный мир.

АЙТУЛЫ САЯСАТТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Б.Е. Көмеков - ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез қасиеттерімен озады» деген ұлы Абайдың айтып отырған осы төрт қасиет те саналы ғұмырын ғылымға арнаған елімізге белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттаров Раушанбек Боранбайұлының тұла бойынан түгел табылады десек артық айтқанымыз емес. Төрт құбыласын осылайша ізгілікпен түгендеген ғалым, ақылын ғылым жолына азық етіп, арына қылау түсірмей, «ұлтына қызмет ету, білімнен емес, мінезден» (Ә.Бөкейханов) дегенді де бір сәт есінен шығармай, білім мен ғылым жолында аянбай еңбек етіп келе жатыр.

Р.Б.Әбсаттаров егеменді және тәуелсіз Қазақстан Республикасының саяси ғылымының іргесін қалаушылардың бірі және қазақстандық этносаясаттану және салыстырмалы саясаттану ғылыми мектебінің негізін салушы бірегей ғалым. Ол - Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге шетелдерде де белгілі ғалым-саясаттанушы, әлеуметтанушы, философ, публицист ретінде жақсы танымал.

Еңбек жолын қара жұмыстан бастаған ол, кеңес армиясының қатарында (1959-1962) әскерде болып шыңдалып, тәртіптілігі мен тиянақтылығының арқасында бөлімше командирі, взвод командирінің орынбасары, взвод командирі міндеттерін атқарады.

Одан кейін ғылым деп талпынған жас Т.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің философия факультетін (1967) бітіріп, сонда аспирантура (1970) мен докторантураны (1982) тәмамдайды. Сол кезден бастап ғалым ретінде қалыптасуына ықпал еткен, үлкен көмек көрсеткен украиндық ғалымдармен ғылыми байланысын үзбей, қоян-қолтық жұмыс істеп келеді. Нәтижесінде украин елінің Құрметті мақтау грамотасымен марапатталады.

Р.Б.Әбсаттаровтың ғалым ретінде қалыптасуына ықпал еткен және үлкен көмек көрсеткен ғалымдар ретінде: Украины ғалымдары- КСРО ҒА корреспондент – мүшелері, Украины ҰҒА академиктері, философия ғылымдарының докторлары, профессорлар П.В.Копнин және В.И.Шинкарукты, сол кезеңдегі Ленин сыйлығының лауреаты, философия ғылымдарының докторы, профессор И.Д.Назаренконы, Украины ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Д.Ф.Острянинді, философия ғылымдарының докторлары, профессорлар И.В.Бичко, В.С.Дмитриченко, А.И.Доронченков, И.Ф.Надольныйды; Қазақстан ғалымдары - КСРО ҒА корреспондент-мүшесі, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.А.Тулепбаевты, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Д.К.Кішібековті, ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор М.Т.Баймахановты,

ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшелері, философия ғалымдарының докторлары, профессорлар Б.А.Амантаев пен Н.Ж.Жандильдинді т.б. атап өтуге болады.

Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге шетелге де белгілі ғалым Р.Б.Әбсаттаров Ұлыбритания, Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Түркия, Жапония, Египет, БАЭ, Ресей, Украина, Белоруссия және тағы басқа елдердің университеттері мен ғылыми орталықтарында тұжымды баяндамалар мен дәрістер оқыды.

ҚР Тәуелсіздік жылдары ғалымның бұрын былайғы елге көріне бермеген нағыз өзіндік қасиет-қырларының ашылған тұсымен сай келді десек артық айтқандық болмас. 1991ж. – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика мен болжамдау институтының әлеуметтік саясат және философия кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасының Президент Аппаратының кеңесшісі, ал 1997 ж. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, сонымен бірге 2000ж.-2002 ж. дейін сол университеттің тарих факультетінің деканы қызметін қатар атқарды. Содан кейін саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгеруші жұмысын баянды атқарды. Ал, 2018ж. 1 қыркүйек айынан сол кафедрасының құрметті меңгерушісі, профессор консультанты.

Раушанбек Боранбайұлы еліміздегі саяси, әлеуметтік-философиялық ғылымдардың дамуына өзіндік үлес қосқан тұлға. Саяси сахнада ұлтаралық келісімнің өзекті мәселе екендігі даусыз. Ғалым осы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің табиғатын, оның даму динамикасын, оның ішінде жалпы ұлттық, интернационалдық және ұлттық арақатынасты терең зерттеді. Ұлттық қарым-қатынас саласында келеңсіз құбылыстар мен деформациялардың туу мүмкіншіліктерін болдырмауға күш салды. Жалпы ұлтаралық қарым-қатынас үйлесімділігіне ықпал етуді, ұлттық сезімдердің табиғатын, ерекшеліктерін, қызмет ету механизмін жете меңгеруде алғаш қазақ тілінде еңбек жазып, осы салада алғашқылардың бірі болып түрен салған ғалым. Бұл орайда әріптесіміздің ұлтжандылығына, азаматтығына тәнті боласыз.

Ғалымның жазған іргелі еңбектері саясаттану, әлеуметтану және философия ғылымының қалыптасуына үлес қосады. Оның бірнеше тілде жарық көрген 40 шақты монографиясы, оқулық құралдары, оқулық, кітаптары, кітапшалары, 600-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалары, тек біздің елімізде ғана емес, жақын және алыс шетелдерде де кеңінен белгілі. Атап айтқанда, «Ғылыми-техникалық прогресс және ұлтаралық қарым-қатынастар» (1977); «Ұлттық қатынастардың дамуы» (1982); «Ұлттық процесстер: ерекшеліктері және проблемалары» (1995); «Саясаттану және оның проблемалары» (2007); «Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті: қазақстандық тәжірибе» (авторлық бірлестікте) (2015), «Әлеуметтану: өзекті мәселелері» екі томдық (2013, 2015); «Саясаттану негіздері». Екі томдық (2011, 2012, 2018), т.б.

Ғалымның зерттеу нысаны негізінен республикада ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті және оны тәрбиелеу, этносоциологиялық қауымдастық, ұлттық және жалпы қазақстандық сана-сезім, келісім, жалпықазақстандық бірігу, ұлттық қарама-қайшылықтар және оларды шешу жолдары, этникалық және интеграциялық процесстер, халықтардың ойлау қабілетінің бірлігі мен әртүрлілігі, салыстырмалы саясаттану, этноәлеуметтану т.б. сияқты жаңа бағыттардың қалыптасуы мен дамуымен байланысты.

Осы еңбектерінің барлығында ғалым *саяси ғылым тарихы, қоғамдық өмір, саяси режимдер, қоғамның саяси жүйесі, мемлекет және азаматтық қоғам, саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар, саяси элита және саяси көшбасшылық, саяси үдеріс, саяси мәдениет, тұлғаның саяси әлеуметтендірілуі, саяси технологиялар* т.б саясаттанудың өзекті мәселелерін жан-жақты жүйелі қарастырады. Сондай-ақ *әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар және ұлт саясаты, саяси оппозиция, саяси жанжалдар және оларды шешу жолдары, саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік, саяси маркетинг, геосаясаттың өзекті мәселелері, халықаралық қатынастар, саяси басқару, саяси глобалистика және оның проблемалары, салыстырмалы саясаттану, саяси болжамдау* мәселелері туралы тұжырымдарын бүгінгі таңдағы ұлттық мәселелерді шешудің алғышарттарын көрсететін теориялық негіз деуге болады. Демек, ғалымның көз майын тауысып жазған еңбектерінің барлығы іргелі және қолданбалы сипатқа ие.

Әбсаттаров Раушанбек Боранбайұлы 40 жылдан астам саяси және философия ғылымдары бойынша кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын Ғылыми Кеңестің мүшесі, ғалым хатшысы, төрағаның орынбасары болып, талай жастың ғылым көгінде самғауына себеп болды. Оның мұрындық болуымен магистратура және PhD докторантура бойынша «Саясаттану» мен

«Әлеуметтану» мамандықтары ашылды. Ғылыми мектебін қалыптастырған ғалымның бүгінде қорғатып шығарған 5 ғылым докторы, 20 ғылым кандидаты, 10 PhD доктор және 40 магистрантты елімізде және шетелдерде жемісті еңбек етіп жүр.

Раушанбек Боранбайұлы ғылым мен білімнің салықалы тізгінін бірдей ұстап, білікті ғалым ретінде бүгінгі күнге дейін де оқытушы, студенттердің, магистранттар мен PhD докторанттардың, жас ғалымдардың көрнекті ақылман ұстазы екендігін, сол қызметтерінің ел мен қоғам тарапынан еленіп «Ерен еңбегі үшін» медальмен және екі рет «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төске тағылатын белгімен марапатталғанын және «ҚР жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы», ҚР Қызылорда облысы «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағының иегері екеніне тоқталмай кетуге болмас. Р.Б.Әбсаттаров ғылыми жұмысында жоғары жетістіктерге жеткені үшін Қазақстан мен Украинаның Құрметті мақтау грамотасымен марапатталған.

Парасатты тұлға Раушанбек Боранбайұлы тектіліктің туын биік ұстаған, табанды, аса еңбекқор, адал, қарапайым, жауапкершілігі зор, ұстанымына өте берік, тиянақты, заты таза, қазақтың зерделі, ұлы ғалым тұлғасы ретінде зиялы қауымға кеңінен белгілі.

Қазақ та «Ер жігіт елі үшін туады» деген қанатты сөз бар. Сондай өз тірлігімен елдің намысын қорғап, ұлтын ұлықтатып келе жатқан бүгінгі күннің ғұламалары арасында ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттаров Раушанбек Боранбайұлы талассыз беделге ие.

Ұлағатты ұстаз, ғылымда өз мектебін қалыптастырған білікті ғалым, ұжымда құрметті әріптес, отбасында ардақты әке, ақылшы, арқасүйер атанған Раушанбек Боранбайұлына бүгінгі таңда 80 жастың сенгіріне жеткен зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына құт береке, шадыман шаттық, баянды бақыт тілей отырып, мерейіңіздің үстем, ғылымның алдағы жетістіктерін, мәртебеңіздің биік бола беруіне тілектес, академик Болат Көмеков.

ӨМІРІ-ӨНЕГЕ, ӨНЕГЕСІ-ӨМІР

Ғ.Е. Есім - ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор

Әр адамның өмірде, қоғамда өз орны бар. Біреулер өзімен-өзі болып, көп жұртқа беймәлім болып жұмыс істейді, өмір сүреді. Ал енді біреулер заманның ауыр жүгін арқалап, уақыт артқан міндетін абыроймен атқарып, азаматтық, қайраткерлік, адамгершілік қасиетке ие болып, сый – құрметпен бөленеді. Біздің кейіпкеріміз, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Боранбайұлы Әбсаттаров осындай азамат. Ол - өмірі өнегеге толы, ұлықтауға лайық ұстаз, құрмет тұтуға тұрарлық атақты ғалым. Өзі жүрген ортасына жақсылықтың нұрын төгіп, шапағатын шашып жүретін адам. Араласқан үлкен-кіші азаматтардың бәріне ақылын айтып, қол ұшын беріп, көмек көрсетіп, қамқорлық жасауды өзінің қасиетті міндетіндей көреді. Сондықтан да ол кісі білетін жанның бәрі ағамызды өзінің ақылшысы, жанашыры, қамқоршысы деп санайды.

Раушанбек Әбсаттаров 1940 жылы дүниеге келген. Ол жасынан қоғамдық еңбекке араласты. Кеңес Армиясы қатарында 1959-1962 жылдары болып, онда бөлімше командирі, взвод командирінің орынбасары, взвод командирі міндеттерін атқарды. Ол Т.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің философия факультетін бітіріп (1967 ж.), сонда аспирантура (1970 ж.) мен докторантура (1982 ж.) да тәмамдаған.

Раушанбек Әбсаттаровтың ғалым ретінде қалыптасуына ықпал еткен және үлкен көмек көрсеткен Украинаның белгілі ғалымдары, олар: КСРО ҒА корреспондент-мүшелері, Украина ҰҒА академиктері, философия ғылымдарының докторлары, профессорлар П.В.Копнин және В.И.Шинкарукты, Ленин сыйлығының лауреаты, философия ғылымдарының докторы, профессор И.Д.Назаренконы, Украина ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Д.Ф. Остриянинді, философия ғылымдарының докторлары, профессорлар И.В.Бичко, В.С.Дмитриченко, А.И.Доронченков, И.Ф.Надольныйды атап өтуге болады.

Р.Б. Әбсаттаров 1971-1988 жж. әл – Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетінде аға оқытушы, доцент болып жұмыс істеді. 1988-1994 жылдары Раушанбек Әбсаттаров партиялық және басқа да жауапты жұмыста болды. Қазақ мемлекеттік университетінде доцентік, профессорлық жұмысты қатар атқарды. 1995 ж. Қазақстан Республикасы Президент Ақпаратының кеңесшісі, ал 1997 ж. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, сонымен бірге 2000 ж. -

2002 ж. сол университеттің тарих факультетінің деканы қызметін қатар атқарды. Ал, 2018 жылдың қыркүйек айынан сол университеттің саясаттану және әлеуметтік-философия кафедрасының құрметті меңгерушісі, профессор кеңесшісі болып қызметін атқаруда.

Раушанбек Әбсаттаровтың ғұлама ғалым ретінде еліміздің ғылым мен білім жүйесінде алар орны ерекше. Қазақстан Республикасында саяси ғылымының өсіп дамуы, жетілуі, биік деңгейге көтерілуі ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор, философия ғылымдарының докторы Раушанбек Әбсаттаровтың атымен тікелей байланысты. Ол қазақстандық саясаттану ғылымының негізін салушылардың бірі.

Өзінің жарты ғасырдан аса саналы өмірін ғылымға арнады. 1970 ж. кандидаттық диссертациясын, ал 1990 ж. докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғап, ғылымға үлкен үлес қосты. Саяси және әлеуметтік- философия теориясының өзекті мәселелеріне арнап 600-ден астам құнды еңбектер жазды. Оның ішінде он шақты ғылыми монографиялар, 12 оқулық пен оқу құралдары және 20-ға тарта кітапшалары бар. Ерекше айта кететін жай ғылыми еңбектерінің көбісін қазақ тілінде жазып, мемлекеттік тілімізді ғылым, білім тілі ретінде көрсетті. Сонымен қатар саясаттану, әлеуметтану, философия пәндері бойынша қазақ тілінде дәріс жүргізген алғашқы қоғамтанушы ұстаздарымыздың бірі.

Жас ұрпақ біле бермес, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары, қоғамдық санада не болады десеңші. Саясаттың көрігі әбден қызған кез. Раушанбек мырза, аға болса Абай атындағы педагогика университетінде саясаттану кафедрасының меңгерушісі. Шәкірттерге тақырып таңдаудан басталатын шығармашылық ізденіс, сол кезде бізге тыныш ұйқы болмайтын. Жаңалық керек. Ескі қағидалар Тәуелсіздік жағдайына қажетсіз екен. Ал ендеше сараптап көр, не қажет, не қажетсіз екенін. Сондай қиын істерді жіпке тізгендей етіп, Рәкен саясаттанудың қазақстандық үлгісін жасауда ерен еңбек етті.

Профессор Р.Б. Әбсаттаровтың ғылыми-зерттеу өрісі өте кең. Бірақ соның ішінде басымырақ болған саясаттану проблемасын зерттеу болды. Әрине, бұл кездейсоқ емес. Саясаттану-мемлекет билігі мен қоғамның саяси мәнін, мазмұны мен мақсатын түсінуге жол ашады. Ол қоғамдық білімдердің іргелі дүниетанымдық және әдістемелік мәселелерін де көрсетеді. Саясатқа байланысты қаншама қателіктер, адасулар, қасіреттер болғаны тарихтан мәлім. Мысалы, осыдан 2.5 мың жыл бұрын саясат жөнінде Аристотель: «Адам өз табиғатында саяси тұлға; кім мемлекеттен тыс өмір сүретін болса, ол үлгі өнегелік тұрғыдан жетілмеген жан» дегенді айтса, Гомер: «Ондай адамды ойын тақтасынан шығып қалған шахмат тасымен салыстыруға болады» дейді. Ғылыми саясат-адамның қажеттілігі мен мұқтажы. Ол қазір жол сілтеуші темірқазық жұлдызға, сонымен бірге қоғамдық өмірдің барлық саласындағы оның кез келген әрекеттерінің шектеушісіне айналуда. Сондықтан осы жағдайда саяси заңдылықтарын зерттеп, саяси тәжірибіелерін, мемлекеттік саясаттың іске асу барысын ғылыми негізде талдап, тиісті ұсыныстар беру-саясаттану ғылымының өзекті мәселесі еді. Патриот ғалым Раушанбек Әбсаттаров бұл жағдайдан тыс қала алмады. Осы мәселеге өзінің 400-ден астам ғылыми зерттеу жұмысын арнады.

Соңғы жылдары Раушанбек Әбсаттаров ұлтаралық келісімнің өзекті саяси мәселелерін тыңғылықты түрде зерттей бастады. «Қоғамды жаңарту, реформалау, модернизациялау және ғылыми-техникалық революцияны күшейту жағдайында мемлекеттік органдардың, қоғамдық мекемелердің және Қазақстанның басшы қызметкерлерінің маңызды міндеті-елімізде ұлттық қатынастарды дамыту және ұлтаралық келісімді тәрбиелеуді күшейту бағытында жүйелі, мақсатты жұмыстарды жолға қою болмақ. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің табиғатын, оның даму динамикасын, оның ішінде жалпы ұлттық, интернационалдық және ұлттық арақатынасты терең зерттеу қажет. Оның жалпыадамзаттық, интернационалдық негізде дамуын қамтамасыз ету, ұлттық қарым-қатынас саласында келеңсіз құбылыстар мен деформациялардың туу мүмкіншіліктерін болдырмау міндеті тұр. Өкінішке орай, біз әлі ұлтаралық қарым-қатынас уйлесімділігіне ықпал етуді үйренген жоқпыз және жалпы ұлттық сезімдердің табиғатын, ерекшеліктерін, қызмет ету механизмін, сондай-ақ ұлттық сезімнің келеңсіз бағыттарға бастайтын жағдайларын жақсы білмейміз. Ұлттық қатынасты дамыту кезеңдерінде қиғаштықтар мен деформацияларды жібермеу маңызды» - деп тұжырымдайтын ғалым ағамыз. Осы қағидасын жүзеге асырып, этносаясат мәселелері жөнінде көптеген ғылыми еңбектер жазды. Өзі бас болып талай-талай ғылыми конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек столдер ұйымдастырып өткізді. Раушанбек Әбсаттаров беделді ғалым-этносаясаттанушы ретінде Диаспоралардың Дүниежүзілік ассоциясының вице-президенті (Кванжу, Оңтүстік Корея) болып сайланды.

Ғалым ретінде Раушанбек замандасымыз, ағамыздың аты біздің елде ғана емес, алыс және жақын шетелдерде кеңінен танымал болғанын мақтан етеміз. Көптеген елдердің білім және ғылым орталықтарымен, белгілі ғалымдарымен тығыз қарым-қатынаста болды. Германия, Ұлыбритания, Франция, Россия, Украина, Өзбекстан, Кыргызия сияқты мемлекеттерге барып, олардың университеттерінде, ғылыми орталықтарында оқыған дәрістері мен жасаған баяндамалары өте жоғары бағаланды. Оған Қырғыз Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының «Құрметті профессоры» атағы берілген.

Оның басшылығымен саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы ғылыми зерттеу, оқу-әдістемелік және саяси-тәрбие жұмыстарында үлкен табыстарға қол жетіп отыр, ол еліміздің әлеуметтік-саяси ғылымындағы жетекші кафедралардың және ірі ғылыми орталықтың бірі. Мысалы, оның басшылығымен соңғы он жылда кафедра мүшелері 10 тілде: 22 монография (жалпы көлемі 305 б.т.), 38 оқулықтар, оқу құралдары, кітаптар, брошюлар (жалпы көлемі 790 б.т.) және 1000-нан астам ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар (жалпы көлемі 400 б.т.) олардың ішінде 100-і шетелдерде (жалпы көлемі 50 б.т.) жариялады. Кафедрада өте жақсы тәртіп және тәуір моральдық-психологиялық климат, творчестволық ахуал орнаған.

Профессор Р.Б. Әбсаттаровтың жетекшілігі мен саясаттану және әлеуметтік-философия пәндер кафедрасында жаңа мамандар: «Саясаттану», «Әлеуметтану», «Дінтану», «Мәдениеттану», «Философия» бакалавриаты, ал «Саясаттану» мен «Әлеуметтану» магистратура және PhD докторантура ашылды.

Профессор Р.Б.Әбсаттаровтың саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы шетелдердің көптеген ғылыми мекемелерімен ынтымақтастық орнатқан. Осындай ынтымақтастықтың нәтижесі оның бастамасымен өткізілген бірлескен семинарлар, ғылыми конференциялар мен кітап шығару болып табылады.

Мысалы, оның кафедрасы Корео университетінің саясаттану кафедрасымен бірлесіп «Political Changes and Ethnig Koreans in Central Asia» атты ғылыми семинар өткізді. Кафедраның үш оқытушысы баяндама жасады. Семинардың материалдары Сеул қаласында, Оңтүстік Кореяда басылды; Чоннам ұлттық университетінің ғылыми орталығымен «New Silk Road and the Global Diaspora» атты ғылыми конференция өткізді (2012 ж.). Кафедраның алты оқытушысы баяндама жасады. Конференцияның материалдары Кванжу қаласында Оңтүстік Кореяда басылды; 2015 ж. 23-24 сәуір аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының негізінде Оңтүстік Кореяның Чоннам ұлттық университетінің диаспоры кафедрасымен бірге «Қазіргі әлемдегі диаспоралардың өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Сонымен қатар, оның кафедрасының 15 оқытушыларының 30 ғылыми мақалалары Берлин қаласында неміс тілінде «Sozialphilosophische, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans. Berlin, 2012 г – 12 б.т. импакт фактормен» және «Politische, soziologische und rechtliche Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kazachstans.-Berlin: Verlag Dr. Koster, 2013-18 б.т.импакт фактормер» кітабында және т.б. басылды.

Р.Б.Әбсаттаров гранттық зерттеулерді орындайды және орындап келеді: Жоба. «Этносаралық қарым-қатынастар мәдениеті: қазақстандық тәжірибие. Жетекші Әбсаттаров Р.Б. 2009-2011 ж.ж. арасында. Қаржыландырған ҚР БҒМ. Зерттеу нәтижесінде монография басылды»; Жобалар. «Қазақстандықтардың әлеуметтік саясаттануы. Саясат және саяси жүйе. Жетекші Әбсаттаров Р.Б. 2010-2011 ж.ж. арасында.Қаржыландырған Абай атындағы ҚазҰПУ.Зерттеу нәтижесінде кітап басылып шығарылды»; Жоба. «Қазақ даласының әлеуметтік-саяси ойшылдары. Жетекші Әбсаттаров Р.Б. 2014-2016 ж.ж.арасында. Қаржыландырған Абай атындағы ҚазҰПУ. Зерттеу нәтижесінде мақалалар басылып шығарылды».

Р.Б.Әбсаттаров сонымен бірге халықаралық гранттық зерттеулерді де орындайды: Жоба. «Politische und philosophische Grundlagen des Multikulturalismus. Жетекші профессор Иоганн Рау 2011-2014 ж.ж. арасында. Германия. Қаржыландырушылар Өзірбайжан, Ресей және Германия» және жоба «Reserch on Ethnic Disperses and Cultural Territories. Жетекші профессор Лим Чо Ван 2012-2014 ж.ж. аралығында. Қаржыландырушы Ұлттық зерттеу Корея қоры». Халықаралық гранттық зерттеу нәтижесінде мақалалар басылды.

Ғұлама ғалым, абзал азамат парасатты ағамыздың ұстаздық қызметі ерекше болып айтуға тұратын әңгіме. Өйткені ол кісі 1971 жылдардың басынан бастап бүгінге дейін шәкірт тәрбиелеумен өмірін өткізуде. Алғашқы кезде Қазақ мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент қызметтерін

атқарды. 1989-1994 ж.ж. Раушанбек Әбсаттаров партиялық, мемлекеттік және басқада жауапты жұмыста болды да, Қазақ мемлекеттік университетінде доцентік, профессорлық жұмысты қатар атқарды.

1997 жылы Раушанбек Әбсаттаров Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуматтану (саясаттану және әлеуметтік-философия) кафедрасының меңгерушісі қызметіне ауыстырылып сонымен бірге 2000-2002 жылдары сол университетінің тарих факультетінің деканы қызметін қатар атқарды. Содан бері осы ұжымда қызмет атқарады. ҚазҰПУ-дың қарашаңырақ болып даму және оның қоғамтану білімінің өсу, өркендеу тарихында ҚР ҰҒА корреспондент - мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Әбсаттаровтың терең ізі бар, үлкен үлесі бар. Осы мезгіл ішінде замандас ағамыздың алдынан мыңдаған шәкірттер өтті. Ол кісінің ғылыми жетекшілігімен, көмегімен жазылып, қорғалған 20 кандидаттың, 5 докторлық, 10 РНД докторлық және 40 жуық магистрлік диссертациялар болды. Бұл үлкен ғылыми ұжымның ғана қолынан келетін тірлік, ал ағамыз мұны бір өзі ғана атқарды. Көп жылдар бойы философия және саяси ғылымдары бойынша кандидаттық, және докторлық диссертациялар қорғайтын Ғылыми Кеңестің ғылыми хатшысы, мүшесі, төрағаның орынбасары болды.

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Р.Б.Әбсаттаровтың «шекпенінен шыққан» шәкірттерінің ішінде көптеген көрнекті қайраткерлер, ғалымдар-академиктер, министрлер, әкімдер, ректорлар бар. Ол кісі еш уақытта мен сендерді оқыттым, тәрбиеледім, өсірдім деп айтқан емес. Ұстаздығын міндет қылып, еңбегін пұлдаған жоқ. Шәкірттерін өзімен тең санайтын, сыйлайтын, құрметтейтін. Бұл замандас ағамыздың бір жағынан қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі болса, екінші жағынан ғұламаның зиялылығы мен парасаттылығының көрінісі.

Раушанбек Әбсаттаров біздер үшін тек аға ұстаз ғана емес, аса ардақты асыл азамат. Ол кісі Қазақстанда саясаттану ғылымының негізін салушылардың бірі және еліміздің этносаясаттану, салыстырмалы саясаттану, этноәлеуметтану ғылыми мектебінің негізін салушы. Ол кісі біздің алыптарымыздың көзін көрген, солармен араласқан, қызметтес болған адам. Атап айтқанда, атақты Б.А.Амантаев, Л.А.Байдильдинов, К.Б.Бейсембиев, Н.Ж.Жандилдин, Б.А.Тулепбаев, А.Х.Қасымжанов, Н.С.Сәрсенбаев, С.С.Сартаев, О.А.Сегізбаев сияқты аса көрнекті ғалымдармен бірге еңбек етті.

Солардан уйренген, жақсы қасиетерін бойына сіңірген, олардың ғылыми ерлігін, рухани байлығын, ілімін кейінгі жастарға жеткізген ұлы ұстаз болды. Ағамыз сол алғашқы қазақтың ғұлама қоғамтанушы ғалымдары мен қазіргі жастар арасында «Алтын көпір» бола білді. Сол алыптардың көзі ғой, соңы ғой.

Раушанбек Әбсаттаров тек қана дәріс берген ұстаз емес. Өзінің мағыналы өмір жолымен, ішкі рухани байлығымен, асыл адами қасиеттерімен, кішіпейілдігімен, еңбекқорлығымен, парасаттылығымен бәрімізге үлгі болатын ұлы тұлға. Тек қана саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, философтар емес, ғылым қуған барлық жастардың рухани көсемі, ақылшысы, тәрбиешісі, бапкері, қамқоршысы бола білді. Замандас ағамыздың адами қасиеттері де ерекше болды. Жарқын-жайдары мінезі, ақкөңілдігі, тазалығы, адалдығы, әділдігі, сабырлы-салмақты сөздері төңірегіндегі жандардың бәрін өзіне тартып тұрады. 5 жылға жуық партиялық, президент аппаратында жауыпты қызметте, 25 жылдан аса кафедра меңгерушісі, 3 жылға жуық декан болды. Осы мезгіл ішінде еш уақытта төңірегін биліктің биігінен қараған емес. Барлық жанға адами тұрғыдан, үлкен адамгершілікпен, түсінікпен қарайтын. Мұндай лауазым иелерінің арасында бұл сирек кездесетін қасиет. Ұлықтарға бас иіп, бас шұлғымайтын, өзінен кішілерге шіренбейтін адам. Бәрінің көңілін табуға тырысатын. Ешкімге еш уақытта дауыс көтеріп дөрекі сойлемейтін. Ең қиын-қыстау жерлердің өзінен жол тауып, абыроймен шығатын. Реті келген мезгілде әдемі әзіл айтып отыратын, әзілдерінің өзінде тәрбиелік-мән мағына бар.

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Раушанбек Әбсаттаров білім саласын жетілдіруге де көп күш жұмсады. Жоғары білім беру, ғылыми кадрлар даярлау жүйесінің көптеген өзекті мәселелерін талдап, өз пікірін айтты, даму жолдарын көрсетті. Барлық қоғамтану мамандықтарына, әсіресе «саясаттану» мамандығына үлкен қамқорлықпен қарайды. Ұзақ жылдар бойы осы мамандықтың жетіліп қалыптасуына орасан зор еңбек етті, аты шартарапқа жайылған ғылыми мектеп қалыптастырды. Осы бағыттың көшбасшысы бірден-бір лидері болып отыр.

Раушанбек Әбсаттаров өзінің ғұламалығын танытып ғылым мен білімге тең қараған, екуіне бірдей тер төккен ғалым. Шын мәнінде ғылым мен білім егіз, құстың қос қанаты секілді. Білімсіз

ғылым жоқ, ғылымсыз білім дамымайды. Білім өркениеттің ірге тасы болса, ғылым соның үстіне тұрғызылған сәулетті ғимараты. Раушанбек ағамыз осыны терең түсіне білді.

Жалпы, Раушанбек Әбсаттаровтың ұстаздық өмірі де, ғалымдық өмірі де өте бай әрі мазмұнды. Бұл жөнінде ол кісіні бақытты адам деп айтуға болады. Бірақ ол кісінің жолында қиыншылық, ауыртпалық болған жоқ деген сөз емес. Болғанда қандай, дегенмен соның бәрін өзінің ақыл-ойымен, азаматтық арымен, еңбекқорлығымен жеңіп шығып отырды. Ғылымның азапты жолын ауыздықтан, оның шұғылалы шыңына шыққан ғалым ғана бақытты. Міне, ұстаз ағамыз-осындай бақыттың иесі.

Ағамыздың өміріндегі тағы бір тиянақты тұғыры өзінің отбасы болатын. Әбсаттаров жанұясы бақ пен берекенің, ырыс пен ынтымақтың, жылы шуақ пен жақсылықтың ордасы болды. Ол кісі осы ордаға басшы, қамқоршы бола білді. Сүйікті жар, сүйкімді әке, аяулы ата болды. Жеңгеміз Меруерт Асқарқызы үлкен ғалым, ұлағатты ұстаз, ағамыздың ақылшысы, жанашыры, қамқоршысы, берекелі дастарханның иесі, қасиетті шаңырақтың киесі болды. Ағамыз екеуі алтындай ұл-қыздар, немерелер өсіріп, тәрбиеледі.

Раушанбек ағамыз көптің адамы болған соң қоғамдық болмысын, қайраткерлік қасиетін көбірек айтып отырмыз. Сонымен қатар ол кісінің жеке адамдармен қарым-қатынасын, атап айтқанда, біздің ара қатынасымызды айта кеткен де артық болмас.

Мен ағамызды 1978 жылдан бастап білемін. Сол жылда мен С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың философия кафедрасында стажер зерттеуші болғанмын. Сонда етене жақын араласып кеттік, өте кішіпейіл, ақкөңіл, тіпті қарапайым екен. Өзінің студент, аспирант кезінде көрген қиыншылықтарын айтып, бізге күш-қайрат беріп, жігерлендіріп отыратын. Студенттермен, аспиранттармен, стажерлармен өзінің құрдасындай әзілдесіп, қалжыңдасып жүретін.

1997-2002 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде бірге қызмет атқардық. Осы университетте біздің өте тығыз, мағыналы да мазмұнды қатынасымыз басталды. Ол кісі маған үлкен ағалық қамқорлықпен қарады, ақылын айтып отырды.

Менің 60-қа, 70-ке келген мерей тойымда өз тойындай қуанып, менің қасымда болды. Газетпен журналға мен туралы мақала жазды, ал мен 70-ке келгенде эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне менімен еріп барып, жылы-жылы құттықтау сөздерін айтты.

Ал осы мерейтойға арналған ресми салтанаттада ағынан жарылып, ақтарыла сөйлеп, менен бетер қуанып, шын ықыласымен құттықтаған сөздері менің жүрегіме терең ұялап, осы күнге дейін құлағымнан кетпейді. Ағамызды жеке мен ғана емес, отбасымның бәрі жақсы көреді, керемет сыйлайды, қатты құрметтейді. Өйткені ол кісінің өзі бәрімізді қадірлейді.

Ғалым мен ұстаз Раушанбек аға «Ерен еңбегі үшін» медальмен және басқада медальдармен, екі рет «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төске тағылатын белгімен марапатталған және «ҚР жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы», ҚР Қызылорда облысы «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағының иегері. Р.Б.Әбсаттаров ғылыми жұмысында жоғары жетістіктерге жеткені үшін Қазақстан мен Украинаның Құрмет мақтау грамотасымен марапатталған. Раушанбек ағамыз өз елінің, туған халқының алдында азаматтық парызын толық өтеген тұлға. Ұрпаққа абыз атанын әрбір ісі өнеге. Алла тағала осындай жұлдызды ұлдарды қазақтың маңдайына көп берсе, онда болашағымыз қашанда жарқын болмақ. Тек асылдарымыздың ғұмыры ұзақ болғай.

Сөз сонында айтарым, Раушанбек Әбсаттаров замандас ағамыз біздің ғылымымыздағы жарық жұлдыз, ұлағатты ұстаз, көрген-білгені мол парасатты тұлға. Қоғамымызда, еліміздің ғылым мен білім жүйесінде оның аты әйгілі, абыройы биік. Оның жазып қалдырған еңбектері ғана емес, өзінің ғұмыры, мінез-құлқы, іс-әрекеттері, адамгершілік болмысы кейінгі жастарға үлгі болатындай абзал азамат. Оның өмірі-өнеге, өнегесі-өмір. Мерейтой иесі ардақты Раушанбек ағамыздың шаңырағына шаттық, өз басына ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасына бақыт тілейміз. Еліне сіңірген ерен еңбегінің жемісін жеп, тәрбиелеп өсірген ұл-қыздарының, немере-шөбелерінің, шәкірттерінің қызығын көріп, аяулы ақылшымыз, қадірлі қамқоршымыз болып арамызда ойнап күліп жүрсін. Сексен жастан сүрінбей өтіп, алда да талай шаруаларды тындырады деген сенімдеміз. Сексенінде бабы келген сұңқардай түлеп ұшқан замандас ағамыздың ғылым-білімнің көк аспанында қалықтай беруіне тілектеспіз!

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ НҰРЫН СЕПКЕН!

*З.Е. Қабылдинов - Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры,
ҰҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор*

Раушанбек Боранбайұлы Әбсаттаров ағамыз 80-нің сеңгіріне шығып отыр. Бұл азаматты барша Қазақстан халқы біледі десем артық емес. Себебі, ол – ұстаз, ол – ғалым, ол – қоғам және мемлекет қайраткері. Оның бүкіл саналы өмірі халқына білім мен ғылымның нұрын себумен өтуде деп батыл айта аламын. Рәкеңді көптеген білікті ғалымдар, ел басқарған азаматтар өзіне ұстаз тұтады, силайды, жазған ғылыми еңбектерін қадағалап оқиды. Бізде де сондай, оны үлгі-өнеге тұтқан адамдардың қатарынанбыз. Елі мен халқы, еңбек еткен ұстаздары Раушанбек Боранбайұлының 80-жасқа келген мерейтойын қуанышпен атап өтуде. Рәкең осындай құрмет пен сыйға өзінің адал еңбегімен, маңдай терімен, ойшылдығы және жаңашылдығымен қол жеткізгендігі ақиқат. Ағамыз біздің институтта жиі болып, ақыл-кеңес беріп тұрады. Ұжымның жетістіктеріне де қуанады. Жұмыста олқылықтар болса жөн-жобаға салудан бас тартпайды.

Раушанбек Әбсаттаров абыройдың асқарына асықпай, күнделікті жасаған еңбегімен, тірнектеп жинаған білімімен, жазған ғылыми жұмыстарымен, студенттерге оқыған дәрістерімен қол жеткізді. Ол ғылымның даңғыл да, ауыр жолына түсті. Сонау ХХ ғасырдың 60-шы жылдарының басында арман қуған Раушанбек аға еңбек жолын, 1958 жылы В.И. Ленин атындағы кеңшарда жүргізуші болып бастаған болатын. 1959-1962 жылдар аралығында Кеңес Армиясы қатарында әскери міндетін өтеп, бөлімше, взвод командирі қызметтерін атқарды. Ол әскерде әбден шынығып, орыс тілін өте жатық меңгеруге қол жеткізді. Әскерде жүрген жылдары бос уақытта әлем ойшылдарының еңбектерін қызыға оқи бастады. Осы қызығушылық оны Киев университетінің философия факультетіне алып келген болатын. Ол университетті 1967 жылы бітіреді. Киев университетінің ғалымдары талантты қазақ жігітін өз аспирантурасына алып қалды. 1970 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған Раушанбек 1982 жылы осы білім ордасында докторантураны да тәмамдады. Ол аса күрделі, ауқымды «Ғылыми-техникалық революция және қоғамдық өмірдің интернационализациялануы: элеуметтік-философиялық талдау» тақырыбынан 1990 жылы докторлық диссертация қорғайды.

Киев ғалымдары қазақ ғалымының жасаған еңбегінің жоғары деңгейін атап көрсетті. Оған Украинаның философиялық мектебінің өкілі ретінде көп қамқорлықтар жасады. Раушанбек ағамыздың ғылыми-шығармашылық лабораториясының қалыптасуына, сол кезде КСРО-ға атағы шыққан Украина философ ғалымдары, КСРО ҒА корреспондент-мүшелері, Украина ҰҒА академиктері, философия ғылымдарының докторлары, профессорлар П.В. Копнин мен В.И. Шинкарук болды. Сонымен қатар Украинаның философия мектебінің көрнекті өкілдері Лениндік сыйлықтың лауреаты, философия ғылымдарының докторы И.Д. Назаренко да үлкен көмек көрсетіп, ақыл-кеңестерін аяған жоқ. Сондай-ақ философия ғылымдарының докторлары, профессорлар Д.Ф. Острянин, И.В. Бичко, В.С. Дмитриченко, А.И. Доронченков, И.Ф. Надольный сияқты ғалымдар Р. Әбсаттаровтың ғылыми ізденістеріне байланысты өз ақыл-кеңестерін, ұсыныстарын айтумен болды. Қазақстандық ғалымдар арасынан Р. Әбсаттаровтың ғылыми жұмыстарына ұсыныстарын, пікірлерін білдіріп, ой бөліскен ҰҒА академиктері, профессорлар Д.К. Кішібеков, Б.А. Төлепбаев, М.Т. Баймахановтар болатын. Философия ғылымдарының докторлары, профессорлар Б.А. Амантаев пен Н.Ж. Жандельдин де Раушанбектің ғылыми жетістіктеріне жетуіне қол ұштарын берді. Бүгінде Рәкең өзінің ұстаздарының, әріптестерінің әлемдік философиялық ойда іздерін қалдырып, ғылыми ойдың дамуына қомақты үлес қосқандығын мақтанышпен айтады.

Осыншама ғалымдардың есімдерін біз бекер тізбелеп отырған жоқпыз. Себебі, ғылымдағы сабақтастық оның дамуымен жаңаруының методологиялық принципі болып табылады. Қоғамдық өмірдің даму диалектикасын, заңдылықтарын дөп басып көре білу, олар туралы ой қозғау қиямет-қиын шаруа. Бұл жұмысты саналы өмірін ғылым жолында сарп еткен ойшыл ғалымдар ғана жасай алады. Раушанбек ағамыз осындай, қоғамдық қатынастардың күрмеулі мәселелерін зерттеген ойшыл ғалымдардан оқыды, үйренді, өнеге алды және өзі де осындай ойшыл ғалымдар дәрежесіне көтеріле алды. Философияның теориялық және методологиялық танымы мен тәлімін жетік меңгерген Р.Әбсаттаров элеуметтану және саясаттану ғылымдарында да айтары бар, кең диапазондағы сирек

кездесетін ғалымдар дәрежесіне көтеріле алды. Қазақстанның қоғамдық ғылымдар тізбесінде Р. Әбсаттаровтай философиядан, саясаттанудан, әлеуметтанудан қатарластыра іргелі еңбектер жазған ғалым жоқтың қасы. Әсіресе, оның этникалық қатынастар, этноәлеуметтану, этносаясат мәселелеріне қатысты жазған ғылыми еңбектерін ғылыми қауым өте жылы қабылдап, жоғары бағасын берді. Ол әлеуметтік зерттеулер нәтижесіне сүйене отыра, саяси шешімдердің тиімділігін арттырудың және қоғамдық дамудағы қайшылықты мәселелерді шешудің ғылыми жолдарын көрсете білген дара ғалымдар қатарынан аталды. Этникалық сферадағы, ұлттық дау-жанжалдарды шешудің, латентті құбылыстарды ашудың теориялық қана емес, қолданбалы аспектілерін көрсете білді.

Қоғам барлық сегменттері өзара байланыстағы, біріне-бірі тәуелді, сан қырлы даму жүйелерге бөлінген аса күрделі организм. Рәкең, осы мәселені зерттеу барысында ғылымилықты, объективтілікті бірінші орынға қойып, билік пен Үкіметтің айтқандарын орындап, «бәрі жақсы, бәрі керемет» деген немқұрайдылықтан аулақ жүрді. Ол үшін «Қазақстанды қалай көгертеміз, өзгертеміз» деген мәселе бірінші орында тұрды. Рәкең қанша мүмкіндігі болса да мемлекеттік билік қызметіне кетіп қалмады, білім мен ғылым салаларында қызмет етуді таңдады. Оның алдынан мындаған студенттер өтті. Олардың баршасы Раушанбек ағаларын ұдайы ұстаз тұтып, бүгінгі күнге дейін алғыстарын айтып, сәлемдесіп жатады. Шәкірттерінің осындай құрметтері Рәкеңнің ұстаздық қызметінің жоғары бағасы болса керек.

Ол көп жылдар бойы, 1971-1988 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде философия пәнінен аға оқытушы, доцент болды. Осы жылдарда ол Қазақстан халқына патриоттық тәрбие беру, полиэтникалық Қазақстан қоғамында этносаралық қатынастарды жетілдіру мәселелеріне ерекше ден қойды. Саяси тұрақтылық, қоғамдық келісім, этносаралық татулық категорияларының жай ғана ұғымдар емес, халық үшін тағдыршешті маңызы бар, терең тамырлы әлеуметтік-саяси құбылыстар екендігін негіздеді. Біздің институт «Қазақстан халқы» атты ғылыми тарихи интерактивті карта жасағанда ағаның еңбектеріне де сүйеніп отырды. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғанда Раушанбек Боранбайұлы жасаған осы ғылыми тұжырымдар мен идеялардың маңыздығы тіптен арта түсті. Аталған категориялар ұлттық идея дәрежесіне көтерілді. Ғалымның түйінді ойларын билік те байқады. Оны 1988-1990 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті өзіне қызметке тартты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Р. Әбсаттаровты Президент аппараты өзіне кеңесшілікке шақырды. Осы 1991-1996 жылдарда ол Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтының саяси-әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі қызметін қоса атқарды. 1997 жылдан бүгінгі күнге дейін Раушанбек ағамыздың өмірі мен шығармашылығы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен байланысты. Ол осы оқу орнының саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасында 20 жылдан астам меңгеруші болды. Қазір осы кафедраның құрметті меңгерушісі, профессор консультанты.

Өзінің ғылыми ғұмырында профессор Р.Әбсаттаров өте қарымды еңбек жасады, әлі де жасау үстінде. Оның еңбектері 9 тілде жарық көрді. 40-тан астам монографиялары, оқу құралдары, оқулықтары, кітапшалары мен кітаптары жарық көрді. 600-дей түрлі тақырыптарға жазған мақалаларын алыс, жақын шетел ғалымдары мен студент, магистранттары, докторанттары оқуда. Шағын мақала көлемінде ғалымның жазған дүниелерін санамалап шығу тіптен мүмкін емес. Десек те, олардың іргелілерін атап өтейік: Ғылыми-техникалық прогресс және ұлтаралық қарым-қатынастар. Алматы, 1977; Ұлттық қатынастардың дамуы. Алматы, 1982; Ұлттық процестер: ерекшеліктері және проблемалары. Алматы, 1995; Саясаттану және оның проблемалары. Алматы, 2007; Әлеуметтану негіздері, 2-том. Алматы, 2013, Саясаттану негіздері. 2 том, Алматы, 2018 және т.б. еңбектері. Рәкең неміс ғалымы Иоганн Раумен бірге «Қоғамның әлеуметтік-саяси проблемалары туралы ойлану мен толғану» атты 35 баспа табақ еңбегін дайындап «Ұлағат» баспасына өткізіп берді.

Оның шығармашылық лабораториясы мен зерттеу объектісі негізінен этносфера екендігі белгілі. Этникалық өмір өте күрделі даму үстінде. Қазіргі адамзат қоғамы этникалық, діни жандану үдерісімен қатар ғаламдық жаһандану үдерістерін қатарласа жүруін бастан өткеруде. Әлемдегі негізгі қайшылықтардың біріне осы екі жаһандық тенденциялар арасындағы қайшылықтар шығуы ықтимал, деген ойды Р. Әбсаттаров ғалым ретінде өз еңбектерінде негіздеп келеді. Осындай келелі ойларымен Р. Әбсаттаров Германияда, Францияда, Оңтүстік Кореяда, Жапонияда т.б. 7 елде өз дәрістерін оқыды. Әлемдік деңгейдегі ғалымдар оның пікірлерімен келісті.

Р. Әбсаттаров өзінің ғылым жолында жинап-терген білімін ізбасарларымен бөлісті. Оның жетекшілігімен 5 ғылым докторы, 20 ғылым кандидаты, 10 PhD докторы, 40 магистрант даярланды. Бұл шаруаны ел болашағы мен ғылымының дамуына ықпал еткен үлкен жұмыс деп бағалаймыз. Ол өз бастамасымен Корея мемлекеттік университетімен тығыз байланыстар орнатты. Чоннам ұлттық университетінің саясаттану кафедрасымен бірге «Қазіргі әлемдегі диаспоралардың өзекті мәселелері» тақырыбын жан-жақты зерттеу үстінде.

Раушанбек ағамыз үлгілі отбасының иесі. Меруерт жеңгеміз де профессор, екі ұл Марат пен Ғалымжан ғылым кандидаттары, қызы Майя - магистр.

Ағамыздың өмірі мен қызметі, ғылымы мен білімі қазақ еліне үлгі-өнеге. Еңбегінің арқасында Раушанбек ағамызды билік те, халық та марапаттан аяған жоқ. Ол өзі өскен «Қармақшы ауданының құрметті азаматы», «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

80-ге келіп, аттан түспеген, қаламы қарымды ғалым ағамыз Раушанбек Боранбайұлына мерейтойыңыз құтты болсын демекпіз.

КЕМЕЛ ҒАЛЫМ, ДАРА ТҰЛҒА

А.К. Құсайынов – Қазақстан Педагогикалық Ғылдымдар Академиясының президенті, академик, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Еліміздің саяси ғылымының негізін салушылардың бірі, қазақстандық этносаясаттану және салыстырмалы саясаттану ғылыми мектебінің негізін қалаған көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Боранбайұлы мерейлі 80 жасқа толып отыр.

Оның этносаясаттану ғылыми мектебі шетелдерде кеңінен танымал. Ол беделді ғалым-этносаясаттанушы ретінде Global Диаспоралардың Дүниежүзілік ассоциациясының вице-президенті (Кванжу қ., Оңтүстік Корея) болып сайланды.

Еңбек жолын 1958 жылы Қызыл-Орда облысы Қармақшы ауданындағы Тұрмағанбет ауылында шофер болып бастаған жас балаң жігіттің бойындағы терең ойшылдық пен тектілік, оны биік қиялдарға жетеледі. Кең сайын дала құшағында еркін көсіле жүріп, ғалым болуды арманданы. 1959-1962 жж. Кеңес Армиясы қатарында болғанда да осы ой оған маза бермеді. Осы арман оны Т.Г. Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің философия факультетіне алып келді.

Университет табалдырығын аттаған жас қазақ жігітін украин ғалым-оқытушылары жылы қарсы алды. Оны бойындағы білімге, ғылымға деген талпынысын, мол қабілетін байқап, бауыр тартты. 1967 ж. университетті жақсы аяқтап, аспирантураға жолдама алды. Кандидаттық диссертациясын 1970 ж. сәтті қорғап, елге жас ғалым ретінде оралды. Көңілінде Украина ғалымдарына деген шынайы алғыс сезім қалды.

Ол әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетінде жұмысқа орналасты. 1971-1988 жж. аға оқытушы, доцент болып қызмет атқарды. Осы уақыттарда өзінің ғалым болып қалыптасуын ықпал еткен көрнекті Украина ғалымдарымен байланысын еш үзген емес. Солардың шақыруымен Киев университетіне докторантураға түсіп, осында 1990 ж. «Ғылыми-техникалық революция және қоғамдық өмірдің интернационализациялануы: элеуметтік-философиялық талдау» – деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Профессор Р.Әбсаттаровтың ғалым болып қалыптасуына Украины ғалымдары: КСРО ҒА корреспондент-мүшелері, Украины ҰҒА академиктері, философия ғылымдарының докторлары, профессорлар П.В. Копнин мен В.И.Шинкарукты, Ленин сыйлығының лауреаты, философия ғылымдарының докторы, профессор И.Д.Назаренконы, Украины ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Д.Ф.Острянин, философия ғылымдарының докторлары, профессорлар И.В.Бичко, В.С.Дмитриченко, А.И.Доронченков, И.Ф.Надольныйлар мол қолдау көрсетті.

Раушанбек Боранбайұлы 1988-1990 жж. партиялық жұмыста болса да, ҚазҰУ-де доцентік қызметті қатар атқарып жүрді. Ол 1991 ж. ҚР Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика мен болжамдау институтының элеуметтік саясат және философия кафедрасының меңгерушісі, ҚР Президент Аппаратының кеңесшісі болды.

1997 ж. Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, 2000-2002 жж. тарих факультетінің деканы қызметтерін атқарды. 2018 ж. қыркүйек айынан Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының құрметті меңгерушісі, профессор- кеңесшісі.

Профессор Р.Әбсаттаров КСРО ҒА корреспондент-мүшесі, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғалымдарының докторы, профессор Б.А. Тулепбаев, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Д.К.Кішібеков, ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор М.Т. Баймаханов, ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшелері, философия ғалымдарының докторлары, профессорлар Б.А.Амантаев пен Н.Ж.Жандильдин сынды көрнекті қазақстандық ғалымдардың есімдерін өзіне қолдау көрсеткен, ғылымдағы ұстаздары ретінде зор құрметпен атайды.

Академик Р.Әбсаттаров Қазақстанның саяси және әлеуметтік-философиялық ғылымдардың дамуына мол үлес қосты. Ол 9 тілде 40 монография, кітаптар, кітапшалар, оқулықтар, оқу құралдары мен 600-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар жариялады. Бұл еңбектер саясаттану, әлеуметтану және философия ғылымдары үшін іргелі және практикалық мәнге ие маңызды ғылыми жаңалықтар жарияланды. Олар елімізде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті және оны тәрбиелеу, этносаяси қауымдастық, ұлттық және жалпы қазақстандық сана-сезім, келісім, жалпықазақстандық бірігу, ұлттық қарама-қайшылықтар және оларды шешу жолдары, этникалық және интеграциялық процесстер, халықтардың ойлау қабілетінің бірлігі мен әртүрлілігі, салыстырмалы саясаттану, этноәлеуметтану сияқты жаңа бағыттардың қалыптасуы мен дамуына мол үлес қосты.

Раушанбек Боранбайұлы әлеуметтік-саяси қатынастардың маңызды және күрделі мәселелерін шешуде жеткілікті батылдық пен жаңашылдық көрсетті. Ол ынталы ғалым-теоретик және тәжірибелі практик қасиеттері үйлесімді ұштасқан, салыстырмалы материалдарды теориялық жағынан ұғынуға бағытталған жаңалықтар және ілгерілеудің ынталы жақтаушысы, ұлттық және интеграциялық, саяси және әлеуметтік процесстер жөнінен өзіндік тұжырымдамалар жасады.

Ол көптеген бірегей және іргелі монографиялардың авторы. Солардың қатарында: Ғылыми-техникалық прогресс және ұлтаралық қарым-қатынастар, 1977 ж.; Ұлттық қатынастардың дамуы, 1982; Ұлттық процесстер: ерекшеліктері және проблемалары, 1995 ж.; Студенттерді ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу: теория және практика, 1999 ж. (Т.С.Садықовпен бірге); Саясаттану және оның проблемалары, 2007 ж.; Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті: қазақстандық тәжірибе, 2015 ж. (басқа авторлармен бірге); Әлеуметтану: өзекті мәселелер. Екі томдық. 2013 ж., 2015 ж.; «Саясаттану негіздері». Екі томдық. 2012 ж., 2018 ж. және неміс профессоры Иоганн Роумен бірге жазған «Қоғамның саяси және әлеуметтік проблемалары туралы ойлану мен толғану» атты монография бар.

Оның басшылығымен саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы ғылыми зерттеу, оқу-әдістемелік және саяси-тәрбие жұмыстарында үлкен табыстарға қол жеткізе отырып, еліміздің әлеуметтік-саяси ғылымындағы жетекші кафедралардың және ірі ғылыми орталықтың біріне айналды. Оның басшылығымен, соңғы он жылда, кафедра мүшелері 10 тілде: 22 монография, 38 оқулықтар, оқу құралдары, кітаптар, кітапшалар және 1000-нан аса ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар, олардың ішінде 100-і шетелдерде, жариялады.

Кафедрада «Саясаттану», «Әлеуметтану» «Дінтану», «Мәдениеттану», «Философия» мамандықтары бойынша – бакалавриат, «Саясаттану» мен «Әлеуметтану» – магистратура және PhD докторантура ашылды. Кафедра көптеген шетелдік ғылыми мекемелермен ынтымақтастық орнатты.

Р.Б.Әбсаттаров Ұлыбритания, Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Түркия, Жапония, Египет, БАЭ, Ресей, Украина, Белоруссия және басқа да елдердің университеттері мен ғылыми орталықтарында баяндамалар жасап, дәрістер оқыды. Шетелдерде 60-тан астам ғылыми мақалалар жариялады. Ол Қырғыз республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының “Құрметті профессоры” болып сайланды.

Көрнекті ғалым-ұстаз Раушанбек Боранбайұлы «Ерен еңбегі үшін» медальмен және екі рет «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» құрметті атағымен марапатталған. Ол «ҚР жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы», ҚР Қызылорда облысы «Қармақшы ауданының құрметті азаматы».

Академик Р.Әбсаттаровтың ғылыми жетекшілігімен 5 ғылым докторы, 20 ғылым кандидаты, 10 PhD докторы және 40 магистрант дайындалды. Ол 30 жылдан астам уақыт бойы саяси және философия ғылымдары бойынша кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын Ғылыми Кеңестің ғалым хатшысы, мүшесі, төрағаның орынбасары болды.

Абай атындағы Қазақ ҰПУ-ің Хабаршы «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» журналының бас редакторы, бірқатар қазақстандық және шетелдік журналдардың редакция алқасының мүшесі.

Р.Б. Әбсаттаров еңбекқор, жауапкершілікті, тиянақты, адал жан және жақсы отағасы. Жолдасы – Меруерт Асқарова педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, қызы – Майя Әбсаттарова, магистр, ұлдары – Марат Әбсаттаров, заң ғылымдарының кандидаты, Ғалымжан Әбсаттаров, саяси ғылымдарының кандидаты. Алты немересі – Ақрано, Диляра, Аллаяр, Алияр, Ахмедияр, Алинур және 2 шөбересі – Раян, Рами бар.

Абыз қария жасына келген дана ұстаз, көрнекті ғалым, академик Р.Әбсаттаровты мерейлі жасқа келуімен құттықтай отырып, ұзақ ғұмыр сүріп, толымды еңбектер жазуына шынайы тілктестігімізді білдіреміз!

ЖИЗНЬ, ПОСВЯЩЕННАЯ ПОИСКУ ИСТИНЫ

Б.Х. Толеубекова – доктор юридических наук, профессор

*По самой своей сути наука – это поиск истины.
Джозеф Томсон (английский ученый).*

Моему коллеге Абсаттарову Раушанбеку Бурамбаевичу исполнилось 80 лет. Много это или мало? Для простого смертного – немало. Для ученого - мало. Для истинного ученого пространство целого мироздания кажется тесным, бесконечное время кажется кратким. Его пытливый ум способен охватить то, что скрыто за горизонтом, покоится на дне морском, сияет на вершинах самых высоких гор, угадывается в мерцании давно погасших звезд. Он способен говорить с теми, кто тысячу лет назад приступил к созданию сегодняшнего мира, вступать в беседу в теми, кто придет на эту землю через сотни лет. Он ведет свою речь на удивительном языке, который понятен только посвященным, – языке науки. Он – вечный труженик, посвятивший себя поиску истины. Это все о нем, о Раушанбеке Бурамбаевиче, -докторе философских наук, профессоре, обладателе множества государственных наград, наставнике целой плеяды казахстанских ученых, авторе огромного количества научных трудов.

Он бодр, энергичен, полон творческих замыслов. И нет никаких сомнений в том, что Раушанбек Бурамбаевич реализует свои новые замыслы как нельзя лучше. В том, что это будет очередной образец философской и политической мысли, доказано всей его научной деятельностью.

Поиск истины – тернистый путь. Но Раушанбек Бурамбаевич – боец стойкий. Он не гонится за минутной славой, далек от конъюнктурных интересов в подходах к решению любых вопросов, которые возникают перед ним в процессе исследования. Все свои шаги в науке он сверяет с высокими моральными принципами, чутко улавливает резонансы, вызываемые его изысканиями среди коллег, в круг которых входят не только сограждане, но и представители высокой науки из ближнего и дальнего зарубежья. Корифеи отечественной правовой, политической, исторической и философской мысли в лице член-корреспондента АН СССР, академика НАН РК, доктора исторических наук, профессора Б.А.Тулепбаева, академика НАН РК, доктора юридических наук, профессора М.Т.Баймаханова, членов-корреспондентов АН КазССР доктора философских наук, профессора Б.А.Амантаева, Н.Д.Джангильдина, будучи ближайшим окружением Р.Б.Абсаттарова, составляют славу и гордость нашей Родины – свободного Казахстана.

Современная социально-политическая наука Казахстана, благодаря кропотливой и неустанной деятельности Р.Б.Абсаттарова, значительно пополнила свой интеллектуальный потенциал, расширила горизонты своего влияния, выйдя за пределы своей страны, заявив о себе как о состоявшейся и зрелой сфере национального научного познания действительности. Он автор сорока книг, монографий, учебников, учебных пособий, брошюр, более 600 научных статей. Круг его читателей весьма обширен. Своими сокровенными мыслями и научными достижениями Раушанбек Бурамбаевич щедро делится, выступая на различных симпозиумах во многих иностранных государствах, читая лекции в ведущих университетах мира. География научных интересов Р.Б.Абсаттарова обширна: Великобритания, Германия, Франция, Южная Корея, Турция, Япония, Египет, Объединенные Арабские Эмираты, Россия, Украина, Белоруссия и другие страны. Везде, где

приходилось бывать Раушанбеку Бурамбаевичу, о нем соратники по науке говорили как о незаурядном ученом, исследователе, лишенном самолюбования, корректном собеседнике, искреннем и открытом человеке. Такие работы Раушанбека Бурамбаевича, как монографии «Научно-технический прогресс и межнациональные отношения» (1977 г.), «Развитие национальных отношений» (1982 г.), «Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика» (1999 г.), «Политология и ее проблемы» (2007 г.) и другие работы составляют золотой фонд отечественной социально-политической мысли.

Опубликованные собственные исследования не исчерпывают всего богатства профессиональных знаний Р.Б. Абсаттарова. Многогранность его интересов проявляется постоянно и оказывает неоценимую услугу молодому поколению философов и политологов. Он много лет является бессменным главным редактором научного журнала, включенного в перечень изданий, рекомендуемых КОКСОН для опубликования результатов исследований по общественно-политическим наукам. Журнал востребован и обладает высоким рейтингом.

От чистого сердца поздравляя Раушанбека Бурамбаевича со славным юбилеем, искренне желаю моему коллеге долгих лет счастливой и наполненной добрыми делами жизни! Оставайтесь таким же несгибаемым, каким Вы были в молодые годы, таким же обаятельным, каким Вы были в пору зрелости, таким же умным и ответственным, каким я знаю Вас по совместной работе.

СЫР БОЙЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

*С. Журсимбаев - заң ғылымдарының докторы, профессор
ССРО Прокуратурасын құрметті қызметкері, ҚР жанындағы Құқық қорғау қызметі
Академиясының құрметті профессоры, 3 дәрежелі мемлекеттік заң кеңесші*

Міне Раушанбек досымыз да 80 жасқа толып мерейтойға қолы жетті. Бұрын ауылда, жастау кезімізде 60 жастан асқан ақсақалдарды көргенімізде, көбісі қаусыраған, бүгіліп, жәй жүріп, тек немерелерін бағып жүрген шалдарды көретінбіз. Ал Раушанбекке қарап оны айта алмайсың. Біріншіден, бұл тағдырдың берген денсаушылығы, табиғи сүйегінің мықтылығы, қоғамымыз бен дәрігерлердің бүгінгі азаматтарға жасаған қолайлы жағдайы болса, екіншіден, ең бастысы, жарты ғасырдан астам жан жолдас болып келген, күнделікті Раушанбектің жағдайын жасаған өмірлік қосағы Меруерттің енбегі.

Бір ретте үйді жақсылап жөндепіндер ғой деп Раушанбекке айтқанымда: «Мен оған араласым жоқ, үй жөндеуін жасаған Меруерт пен Маечканың (Майя қызы) еңбегі ғой деген». Міне Раушанбектің ғылым және оқу ағарту саласында көп жетістіктерге жетсе оның ішінде жұбайы Меруерт пен жан ұясының үлкен үлесі бар.

Әрине, Раушанбектің осындай жетістікке жетуі оның ең басынан еңбек жолын дұрыс белгілеп, өзіне лайықты, кеуліне қонымды қызметті таңдауы болды. Ол жас кезінде-ақ 27 жасында Киев мемлекеттік университетінің философия факультетін бітіріп, сонда аспирантураны 30 жасында, көп ұзатпай докторантураны да оқып бітіргені, өз ғылыми қалауын мезгілінде жасағаны көрініп тұр.

Раушанбектің еңбектері тоғыз тілде 40 монография, кітаптар, кітапшалар, оқулықтар, оқу құралдарын және 600-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар жарияланғаны, оның үстіне тек біздің елімізде ғана емес, жақын және алыс шетелдерде де кеңінен белгілі болғаны оның саяси, әлеуметтік-философиялық ғылымдардың дамуына сүбелі үлес қосқаны куә бола алады.

Әсіресе оның еңбегі республикада ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті және оны тәрбиелеу, этносаяси қауымдастық, ұлттық және жалпы қазақстандық сана-сезім, келісім, жалпықазақстандық бірігу, ұлттық қарама-қайшылықтар және оларды шешу жолдары мен салыстырмалы саясаттану, этноәлеуметтану және тағы басқа да жаңа бағыттардың қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі өте зор. Ол белгілі, беделді ғалым-этносаясаттанушы ретінде Global Диаспоралардың Дүниежүзілік ассоциациясының вице-президенті (Кванжу қ., Оңтүстік Корея) болып сайланғаны осы еңбектердің жемісі.

Сол себептен ғалым-саясаттанушы, әлеуметтанушы, философ, публицист, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Әбсаттаров досымызды тәуелсіз Қазақстан Республикасының саяси ғылымының іргесін қалаушылардың бірі

және қазақстандық этносаясаттану және салыстырмалы саясаттану ғылыми мектебінің негізін салушы ғалым деп есептейміз.

Раушанбек бізге және шетелдерге кеңінен белгілі ғалым болып қана қоймай өз тәжірибесімен үлкен ғалым ретінде маңындағы кафедра қызметкерлерімен, аспиранттар, студенттер немесе магистранттармен және де ынталы, таланты жастармен бөлісіп, жас ғалымдардың көрнекті беделді ұстазы болды.

Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы Раушанбек досымыздың басшылығымен ғылыми зерттеу, оқу-әдістемелік және саяси-тәрбие жұмыстарында үлкен табыстарға қол жеткізді. Оның кафедрасы шетелдердің көптеген ғылыми мекемелерімен ынтымақтастық орнатты. Осындай ғылыми деңгейдегі ынтықмақ нәтижелі болып оның бастамасымен бірлескен семинарлар, дөңгелек үстелдер, ғылыми конференциялар, симпозиум мен кітап шығару жұмыстары жоғарғы деңгейге көтерілді. Мысалы, оның кафедрасы Корея университетінің саясаттану кафедрасымен бірлесіп «Political Changes and Ethnic Koreans in Central Asia» атты ғылыми семинар өткізді. Кафедраның үш оқытушысы баяндама жасады. Семинардың материалды Сеул қаласында, Оңтүстік Кореяда басылды; Чоннам ұлттық университетінің ғылыми орталығымен «New Silk Road and the Global Diaspora» атты ғылыми конференция өткізілді (2012 ж.). Кафедраның алты оқытушысы баяндама жасады. Конференцияның материалдары Кванжу қаласында Оңтүстік Кореяда басылды (2011 ж.).

23-24 сәуір аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының негізінде, Оңтүстік Кореяның Чоннам ұлттық университетінің диаспора кафедрасымен бірге “Қазіргі әлемдегі диаспоралардың өзекті мәселелері” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Сонымен қатар, оның кафедрасында 15 оқытушыларының 30 ғылыми мақалалары Берлин қаласында неміс тілінде “Sozialphilosophische, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans. Berlin, 2012 г.-12 б.т. импакт-фактормен” және “Politische, soziologische und Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kasachstans.-Berlin: Verlag Dr. Köster, 2013.-18 б.т.” импакт-фактормен кітабында және т.б. басылды.

Аталған кафедра еліміздің әлеуметтік-саяси ғылымындағы жетекші кафедралардың және ірі ғылыми орталықтың бірі болды. Мысалы, оның басшылығымен соңғы он жылда кафедра мүшелері 10 тілде: 22 монография (жалпы көлемі 305 б.т.), 38 оқулықтар, оқу құралдары, кітаптар, брошюралар (жалпы көлемі 790 б.т.) және 1000-нан аса ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар (жалпы көлемі 400 б.т. асады), олардың ішінде 100-і шетелдерде (жалпы көлемі 50 б.т.) жариялады.

Раушанбек Әбсаттаров досымыз Ұлыбритания, Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Түркия, Жапония, Египет, БАЭ, Ресей, Украина, Белоруссия және тағы басқа елдердің университеттері мен ғылыми орталықтарында баяндамалар мен дәрістер оқыды. Ол шетелдерде 60-тан астам ғылыми мақалалар басып шығарды.

Кафедрада ол өте жақсы тәртіп және тәуір моральдық-психологиялық климат, творчестволық ахуалды орната білді. Оның жетекшілігімен саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасында жаңа мамандар: «Саясаттану», «Әлеуметтану» «Дінтану», «Мәдениеттану», «Философия» бакалавриаты, ал «Саясаттану» мен «Әлеуметтанудан» магистратура және PhD докторантура ашылды. Бұл үлкен еңбектің жемісін, өз маманының майталманы болғанын, ғылыми деңгейінің жоғарғы дәрежелілігін көрсетеді.

Ол ғылыми жұмысында жоғары жетістіктерге жеткені үшін Қазақстан мен Украинаның Құрметті мақтау грамотасымен марапатталды. Оның еңбегі жемісті болып мемлекетіміз «Ерен еңбегі үшін» медальды және екі рет «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төске тағылатын белгіні омырауына тақты және «ҚР жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы», ҚР Қызылорда облысы «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағына ие болды. Ол - Қырғыз республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының “Құрметті профессор”.

Профессор Р.Б. Әбсаттаров 2001 жылдан бері Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршы “әлеуметтану және саяси ғылымдар” сериясы ғылыми журналының бас редакторы, сондай-ақ бірқатар қазақстандық және шетелдік журналдардың редакция алқасының мүшесі ретінде әлі де еңбек етуде.

Ол ғылым мен білім беру саласында үлкен биіктен көрініп, өзі туып өскен топырағы Сыр бойының мақтанышы болса, жан ұясында да беделді отбасы бола білді. Оның еңбекқорлығы,

жауапкершіліктілігі, тиянақтылығы, адамгершілігі Майя қызына, ұлдары Марат пен Ғалымжанға, жаңа дүниеге келген немере мен шөберелеріне маңызды үлгі.

Біздер, жан ашыр жолдастары, Раушанбек досымызға Меруерт жұбайымен бірге енді осы еңбектердің жемісін көріп, балаларының, немерелері мен шөберелерінің аяғына тұрып, еліміздің бақытты азамат болғанын көрсін дейміз. Отбасында мерейтойы басқа да тойларға ұласа беруіне тілектеспіз.

*Құтты болсын мерей тойың, 80 жасың
Әр уақытта домаласын өрге тасың,
Меруертпен қоса азарып, шөбере сүй,
Ешқашанда көңіліңді кір шалмасын.*

ФЕНОМЕН АБСАТТАРОВА

Амиржан Шалтыков - доктор политических наук, профессор

Раушанбек Бурамбаевич Абсаттаров является выдающимся ученым и талантливым педагогом, внесший неоценимый вклад в развитие отечественной науки и высшего образования, основателем казахстанских научных школ этнополитологии, этносоциологии и сравнительной политологии.

В чем же все-таки феномен Абсаттарова?

Прежде всего, среди казахстанских политологов на долю члена-корреспондента Академии наук Республики Казахстан, доктора философских наук, профессора Абсаттарова Раушанбека Бурамбаевича судьбою выпала великая честь быть одним из основателей политической науки молодого суверенного государства. Дело в том, что на заре суверенитета республики центральные научные органы Советского Союза в лице Высшего аттестационного комитета в Москве долгое время воспротивились созданию в союзных республиках самостоятельных диссертационных советов по защите кандидатских и докторских диссертации по политологии, а именно в среднеазиатских республиках, в том числе в Казахстане. Благодаря неустанным усилиям Раушанбека Бурамбаевича, используя даже личные связи, ему удалось убедить твердолобых чиновников от науки, открыть в КазГУ им. С.М.Кирова первый в Казахстане совет по защите диссертационных исследований по политологии. И это дало возможность начать подготовку квалифицированных научных кадров по политическим наукам.

Таким образом, в Казахстане политология в качестве самостоятельной академической дисциплины получила права гражданства в конце 90-х годов прошлого столетия. Она стала преподаваться в вузах как обязательный предмет. Ее востребованность обусловлена началом перехода казахстанского общества к свободе, рыночной экономике, что заметно повысило интерес к политике у людей, ставших активными участниками социально-политических изменений. Политическая наука была призвана объяснить стремительные экономические, политические, психологические и культурные трансформации казахстанского общества.

Как известно, политика – важнейшая сфера жизнедеятельности общества, государства и каждого гражданина. Начиная с усвоения школьной программы, а затем участвуя в разного рода общественных организациях, клубах и ассоциациях, профсоюзах или политических партиях и т.д., человек постигает мир политического. Особенно возрастает роль и значение политики в переломные исторические периоды, когда подвергаются радикальной трансформации сами основы жизнеустройства людей, их идеалы, ценности, мировоззренческие установки, ориентации и т.д. Именно такой период кардинальных изменений переживает в настоящее время Казахстан. Разумеется, что для ее духовного интеллектуального возрождения особую актуальность приобретают переосмысление и перестройка всей системы социально-политических и гуманитарных наук, среди которых достойное место занимает политология.

Предметом политологии являются такие феномены, как политические институты и отношения, закономерности функционирования политической системы, политические процессы, политические конфликты, политическая культура, политические классы и т.д. Эти сложные институты политических отношений и процессов изучаются не только политологией, но в тех же аспектах также философией, социологией, государственно-правовой наукой и т.д. Интегрируя отдельные проблемы

этих дисциплин, политология располагает как бы в точке их пресечения и представляет собой междисциплинарную науку.

Разумеется, глубокое изучение политики важно для более широкого понимания гражданами своей роли и места в обществе, формирования у них ощущения собственной значимости и сопричастности к делам общества, выработки активной жизненной позиции. Развития способность анализировать и интерпретировать политические процессы вырабатывает у индивида умение самостоятельно ориентироваться в мире политики, в каком бы качестве он ни выступал в качестве сознательного гражданина, кандидата на гражданскую должность, рационального избирателя и т.д.

Как зачинатель политической науки в родном Отечестве, Р.Б.Абсаттаров внес огромный вклад в изучении и организацию работы по исследованию политической науки. В Республике Казахстан, в подготовке фундаментальных научных работ по проблемам этнополитологии, политического строительства республики, призванных определять принципы и направления развития отечественной общественной науки на десятилетия вперед.

Р.Б.Абсаттаров обладает достаточной смелостью, прозорливостью и новаторством в решении принципиальных и сложных проблем социально-политических отношений. В нем гармонично сочетаются качества выдающего, пытливого ученого- теоретика и практика, страстного сторонника нового и прогрессивного, способного теоретически осмыслить сравнительный материал и создать оригинальную концепцию по проблемам национальных и интеграционных, социальных и политических процессов.

Стремление поставить потенциал науки на службу интересам Отечества, готовность отдать все свои силы важному делу, огромный потенциал, реализуемый в научных исследованиях, принесли нашему юбиляру признание и заслуженный авторитет в ученых кругах республики и в странах зарубежья.

Во-вторых, его феномальные свойства проявляется также и в том, что он сам себя сотворил.

Если глубже взглянуть на жизненный путь Раушанбека Бурамбаевича, она по-своему сложна, но очень многое- от характера, силы воли, ума, таланта.

Выходец из простой рабочей семьи Кармакшинского района Кызылординской области, наверно никогда не думал и не мечтал, что в его жизни произойдут колоссальные изменения, оставившие неизгладимый след не только в его судьбе и в жизни многих людей, но и судьбе своей страны. А в жизни ему выпали не только многие трудности, но и жесткие, драматические испытания.

Думаю, что Раушанбек Бурамбаевич сам себя создал упорным трудом. Ни что не доставались легко ему, с самого детства он привык выполнять любую работу. Приходилось много читать, много учиться, усиленно работать над собой, чтобы не сбиться с пути и достичь своих целей.

Свою трудовую деятельность он начал с 1958 года, водителем в совхозе имени Ленина (ныне Турмагамбет ауылы) Кармакшинского района Кызылординской области. С 1959 года по 1962 служил в рядах Советской Армии, где был командиром отделения, заместителем командира взвода, командиром взвода.

Становление Раушанбека Бурамбаевича как ученого и педагога было связано с двумя всемирно известными университетами – Киевским государственным университетом имени Тараса Шевченко и Казахским Государственным университетом имени С.М.Кирова в Алматы.

После окончания службы в армии огромная тяга к знанию привело молодого человека на Украину в Киевский государственный университет имени Т.Шевченко на философский факультет. В стенах этого прославленного университета Р.Б.Абсаттаров получает фундаментальное образование по философии, слушая лекции и посещая научные семинары таких выдающихся ученых с мировым именем как академик П.В.Копнин, Г.В.Глушков, В.И.Шинкарук. Он был любимым учеником лауреата Ленинской премии, доктора философских наук, профессора Н.Д.Назаренко. Под его научным руководством аспирант Абсаттаров Р.Б. в 1970 году защищает кандидатскую диссертацию, а в 1990 году в этом же университета он с блеском защитил докторскую диссертацию по теме «Научно-техническая революция и интернационализация общественной жизни: социально-философский анализ».

За годы учебы в аспирантуре в тесном контакте с известными учеными страны, Р.Б.Абсаттаров окончательно определился и сформировался как ученый и общественный деятель. Следует отметить, что большое влияние и помощь оказали на формирование его как ученого наряду с вышеназванными украинскими и российскими учеными также их казахстанские коллеги: член-корреспондент АН СССР, академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор Б.А.Тулелбаев, академик НАН РК,

доктор философских наук, профессор Д.К.Кшибеков, академик НАН РК, доктор юридических наук, профессор М.Т.Баймаханов, член-корреспонденты АН КазССР, доктора философских наук, профессора Б.Б.Амантаев и Н.Д.Джандильдин.

В начале 1971 года молодой Р.Б.Абсаттаров после защиты кандидатской диссертации был направлен для педагогической и научной работы в Казахский государственный университет имени С.М.Кирова. Работая здесь на философско-экономическом факультете Р.Б.Абсаттаров целенаправленно шел вперед, не останавливаясь на достигнутом, продолжал работать в области классической социальной философии и политической мысли Казахстана. С того момента времени проявляя ум, упорность, твердость, ответственность, дальновидность, интуицию и осторожность, в коллективе этого университета он заслужил авторитет как «железного человека». Благодаря таким своим личностным качествам, с 1988-1997 годы он находится на ответственных постах: работает зав. сектором при ЦК Компартии Казахстана, заведующим кафедрой политической социологии и философии Казахского института менеджмента экономики и прогнозирования при Президенте РК, консультантом Аппарата Президента РК, где занимается исследованием национальной и международной политики.

Несмотря на усталость и загруженность в работе партийного, государственного человека усидчивость и твердость в характере, позволяет работать над научной деятельностью, которая проявилась в написании оригинальных работ. Р.Б.Абсаттаров опубликовал на девяти языках 40 монографий, книг, учебников, учебных пособий, брошюр и около 600 научных и учебно-методических статей.

В его трудах получены важные результаты, имеющие как фундаментальное, так и прикладное значение для политологии и социологии. С его именем связано становление и развитие в республике таких новых направлений, как культура межнационального общения и ее воспитание, этнополитическая общность, национальное и общекзахстанское самосознание, согласие, общекзахстанская консолидация, национальные противоречия и пути их решения, универсализация человеческой деятельности и интеграционные процессы, единство и различие стиля мышления народов, сравнительная политология и др.

В 1995 году была опубликована монография «Национальные процессы: особенности и проблемы», посвященный национальным процессам в условиях научно-технической революции и обновления общества на материалах многонациональной Республики Казахстан. Эта книга стала на десятилетия незаменимым учебным пособием для отечественных специалистов по национальному вопросу и вошла в историю как настольная книга по этой проблематике. Продолжением этой работы стали издания монографий в 1999 году «Воспитание культуры межнационального общения студентов» в соавторстве с академиком Т.С. Садыковым и в 2002 году «Культура межэтнического общения: казахстанский опыт». Образно говоря, эти работы Р.Б.Абсаттарова «прорубили окно» в мир национальной политики и культуры межэтнических общений, которую впоследствии назовут казахстанской моделью, казахстанским опытом. Названные книги стали важной вехой в развитии отечественной политологической и социально-философской науки, они помогли исправить ошибочно сложившийся о беспроблемной национальной политике СССР. Написанные Р.Б.Абсаттаровым монографий и статьи знакомили читательскую аудиторию с общей картиной межэтнического общения, сопоставляли взгляды представителей различных школ.

Его идеи, мысли, цели нашли отражение и в других оригинальных и фундаментальных монографиях как «Научно-технический прогресс и межнациональные отношения», «Развитие национальных отношений: проблемы и управления», «Политология и проблемы», которые стали заметным событием в евразийской социально-политической науке, а также учебных пособий «Основы политологии в двух томах», «Тесты по политологии: вопросы и ответы», «Актуальные проблемы социологии. В двух томах» др.

С начала 1990 года ученый проводит целенаправленную и всестороннюю работу по распространению в стране знаний о казахстанской политологии, старается придать научной деятельности в этой сфере устойчивый организационный характер, обеспечить ее новыми исследовательскими кадрами. Для этого он создал школу по исследованию проблем политологии и социологии из наиболее молодых и перспективных исследователей, которые впоследствии защитили докторские диссертации. Р.Б. Абсаттаров наибольшее внимание уделяет социально-политическим событиям, которые происходят в современном Казахстане. Он досконально исследовал

национальные процессы, происходящие в республике, особое внимание уделяет культуре общения этносов. Важное место в его трудах занимают исследования гносеологии, категориального аппарата и методов рассуждения политиков и философов, политологов и социологов. Комплексный анализ политического процесса в Казахстане, предпринятый Раушанбеком Бурамбаевичем стали важным этапом в развитии отечественной политологии, социологии и политической философии. Существенным шагом в деле популяризации политической науки в Казахстане стали публикации, вышедшие в республиканском, а также работы в ближнем и дальнем зарубежье.

Таким образом, Р.Б.Абсаттаров был признан известным ученым в области этнополитологии, политологии вообще не только в Республике Казахстан, но и далеко за ее пределами. Его труды опубликованы в престижных научных журналах стран СНГ и дальнего зарубежья, он неоднократно выступал с докладами и лекциями в университетах и на международных конференциях, проходивших в крупных научных центрах России, Украины, Беларуси, а также в Великобритании, Германии, Франции, Италии, Японии, ОАЭ, Южной Корее, Египте, Турции.

Р.Б. Абсаттаров оптимистично оценивает перспективы развития Казахстана, указывая на ряд фундаментальных особенностей казахской и казахстанской традиционной цивилизации, способных помочь преодолеть трудности мирового экономического кризиса. Среди них - стремление к социальной гармонизации, дух созидательности, этническая гомогенность населения и высокая этническая сплоченность казахстанцев, высокая адаптивность. Он отмечает, что казахстанская цивилизация сохраняет свою уникальность, при этом казахская философия, политология способна внести позитивный вклад в мировую культуру, помочь преодолеть крайностей западного рационализма и прагматизма. Успешные и выгодные взаимодействия культур возможна лишь в том случае, если участники диалога готовы сохранить имеющиеся многообразие идей и ценностей, не допуская насильственной унификации.

Р.Б. Абсаттаров наметил долгосрочные перспективы исследований в области межэтнического диалога и синтеза культур. Ученый указывает, что за многие века в Казахстане был разработан эффективный механизм «переваривания» и усвоения достижений иных культур и цивилизации. Продолжающийся в наши дни процесс синтеза этносов республики и казахской духовной ценности определили сущность нового этапа развития казахстанской цивилизации. При этом искусственное подавление ценностей казахстанской цивилизации по политическим соображениям вовсе не ускорят продвижение Казахстана к заветной мечте о богатом народе и сильном государстве. Напротив, такие действия грозят спровоцировать глубокий кризис, способный затормозить развитие страны на многие годы.

В творчестве Р.Б. Абсаттарова возникли новые исследовательские темы, связанные с осмыслением места и роли Казахстана в Центральной Азии, отношении нового казахстанского государства с соседями в области духовной культуры и общения между ними. Ученый ориентировал свой труд на решение важной задачи культуры межэтнического общения, культура должна внести свой вклад в анализ новых вызовов, дабы помочь сохранению целостности государства.

Р.Б.Абсаттаров последовательно призывает отечественную политическую, философскую и интеллектуальную элиту осознать евразийскую сущность геополитической идентичности Казахстана, чтобы отказаться от ущербной односторонности во внешней политике. Чтобы развиваться и обеспечивать свои интересы, Казахстану нужно поддерживать равновесие между западными и азиатскими векторами в дипломатии, экономическом сотрудничестве, гуманитарных контактах. Конкретные аспекты этих идей воплощаются в работах Раушанбека Бурамбаевича, посвященные перспективам совместного развития Казахстана и России, укрепления сотрудничества в рамках ШОС, в решении проблем Корейского полуострова.

–Жолдас қатардағы жауынгер Әбсаттаров, сені әскери училищеге жібермекшіміз. Қалай барасын ба? –деп сұрайды.

–Жоқ, бара алмаймын, жолдас подполковник!

–Неге?

–Менің орта білімім жоқ, 10 класты бітірмегенмін.

–Қап, өкінішті. Онда сен осы жерде кешкі мектепте оқы! Мен көмектесейін!

Сөйтіп командирі мектеп директорына арнайы хат жазып, Нахичеван қалалық Офицерлер үйі жанындағы кешкі мектепке қабылдаттырған. Сонда үздіктер қатарынан көрініп орта мектепті бітіргені туралы аттестат алып шықты. Әскерде сержант, аға сержант болып, взвод командирінің орынбасары, взвод командирі міндеттерін атқарған.

Армияның аты – армия. Онда ешкім маңдайыңнан сипамайды. Бірде екі қазақ жауынгері келеді. Бірінің аты-жөні – Самал Ормантаев (қазіргі академик Камал Ормантаевтың інісі), екіншісінің аты-жөні – Совет Байшуланов екен. Бөтен бөлімшедегі солдаттар қайта-қайта тізе батыра берген соң өзінің қармағына алуды сұрайды. Қазағым десе қаны қайнап тұратын Раушанбек командирлеріне өтініш жасап, дереу әлгі екі солдатты өз қарамағына алады. Екеуіне қамқорлық жасайды. Өзі бұрынғыдай жеңіл атлетика, бокс сияқты спорт түрлерімен айналысып жүрді. Қолы бос кезде кітап оқудан жалықпайтын. Әсіресе әлем ойшылдарының кітаптары қызықтыратын. Сондықтан да болар әскери міндетін орындап елге қайтар тұста өзі үшін бір жұмбақ әлем – философияға көңілі ауды да тұрды. Осы ойлардың жетегімен үш жыл әскерде болғанының арқасында Т.Г.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің философия факультетіне оқуға түсіп кетті.

Әскерде болған үш жыл Раушанбекті әбден шыңдаған. Орысшасы да кәдімгідей түзеліп қалды. Киевте бір топ қазақ студенті Мәскеудегі «Жас тұлпарға» ұқсатып, 1963-1967 жылдары «Жас тұлпар» деген ұйым құрған. Раушанбек сол ұйымның белсенді басшысы болды. Еңбекте ысылған, әскер өмірін көрген жігіт өзінен кіші қазақ студенттерінің көп нәрсеге мұқтаж болып қалатынын жиі байқайтын. Ұйымның мақсаты – осы жақта оқып жатқан қазақ студенттеріне қолғабыс жасау. Қажетті оқулықтар табуға жәрдемдеседі, білмеген тұстарын үйретеді, ортақ қаражат жинап, бір семестрде стипендия ала алмай қалған жерлес қыз-жігіттерге жылу жинап қол ұшын береді. Олар да тырысып, үштік бағадан құтылып, ары қарай стипендияға ілігіп кететін. Раушанбек тіпті әлде бір ағаттығы үшін оқудан шығарылғалы тұрған бірнеше студенттің ректорына кіріп, бауырлас Қазақстан үшін қат мамандықта оқып жатқандықтарын айтып, өтініш жасап оқуда қалдыртқан да кездері де болған.

Бұл кезең туралы кейін саяси ғылымдар докторы **Әлмира Мұқажанова «Ана тілі газетінде»:** «Раушанбек Боранбайұлы Т.Г.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің қабырғасында, атақты, одақтық философ академиктер П.В.Копнин, В.И.Шинкарук, Лениндік сыйлықтың лауреаты, философия ғылымының докторы, профессор И.Д.Назаренко және тағы басқалардың сүйікті шәкірті болды. Осындай ірі ғалымдармен біте қайнасып, араласу Раушанбек Боранбайұлының үлкен ғалым және ғылым мен білім саласында ұйымдастырушылық қабілеттерінің шыңдалуына жол ашты» деп жазды. Үлкен ғалымдармен пікірлесе жүріп ол артында қара ормандай қазақ халқы тұрғанын ұмытқан жоқ.

Ұлтқа жанашырлық Раушанбектің басты қасиеттерінің бірі. Жүрегінде алаулаған патриоттық сезім оны философия арқылы теориялық тәсілдермен де ұлтқа қызмет етуге болатынын аңғартты. Сондықтан да ғылым жолына біржола бет бұрды. Әрі бұл ізденістер бауырлас украин елімен тығыз байланыста дамыды. Раушанбек 1967 жылы Т.Г.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің философия факультетін бітірген соң үш жыл сондағы аспирантурада оқыды. 1970 жылы кандидаттық диссертациясын да мерзімінен бұрын сәтті қорғап шықты. Қазақ ұлттық университетінде оқытушылық қызметпен шұғылданды. Жиырма жылдан кейін 1990 жылы «Ғылыми-техникалық революция және қоғамдық өмірдің интернационализациялануы: әлеуметтік-философиялық талдау» деген тақырыпта докторлық диссертациясын да сонда қорғады.

Зерттеу еңбектерінде ұлттық сананың қалыптасу кезеңдері, кез келген этностық қысым қарама қарсы әрекеттер туғызатынын, сондықтан ұлтаралық қатынастар сияқты шетін мәселеге ешқандай астамшылық та, үстемшілік те жүрмейтінін дәлелдеп берді.

Раушанбек Боранбайұлы ел тәуелсіздігінің елең-алаң тұсында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтының саяси әлеуметтану және философия кафедрасының меңгерушісі, одан кейін ҚР Президенті аппаратының

кеңесшісі қызметтерін атқарды. Бірақ бойындағы әкімшілік қызметтен гөрі білімге және ұстаздық қызметке құштарлық оны қайтадан ғылым жолына бастады. Міне, ол ширек ғасырға жуық Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде декан, кафедра меңгерушісі сияқты қызметтер атқарып келеді.

Бір әңгімелесіп отырған сәтімізде Раушанбек ағаға сұрақ қойғаным бар:

–Қарап отырсам, Сіз ғылымдағы қызметіңізде қырық шақты монография, кітаптар, оқулық пен оқу құралдарын жазыпсыз. Солардың ішінде өзіңізге ең қымбаттысы қайсысы?

– Маратжан, шынын айтсам өзім үшін ең ардақтысы «Ұлттық процесстер: ерекшеліктері мен проблемалары» деген еңбегім. Мені ТМД көлеміне, қала берді бүкіл әлемге таныстырған осы монография, –деп еді сонда ғалым аға.

–«Шәкіртсіз ұстаз–тұл» деп жатады ғой. Өзіңізден өнеге алған, жолыңызды қуған шәкірттеріңіз қаншалықты? –деймін мен сұрақтарымды жалғастырып.

–Ғылыммен айналысқан жарты ғасырдан астам уақытта 20 ғылым кандидатын, 5 ғылым докторын, 10 PhD докторын және 40 магистрант дайындап шығарыппын. Қазақстанда ғана емес, тіпті шет елдерде де қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында қызмет етіп жүрген шәкірттерім баршылық, – дейді ғалым мақтанышпен.

Раушанбек Әбсаттаровтың ғылыми ізденістеріне көз жіберіп шолып қарасаңыз еңбектерінен саясаттану, әлеуметтану және философия үшін іргелі және практикалық мәнге ие маңызды ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілгенін көресіз. Ол республикада ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті және оны тәрбиелеу, этносаяси қауымдастық, ұлттық және жалпы қазақстандық сана-сезім, келісім, жалпықазақстандық бірігу, ұлттық қарама-қайшылықтар және оларды шешу жолдары, этникалық және интеграциялық процесстер, халықтардың ойлау қабілетінің бірлігі мен әртүрлілігі, салыстырмалы саясаттану, этноәлеуметтану т.б. сияқты жаңа бағыттардың қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай үлес қосты. Әрі мұның бәрін мемлекет құраушы ұлт – қазақ халқының ұстанымы тұрғысынан бағалайды.

Оның қаламынан туған «Ғылыми-техникалық прогресс және ұлтаралық қарым-қатынастар» (Алматы: Қазақстан, 1977.- 7 б.т.); «Ұлттық қатынастардың дамуы: проблемалары мен басқарылуы» (Алматы: «Қазақстан» басп, 1982.-14 б.т.); «Ұлттық процесстер: ерекшеліктері және проблемалары» (Алматы: «Ғылым» басп, 1995.-14 б.т.); «Студенттерді ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу: теория және практика» (Алматы: «Ғылым» басп, 1999.-12 б.т. Т.Садықовпен бірге); «Саясаттану және оның проблемалары» (Алматы: «Тоғанай» басп, 2007.-29 б.т.); «Этносаралық қарым-қатынас мәдениеті: қазақстандық тәжірибе» (Алматы: «Ұлағат» басп, 2012. – 15 б.т. басқа авторлармен бірге) сияқты бірегей және іргелі монографиялары саяси, әлеуметтік-философиялық ғылымға қосылған айтулы үлес болды.

Қазіргі қазақ қоғамы этникалық, діни тұрғыдан даму үстінде десек те оған ғаламдық жаһандану үдерісі ықпал етіп отыр. Этникалық даму мен жаһандық даму көбіне бір біріне қайшы келіп жатады. Әдетте жұтылып кетпудің басты шарты –ұлттық құндылықтарды сақтай отырып жылжуда. Сондықтан ұлттық, отбасылық игі дәстүрлердің өміршеңдігі маңызды. Ғалымның осы тұрғыдағы ой-пікірлері Германияда, Францияда, Оңтүстік Кореяда, Жапонияда тағы басқа оншақты елдерде ортаға салынып шетелдік ғалымдар тарапынан қолдауға ие болды.

Бұл туралы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов «Алматы ақшамы» газетінде «Раушанбек Әбсаттаров көп жылдар бойы, 1971-1988 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде философия пәнінен оқытушы, аға оқытушы, доцент болды. Осы жылдарда ол Қазақстан халқына патриоттық тәрбие беру, полиэтникалық Қазақстан қоғамында этносаралық қатынастарды жетілдіру мәселелеріне ерекше ден қойды. Саяси тұрақтылық, қоғамдық келісім, этносаралық татулық категорияларының жай ғана ұғымдар емес, халық үшін тағдыршешті маңызы бар, терең тамырлы әлеуметтік-саяси құбылыстар екендігін негіздеді» деп лайықты баға берді.

Ұлтқа жанашырлық дегеннен шығады, Раушанбек Әбсаттаров тек теориялық мәселелермен шұғылданып қоймай, халқымыздың демографиялық проблемаларын да, солтүстік өңірлерді қазақтандыру міндеттерімен де жіті айналысып жүр. «Статистика бойынша халықтың тұрмыс жағдайы оңтүстіктегі кейбір аймақтарға қарағанда салыстырмалы түрде жақсы деп бағаланады. Бұл осы облыстардағы ірі кен орындарында жұмыс істейтін аз мөлшердегі халықтың күн көрісімен, тау-

кен өндірісі, түсті металл, ірі өндіріс ошақтарының аймақтың экономикасына құйып отырған қаржылық мүмкіндігімен, ірі шаруа қожалықтарының жетістіктерімен өлшенеді. Ал қарапайым халықтың тұрмыс-күйі, өзін өзі жұмыспен қамтып отырғандар санатына жататын, шын мәнінде жұмыссыз халықтың көптігі ескеріле бермейді», – дейді ғалым, – Бұл өңірлерде тұратын славян текті отандастарымыздың саны әлі де мол. Олар көп балалы болуға құлықсыз. Әрі тарихи отандарына көшушілер легі ұлғайып барады. Бұл жаққа өлкенің байырғы тұрғындары қазақтарды қоныстандыру, оңтүстіктен солтүстікке бет алған көшті көбейту еліміз үшін экономикалық тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да өте маңызды. Демографиялық саясат – еліміздің ең негізгі саясаты болу керек. Халықтың санасы өзгеру керек. Солтүстікті қазақыландыру – мемлекет саясатының басымдығына ие болғаны жөн» деп түйіндейді Раушанбек Әбсаттаров.

Ойымызды тұжырымдай келсек, Раушанбек Әбсаттаров – қазақ саяси, әлеуметтану, философия ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі. Ол теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да ұлтына қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетіп келеді.

ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ ЖАСТАРҒА ҮЛГІ БОЛЫП ОТЫРҒАН ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ТАНЫМАЛ ҒАЛЫМ

*А.Д.Жусупова – саяси ғылымдардың кандидаты,
«Нархоз» университеті қауымдастырылған профессоры*

Биылғы 2020 жылдың қараша айында ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттаров Раушанбек Боранбайұлы 80 жасқа толды. Осы оқиғаға орай мен ұлағатты ұстаз, есімі өз Республикамыздың көлемінде ғана емес, алыс және шет елдерге белгілі ғалымды Мерей тойымен құттықтай отырып, ұстазым және әріптес-ағамыз жайлы өз пікірімді білдіруді жөн көріп отырмын.

Ұстазым дейтін себебім, мен 1973 жылы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті), тарих факультетінің 1-курсында оқып жүрген кезімде Раушанбек Боранбайұлының философия пәнінен берген дәрістерін тыңдап, тәлім алған едім. Кейін, «Нархоз» университетінде «Саясаттану» және «Әлеуметтану» пәндерінің оқытушысы боған кезден бастап, Раушанбек Боранбайұлымен ғылыми ізденістер және оқу-әдістемелік мәселелерге байланысты әріптестік қарым-қатынаста болып, ағамыздың ақыл-кеңестерін тыңдап, тәжірибесін үйреніп келемін.

Сөзімнің басында Раушанбек Боранбайұлының азамат, тұлға ретіндегі қарапайымдылығымен, ішкі мәдениетінің жоғарылығымен ерекшеленетін адам екенін айтқаным жөн болар. Ол кісінің әрдайым үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ақылшы, қамқор болып жүрген сыйлы адам екенін көпшілік қауым жақсы біледі деп ойлаймын.

Сөзім дәлелді болуы үшін, өз басымнан өткен бір мысалды келтірейін. 2006 жылы Раушанбек ағамыз «Жылдың үздік оқытушысы» атты конкурста жеңіске жетіп, ҚР БЖҒ Министрлігі Мемлекеттік Грантының иегері атанды. Мен ол кісімен телефон арқылы хабарласып, жеңісімен құттықтаған кезімде маған: «Бұл конкурсқа алдағы уақытта өзіңнің де қатысуыңа болады. Оқу құралдарың, ғылыми мақалаларың мен тәжірибең жеткілікті ғой. Алға мақсат қойып, үнемі ұмтылыс жасауың керек», – деп кеңесін берді. Келесі, 2007 жылы «Нархоз» университетінің ұсынуымен мен де осы конкурсқа қатысып, аталған гранттың иегері атандым. Айтқым келгені - ағамыздың осындай ақыл-кеңестерін тыңдап, «қарағым» деген сөзін есту, әрбір адам үшін аса маңызды екендігі.

Сонымен қатар, ол кісінің қамқорлығының, асқан кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында көп жылдар бойы өзі жетекшілік еткен «Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының» ғылыми зерттеу, оқу-әдістемелік жұмыстарында үлкен табыстарға қол жеткізгендігін мына мәліметтерден көруімізге болады. Мәселен, кафедра мүшелері соңғы он жылда 22 монография, 38 оқулықтар мен оқу құралдарын және 1000-нан аса ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар жариялап, олардың 100-ден астамы шет елдерде жарық көрген.

Раушанбек Боранбайұлының ғылым мен білім беру салаларындағы қызметін саралай отырып, ол кісінің бұл жолдағы табыстары мен қол жеткізген жетістіктері асқан табандылық пен қажырлы еңбегінің нәтижесі екенін байқауымызға болады. Оның өз елімізде және шет елдерде тоғыз тілде 40

монография, кітаптар, кітапшалар, оқулықтары мен оқу құралдары, 600-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалары жариялауының өзі осы айтқанымыздың дәлелі.

Ғалымның ғылыми ізденістері Қазақстан республикасындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті және оны тәрбиелеу, этносаяси қауымдастық, ұлттық және жалпы қазақстандық сана-сезім, этносаралық келісім, жалпықазақстандық бірігу, этносаралық қарама-қайшылықтар және оларды шешу жолдары, этникалық және интеграциялық процесстер сияқты қазіргі таңдағы аса өзекті мәселелерге арналған.

Университеттік білім беру жүйесінде студенттерге сапалы білім берудің басты шарттарының бірі – жекеленген пәндердің оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдармен жеткілікті түрде қамтамасыз етілуі болып табылады. Қазіргі таңда ЖОО-да мемлекеттік тілде білім алып жүрген студенттер үшін «Саясаттану» және «Әлеуметтану» пәндері бойынша бірқатар оқулықтар мен оқу құралдары жарық көріп, қолданысқа ие болып жүргенімен, бұл пәндер бойынша сапалы жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының тапшылығы әлі де сезілуде. Осы ретте Раушанбек Боранбайұлының аталған пәндер бойынша ЖОО-ң студенттері мен оқытушыларына осы аталған оқу пәндері бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеп, басып шығаруда сіңіріп отырған еңбегін ерекше атап өтуіміз орынды болар.

Мәселен, автордың 2007 жылы «Қарасай» баспасынан 26 баспа табақ көлеммен жарық көрген «Әлеуметтану» атты оқу құралына тоқталсам, басылымның тілі түсінікті, берер ақпараты мол, сапалы жазылған және оның ғаламторда электрондық нұсқасының болуы, әсіресе, қазіргі қашықтан оқыту кезінде білім алушылар үшін үлкен көмегін тигізуде.

Сонымен қатар, автордың 2013 және 2015 жылдары екі томнан тұратын «Әлеуметтану: өзекті мәселелер» атты оқу құралы жарияланғаны да белгілі.

Жоғары оқу орындарында білім алып жүрген жастар үшін «Саясаттанудың» маңызы зор. Өйткені бұл пән білім алушыларға кәсіби даярлықпен қатар саясаттың мәні мен мағынасын, табиғатын терең де жан-жақты меңгерулеріне, саяси өзгерістердің даму заңдылықтарын жете түсінулеріне мүмкіндік береді. Осы пән бойынша қазақ аудиториясына арналған оқу құралдарын әзірлеуде Раушанбек Боранбайұлы ел көлемінде үлкен үлесін қосуда. Автордың Саясаттану және оның проблемалары. -Алматы: Тоғанай, 2007.-29 б.т.; «Саясаттану негіздері». Екі томдық.- Алматы: Қарасай, 2011, 2012, «Саясаттану». Екі томдық.- Алматы: -2018 сияқты еңбектері жарық көрді.

Осы ретте автордың 2011 және 2012 жылдары жариялаған екі томнан тұратын «Саясаттану негіздері» атты оқу құралына тоқтала кетуді жөн көрдім. Өйткені, бұл басылымды мен студенттерге негізгі әдебиеттер ретінде ұсынудамын және оның бірқатар артықшылықтары бар.

Атап айтқанда, оқу құралында саясаттану пәнінің типтік бағдарламасында берілген тақырыптар түгелімен қамтылып, әр тақырып жан-жақты, терең қарастырылған. Мәселен, «Салыстырмалы саясаттану». «Саяси болжамдау», «Саяси технологиялар», «Саяси басқару», «Саяси маркетинг», «Саяси оппозиция», «Саяси жанжалдар және оларды шешу жолдары», «Саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік» сияқты тақырыптар басқа оқу құралдарында мүлдем қарастырылмаған еді.

Автор аталған тақырыптардың мәні мен мазмұнын саясаттану ғылымының ұғымдары мен категорияларын кеңінен қолдана отырып, жоғары ғылыми деңгейде, логикалық дәйектілікпен шебер аша білген. Нақтырақ айтқанда, автор тақырыптың мазмұнын ашуда танымдық, ақпараттық мәліметтерді бере отырып, оқырманға логикалық тұрғыдан ойлауға және белгілі бір қорытынды жасауға бағдар береді.

Мәселен, нақ қазіргі кезде тоталитарлық саяси жүйеден демократиялық саяси жүйеге аяқ басып отырған посткеңестік қоғамдар үшін саяси оппозицияның мәртебесі мен рөлі, оппозицияны мойындау және онымен санасу - өзекті проблема болып отырғанын ескере отырып, автор бұл мәселеге арнайы тоқталған. Оппозицияның саяси өмірдің заңды құбылысы екендігін дәлелдеуде автор А. Лейпхарт, С. Хантингтон, В. Гельман және т.б. шет ел ғалымдарының пікірлеріне сүйене отырып, орныққан демократиялық жүйесі бар елдердің тәжірибелеріне кеңінен тоқталады.

Сонымен қатар, автор оппозицияның түрлерін, олардың әрқайсысының қолданатын әдіс-тәсілдерін, қоғамдағы алатын орны мен рөлін, функцияларын дәлелді түрде аша білген. Оқырман тақырыптың мазмұнын меңгеру нәтижесінде оппозицияның институционалдануы және оның ұйымдасқан, белсенді күш ретінде өзін саяси аренада көрсете алуы, билік органдары мен билеуші элита тарапынан оппозицияны мойындау және онымен санасу - шынайы демократияның, өркениеттіліктің белгісі деген қорытындыға келері сөзсіз. Бұл – автордың әдістемелік тұрғыдан шеберлігін көрсетеді.

Саясаттану ғылымының қалыптасып, дамуы ұзақ уақытты қамтиды. Қандай да бір ғылым белгілі бір объективтік қажеттілікке, өмір сұранысына байланысты пайда болатындығы белгілі. Өмір, тәжірибе қажеттілігі, сұранысы болмаса, ғылым пайда болмаған болар еді. Сондықтан әрбір ғылымның шығу, пайда болу тарихын білу маңызды, өйткені бұларды білмейінше біздің саясат туралы біліміміз шектеулі, біржақты, үстірт болады.

Оқу құралының осы мәселеге арналған 86 беттен тұратын «Саяси ғылымның тарихы» атты тарауы антикалық заманның саяси ой-пікірлерінен басталып, XX-ғасырдың аяғына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл тараудың ерекшелігі тек көлемінде ғана емес, оның мазмұндық жағын да қамтиды. Саясаттану ғылымының түп тамыры, бастауы ең алғаш Батыс Европа жерінде, көне заманда Грецияда пайда болған деген тұжырым осы уақытқа дейін үстем болып келгені белгілі.

Автордың саяси ілімнің тарихын Шығыстан, яғни көне Парсы, Қытай және Үнді жерлерінен бастауы және оған ерекше мән беріп, егжей-тегжейлі қарастыруы кездейсоқ емес. Бұл жерде Раушанбек Боранбайұлы саясат жайындағы ой-пікірлердің ең алғаш Шығыста пайда болғанын дәлелдей отырып, саясаттану ғылымы өз бастауын көне Грециядан алады деп, бір жақты қараудан гөрі, бұл мәселені Шығыстық және Батыстық ой-пікірлердің синтезі тұрғысынан қарастыруды жөн көреді. Орта ғасырлардағы саяси ой-пікірлерді қарастыруда да осы идеяны басшылыққа ала отырып, Шығыс (Әбунасыр әл-Фараби, Ганджеви Низами, Әлішер Науаи) және Батыс (А. Августин, Ф. Аквинский, М. Лютер) ойшылдарының көзқарастарын біртұтас етіп қарастырады.

Сонымен қатар, оқу құралының «Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар және ұлт саясаты», «Әлеуметтік мемлекет», «Конституция және ұлт саясаты» атты тақырыптарында қоғамымыздың түрлі әлеуметтік топтары арасында жүргізілген қоғамдық пікірді зерттеудің мәліметтері келтіріліп, солардың негізінде тиісті қорытындылар жасалған.

Бұл басылымның тағы бір құндылығы - студенттердің өзіндік жұмыс істеулеріне көмек ретінде он алты тақырып бойынша 105 беттен тұратын материалдардың берілуі. Берілген тақырыптардың барлығы дерлік заманымыздың көкейкесті проблемаларына арналған және бұл материалдардың білім алушы жастардың ой-өрістерін кеңейтіп, дүниетанымдарына ықпал етері сөзсіз.

Оқу құралының мақсаты студент жастарға дайын білім мен ақпаратты беру ғана емес, студенттерді оқулық материалдарын творчестволықпен меңгеруге, өз беттерінше ой қорытуға және алған білімдерінің сапасын тексеруге де мүмкіндік беру болып табылады. Осы мақсатта автор оқырманға ой салып, пікірталасын туғызатын бірқатар сұрақтар тізімін және сонымен қатар, студенттер үшін арнайы құрастырған тестерін берген.

Әрине, ЖОО-на арналған көлемді де, іргелі оқу құралын жазу – оңай іс емес. Бұл – теориялық білімді терең де, жан-жақты меңгерумен қатар әдістемелік тұрғыдан асқан шеберлікті, қыруар еңбек пен үлкен жауапкершілікті талап ететін маңызды іс. Ал, философия ғылымының докторы, профессор Раушанбек Боранбайұлы осындай істі өз жауапкершілігіне алып, оны абыроймен орындап жүрген автор.

Сөз соңында, Раушанбек Боранбайұлын Мерей тойымен құттықтай отырып, ағамыздың деніне саулық, отбасына амандық тілей отырып, алдағы уақытта да, Қазақстан Жоғары мектебі мен ғылымының алға басуына өз үлесіңізді қоса беруіңізді тілеймін дегім келеді.

СЛОВО ОБ УЧЕНОМ, УЧИТЕЛЕ И НАСТАВНИКЕ

В.Г.Набиев – депутат Мажилиса Парламента Р.К., докторант PhD

В современной гуманитарной и научно- популярной литературе много сказано и написано о личности, творчестве, общественно-политической и научно-педагогической деятельности Раушанбека Бурамбаевича Абсаттарова, как о человеке, внесший огромный вклад в изучение философии, социологии и организацию работы по исследованию политологической науки в Республике Казахстан.

Путь к постижению науки философии, политологии и социологии для Раушанбека Бурамбаевича открылся в середине 60-х годов прошлого столетия, когда он окончил философский факультет Киевского государственного университета им. Т.Г. Шевченко, там же окончил аспирантуру и докторантуру. Именно обучение в университете оказало значительное влияние на формирование

мировоззрения и научного склада мышления будущего ученого. Аспирантские годы стали благоприятными для роста Р.Б.Абсаттарова как ученого. Именно украинская научная школа стала для него новым центром идей, где трудились люди феноменальной одаренности, плеяде ученых с мировой известностью как члены-корреспонденты АН СССР, академики НАН Украины П.В.Кокнин и В.И.Шинкорук, академик НАН Украины Д.Ф.Острепин, профессоров И.В.Бычко, И.Ф.Надального, В.С.Дмитриченко.

В 1971-1988 годы Р.Б. Абсаттаров работал в КазГУ им. С.М. Кирова на философском факультете, в это время он продолжил целенаправленную работу по изучению классической философии и политической мысли Казахстана. С 1988-1997 годы он находился на ответственных постах, работал в партийной работе, заведующим кафедрой в Высшей партийной школе и в аппарате Президента Республики Казахстана, занимаясь исследованием национальной и межнациональной политики Советского Союза.

Работая в партийной работе в 1990 году защитил докторскую диссертацию, посвященную идейно-теоретической философской мысли. Одновременно учёный продолжал исследовать национальные проблемы в стране, которые к этому времени накопились предостаточно. В публикациях, посвящённых анализу национальной политики, Р.Б. Абсаттаров опирался на глубокой знание зарубежных и отечественных специалистов по данной теме.

В 1995 году была опубликована монография «Национальные процессы: особенности и проблемы», посвящённый национальным процессам в условиях научно-технической революции и обновления общества на материалах многонациональной Республики Казахстан. В эту книгу, ставшую на десятилетие не заменимым учебным пособием для отечественных специалистов по национальному вопросу и вошёл в историю как настольная книга по этой проблематике.

Продолжением этой работы стало издание в 1999 году «Воспитание культуры межнационального общения студентов» в соавторстве с академиком Т.С. Садыковым. Эти работы стали важной вехой в развитии отечественной политологической и философской науки, они помогли исправить ошибочно сложившийся о беспроблемной национальной политики СССР. Написанные Р.Б.Абсаттаровым монографии и статьи знакомила читательскую аудиторию с общей картиной развития межэтнического общения, сопоставляла взгляды представителей различных школ.

В 1997 году профессор Р.Б. Абсаттаров переводится на работу с аппарата Президента на заведование кафедрой политологии и социологии в Алматинский государственный университет им. Абая (позже - КазНПУ). С этого времени и по настоящее время вся научно-педагогическая деятельность Р.Б.Абсаттарова в основном связана с Казахским национальным педагогическим университетам имени Абая.

Раушанбек Бурамбаевич опубликовал на девяти языках 40 монографий, книг, учебных пособий, брошюр и более 600 научных и учебно-методических статей, которые широко известны не только в нашей стране, но и в ближнем и в дальнем зарубежье. В его трудах получены важные научные результаты, имеющие как фундаментальное, так и прикладное значение для политологии, социологии и философии. В настоящее время он часто выступает на страницах прессы по различным общественно-политическим проблемам.

Раушанбек Бурамбаевичу присуща высокая гражданская активность и творческая деятельность. С именем Раушанбека Бурамбаевича связано становление и развитие в республике таких новых направлений, как культура межнационального общения и ее воспитание, этнополитическая общность, национальное и общекзахстанское самосознание, согласие, общекзахстанская консолидация, национальные противоречия и пути их решения, и интеграционные процессы, единство и различие стиля мышления народов, сравнительная политология.

Р.Б.Абсаттаров как выдающийся ученый известен не только в Казахстане, но и во многих странах дальнего зарубежья и стран СНГ. Он выступал с научными докладами и лекциями в университетах и научных центрах Германии, Великобритании, Франции, Южной Кореи, Турции, Японии, Египта, ОАЭ, России, Украины, Белоруссии и других странах, опубликовал за рубежом более 50 научных статей. Как известный, авторитетный ученый-этнополитолог он избран вице-президентом Всемирной ассоциации глобальных исследований Global диаспор (г.Кванжу, Южная Корея). Также является «почетным профессором» Академии Государственного управления при Президенте Кыргызской Республики.

Самым большим талантом Раушанбека Бурамбаевича является его талант учителя, мудрого наставника, педагога высшей школы. Он всегда объединял и объединяет вокруг себя талантливую молодежь, будь то сотрудники кафедры, аспиранты и докторанты, студенты или магистранты. И каждому из них он уделяет внимание, каждого готов выслушать и дать свой мудрый совет. Плодотворные научные исследования он совмещает с активной педагогической и общественной деятельностью. Он воспитал большое число учеников, которые работают в различных отраслях общественной жизни не только в Казахстане, но и за его пределами. Он подготовил 20 кандидатов наук, 5 доктора наук, 10 PhD доктора. С 1990 года по 2010 годы был членом Ученого Совета по защите кандидатской и докторской диссертации по политическим и философским наукам.

Как ученый и педагог награжден медалью «Ерен еңбегі үшін» и дважды нагрудным знаком «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан» и обладатель государственного гранта «Лучший преподаватель вуза». Р.Б.Абсаттаров за высокие достижения в научной работе награжден Почетными грамотами Казахстана и Украины.

Отличительная черта профессора Абсаттарова Раушанбека Бурамбаевича – это умение убеждать своих учеников вдумчивыми рассуждениями и дельными мыслями, его авторитет среди молодых ученых непререкаем.

Действительно, мы ученики сотни и сотни раз убеждались в том, что личные качества Р.Б.Абсаттарова, более чем удивительны и многогранны: его доброжелательность, умение помочь коллегам и особенно молодым, несомненно, заслуживает особого разговора. Именно эти качества, взятые в совокупности с особым тактом педагога и великим даром и проницательности научного руководителя, снискали особую, уважение и популярность Раушанбеку Бурамбаевичу в среде его учеников.

Волею судьбы мне посчастливилось учась в университете и будучи его докторантом, смог получить частичку знаний, прикоснуться к отцам-основателям казахстанской политологической науки.

С каждым разом слушая лекции или просто беседуя с профессором Р.Б.Абсаттаровым удивляешься, через что пришлось пройти и пережить этому уникальному человеку. Выходец из простой семьи, наверно никогда не думал и не мечтал, что в его жизни произойдут колоссальные изменения, оставившие неизгладимый след не только в его судьбе и в жизни многих людей, но и судьбе своей страны. Приходилось много читать, много учиться, усиленно работать над собой, чтобы не сбиться с пути и достичь своих целей. Думаю, что Раушанбек Бурамбаевич сам себя создал упорным трудом, что является хорошим примером молодой поколения.

Мы, молодые ученые, с восторгом наблюдаем, как несмотря на свой возраст, Раушанбек Бурамбаевич продолжает активно работать, заражая своей кипучей энергией молодое поколение.

И сегодня в преддверии 80 летнего юбилея, от всех его учеников желаю глубокоуважаемому учителю крепкого здоровья и сил для продолжения научной и общественной жизни.

ЖАРҚЫН ТҰЛҒА

М.О.Жұмағұлов - Әлеуметтік ғылымдар докторанты

Ұстаз алдында шәкірт – мәңгілік шәкірт. Мен сөз еткелі отырған жарқын тұлға, ғалым, ұлағатты ұстаздардың бірі, белгілі саясаттанушы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, философия ғылымының докторы, профессор Раушанбек Боранбайұлы Әбсаттаров өнегелі өмірін ең ауыр жол ұстаздыққа арнап келеді. Талай жылдардан бергі ол кісінің алдында болған шәкірттер аяулы ұстаздарының тұлғасын үлгі тұтып, тәлімін өмірлеріне азық етіп келе жатқаны ақиқат.

Ойы озық ғалым Раушанбек Боранбайұлы 1940 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын 1958 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында бастаған ол 1959-1962 жылдар аралығында азаматтық борышын өтеп, Кеңес Армиясының қатарында бөлімше командирі, взвод командирінің орынбасары, взвод командирі міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарған. Әскери өмірден кейін білім-ғылымға деген құштарлығы алғыр жасты Т.Г.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің

философия факультетіне оқуға түсуге жетеледі. Аталмыш университетте білімін шыңдап, 1970 жылы аспирантураны, ал 1982 жылы докторантураны бітіріп, 1990 жылы ғылым докторы дәрежесін алған.

Философияда өзіндік қолтаңбасы бар, ізденуден жалықпайтын Раушанбек Боранбайұлының ғылымға үлкен үлес қосуына одақ көлеміндегі атақты философ академиктер П.В.Копнин, В.И.Шинкарук, Лениндік сыйлықтың лауреаты, философия ғылымының докторы, профессор И.Д.Назаренко, сондай-ақ Д.Ф.Острянин, И.Ф.Надольный сынды мықты ғалымдардың ықпалы зор болды. Осындай ірі ғалымдармен отандық ғылым өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болуы Раушанбек Боранбайұлының ғылым мен білім саласында ерекше қабілеттерінің шыңдалуына жол ашты. 1991 жылдан бастап Раушанбек Боранбайұлы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтының саяси әлеуметтану және философия кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының кеңесшісі секілді мемлекеттік қызметтер атқарды. Дегенмен, ғылымға, ұстаздыққа деген құштарлық оны білім саласына қайта алып келеді. 1997 жылдан бастап Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, ал 2000-2002 жылдар аралығында тарих факультетінің деканы қызметтерін абыроймен атқарады. 2009 жылы аталған университеттің жанынан магистратура және PhD докторантура институты ашылып, ғалым осы институттың саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасын басқарады. 2018 жылдан бері Раушанбек Боранбайұлы біз атап кеткен кафедраның құрметті меңгерушісі, профессор консультанты. Үзіліссіз жүріп жатқан кафедрадағы шығармашылық және ғылыми әрі педагогикалық жұмыстарға ғалым ерекше ұқыптылықпен қарайды. Ол 20 ғылым кандидатын, 5 ғылым докторын, 10 PhD докторды және 40 магистрант дайындап шығарды. Оның басшылығымен саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және саяси-тәрбие жұмыстарында үлкен табыстарға қол жеткізіп отыр. Ұжымда ерекше сыйластықтың сезілуі, қызмет ететін әрбір әріптестің бір-біріне деген үлкен құрметтің болуы басшының басқару қабілетінің өте жоғары екендігін айқындап тұрғандай. Бүгінгі күні кафедра еліміздің саяси, әлеуметтану және философия ғылымдарындағы жетекші кафедралардың және ірі ғылыми орталықтардың бірі десем артық айтпаған болар едім. Оның басшылығымен соңғы он жылда кафедра мүшелері 10 тілде: 22 монография (жалпы көлемі 305 б.т.), 38 оқулықтар, оқу құралдары, кітаптар, брошюралар (жалпы көлемі 790 б.т.) және 1000-нан аса ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар (жалпы көлемі 400 б.т. аса), олардың ішінде 100-і шетелдерде (жалпы көлемі 50 б.т.) жариялады. Кафедрадағы тәртіп пен қолайлы моральдық-психологиялық ахуал орната білген Р.Әбсаттаров Қазақстан қоғамындағы саяси-әлеуметтік, ұлтаралық қатынастардың маңызды және күрделі мәселелерін шешуде жоғары дипломатиялық қабілетке ие. Ұстаздың бойында ғалым-теоретик және практик қасиеттері өте үйлесе ұштасқан, ол ұлттық және интеграциялық, саяси және әлеуметтік үдерістер жөнінен өзіндік тұжырымдамалар жасаған, тағы бір ерекше атап өтетін нәрсе, ғалым салыстырмалы материалдарды теориялық жағынан ұғынуға бағытталған жаңалықтар және ілгерілеудің жақтаушысы. Оның бірегей және іргелі монографияларымен қатар көптеген оқу құралдары да тек қазақ тілінде ғана емес, шетел тілдерінде де басылып шыққан. Раушанбек Боранбайұлы ғылым жолында өзіне тән дендей кіріп, үлкен нәтижелерге жетті. Оның тоғыз тілде 40 монография, кітаптар, кітапшалар, оқу құралдарын және 600-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар жарияланғаны тек біздің елімізде ғана емес, жақын және алыс шетелдерде де кеңінен белгілі. Оның еңбектерінде саясаттану, әлеуметтану және саяси-философия үшін іргелі және тәжірибелік мәнге ие маңызды ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді. Раушанбек Боранбайұлының есімі елімізде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті және оған тәрбиелеу, этносаяси қауымдастық, ұлттық және жалпықазақстандық сана-сезім, ұлтаралық келісім, жалпықазақстандық патриотизм, ұлттық қарама-қайшылықтар және оларды шешу жолдары, этникалық және интеграциялық процестер, халықтардың саяси ойлау қабілетінің бірлігі мен әртүрлілігі, салыстырмалы саясаттану, т.б. сияқты жаңа бағыттардың қалыптасуы және дамуымен тікелей байланысты. Ғалым-ұстазды соңғы он бес жылда Германия, Франция, Ұлыбритания, Түркия және Оңтүстік Корея т.б. сияқты білім мен ғылымның ірі ошағына айналған мемлекеттердегі елдердің университеттері мен ғылыми институттары баяндама жасауға, лекция оқуға жиі шақырады. Оның 60-тан астам ғылыми еңбегі шетелдерде жарық көрген. Бүгінгі таңда Р.Әбсаттаров белгілі, беделді ғалым-этносаясаттанушы ретінде Global Диаспоралардың Дүниежүзілік Ассоциациясының вице-президенті. Раушанбек Боранбайұлы қазіргі жаһандану заманында студент, магистрант, докторант жастардың ой-танымын дамытып, көкірек көзін ашуға бар күш-жігерін жұмсауда.

Ұстаздың әрбір дәрісінен ұлтымыздың құндылықтарын дәріптеуге тәрбиелейтін бағытты айқын аңғаруға болады. Ұлағатты ұстаз «Ерен еңбегі үшін» медалімен және екі рет «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгімен марапатталған. «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», өскен жері Қызылорда облысы «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағының иегері. Ғалым ғылыми жұмыс саласындағы жоғары жетістіктерге жеткені үшін Қазақстан мен Украинаның Құрмет грамотасымен марапатталған.

Раушанбек Боранбайұлы еңбекқор, жауапкершілігі мол қызметкер ғана емес, жақсы отағасы, балаларына қамқор әке және немерелеріне мейірімді ата. Бүгінде Раушанбек Боранбайұлы сүйген жары, ҚР білім беру саласындағы құрметті қызметкер, педагогика ғылымының кандидаты, профессор Меруерт Асқарқызымен бірге ұл-қыз өсіріп, немере-шөбере тәрбиелеп отырған аяулы ата мен әже. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін ұстаздық өмір жолында отбасының берекесін де ұмытпаған ағаның асыл жарға, дос-бауырға, перзенттері мен жалғастығын тапқан ұрпақтарына сүйіспеншілігі ерекше.

«Ұстаз– ұлық емес, ұлы қызмет» деген батыр Бауыржан Момышұлының керемет сөзі бар. Ғұмыры өнеге мен тағлымға толы Раушанбек Боранбайұлынан дәріс алған талай шәкірт бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның қарыштап дамуы үшін аянбай еңбек етіп жүрген белгілі тұлғаға айналған. Ғылымға қосқан орасан зор үлесі ұстаз-ғалымның Отанын шын сүйетін елінің патриоты екендігінің айқын айғағы. Осындай ұстазды қастерлеу – біздің, яғни мен секілді еліміздің түкпір-түкпірінде жүрген шәкірттердің парызы. Сексеннің сенгіріне аяқ басқалы отырған ғалым-ұстазға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық және түгесілмес қажыр-қайрат тілейміз!

НАСТАВНИК -МОЙ КУМИР

Г.Б.Муханова - докторант Phd КазНПУ им. Абая

Абсаттаров Раушанбек Боранбаевич- член-корреспондент Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор философии, профессор.

Раушанбек Боранбаевич - известный ученый в Казахстане и за рубежом, прекрасный педагог и наставник, обучивший поколения политологов и философов Казахстана, чуткий и светлый человек, с широкой душой, внимательный и неравнодушный наставник.

В ноябре 2020 года моему уважаемому Наставнику, заслуженному деятелю казахстанской политологической и философской мысли Абсаттарову Раушанбеку Боранбаевичу исполняется 80 лет. От чистого сердца и дочерней любовью хочу пожелать ему крепкого здоровья, кавказского долголетия и дальнейших творческих замыслов, прекрасных и благородных учеников и друзей и процветания его детям и внукам.

С Раушанбеком Боранбаевичем я впервые встретила при поступлении в докторантуру, когда у меня стоял выбор куда поступить, какую специальность выбрать? И после непосредственной и душевной беседы с Раушанбеком Боранбаевичем выбор был очевиден. Он покорила меня своей искренностью, умом, дальновидными пророческими взглядами и своими планами на развитие политологической мысли в Казахстане. Я вышла от него вместе с моим мужем, охваченные эйфорией его идей и мыслей, которые и повлияли, и полностью изменили мою дальнейшую жизнь. Выбор патриотической темы моей диссертации сблизил нас в творческом научном тандеме по исследованию данной политологической проблемы.

Нельзя не согласиться с мнением, что только духовное родство может привести к творческому союзу и преемственности во взглядах и воззрениях. И для меня большое счастье, что такой высокодуховный человек и ученый стал моим наставником и путеводителем в тернях науки. Мне весьма лестно было учиться у него на лекциях азам и основам политологических научных изысканий, и каждый раз убеждаться в правильности выбора Раушанбека Боранбаевича - настоящего ученого мыслителя, своим научным руководителем. Каждая наша беседа и встреча озаряла меня на новые идеи и веру в истинные патриотические чувства.

Раушанбек Боранбаевич - это кладь научного творчества, человек высокой духовной эрудиции, правдивый, искренний, неугомонный новатор научных изысканий, при этом общительный и добрый человек, с острым и ясным умом и обладатель глубочайших знаний личность в Казахстане. С таким научным творческим потенциалом и качествами мой наставник достигал больших политических

высот, например, как консультант секретариата аппарата Президента РК, но не оставил науку в угоду политической карьере. Это еще раз подчеркивает его принципиальность и преданность по отношению к науке.

Если говорить о научных исследованиях профессора Абсаттарова, то они охватывают разные грани и проблемы философских и политологических, социологических, религиоведческих, культурологических проблем. Эта научная преемственность прослеживается на всем его научном творчестве и пути.

В своих научных статьях и книгах ученый-исследователь Абсаттаров пытался и раскрывал многие злободневные на тот момент проблемы в политологическом, философском и социологическом аспектах. Своим научным творчеством профессор Абсаттаров Р.Б. внес бесценный вклад в развитие политической науки Казахстана, заложив основы политической науки Республики Казахстан. Он основал, развил и обогатил научную школу этнополитологии Казахстана. Свои бесценные мысли он изложил в его 40 опубликованных монографиях, книгах, учебных пособиях, брошюрах и около 600 научных статьях, которые были изданы и в мировом научном пространстве.

Труды Раушанбека Боранбаевича уникальны и неповторимы по своим научным результатам, и они приобрели фундаментальное, так и прикладное значение для казахстанской и в том числе мировой политологии.

Благодаря его научным трудам и его изысканной научной мысли мы имеем новые направления в нашей политологической мысли, как основы и культура межнационального общения и ее воспитание, проблема этнополитической казахстанской общности, основы и содержание национального и общекзахстанского самосознания, направления согласия и общекзахстанской консолидации, изучение проблемы национальных противоречия и пути их решения, процессы этнического и интеграционного развития, направление сравнительной политологии и политической социализации казахстанского общества. И в свете решения этих научных проблем увидели свет его новаторские и фундаментальные монографии: Научно-технический прогресс и межнациональные отношения. - Алма-Ата: Казахстан, 1977; Развитие национальных отношений. - Алматы: Казахстан, 1982; Национальные процессы: особенности и проблемы. – Алматы: Ғылым, 1995; Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика. - Алматы: Ғылым, 1999 (в соавторстве Т.С. Садыковым); Политология и ее проблемы. – Алматы: Тоганай, 2007; Культура межэтнического общения: казахстанский опыт. - Алматы: Ұлағат. 2015 (в соавторстве) и другие, а также учебники и учебных пособий «Тесте по политологии: вопросы и ответ».- Алматы: Ғылым, 2015на русс, и каз. яз.; «Политическая социализация казахстанцев. - Алматы, 2012 (в соавторстве)» «Основы политологии. В двух томах».- Алматы: Қарасай, 2011, 2012, 2018 – 1 том 30,2 п.л.; 2 том 30 п.л. и другие.

Эти научные труды получили высокую оценку среди научной общественности как в Казахстане, так и за рубежом, и в 2015 г. он был избран вице-президентом Всемирной ассоциации глобальных исследований Global диаспор (г. Кванжу, Южная Корея), что является свидетельством признания его всемирным ученым.

Изучая и знакомясь с этими трудами нашего дорогого профессора Абсаттарова Р.Б. нельзя не подчеркнуть его научное новаторство и политическую смелость в новых подходах и в решении актуальных и сложных проблем в политической науке Казахстана. В его научном творчестве искусно сочетаются качества пытливого ученого-теоретика и практика, бесстрашного сторонника всего прогрессивного и полезного, способного научно-теоретически осмыслить сравнительный материал и создать свою концепцию по проблемам этнополитологии и общественно-политических отношений.

Мой дорогой наставник Раушанбек Боранбаевич! Вы дали новую жизнь в решении многих значимых проблем в политической науке Казахстана и породили новых ученых последователей ваших идей и изысканий. Вы -личность, воплотивший в себе лучшие черты и качества современного Ученого и Человека с большой буквы. Вы, в самые сложные моменты жизни с упорством шли по своему тернистому пути ученого-новатора и смогли повести за собой своих учеников и последователей. Ваш мега ум, глубокая мудрость и широта души привели вас к вашим достижениям в науке ив жизни.

Ваша работоспособность, отзывчивость, умение поддерживать приятный изысканный разговор, думаю, всегда притягивали к вам людей, которые были очарованы вашим рациональным и неординарным мышлением и самыми лучшими качествами, которые только встречаются у неординарных и неповторимых людях как вы.

